природы, людей, еды. Таким образом, подытожим, вариации знаков, изображающих эмоции посредством типографических средств – это эмотиконы (с англ. emotion -эмоция + icon – образ), а реальные картинки, изображения предметов, действий, состояний называются эмоджи. Таким образом, эмодзи являются логическим развитием парадигмы смайликов или эмотиконов. Еще одно отличие эмодзи от традиционного набора смайлов – более крупные размеры изображений и обширный набор эмоций, чувств и образов.

Обратимся к истории появления смайлов и эмодзи-символов. К выводу о богатейшей многовековой истории смайлов ученые пришли в результате изучения средневековых рукописных текстов, на полях которых часто встречались улыбающиеся лица. Известно, что бумага и пергамент стоили баснословные суммы денег, поэтому смайлов и надписей было достаточно много на полях книг, где на них обратит внимание самый наблюдательный читатель. Также прототип смайлов наблюдаем в так называемом немом кино, когда та или иная эмоция выражалась на темном экране с помощью титров. Титры были бессловные, с восклицательными или вопросительными знаками. Аналогичную роль затем стали выполнять смайлы или эмотиконы. Существует несколько гипотез, кому принадлежит пальма первенства идеи смайла. Предполагается, что одному из первых мысль о создании смайлика принадлежит русскому писателю Владимиру Набокову, который в 1969 году предлагал ввести знак пунктуации, чтобы показать, в качестве примера, улыбку. Выдвигается вторая версия, что графическое изображение улыбки в форме двух точек и дуги, обрамленных в желтый круг, первым в 1963 году нарисовал американский художник, Харви Болл. Наконец, есть третье предположение, согласно которому изобретатель языка программирования Common Lisp, профессор американского университета Карнеги Скотт Фалман первым предложил пользователям Интернета отличать радость или грусть символами :) и :-(. Сначала он использовал знаки препинания двоеточие и скобку и в 1982 году украсил ими классную доску объявлений в университете. Последняя версия появления смайлов больше всего прижилась среди пользователей интернета. Кто бы ни был создателем первого смайла, вряд ли он мог предположить, что коммуникация посредством маленьких улыбающихся рожц станет привычной для большинства людей. Кстати, до повсеместного использования смайла, обозначающего шутку, использовался знак #, напоминающий зубы, виднеющиеся при улыбке.

Трансформация смайлов в эмодзи произошла следующим образом. 1995 год характеризуется глобальным распространением смайликов, поскольку японская компания DoCoMo — крупнейший в стране оператор мобильной связи – позволила унифицировать способ передачи изображения смайлов. Японские специалисты дали возможность производителям смартфонов дополнить относительно малый по тем временам набор традиционных смайлов, добавив в список символов знак сердца. Это новшество так понравилось японскому народу, что акции компании тут же резко взлетели вверх. Но, к сожалению, смайлы, изображаемые посредством знаков препинания, сильно загружали интернет, сеть зависала. Тогда, в 1999 году, японский специалист компании DoCoMo Сигэтакэ Курита предложил набор из 176 символов. Идея «символов-картинок» была заимствована Курита из манги как одной из форм японского изобразительного искусства. Эти картинки-символы и стали называться эмодзи. В самом начале в набор входило несколько эмоций: радость, печаль, злость, страх и удивление, были символы природы и погоды, людей, места, знаков зодиака, еды и всего несколько жестов.

Москва, как известно, не сразу строилась. Чтобы эмодзи завоевали мир, потребовалось еще восемь лет. В 1997 году создаются первые графические эмотиконы, распределенные по группам: «Классические», «Эмоции», «Флаги», «Праздники», «Развлечения», «Спорт», «Погода», «Животные», «Еда», «Национальности», «Профессии», «Планеты», «Зодиак», «Младенцы и ставшие первыми в истории графическими эмотиконами, применяемыми в технологиях. В 2000 году в «Каталоге эмотиконов», созданном Лауфрани, насчитывалось более 1000 графических эмотиконов-смайликов. В 2007 году Google внедрила несколько

эмодзи в сервисы Gmail, и постепенно их количество стало увеличиваться. В 2010 году картинки эмодзи включили в стандарт кодирования Юникод, в котором есть абсолютно все знаки языков мира, и это помогло в большей степени пользоваться ими на платформах Google и Apple. В июле 2017 года в структуру Юникоде входило больше 2,6 тысяч эмодзи. Сначала эмодзи стали набирать стремительную популярность в Японии, затем на Западе, а затем – во всем мире. Не так давно была добавлена функция выбора цвета кожи для каждой эмодзи, появились новые семейные и бытовые категории. Современная наука констатирует, что существует целый словарь Эмодзипедия, в которой собраны значения 1427 эмодзи. Популярность эмодзи показывает тот факт, что, например, около 10 тысяч предложений и около 800 страниц текста романа «Моби Дик» были полностью переведены на язык эмодзи. В наши дни эмодзи представляет собой символ цифровой культуры, являя собой предвестник первого глобального языка, созданный цифровой революцией. Парадокс сложившейся ситуации заключается в том, что если древние люди использовали идеограммы и пиктограммы и затем мы наблюдали их трансформацию в буквы, то с появлением эмодзи человечество возвращается к передаче текста через идеограммы и пиктограммы.

Как и у любого явления, у языка эмодзи сложились два противоположных направления. Представители первого направления отмечают, что графические символы жизненно необходимы в общении. Они обосновывают свои положения следующими факторами. Во-первых, как известно, психологи давно установили, что в коммуникативном акте трансляция информации осуществляется посредством вербальной информации только на 7%, посредством голоса — на 38% и с помощью невербальных знаков — на 55%. Изображения заменяют собой слова и целые фразы, которыми можно было бы описать всю гамму авторских эмоций. В первую очередь, смайлики и эмодзи употребляют для придания эмоциональной выразительности общению. В этом случае эмодзи - один из способов на невербальном уровне отобразить человеческое настроение и эмоциональный посыл, который невозможно передать посредством лишь текста и пунктуации. Эмодзи-символы полностью заменяют речевое высказывание и знакомые нам виды невербального общения, такие, как жесты, мимику. Эмодзи как символы эмоций оказывают большее заметное влияние на собеседника по ту сторону чата, чем рациональные доводы. Таким образом, пользователи сети стремятся привнести в электронную переписку черты живого общения, и графические символы эмодзи помогают компенсировать недостачу эмоций:



Все эти графические символы в восприятии человека – это визуализированные эмоции, помогающие донести смысл сообщения до собеседника. Получается, что эмодзи выполняют ту же роль, что тон голоса в коммуникативном общении, а также жестикуляция и мимика. В особо эмоциональных случаях интернет-пользователи могут указать в переписке несколько эмодзи подряд: 😂😂😂 или 👍👍👍. Такие многократные эмодзи-значки помогают «смягчить» тональность переписки, сделать сообщение непринужденным по стилю. Следовательно, эмодзи, передавая эмоции, определяют ту часть лексического значения, которую графические средства не могут отобразить в полной мере. Эти графические символы могут виртуозно менять оттенки значений, добавляя в общение новые смыслы. Язык эмодзи становится так называемым «скрипичным ключом», диктующим смысловые оттенки передаваемой информации. Таким образом, можно сказать, что эмодзи-символы, используемые в качестве стиливого элемента общения, стали в какой-то степени иероглифами сегодняшнего века.

Во-вторых, эмодзи – прежде всего «экономичный» способ передать эмоцию, так как они могут заменить длинные слова и, таким образом, позволяют экономить место. Как известно, картинки быстрее обрабатываются нашим сознанием, чем текст. Нам удобнее поставить графический значок эмодзи, вместо того, чтобы отправлять длинные сообщения. На сегодняшний день численность вариаций эмодзи в словаре активного пользователя сети насчитывает около тысячи значков.

В-третьих, язык эмодзи удобен для современного общения, поскольку позволяет за доли секунд выйти на связь с людьми из других городов и стран. Удобство для пользователей гаджетов для компаний стоит на первом месте, и не случайно наши мобильные телефоны, к примеру, при отправке сообщений полностью снабжены современными функциями использования готовых шаблонов типа «перезвоню», «я на совещании», «опаздываю». Поэтому эмодзи-символы также можно назвать одним из быстрых средств общения. Так, используя несколько картинок, можно быстро договориться о встрече, дать оценку новости, красочно рассказать о проведенном отпуске. Смысл несказанной фразы дублирует набор картинок. К примеру, фразу «Только что вернулись с отдыха на Бали» передают три эмодзи: самолетик, пальма, коктейль. Дублирование фразы встречается довольно часто и отвечает просто за идею транспорта, перемещения и отдыха в прямом смысле этого слова. Во-вторых, нередко встраиваются картинки в сам текст, в синтаксическую структуру предложения, с целью его пояснения. Например, фраза «Закончилось соревнование» продолжается набором картинок: человек с глазами, полными любви, медаль, аплодисменты. Картинки помогают нам расширить и уточнить смысл сообщения. Выясняется, что автор сообщения выиграл медаль в соревновании. Времени на полноценное общение у него нет, и с помощью картинок он передает свои эмоции.

В-четвертых, эмодзи-символы выполняют функцию тесной эмоциональной связи, поскольку помогают поддерживать эмоциональные контакты с собеседником по чату, негласно объявляя: «мы с тобой одной крови: ты и я». Таким образом, эти графические символы укрепляют внутреннюю связь между собеседниками.

В-пятых, отмечается, что использование сетевого сленга среди пользователей-подростков также значительно сократилось, кроме того использование эмодзи способствует сокращению использования обценной лексики поскольку теперь подростки предпочитают им эмодзи.

Самая суть эмодзи аналогична понятию символа, функция которого заключается в целой вселенной смыслов. Однако изображение – это только образ, он не может отразить всю полноту смысла. В этом наблюдаем еще один парадокс феномена эмодзи, который состоит в том, что современные технологии упрощают общение друг с другом, однако достичь понимания не всегда возможно. Видимо, по этой причине из всех эмотиконов пользователи прежде всего предпочитают улыбку. :)

Современные борцы за чистоту языка отмечают, что эмодзи выявляют неспособность вербального выражения своих мыслей и совершенно не побуждают молодое поколение работать над своим стилем и слогом, что заметно останавливает подростков в развитии вербальных умений. Употребление смайлов и эмодзи – своеобразный костыль, которым пользуются люди, так и не освоившие грамматику языка. Информативность и краткость современных сообщений приводят к обеднению языка, исчезновению из активного словаря актуальных слов и понятий. Интересно отметить, что в ходе исследования многие современные школьники не видят принципиальной разницы между использованием грамотно составленных предложений и сокращенных слов, и на вопрос сокращения слов получаем однозначный ответ «Зачем писать грамотно? Всё равно Word подчёркивает, словарь Т9 заменяет. Возникает печальная тенденция: язык смайликов – сокращение речевых единиц- частичный отказ от языка – нарушение развития речи у детей – передача своих дел технологиям - введение новых правил – полный отказ от языка – поколение, которое не владеет навыками построения грамотной речи.

Более того, противники языка эмодзи, полагают, что феномен эмодзи – это скорее мутация языка, а не целенаправленное изменение, как, например, переход на латиницу. Они считают, что в современном обществе язык эмодзи больше развивается по законам модного сервиса, язык эмодзи – технологическая новинка. По их словам, без эмодзи можно обойтись, поскольку символы-картинки в тексте представляются абсолютно чужеродным элементом.

Чрезмерное изобилие эмодзи, считают противники эмодзи-символов, может привести к тому, что эмоции обесцениваются, поскольку могут привести к мысли о неискренности или излишней эмоциональности собеседника.

ВЫВОДЫ

Тем не менее, отмечая негативные стороны использования смайликов, нельзя отрицать креативного, экспрессивного и информативного потенциала современного языка эмодзи. Иероглифы нового века представляют собой новые инструменты общения, позволяющие выразить основную идею текстового сообщения. Эмодзи как графические элементы современной виртуальной коммуникации расширяют огромные возможности нашего языка и отвечают запросам времени и потребностям нового поколения. Идеограммы цифрового века живут по своим правилам лексической стилистики и синтаксиса. Эмодзи функционируют в виртуальном пространстве, заменяя собой визуализированные эмоции, и имеют большое значение для различения различных оттенков значений слов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Дускаева Л.Р., Протопопова О.В. Язык сети Интернет // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / Под ред. М. Н. Кожинной. – М.: Флинта: Наука, 2003, с. 648-651.

2 Войнов Д.А. Креативность интернет-коммуникации как способ индивидуального политического согласия граждан // Вестник Российского университета Дружбы народов. Серия: Политология. – 2012. – № 1. – С.117-126

3 Медиатексты в структуре принятия решений // Электронное научное издание Альманах. Пространство и время. – 2015.Т.9. – №2. – С.11

Л.А. Бочкова¹, Ж.К. Дарбаева²

Эмодзи тіліні тарихы және табиғи заманауи виртуалды аумақта

^{1,2} М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан

Мақалада орыс тіліндегі заманауи эмодзи-символдарды зерттеудің өзекті мәселелері қарастырылып, смайлдардың тарихы мен мағынасы айқындалады. Сондай-ақ қазіргі орыс тіліне заманауи смайл тілінің енуі сипатталып, виртуалды эмодзи-символдардың қолданылу ерекшеліктерін зерттеу мәселелері қарастырылады. Әлеуметтік желінің таралуына байланысты эмодзи-символдар көптеген адамдардың, әсіресе жастардың өміріне белсенді еңуде. Қазіргі кезде эмодзилер мен эмотикондар (смайлдардың ғылыми атауы) заманауи мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Эмодзи тілі сөздер мен әріптерді толығымен алмастыра отырып, пайдаланушылардың ойын білдіру үшін қолданылады.

L.Bochkova¹,Zh/Darbayeva²

History and nature of the language of emodzy in modern irtual space

^{1,2} North Kazakhstan State University named after M.Kozybayev
Petropavlovsk, Kazakhstan

In the present article topical issues of studying of modern emodzi-symbols in Russian are considered, the history and semantic value of smiles reveals, powerful introduction of the modern language of smiles and influence of language of an emodzi on modern Russian is described, issues of studying of features of functioning of emodzi-symbols in modern virtual communication are studied. With distribution of social networks emodzi-symbols actively enter life of many people, especially youth. Today emodzi and emoticons (the scientific name of smiles) became an integral part of modern culture. Language of an emodzi serves for expression of thoughts of users, becoming full replacement to words and letters.

УДК 81

С.С. Есимкулова¹

«Филология» мамандығының 2 курс докторанты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан Республикасы, y-symbat@mail.ru

ӘСКЕРИ ЛЕКСИКАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚЫРЫ (Б. МОМЫШ-ҰЛЫ ӘСКЕРИ ПРОЗАСЫ МАТЕРИАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Арнайы лексика кез келген тілдің лексика-семантикалық жүйесінде ерекше орын алады. Осы уақытқа дейін Ұлы Отан соғысы тақырыбы өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол туралы шығармаларда әскери лексика жиі қолданылады. Зерттеудің мақсаты Б. Момыш-ұлы прозасындағы әскери лексиканың семантикалық ерекшеліктерін қарастыру болып табылады. «Москва үшін шайқас» романы, «Бір түннің оқиғасы» повесінің және т.б. шығармалар мәтініндегі әскери лексиканың қызметі талданады және оның негізгі лексика-семантикалық топтары жіктеледі. Әскери лексиканың тақырыптық топтар бойынша толық жіктелуі ұсынылған, олардың кейбіреулері көп компоненттілігі мен элементтердің әртүрлілігіне байланысты неғұрлым ұсақ лексикосемантикалық топтарға бөлінген. Талдау көрсеткендей, шығармалар тілінде әскери саладағы орыс, неміс және француз тілдерінен енген кірме сөздер көптеп кездеседі. Жазушы өз шығармаларында қолданған әскери лексика мағынасы қазақ тілінің қазіргі сөздіктеріндегі мағынасымен дәл келетіні анықталған.

Түйін сөздер: әскери лексика, семантика, тақырыптық топ, кірме сөз, әскери роман, әскери проза.

КІРІСПЕ

Әскери лексиканы зерделеуге, жүйелеуге және жіктеуге лингвист-ғалымдар Ю. Н. Караулов, Л. Л. Кутина, С. Д. Ледяева, Ф. П. Сороколетов, Ф. П. Филин және т. б. еңбектері арналған.

Жұмыстың мақсаты Б. Момыш-ұлының «Москва үшін шайқас» романы [1], «Бір түннің оқиғасы» повесі [2] және т.б. шығармаларындағы әскери лексикаға семантикалық талдау жүргізу болып табылады.

Зерттеу материалдары Б. Момыш-ұлының жоғарыда атап өткен туындыларынан жалпы іріктеу жолымен алынған әскери лексиканы қамтиды.

Белгіленген мақсатқа жету үшін зерттеу әдістері мен әдістемелері анықталды. Жұмыста талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, сондай-ақ сипаттау, компоненттік және контекстуалды талдау сияқты лингвистикалық әдістер мен тәсілдер қолданылды.

НЕГІГІ БӨЛІМ

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлының шығармаларын жазу барысында дереккөздерді пайдаланғаны белгілі, сондықтан болар шығармада қолданыс тапқан әскери лексика КСРО мен Германия арасындағы соғыс кезеңін дәл береді.

Орыс ғалымы А. Н. Кожин [3; 48-58 б.] жіктемесіне сүйене отырып, біз әскери лексиканың келесі тақырыптық топтарын бөлдік:

1) Әскер түрін білдіретін сөздер:

АРТИЛЛЕРИЯ – 'негізгі қаруы снарядпен атылатын ірі соғыс құралдары болып келетін әскер түрі': *Дұшпанның алтыс танкы алдымен тіке шабуылға шығады, бірақ артиллерияның дәлме-дәл нысанасына тап болып тойтарылады.*

БОМБАРДИРОВЩИК – 'бомбалаушы ұшақ': *Теріскей жақтан қатарын тізген тырнадай аспанда бомбардировщиктер көрінді.*

ИСТРЕБИТЕЛЬ – 'Жойғыш ұшақ (жау авиациясын атып түсіретін ұшқыр ұшақ)':
Олардың үстін ала қаршығадай зымырап **истребительдер** ұшып жүр.

ГВАРДИЯ – 'әскердің іріктелген таңдаулы бөлімі': Соғыстың соңғы жылдарында **гвардиялық дивизияны басқарады**.

2) Әскери құралымдардың түрлерін айқындайтын сөздер:

БАТАРЕЯ – 'артиллериядағы тактикалық-ұйымдық бөлім', 'артиллерияның бекініс орны', 'артиллерия бөлімшесі': **Батареялар** мен дивизиондар, бақылау пункттері, зеңбіректердің тұрған жері, біз сияқты атқыштар полктарының бақылау пункті — оның аралайтындары осылар.

БАТАЛЬОН – 'бірнеше ротадан құралған жаяу әскер бөлімі': 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз **батальонын** 27 рет шабуылға бастап шықты.

ГАРНИЗОН – 'бекіністе, бекіністі аудандарда немесе жеке қорғаныс құрылысында орналасқан әскери бөлімдер мен бөлімшелер': Генералдың ойы бойынша, егер біздің бөлімшелер шегініп келе жатып осы аймаққа, Руза өзенінің бойына табан тіреуге шамасы келмей тұрақтай алмаса, мына үлкен даңғыл жолды кесе-көлденең күні бұрын дайындалып қойған қорғаныс орда үйін және өзен жағасындағы тың күші бар **гарнизон** жаудың алдын белгілі уақытқа дейін бөгеп, шегініп келе жатқан бөлімшелеріміздің есін жиып, күш біріктіріп, топтанып жаңа шепке бекініп алып, жаудың алдына қайта бөгет болуына мүмкіндік беруге тиісті екен.

ОТРЯД – 'арайы немесе жекеленген әскери бөлім, бөлімше': Жаудың алдыңғы қатардағы **отрядтары** осы түйінді екпінмен басып өтуге талай рет әрекет жасайды, бірақ қаншама тырысса да түк шығара алмайды.

ПОЛК – '3-5 не одан да көп батальоннан тұратын, әкімшілік, шаруашылық жағынан дербс басқарылатын әскери бөлім': Алда біздің дивизияның **полктары** соғысып, қан майданда дұшпанмен кеңірдек шайнасып арпалысуда.

РОТА – 'жаяу әскер, танк, механикаландырылған, инженерлік, байланыс т.б. бөлімдердегі негізгі әскери бөлімше': Алдымнан **роталар** топ-тобымен өз командирлерінің соңынан бұрынғысынша қаз-қатар тізіліп өтіп барады.

ДИВИЗИЯ – '3-4 полктан құралған құрама әскер': Олар жау жолын үш күн, үш түн бөгеп, біздің **дивизия** үшін маңызды бағыттың бірін жаумен тістесіп, бір сүйем жер шегінбей ұстап тұрды.

3) Әскери қызметшілердің қызметтік-лауазымдық жағдайын саралайтын сөздер:

ГЕНЕРАЛ – 'армия мен әскери-теңіз флотында, әуе флотында жоғары офицерлік шен және сол атақтың иесі': Телефонды орнына қойып, **генерал** картаға тағзы үңілді.

ГЕНЕРАЛ-МАЙОР – 'майор шеніндегі генерал': Жалт қарасам, көшенің ортасында дивизиямыздың командирі **генерал-майор Иван Михайлович Чистяков** жаяу, жайбарақат келе жатқаны рас екен.

ПОЛКОВНИК – 'подполковниктен жоғары офицерлік атақ': Олар генерал Доватор мен **полковник Катук** басқарған «Конномеханизованная группа» екен.

ЛЕЙТЕНАНТ – 'әскери адамдар мен өкімет орындарында істейтін кейбір қызметкерлерге берілетін орта дәрежелі офицерлік атақ, шен': Мен **лейтенант** Донских пен Брудный бастаған алдыңғы шептегі взводтардың соғысы туралы, олардың ерліктері туралы қысқаша баяндап бердім. Взводты басқаратын **лейтенанттар** Ташкент, Алматы училищелерінен жаңа ғана шыққан тәжірибелері аз жас жігіттер.

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ – 'дәрежесі лейтенанттан жоғары әскери атақ': Барлық Қызыл Армияда полкқа командир болған **аға лейтенант** жалғыз сіз ғана деп айта алмаймын.

КАПИТАН – 'армия мен флоттағы, полициядағы (милициядағы) аға лейтенанттан кейінгі офицерлік шен; атақ, осы шен иесі': Кір-кір маска-халат киген, шаңғы мінген **капитан** Клименко алып-ұшып жетті.

КОМАНДИР – 'Әскери құрамаларда, бөлімдерде немесе әскери мекемелерде әкімшілік қызмет атқаратын ресми атағы бар адамдар – генералдар, офицерлер, прапорщиктер,

сержанттар': *Полк командирінің рапортын қабылдап, саппен сәлемдесін, жайбарақат тұруға рұқсат еттім.*

КОМАНДАШЫ – 'Команда беруші, әскери бастық': *Командашы сөзге келген жоқ, көнді.*

САПЕР – 'инженерлік құрылыс жұмысымен айналысатын әскери қызметкер, маман': *Саперлер жолдың орманнан шыға берістегі екі жиегіне екі үлкен фугас көміп кетті.*

МИНОМЕТЧИК – 'миномет бөлімшесінде істейтін әскери адам': *Минометчиктер қызу қимылдап, шапшаң атқылауға кірісті.*

ПУЛЕМЕТШІ – 'пулеметтен оқ атушы жауынгер': *Оның қасында танктың жылан бауыры белуардан төмен жанша басып өткен пулеметшінің денесі жатыр.*

АРТИЛЛЕРИСТ – 'артиллериялық әскердің жасақшысы': *Біздің артиллеристер де қатты қысыла қимыл жасайды.*

АТУШЫ – 'атқан, ататын адам': *Блоха ауыр пулемет «Максимның» атушысы еді.*

СНАЙПЕР – 'көздеген нысанасына дәл тигізетін мерген': *Мен снайпермін.*

ГВАРДИЯШЫ – 'гвардия құрамындағы жауынгер': *Генерал Панфиловтың жауынгерлік тапсырмасын гвардияшыларша абыроймен орындадыңдар.* Олардың көбі тіс қаққан жауынгерлер, гвардияшылар.

4) Жауынгерлік техниканы білдіретін сөздер:

МИНОМЕТ – 'жарылғыш жарықшақты снаряд, минаны ататын зеңбірек, минаатар': *Олар көп ұзамай-ақ немістер бізді артиллерия, минометпен атқылай бастады.*

ЗЕҢБІРЕК – 'жер үсті, су үсті және әуедегі нысаналарды атуға арналған артиллериялық қару': *Алыстан ірі зеңбіректер бізге оқ жаудырды.*

ПУЛЕМЕТ – 'жердегі және әуедегі нысананы көздеп атуға арналған автоматтық қару': *Ірлі-уақты бомбаларды араластыра тастап, оралып ұшып, үстімізден пулеметпен атқылап өтеді.*

ГРАНАТА – 'қарсыластың адам күші мен техникасын 1000 м-ге дейінгі қашықтықта жоюға арналған оқ-дәрі': *Өзіміз тұрған үйдің бұрышынан өте бергенімізде, менің артымда келе жатқан Курбатов танктің ішіне граната лақтырып жіберді.*

5) Жауынгерлік қаруды, қару-жарақты білдіретін сөздер:

БОМБА – 'Іші оқ-дәрімен толтырылған жарылғыш, тұтанғыш снаряд': *Жарылған бомбалардың сарыны күннің күркірегеніндей гүрілдей естіледі.*

ОҚ – 'дәрімен атылатын қарудың жез гильзаларына ыңғайлап орнатылған домалақ немесе сопақша қорғасын': *Дұшпанның самоләті бомбаламаса, оқ, снарядтары жетпейді...*

СНАРЯД – 'үш жағы үшкір, цилиндр формалы зеңбірек оғы': *Айналада әлемді тұншықтырып тарсылдап, гүрсілдеп жау снарядтары жарылып жатыр.*

МИНА – 'жарылған жеріндегі нәрселерді талқандап, қопарып тастайтын жарылғыш соғыс қаруы; минаатар және зеңбіректен атылатын оқ-дәрі': *Кейбір жауынгерлерге оқ, айтпесе снаряд пен минаның жаңқалары дарып, оларды екеулеп жолдастары сүйемелдеп, айтпесе көтеріп барады...*

6) Әскерлердің жауынгерлік қызметінің жедел-тактикалық ұғымдарын айқындайтын сөздер:

АТАКА – 'шабуыл': *Кешікпей-ақ екінші атака да тойтарылды.*

ҚОРҒАНЫС – 'қорғану ісі, қорғану бағытында жүргізілетін жұмыс; жау күшіне тойтарыс беріп, қарсы шабуылға шығу мақсатында жүргізілетін ұрыс; қорғанатын жер, бекініс': *Жақсы жасалған қорғаныс солдаттарды оқ пен снаряд жарықшақтарынан сақтайды. Біз қорғаныстамыз. Ал, қорғаныстағы негізгі міндет — өрекіп келе жатқан жауды қайткен күнде де тоқтату.*

ШЕГІНІС – 'позицияларын беріп, кейін кету': *Мұндай шегіністі кімнің заңдандырып, кімнің бекіткенін білмеймін.*

ШАЙҚАС – 'жаумен алысу, майдан шебінде соғысу': *Енді, міне, генерал маған сол Гарипов туралы, оның жауынгерлері туралы, жолдастарын басқа төнген бәледен*

құтқармақ болып, өзінен күші әлденеше артық жаумен **шайқаста** ерлікпен мерт болғанын айтып отыр.

БЕКІНІС – 'шабуылдан қорғану үшін сыртын айналдыра биік дуалмен қоршаған қорған, камал': *Үшінші қорытынды: дұшпанның **бекінісі** мықты, күші мол, біздің күшіміз аз.*

7) Жаудың атауы:

ФАШИСТ – 'фашизмді жақтаушы, фашистік германия басқыншылары': *Кең көшенің ортасымен сәнді саппен қатарларын түзеген **фашистер** полктары тақыр асфальтті сарт-сұрт теуіп, салтанатпен өтіп барады.*

НЕМІС – 'Екінші дүниежүзілік соғыста халық арасында қалыптасқан фашистік Германия әскерінің аты': *Бас көтерсек **немістер** жан-жақтан анталап келіп қалыпты.*

ОККУПАНТ – 'басып алушы, басқыншы': *Бірақ бұл мақсаттарды іске асыру үшін біздің Отанымызды құлдауға келіп отырған неміс басқыншыларының соғыстық қуатын қирату керек, неміс **оккупанттарын** бірін қалдырмай құрту керек.*

БАСҚЫНШЫ – 'Бір елдің жеріне қарулы күшпен басып кіруші, талаушы, тонаушы': *Коп соғыстарда біздің Советтік Отанымызды гитлершіл **басқыншылардан** қорғауда, 316-атқыштар дивизиясы ерлік, табандылық, тәртіптілік пен ұйымшылдықтың енегелі үлгілерін көрсетті.*

ЖАУ – 'Біреудің елін-жерін жаулап алмақ болып шабуыл жасаушы, шапқыншы': *Жау жылжып, сырғанап тоқтай алмай шегініп барады.*

ДҰШПАН – 'Қас, жау, қара жақ': *Соғыста, бір жерге табан тіреп арпалысып қалған **дұшпанды** орнынан қозғау қиын, жау жеңіліп орнынан бір қозғалса, оған тұрақтап тоқтау оңайға түсе қоймайды.*

ҚҰЗҒЫН – 'Қорек талғамайтын, көбіне өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс': *Қашан қуып шыққанша біз **құзғындарды** төнеп ұра береміз.*

8) Әскери құжаттама:

УСТАВ – 'Жарғы (ұйымдардың, мекемелердің міндеттері мен қызметін белгілейтін сөзсіз орындалуын қажет ететін ережежелр жиынтығы, ұағида)': *Мен де бәрін тура **устав** бойынша жүргіздім.*

РАПОРТ – 'Әскери қызметшілердің әскери шені жоғары бастықтарына ауызша не жазбаша ресми баяндауы': *Мен ауыз үйден өтіп, адъютант көрсеткен маңдайшасы аласа есікті ашып, табалдырықтан аттап тік тұрып, тәртіп бойынша **рапорт** бермекші бола бергенімде, генерал Панфилов аузымды ашуға да мұрша берместен, сергек басып алдымнан қарсы шықты.*

СӨГІС – 'Белгілі бір ұйымның тәртіп бұзушыларға бұйрық арқылы беретін ескертпе жазасы': *Сол түні батальонның ат қорасындағы күзетшінің ұйықтап қалғаны үшін **сөгіс** жариялапты маған.*

БҰЙРЫҚ – 'Мемлекеттік, мемлекеттік емес әкімшілік, басқару шені жоғары әскери орындар тарапынан берілетін ресми әмір, басқару актісі': *Солдаттар, командирлер **бұйрықты** ойдағыдай орындады.*

9) Бұйрық және командалық сөздер:

КОМАНДА – 'Командирдің белгілі бір үлгідегі ауызша берілген қысқа бұйрығы': *Рассохинның **командасы** бойынша минометшілер жалма-жан қимылдап, қыстақты дәлдеп көздей бастады...*

ДАБЫЛ – 'Жаугершілікте, жорықта халықты бір жерге жию үшін, саяткершілік құрғанда аң үркіту үшін пайдаланылған ұрмалы аспап': *Бәрі де қатты ұйқыда, **дабыл** қақсаң оянбамай.*

ШАГОМ МАРШ – **Шагом марш!** — деп артыма бұрылмастан сап алдына түсіп жүріп кеттім.

ОГОНЬ – Дивизион екі дүркін **огонь!**

10) Әскери қызметі үшін берілетін марапат белгілері:

ОРДЕН – 'Қоғамға сіңірген ерекше еңбегі үшін үкімет тарапынан берілетін, бағалы металдардан жасалатын марапат белгісі': *Бірақ оны үлкенірек орденге ұсынуға даболатын еді ғой.*

МЕДАЛЬ – 'Беті түрлі суреттермен, жазулармен бейнеленіп металдан дөңгелек, ромб түрінде істелетін, әскери немесе еңбектегі қызмет, ғылым мен мәдениеттегі жетістіктерді марапаттау үшін берілетін белгі': *Ол бірнеше орден, медальдармен наградталады.*

ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІ – *Неміс басқыншыларымен ұрыста көрсеткен ерлігі үшін біздің командир генерал Иван Васильевич Панфилов бірінші азамат соғысына қатынасқан жауынгер, Ұлы Отан соғысының айбынды командирі Қызыл Ту орденімен үшінші рет наградталды*

НАГРАДА – 'марапат': *Бұл наградалар да Әкімгерейге сол жерде табыс етілді.*

ДАҢҚ ОРДЕНІ, ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ ОРДЕНІ – 'Отан соғысында ерлігімен көзге түскен жауынгерлер мен офицерлерге берілетін орден' – *Майор Мазурин медальді тағып болғаннан соң ерлігі үшін медалімен және Даңқ, Қызыл Жұлдыз ордендерімен де наградталатындығын жеке-жеке жарияладым.*

Осылайша, Б. Момыш-ұлы әскери прозасындағы әскери лексика орыс тіліне француз және неміс тілінен енген кірме сөздер болып табылады. Олардың көпшілігі өзінің бастапқы мәнін өзгертті немесе жоғалтты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы мақалада Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы Бауыржан Момыш-ұлы әскери прозасы лексикасының семантикалық ерекшеліктері қарастырылды. Әскери лексиканың лексико-семантикалық жіктелуі бірнеше тақырыптық топтардан тұрады. Оның негізіне Бауыржан Момыш-ұлы шығармалары мәтінінен тұтас таңдау жолымен алынған картотекасы салынған. Зерттеу барысында әскери бірліктердің ең көп саны алғашқы үш тақырыптық топта шоғырланғаны анықталды. Жазушы аталған топтардың әскери лексикасын өз шығармаларында кеңінен қолданады. Олардың үлесіне жіктеу бірліктері мазмұнының жалпы көлемінің 73,9% келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Момыш-ұлы Бауыржан. Москва үшін шайқас. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.

2 Момыш-ұлы Бауыржан. Майдан: Ұлы Отан соғысы туралы әңгімелер мен очерктер. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 402 б.

3 Кожин А.Н. О развитии русского литературного языка в эпоху Великой Отечественной войны // Филологические науки. – 1975. – № 3. – С. 48-58.

С.С. Есимкулова

Семантический аспект изучения военной лексики (на материале военной прозы Б. Момыш-ұлы)

Казахский национальный женский педагогический университет,
г. Алматы, Республика Казахстан,

Специальная лексика занимает особое место в лексико-семантической системе любого языка. До сих пор остается актуальной тема Великой Отечественной войны, в произведениях о которой активно используется военная лексика. Цель исследования состоит в рассмотрении семантических особенностей военной лексики в прозе Б. Момыш-ұлы. На материале текста романа «За нами Москва», повести «История одной ночи» и др. анализируется функционирование военной лексики и дается классификация ее основных лексико-семантических групп. Представлена подробная классификация военной лексики по тематическим группам, некоторые из которых, в силу своей многокомпонентности и разнообразия элементов, были разбиты на более мелкие лексико-семантические группы. Как показал анализ, язык произведений характеризуется наличием большого пласта

заимствованной лексики, в том числе в военной сфере, основная часть которой пришла из русского, немецкого и французского языков. Анализ показал, что значительная часть военной лексики, использованной в военной прозе Б. Момыш-улы, фиксируется в современных словарях казахского языка в указанных в произведениях значениях.

S.S. Esimkulova¹

Semantic aspect of the study of military vocabulary (on the material of military prose B. Momysh-uly)

Kazakh national women's pedagogical University,
Almaty, Republic of Kazakhstan

Special vocabulary has a remarkable place in the lexical-semantic system of any language. The theme of the Great Patriotic War is still relevant and in the works about this war military vocabulary is actively used. The purpose of the research is to consider the semantic features of military vocabulary in the prose by B. Momyshuly'. On the basis of the text of the novel "Moscow Behind Us," the novel "The Story of One Night," and others, the functioning of military vocabulary is analyzed and its main lexical and semantic groups are classified. A detailed classification of military vocabulary by thematic groups is presented, some of which, due to their multicomponent nature and variety of elements, were divided into smaller lexical and semantic groups. As analysis has shown, the language of the works is characterized by the presence of a large layer of borrowed vocabulary, including the military sphere, the most of which came from Russian, German and French. The analysis showed that a significant part of the military vocabulary used in B. Momyshuly's military prose is recorded in modern dictionaries of the Kazakh language in the meanings indicated in the works.

ӘӨЖ 004.81: 159.9

М.Т. Есматова¹, Ж.С. Құлыбекова², Г.С. Хамзина³, Ж.Т. Қадыров⁴

^{1,2,3}филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., Қазақстан, e-mail: esmatova@mail.ru, 19zhanka71@mail.ru, Gulzada_76@gmail.com

⁴филология ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., Қазақстан, e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
«ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ**

Қазіргі қазақ тіл білімінде көркем мәтіннің құрылымдық және мазмұндық жақтарын қарастыру, зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Осыған байланысты суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстардың бір түрі – «Туған жер» концептісінің сырын ашу мақаланың басты мақсаты болып отыр. Солтүстік Қазақстан өңірінің ақындары М.Жұмабаев, С.Мұқанов, Е.Зікібаев, Е.Асқаров, К.Салықов, Ғ.Малдыбаев, З.Әкімжановтардың өлеңдерінде ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінде маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» ұғымының берілуі талданады. Себебі әрбір адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, мекен етіп, бауыр басқан жері – киелі. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – ұлттың рухани болмысының табиғатпен тікелей байланысты. Осы тұрғыда қазақтар үшін Отанды, туған жерді, кеңістік пен еркіндікті бейнелейтін дала, жайлау сөздерінің де ақындардың өлеңдерінде кездесуіне және концепт жасау мүмкіндігіне тоқталамыз.

Кілт сөздер: «Туған жер» концептісі, кеңістік, когнитивтік таным, метафора, ұлттық болмыс, поэзия, рухани-мәдени құндылықтар.

КІРІСПЕ

Сөз қолданысының танымдық сипаты шығарма тақырыбы, идеясымен алмасып, соның жүгін арқалап, образдылығын арттыру негізінде толығымен ашыла түседі. Сондықтан да көркем мәтінді біртұтас күрделі құрылым ретінде қарағанда ғана, когнитивтік деңгейі айқындала түседі.

Туған жер – бұл әрбір адамның маңызды әрі алғашқы танып-білетін түсінігі. «Туған жер» образы оның санасында анасы, бауырлары, достары образымен ассоциация жасауы мүмкін. Туған жер – Отан, туған ел, туған тіл, өлке, табиғатымен, халқымен, қоғамымен, мәдениетімен, тұрмысымен, салт-дәстүрімен, тарихымен ерекшеленетін, ыстық сезімді еш нәрсеге айырбастауға келмейтін, өзіндік ерекше орта.

Туған жердің сипатын, маңызын зерттеу халықтың менталитетін, рухын, жан дүниесін жете түсінуге, сол ұлттың әлемдік бейнесін көзімен көруге мүмкіндік береді. Жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының, ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәдениет адам баласының ақыл-ойының маңдай терінен туындаған жетістіктерінің барлығын қамтығандықтан, оның атауы да кең. Ұлттық ерекшеліктерді, таным түсініктерін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен баяндағанда мәдени болмысын танытатын лексемалары көркем шығармаларда өте жиі ұшырасады. Көркем шығармаларда берілген «туған жер» ұғымын қарастыру арқылы біз қазақ танымында қандай ұғым беретіндігін түсіне аламыз және де қазақ халқының басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын көре аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүюге тәрбиелейміз.

«Туған жер» ұғымын зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап, этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. Бұл тікелей халыққа байланысты, қатысты. Қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Қазақ халқы үшін туған жер, ел, атамекен, атақоныс, атажұрт, кіндік қаны тамған жер сияқты модельдермен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәңгі мұра.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елбасымыз Н. Назарбаевтың тарихи құжатқа айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегіміз әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды» - деп туған жердің қасиетіне ерекше тоқталады.

Әрбір адамның табан тірер туған жері болады. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік адамды алға жетелеп отырады. Дана халқымыз: «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» - деп бекер айтпаған ғой. Расында, сонау ел басына күн туған зар заманда ата-бабаларымыз туған жердің топырағын бір иіскеу үшін айшылық жерден ат арытып келген. Әйгілі Бейбарыс бабамыз шетте жүріп, туған елін сағынған шағында әрдайым туған елден алдырған жусанды иіскеп, туған жерге деген сағынышын басқан екен. Сондықтан, әрбір азамат қайда жүрсе де жүрегінің түбінде туған жерге деген құрметін сақтау керек.

Зерттеуші К.Күркебаев когнитивтік таным туралы өз ойын айта келіп: «Адамның бүкіл танымдық әрекетін қоршаған әлемде өзін-өзін бағдарлау қасиетін дамыту деп қарастыруға болады. Өз кезегінде бұл әрекет нысандарды айыра білу қажеттілігімен ұштасады. Бұндай қажеттілікті қамтамасыз ету барысы ақиқаттың когнитивтік бөлшектенуін талап етеді. Когнитивтік бөлшектеудің мәні бүкіл этнологиялық кеңістіктің түрлі категориялық аймақтарға бөлінуінде жатыр. Қоршаған дүниемен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде адам болмысын сипаттайтын іргелі ұғымдар – «ғалам бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі» қалыптасады» [1, 19] деген тұжырым жасайды.

«Туған жер» концептісі өзіндік құрылымы бар өріс жиынтығынан құралады. «Туған жер» концептісінің ішкі мазұнын «ата мекен», «ата қоныс», «ата жұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықтауға болады. Ол жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениеттің негізгі категорияларының бірі болып табылады. Объективті дүние формаларының бірі болып саналады, ол өз бетінше өмір сүретіндей көрінеді, алайда оның басты ерекшеліктерінің бірі – мұнда адамның (адамзаттың) тіршілік ететіндігі. Ата мекен онтологиялық болмысқа ғана емес, ол, сондай-ақ, ментальдік болмысқа да ие, яғни ментальдік болмыс адам санасында бейнеленіп, адам санасында өмір сүреді. Кеңістіктің ментальдік болмысы оның концептілігін анықтайды, яғни адамның концептілік және тілдік санасында ментальдік болмыс, ең алдымен, концепт немесе концептілер түрінде қызмет атқарады.

Әрбір тілдің сөз байлығы мен көркемдік қуатын сол тілдегі көріктеу амалдары және сөздік қордың деңгейімен өлшеу жеткіліксіз, сонымен қатар, тілдің байлығы ұлттың тілдің тұлғасының танымдық-концептуалды деңгейімен де өлшенеді. Ол үшін сол ұлттың концептуалды әлемі және содан өрістейтін концептуалды кеңістігіне тұтастай барлау жасалуы керек. М.Жұмабаев, С.Мұқанов, К.Салықов, Е.Асқаров пен Е.Зікібаев, Ғ.Малдыбаев, З.Әкісжанов шығармаларында «Туған жер» дала, атамекен сөздерімен мағыналас ұғымдарда сипатталады. Оны мына мысалдар байқаймыз: «туған жер» ең алдымен, туып-өскен, өсіп-өнген мекен. Мысалы:

Жалатылдым топырағыңнан, сен – түбім.

Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,

Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім (М.Жұмабаев, «Туған жер»). Өзінің туған жердің топырағынан жаралғандығын жырлайды. Туған жердің тау-тасын, өзен-көлін ғана емес, тіпті, бар әлемге ортақ шуақ төгіп тұрған Күні мен Айын да ерекше жақсы көрген. Ол үшін атамекеніне қатысты әр құбылыстың, әр заттың орны өзгеше болғаны осыдан байқалады.

Кім сүймес туған жердің топырағын,

Қиялдап майсасында отырамын.

Алыста жүрсем-дағы білсін елім –

Жүректе сағыныштың оты барын (Е.Зікібаев, «Бесігім – Есілім»).

Кіндік кескен жерім, сені жырға мен,

Қосам талай -

Саған тәнті бір жан ем.

Іздеп мені ақ бораның ұли ма?

Құлдыраңдап тауды кезген құлжаң ем (Е.Асқаров, «Туған жер»)

Адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, ұрпақ жайған, мекен етіп, бауыр басқан жерінен артық жер болмайды. Соның ішінде туған жер – белгілі бір тұлғаның дүниеге келген ортасы, географиялық атау мен қазақ баласының туып-өскен мекенінің жиынтық формасы. Яғни туған жер – кіндік қан тамған жер. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде туған жер жайлы фразеологизмдердің саны өте көп емес. «Кіндік кесіп, кір жуған жер» немесе керісінше «Кір жуып, кіндік кескен жер» деп алынады. Адам дене мүшесіндегі ең қасиеттісі кіндік. Кіндік қастерлі. Кіндік кесу тіркесінің туған жер ұғымымен астасып жатуының өзі сол қасиеттілігінде. Адам баласы жерге шыр етіп дүние есігін ашқаннан кейін оның анасымен байланыстырып тұрған мүшесі кесіледі. Кіндік – о дүние мен бұл дүниені жалғастыратын көпір ретінде орасан қызмет атқарады.

Бұл жарыққа аяқ басым туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.

Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде,

Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер (М.Жұмабаев, «Туған жер») деген өлең жолдарында ақын туған өлкесіне деген сағынышын, балалық шағы өткен ауылына деген

перзенттік махаббатын білдіреді. Жастық шақты алтынға бағалап, өткен уақыттың қайтып келмейтінін жырға қосқан.

О, туған жер!

Менің байлық – ырысым,

Арманымның шешек атқан гүлісің.

Өмірім де, бір өзіңе өзектес,

Тірлігім, Қуанышым, Тынысым! (Е.Зікібаев, «Туған жер»).

Әрбір адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, мекен етіп, бауыр басқан жері – киелі. Ақындардың танымында дала мен ана ұғымдары – егіз ұғым. Осындағы тау, тас, бұлт, т.б. тілдік бірліктер «туған жер» концептісін анықтаушы тілдік құралдар. Туған жер, туған өлке, кіндік қаны қамған жер – ғасырлар бойы тіршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, өсіп-өнген өлкесі. Өскен жердің кәусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы. Мысалы:

Отан!

Ана!

Туған жер!

Бөлінбейтін бір бейне,

Өр тұлғасы тұратын

Нұрға оранып күнгейде.

Осы сезім – жанымда алау болып жанады,

Осы сезім – жадымда жалау болып қалады (Е.Зікібаев, «Үш алыптың ұлымы»).

Өлеңнің атауының өзі Отан, Ана, Туған жерді алыпқа теңеп, бөлінбейтін бейне, қасиетті бір ұғым ретінде суреттейді.

Үшеуінің үнімін,

Үшеуінің гүлімін,

Үш алыптың емшегін қатар емген ұлымын,

Осы үшеуі қашан да менің алтын тұғырым! (сонда) Ажырамас үш ұғымды алтын тұғырға, сол үш алыптың ортақ ұлы екендігін жақсы суреттейді. Туған жерді суреттеуде ақын-жазушылар өз шығармаларында метафоралық сөз ауыстыруды қолданады. Біздің қарастырып отырған ақындарымыз да туған жердің табиғатын суреттеуде осы амалды өте орынды қолдана білген. Мысалы:

Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап,

Күзгі леппен дем алады алтын бақ.

Ойға батқан әлденеге ақ қайың

Жапырақсыз тұр, әнеки, қалтылдап.

Күні кеше шілде өткіздік бәріміз,

Келіп қапты-ау қоңыр салқын кәрі күз.

Ыдырадық жел айдаған ақ бұлттай,

Бір белестен әрі біз (Е.Асқаров, «Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап...»)

Күзгі леп, алтын бақ, ақ қайың, қоңыр салқын кәрі күз, жел айдаған бұлт сияқты метафоралардың мағынасы контексте ғана ашылып, ақынның түйсінудімен сабақтастырылып күрделі дүниелерді береді. Мекеннің нақты суреттемесіне бармай-ақ, абстрактылы түрде шолып шығатын автордың, ең алдымен, кейіпкер көңіліне мән беретіні келесі жолдарда бірден аңғарылады: Бұл өңірдің әрбір бел-белесі, қыр-ойпаты мен қатпарлы шыңдарының сай-саласы оған бала күнінен таныс болғанымен, дәл бүгінгі таңдағыдай көсіле түсіп жатқан шалқар айдыны аңдай қоймаған болатын. Бәрі де түр-тұлға, сыр сипатымен көріністеп қалғысы келгендей бір-бірінен оқшау дараланады. Кең жайлаудың ұлан-ұзаққа мегзей түскен ыңғайынан көпті аңдап, еркін тыныстаған ол әйтеуір өзіне деген мол ілтипатты сезінбей келе жатқан жоқ-ты [2, 94].

«Туған жер» - тыныштық, мәңгілік орны. Туған жер тақырыбы барлық заманда өзекті. Әр заманның ақыны, аталмыш тақырыпты жырына қосып, атамекеніне деген ыстық ықыласын білдірген. Мысалы, К. Салықовтың «Қызылжар» атты өлеңінде:

Ақ қайың елі жайдары,
Сарыарқа алтын айдары.
Абылай ақ үй орнатқан,

Қазақтың ғажап аймағы, - дей келе К. Салықов солтүстік өңір табиғатының сұлулығын жырға қосқан. Небәрі осы бір шумақтың арқасында ол біздің өңірдің ақ қайыңдар өлкесі екендігін, мұнда хан Абылайдың отау тіккендігін, өз туған жерінің қаншалықты тарихи маңызды, құнды екендігін жеткізе алды. Яғни, жылдар мен ғасырларға созылатын тарихтың белгілі бір бөлігін төрт жолға сыйғызған. Бұл ретте ақын ағамыздың Отан-анаға деген махаббатын ғана емес, зор мақтанышын да анық байқаймыз. Атамекенінің тарихи жетістіктерін суреттей келе, ол өз өлкесінен шыққан ақиық ақындарға, танымал тұлғаларға, ел мақтаныштарына тоқталады.

Мағжандай қайсап жаралған,
Ұлдары арыс сан алуан,
Атадан мирас нәр алған,
Қыраны елдің - Қызылжар,

Жұмағы жердің - Қызылжар. Бұл шумағында ақын Қызылжардың киелілігін кеңінен ашты. К. Салықов Қызылжарды елдің қыранына да, жердің жұмағына да балайды. Демек, осы өлең жолдарымен ол еш нәрсенің туған өлкеге тең келмейтінін, әр азамат үшін Отанның алар орны бөлек болатынын жеткізген. Мағжандай арыс ұлдар дүниеге келген біздің өлке да ата-бабадан қалған мирас, асыл мұра. Сондықтан, оны қорғап, аялап өту, бұрынғы ақындардың жырларын әрі қарай жалғастыру, бүгінгі жастардың міндеті.

«Туған жер» өзі дүниенің ауқымын, оның байланыстылығын, үздіксіздігін, құрылымдылығын, өлшемділігін сипаттайды. Оның құрылымына «аспан», «жер», «су», «тау» сияқты түрлік ұғымдар кіреді. Олардың өзі іштей тағы бірқатар концептілерге бөліне алады. Кез келген концептілер сияқты «туған жер» концептісі де өзіндік ұлттық ерекшелікке ие, өйткені оның көп өлшемді көлемінде объективті дүниенің маңызды бір категориясы - әлем туралы ұлттық ментальдік түсінік орын алған. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – ұлттың рухани болмысының табиғатпен тікелей байланысты. Осы тұрғыда қазақтар үшін Отанды, туған жерді, кеңістік пен еркіндікті бейнелейтін дала сөзінің концепт жасау мүмкіндігіне тоқталайық.

Дала лексемасының көркем мәтіндегі берілген мәні - жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. «Дала» лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесін маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы ақын дискурсында одан әріге тереңдеген. Мысалы: Қуанамын сары сайран даланың,

Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым.

Сар даланың ардақтысы, еркесі... (М.Жұмабаев, «Тез барам») деген өлең жолдарында берілген сары сайран дала мен сар дала шетсіз, шексіз, ұшы-қиыры жоқ әдемі өлке жайлы айтылған.

Даланы қазақ поэзиясының өкілдері әр уақытта жырлап өткен. Р. Сыздық «Сөз құдіреті» атты кітабында дала сөзін сөз-символдардың қатарына жатқызады: «...дала сөзі қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да, қазір де туған жердің қасиетті отанының символы» [3, 190], – деп жазады.

Астана... Бұл сөзде байтақ дала бар,
Теңіздер, өзен, көлдерім.
Қорғаған ата-бабалар

Асқар тау, самал белдерім (К.Салықов, «Астана») дей келе, дала ұғымына туған Отанының теңізін де, өзен-көлдерін, таулары мен белдерін жатқызады. Дала ұғымын кең мазмұнда жырлайды. Оның қазақ даласын, табиғатын төгіле жырлаған «Дала» поэмасы – соны сүйген ақынның көңіл-күйіне толы патриоттық туынды. Ол дала келбетін танытар

суреттермен қоса, дала өмірі мен ондағы өзгерістерді, сырласу күйінде бейнелеп, өзін қоршаған ортаның тағлымды тұстарына мән береді.

Даламенен өлшеймін ғарыш-ғаламды,

Дала мен ана сезімтал етті санамды, - дейді.

Е.Асқаров та дала ұғымына ақ қайыңды, теректі теңеп, жылдың қай мезгілінде болмасын даланың сұлулығына таң қалып, жырлайды.

Желек жапқан ақ қайың да, терек те,

Жаз да сұлу менің туған даламда.

Абай айтқан шыбынсыз жаз керек пе, -

Мына біздің Қызылжарға кел онда... (Е.Асқаров)

Қазақ халқының санасында «дала» – ең бір төл, етене әрі көп мағыналы ұғым.

Дала – ең алдымен, туған жер, бейнелі тілмен айтқанда алтын бесік. Көшпелі халықтың түсінігінде даладан артық нәрсе жоқ. Жалпақ дала – сол дәстүрлі түсініктен бастау алып тұр. Жалпақ дала ұғымының сыртында қарапайымдылық бар. Ал қарапайымдылықтың астарында Ұлылық жататыны белгілі. Дала – сонымен бірге, еркіндіктің, тәуелсіздіктің, шексіздіктің символы. С. Мұқанов оны былайша сипаттайды:

Машина заулап ағады.

Зауламақ түгіл ұшса да,

Тез таусылар дала жоқ.

Жалпайып жатыр сұстана,

Теңіздей шексіз қара көк («Алдабергенов туралы аңыз»).

Даланы сағыну – шексіздікті, еркіндікті сағыну. Мұқанов даланы ешбір «курортпен» айырбастамайды:

Балтықтың курортына бара қалып,

Демалып жатқан шақта, елендедім

Құлағым дала үнін шала қалып.

Келе ғап, сол бір сәтте ұшып кеткім... («Шынығу»)

Дала үні – әрбір қазақ баласына таныс, ыстық үн. Демек, дала – туған жерге деген махаббаттың, сүйіспеншіліктің, мейірімнің белгісі. Дала – байлықтың, қазынаның Отаны:

Іші-сырты кең жерің,

Екен толы қазына.

Игілікті мол меңгердің,

Қанатың кең жазыла («Алдабергенов туралы аңыз»).

Дала – сұлулық, көркемдік әлем

Көркем далам, кең далам,

Тіл жетпес сені бағалап.

Тауыса алмадым, мен балаң,

Үздіксіз қырық жыл аралап («Алдабергенов туралы аңыз»).

Дала – жаңалықтар, дүбірлі оқиғалар әлемі:

Тұрған кезде, Түрсиб

Жүректен қалай қан лықсып...

Тірілді, тұрды дала, құм!.. («Жүйткі, қара айғырым»)

Немесе Көзіме елестеді көрінісі,

Келбеті – бұрқанған майдан іші... («Астық майданы»)

Бәріміз де даламыздай жарқынбыз,

Құшақ жайып қарсы алады қалың ел (Е.Асқаров «Туған топырақ») өлеңінде даламыз кең, жарқын болғандай, қазақ халқы да дарқан, кеңпейілді екендігін сезімге толы жолдардан байқаймыз.

Туған жер ұғымының негізгісі туған ауыл, ол басқа ұғымдарға қарағанда доминантты рөлге ие. Ақындар өлеңдерінде көбіне туған ауылына, туған жеріне оралады. Өйткені ол туып-өскен үйі, тербетілген бесігі, балалық шағы, жастық шағы өткен ора, өмір сүрген тұтас

әлемі. Туған ауылдың тағы бір ерекшелігі – тарту күшінде, әрбір адам өзінің туған жерін өз ауылым деп атап, тіпті ол жер ауыл емес қала, аудан орталығы болған күннің өзінде, сонда қарай орала береді, ол қазақтың этномәдени ерекшелігін көрсететін константа. Мысалы: Жерлес ақынымыз М. Қанғожиннің мына өлең жолдарына назар аударайық: Қызылжарым – қасиетті мекенім,

Сені айтса шалқып, тасып кетемін.

Жүрегімнің қызуымен ып-ыстық.

Тірлігімде сені жылытып өтемін («Қасиетті мекенім»). Туып-өскен жері Қызылжарды қасиетті мекенге теңеп отыр. Сондай-ақ, өзінің туып-өскен ауылы жайлы Күміс көл, айбындым, аяулым,

Суыңа қойған ба бал қатып Қарағашым... («Қарағаш»)

Күмбірлей ме, естимін қоңыр үнді

Тәтті әуен бойды алып балқытатын,

Бабамның еске салып мол мұрасын... («Ауылды сағынғанда»)

Өмірдің алтын оттарын,

Лаулатам сенде әр уақыт... («Үйіме»)

Автордың күміс көл, алтын оттар, меруерт күлкі, күміс орамал, алтын ұя, күміс қар, тәтті қиял, үкілі орман, бура толқын, қара орман, ақ жалды арна, бала қайың, көк Есіл сияқты образды тіркестері де өлеңдеріне стильдік ажар беріп, әрлендірген, туған елге деген сүйіспеншілігін білдірген.

Қызылжардың табиғатын суреттеуге де М.Қанғожиннің «Қызылжарым – қымбатым» атты өлеңдер топтамасында атап өтуге болады. Күйбіңсіз тіршіліктің, СҚО орталығының, Есіл өңірінде орналасқан қаланың асқақтатқан символы ретінде көрінетін негізі - Қызылжар қаласының, өңірінің табиғатын метафоралар арқылы бейнелейді.

Арқаның жүрегі деп лүпілдеген,

Тыңдаймын тынысыңды әр күнде мен,

Қызылжар мәңгі жастық жәрмеңкесі,

Жағалай жасыл орман желкілдеген.

Ту тіккен Абылайдың Ақ ордасы,

Өнердің сан салалы «қағыбасы».

Шаттанам, Қызылжарым, болғаным

Өзіндей сұлу шаһар бел баласы («Қызылжарым – қымбатым») деген өлең жолдарында арқаның жүрегі, лүпілдеген жүрегі, жастық жәрмеңкесі, Ақ орда, сұлу шаһар, ту тіккен Абылай деген метафоралар еңсесін көрсететін, үміт, сүйініш, арман сияқты мағыналарды білдіреді.

Туған ауылмен қатар қазақ ұғымында дала мағынасы жазушылардың шығармаларындағы базалық негіздің қатарын құрайды. Дала әрбір автор үшін жай ғана ауыл жұрты көшіп-қонып жүреін көше емес, дала әлем, азаттық символы, халықтың дәсүрі мен жол-жорасы, тербетілген бесігі мен ой-томалағы. Өзге тілдерде де дәл осылай. Мысалы, туған жерді қырғыздар – айыл, тәжіктер – қышлақ, өзбектер – гүлдеген бағым, қарақалпақтар – ақ алтынның кеніші (мақта мен күріш) деп бейнелейді. Әр елдің менталитеті мен мәдениеті, қыры мен сыры олардың сөздік қорынан, тұрмыс-салтынан көрініс тапса керек.

Сарыарқа – сары теңіз ұлан байтақ,

Қазақтың кең даласын тұрсаң байқап... (Ғ.Малдыбаев, «Орал-Жайық») деген жолдарда берілген сары теңіз – Сарыарқа қазақ даласының ұлан байтақ кең екендігін білдіріп, сұлу келбетін суреттейді.

Осылардың өзара нақты, дәл, қарапайым, табиғи үйлесімі көркем шығарманы тудырады. «Туған жер» концептісінің әлеуметтік мәнін білдіретін лексема – жайлау. Тілдің қоғамдық қызметі мен әлеуметтік мәні және таңбалық сипаты сияқты бірқатар мәселелер зерттеу барысында «таза» лингвистикалық заңдылықтармен қатар, философиялық қағидалардың да басты әдіснамалық бағдарына айналғаны белгілі. Оның бір себебі – тілдің ерекше философиялық категория болғандығымен шарттас келсе, екінші уәжі оны адамның

болмыс-бітімі арқылы дәйектейтін ғылыми ұстанымына байланысты болса керек. Лингвистикалық философия тіл мүмкіндігін тарылтпай, оған үнемі жол ашып отырады, өйткені тілдің ғалам мен адамның қатынасын анықтайтын әлеуеті мықты.

Маңызды кумулятивтік қызметке ие және этноәлеуметтік мәнімен ерекшеленетін жайлау лексемасы да көркем шығармаларда пейзажды бейнелеуде метафорлардың лингвокогнитивтік деңгейін анықтайтын тілдік таңба қызметінде тұр. Көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын айқындайтын басты көрсеткіштің біріне – жайлау кіреді.

Кең жайлау – көшпелілердің мекені ғана емес, рухани әлемі де болған. “Жайлау” лексемасының ассоциациялық өрісі былайша кеңейе түседі: 1) жайлау – тұрмыс-шаруа жағдайына қарай ауыстырылатын мекен, бұл - негізгі денотаттық, сөздік мағынасы. “Ботагөз” романында С.Мұқанов «...Бірақ оның көңілі асыққанмен, керілген кең жайлау асығар емес). Ғ.Мүсіреповтің «Жұмбақ» әңгімесінде «Керілген сар жайлау қоңыр тартып,.. жайлаудың қалың қауы жайқалып,.. жайлау біткенді жалғыз жайлаған семіз қызыл Күн...» жайлау лексемасы өзінің негізгі денотат мағынасында тұрып-ақ, лингвомәдени код міндетін атқарған.

2) жайлау – адамның жан дүниесі, ішкі әлемі, рухани кеңістігі. Бейнелі, эмоциялы-экспрессия арқалаған жайлау лексемасы жаңа поэтикалық образ қызметін атқаруда.

Шаттық күйін келеді шерте бергім,

Еркелесем, далама еркелермін.

Көз алдымда кең жайлау зымырайды,

Тұяғымен таласып кертөбелдің (З.Әкімжанов, «Алагеуім»). Өлеңнің өрісі толығымен көңіл – жайлаудың семантикалық құрылымын толықтыруға ықпал етіп, өлең өзегімен жымдаса өрілген, шығарма идеясын ашу үшін маңызды рөл атқарып тұр.

Кез-келген суреткер көркем образ жасай отырып, онда қажетті ерекшеліктерді жымдастырып, біріктіреді, оларды жеке даралайды, көрініс табатын құбылыстың жеңіл-желпі болып кеткен тұстарын алып тастайды. Сондықтан олардың шығармашылығы – жоғары мәндегі толғаныстың жемісі. Тіпті табиғатты суреттеуде де суреткердің шындыққа қарым-қатынасы арқылы оқырманда автордың ойы мен сезімі, көңіл-күйі сезіледі, табиғатқа деген қарым-қатынастары анық көрсетіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз сөз етіп отырған қаламгерлердің қайсысын алып қарасақ та, шығарма тілінің стильдік және дүниетанымдық ерекшелігі таныммен, болмыспен тығыз байланыста алынып, дәл берілуімен сабақтасып жатады. Әсіресе, кейіпкердің туған жер туралы дүниетанымы, оған деген эстетикалық көзқарасы үш қаламгердің шығармасында да ерекше талғаммен берілген.

«Туған жер» - әлемдік бейне ретінде қай елде болмасын сол ұлттың жеке тілдік бірлігінен бастап, сол қоғамның тұтас лингвомәдени тұрғыдан кілті болып саналады. Туған жер – әрқашанда жеке, менікі, өзімдікі мәнінде белгілі бір ортаны, аумақты, территорияны өзге ортаға қарама-қарсы мәнде қою. Осыдан келіп, туған жер, туған өлке, туған орта секілді тіркестер пайда болған. «Отан» сөзі туған жермен ассоциацияланады. Бұдан ары қарай қарастырсақ, тіршілікті тірілткен, дүниеге алып келген Ана сөзінен өмірінің соңында өзге өмірге жол тартқан, топыраққа айналған сынды тіркестер «туған жер» концептісінің екі ұшы болады. Жекеден жалпыға өту арқылы жеке, менікі, өзімдікі мәнді сөздер жалпылана келе біздікі, біздің жер, біздің отан деген көпше, ортақ мәнге ие болары сөзсіз. Жекеліктен гөрі жалпылықты білдіретін сөздер қоғамның бірлескен, ажырамастай ғұмыр кешетінін білдіретін сияқты.

Қоршаған ортасына, ата-анасына, туған-туысына деген ыстық ықылас Отанға деген сүйіспеншілікке ұласса, ол адамның рухани деңгейінің биіктігі. Ұлтымыздың әйгілі шешені Қазыбек би: «Алтын ұяң – Отан қымбат... Туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат», - деп туған жердің қасиетін ерекше бағалаған. Сондықтан әрқайсымыз

Отанмызды ардақ тұтып, оның тарихын жете білуіміз керек. Және де жас ұрпақтың бойына ел тарихын, шежіресін сіңіру аға ұрпақтың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғылымдар.канд. дәрежесін алуға жазылған автореф. – Алматы: 2003. – 26 б.
- 2 Айтуғанова С.Ш. Лирикалық прозадағы пейзаждың көркемдік қызметі// Қарағанды университетінің Хабаршысы. №03, 2009. – 92-96 бб.
- 3 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
- 4 Қанғожин М. Өлеңдер мен поэмалар. – Петропавл: 2007. – 664 б.
- 5 Әкімжанов З. Мизамшуақ. – Петропавл: 2001. – 118 б.

М.Т. Есматова¹, Ж.С. Кулибекова², Г.С. Хамзина³, Ж.Т. Кадыров⁴

Концепт «Туған жер» в произведениях поэтов Северо-Казахстанского региона

^{1,2,3,4}Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева
г. Петропавловск, Казахстан

Одним из основных направлений в современной казахской лингвистике является рассмотрение структурных и содержательных сторон художественного текста исследовательских работ. В связи с этим целью статьи является раскрытие содержания в отношении художественных аспектов концепта «Туған жер». Анализируется понятие и своеобразные способы использования концепта «Туған жер» в произведениях поэтов Северо-Казахстанского региона М.Жумабаева, С. Муканова, Е.Аскарлова, К.Салыкова, Г. Малдыбаева, З.Акимжанова, авторская передача в стихах мировоззрения нации, духовно-культурных ценностей. Потому что для каждого человека родная земля, родные просторы – наиважнейшие духовные факторы, определяющие рост и развитие человека в общем. Одним из основных факторов, влияющих на формирование нации и духовного бытия нации, непосредственно является связь человека с природой. Для казахов в этом плане понятия Родина, родная земля, свобода и пространство – тесно взаимосвязаны со словами джайлау и бескрайная степь.

M. T. Esmatova¹, Z.S. Kulibekova², G.S. Hamzina³, Z.T. Kadyrov⁴

The concept of " Туған жер " in the works of poets of the North Kazakhstan region

^{1,2,3,4}North-Kazakhstan State University named after M. Kozybayev, Petropavlovsk

One of the main directions in modern Kazakh linguistics is the consideration of the structural and substantive aspects of the literary text of research works. In this regard, the purpose of the article is to reveal the content in relation to the artistic aspects of the concept "Туған жер". The concept and peculiar ways of using the concept " Туған жер " in the works of poets of the North Kazakhstan region M. Zhumabayev, S. Mukanov, E. Askarov, K. Salykov, G. maldybayev, Z. Akimzhanova, the author's transfer in verses of the worldview of the nation, spiritual and cultural values are analyzed. For each person native land, native expanses are the most important spiritual factors that determine the growth and development of a person in General. One of the main factors influencing the formation of the nation and the spiritual existence of the nation is the direct connection of man with nature. For Kazakhs in this regard, the concepts of homeland, native land, freedom and space are closely linked with the words of "джайлау" and the endless steppe.

ӘОЖ 800.8

О.А. Жумагулова¹, И.С. Каирбекова², Л.К. Мусин³¹ ф.ғ.к., доцент, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы, J_Omirgul_A@mail.ru² г.ғ.м., аға оқытушы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы, kairbekova_1966@mail.ru³ г.ғ.м., аға оқытушы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы, Lais68@mail.ru

ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ – ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Мақалада адамға қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, қиял, қабылдау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын таным құбылысы адамның когнитивтік жүйесі аясында қарастырылады. Адамның когнитивтік жүйесі болмыспен қарым-қатынасына әсер ететін таным әрекеті негізінде, ұжымдық әрі жеке тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Когнитивтік үдеріс – таным механизмі болғандықтан болмысты тану және зерделеу үшін ақпаратты алу, трансформациялау және соның нәтижесінде жинақталған білімді сақтау тәсілі ретінде танылады. Жинақталған білім таным қызметін атқаратын әмбебап когнитивтік стратегияларға бекітіліп, жаңа білімді интерпретациялауға негіз болады. Адамның когнитивтік жүйесі кез келген ақпаратты интерпретациялайды да когнитивтік жүйеде түсіну үдерісі басты рөл атқарады. Мәтінді түсінуде немесе оқу сауаттылығын қалыптастыруда білім алушының когнитивтік жүйесіндегі базалық және мәдени концептері қалыптастыру маңызды, себебі ақпаратты интуитивті тану, ондағы мағынаны пайымдау түсіндіруге негіз болуы тиіс.

Кілт сөздер: когниция, когнитивтік лингвистика, когнитивтік жүйе, интерпретация, функционалды сауаттылық, когнитивтік семантика.

КІРІСПЕ

Мақала – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша гранттық қаржыландыру байқауында «XXI ғасырдағы білім берудің мәселелерін іргелі және қолданбалы зерттеулері» мамандандырылған ғылыми бағыттың, «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру гуманитарлық ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» ғылымды дамытудың басым бағытты бойынша жеңіп алынған, жеке тіркеу нөмірі АР05135711 «Жаңа білім мазмұнына сай когнитивті-компенсаторлық (бейімдеушілік) стратегиялар негізінде функционалды сауаттылықты қалыптастырудың методологиясы» тақырыбындағы ғылыми жоба аясындағы ізденістердің көрінісі.

Қазіргі тілтанымның ғылыми парадигмасында тіл мен айтылым бірліктерін зерделеуде семиотикалық аспектімен шектеліп қалмай, тілдің когнитивтік, коммуникативтік қызметін және олардың іске асырылуын кешенді зерттеуді ұсынады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адамзаттың қоршаған ортаны, қоғамдық ортаны тануы, оның тілде көрініс табуы сияқты когнициялық мәселерді когнитивтік лингвистика зерттейді. Когниция ұғымы сана, ес, қиял, арман, ойлау, білім, шығармашылық, жоспарлау және оны іске асыру жолдарын іздестіру сияқты адамның рухани дүниесін ғана емес, сонымен қатар моторика құрылымы, қабылдау, еске түсіру, зейін аудару және тану сияқты қарапайым үдерістерді де қамтиды [1, 23].

XX ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала бастағанын, когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигма аясында когнитивизм

базасында пайда болатынын ғалым Б.И.Нұрдәулетова айта келіп, когницияны когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы деп тұжырымдайды [2,5].

Демек, когниция – бұл танымның өзгеше сипаты, ол адамға қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, қиял, қабылдау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс ретінде айқындалады. Адамның когнитивтік жүйесі оның болмыспен қарым-қатынасына әсер ететін таным әрекеті, ұжымдық әрі жеке тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Когнитивтік үдеріс – таным механизмі, болмысты тану және зерделеу үшін ақпаратты алу, трансформациялау және соның нәтижесінде жинақталған білімді сақтау тәсілі. Жинақталған білім таным қызметін атқаратын әмбебап когнитивтік стратегияларға бекітіледі. Адам есейген сайын оның когнициясы да жетіле түседі. Жинақталған білімі толықтырылып, жүйеленеді. Бұл когнитивтік жүйенің кеңеюін жүзеге асырады. Ол адамның жеке және ұжымдық тәжірибесі мен біліміне негізделеді. Адам танымының белсенділігі – жаңа ақпараттың тану, оны бұған дейінгі жинақтаған білімі негізінде өңдеп, қабылдауы және еске сақтауы. Жаңа ақпарат есте сақталу үшін адамның когнитивтік жүйесінде когнитивтік байланыстар болуы шарт. Ондай байланыстар бұрынғы білім жүйесінде жаңа мәліметтерді орналастырады әрі оны еске сақтау жолдарын қалыптастырады. Адамның когнитивтік жүйесі тілдік қатынаста негізгі қызмет атқаратыны белгілі. Ғалым Р.Якобсон ана тілінде сөйлеуші мен тыңдаушы мәдени кодталған тілдік бірліктерге үнемі назар аударуы табиғи жағдай екендігін айтып, тілдің когнитивтік қызметі грамматикалық құрылымға тәуелділігі төмен болатынын, тілдің когнитивтік деңгейі металингвистикалық операцияларды, яғни кодты ашу, интерпретациялау қажеттілігін көрсетеді [3].

Ғылыми ортада «интерпретация» термині түсіну мен түсіндіру өнерін білдіреді. Интерпретация ұғымы тіл білімінде кең және тар мағынада түсіндіріледі. Кең мағынада интерпретация – ұжымдық немесе жекелік деңгейдегі білім алуға бағытталған ойлау үдерісі. Тар мағынада жеке тұлғаның тілдік таным белсенділігінің нәтижесінде жеке және ұжымдық білім мен тәжірибе негізінде интерпретациялану нысанын субъектінің түсінуі. Интерпретациялану мәнін терең түсіну үшін оның екі негізгі сипатын анықтаймыз. Біріншіден, интерпретация типтік білімге негізделеді: фреймдер, скриптер, танымның когнитивтік үлгілері. Екіншілік таным үдерісі ретінде типтік білім жаңа білім нысанын алып, оның ұжымдық санада репрезентациялануын қарастырады. Екіншіден, интерпретация үдерісі адамның жеке когнитивтік жүйесіне тәуелді болады да әрқашан субъективтілігімен ерекшеленеді. Демек, интерпретация ұжымдық және жекелік білімге негізделеді. Олай болса, адамның когнитивтік жүйесі кез келген ақпаратты интерпретациялайды да когнитивтік жүйеде түсіну үдерісі басты рөл атқарады. Мәтінді түсінуде немесе оқу сауаттылығын қалыптастыруда білім алушының когнитивтік жүйесіндегі базалық және мәдени концептері қалыптастыру маңызды, себебі ақпаратты интуитивті тану, ондағы мағынаны пайымдау түсіндіруге негіз болуы тиіс. Демек, түсінудің басты шарты – *интерпретация*. Интерпретациялаудың негізгі мәселелердің бірі – теориялық тұрғыда оның дәлме-дәл, шынайы, яғни адекватты болу мүмкіндігі ғалым Ю.Боревті де толғандырады [4]. Бұл мәселенің шешімі мәтінді интерпретациялауда, оқу сауаттылығын қалыптастыру үдерісінде көрініс табады.

Тілші Н.Н.Болдырев адамның когнитивтік жүйесіндегі когнитивтік байланыстардың танымдық заңдылықтарын зерделеп, таным үдерісінің нәтижелері лексикалық, грамматикалық және интерпретациялық тілдік жүйесінің категориялануында бейнеленетінін көрсетеді [5,3]. Тілдік жүйесінің категориялануы өзара байланысты үш саланың онтологиясы бойынша жинақталған білім арқылы көрініс табады: әлем онтологиясы (лексикалық жүйе), тіл онтологиясы (грамматикалық жүйе), адам санасының онтологиясы (үш түрлі білімнің интерпретациялану құралдарының жүйесі). Лексикалық категориялар әлем туралы білімді жүйелейді, грамматикалық категориялар тіл туралы және тілден тыс білімді репрезентациялайды, ал интерпретациялық категориялар адам санасы үш түрлі білімнің қорытылуын қарастырады. Тілдік категориялану жүйесін үшке бөліп көрсету арқылы

профессор Н.Н.Болдырев тілдің когнитивтік және коммуникативтік қызметін ескереді әрі танымның ұжымдық және жекелік сипаты мен сөздің тілдік және сөздік мағына арасындағы қайшылықты болдырмайтынына көз жеткізеді. Тілдік категориялану жүйесінде тілге тән категорияларға сәйкес білім элементтері когнитивтік сызбалар (схема) түрінде сақталады да интерпретациялауда маңызды болады. Оқу сауаттылығын қалыптастыруда интерпретациялау бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – эмоционалды-экспрессиялық кезең. Білім алушының когнитивтік жүйесі мәтіннен алған әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді. Жалпы санада дүние бейнесін қалыптастыруда адамның сезіну, қабылдау, түйсіну, түсіну және ойлау, өзінше ұғыну сияқты барлық психикалық әрекеттері қатысады. Солар арқылы танылған дүниенің бейнесі дүниені танудың алғышарты болып табылады [5,37].

Тілші Б.И.Нұрдәулетова дүние туралы белгілі бір дүниетанымның қалыптасуы психикалық сәулеленудің үш деңгейінің өзара қатысымдылығына байланысты: сезімдік қабылдау деңгейі, қабылдауды қалыптастыру деңгейі (жалпыландыру, дерексіздену), сөйлеу-ойлау (регемыслительный) процесс деңгейі когнитивтік лингвистика мен дәстүрлі құрылымдық-семантикалық лингвистика бір-бірімен альтернативті ойлаудың ағымы емес, олар лингвистикалық ақиқатты танудың әртүрлі қырлары деп ой өрбіткен [2,5].

Ғылыми ортада бұл кезең интерпретацияның субъективтік аспектісі ретінде танылады. Осы ретте ғалым Н.Д.Арутюнованың пікірі де бұған дейінгі зерттеушілердің тұжырымдарын толықтыра түскендей: «Для того чтобы оценить объект, человек должен «пропустить» его через себя: природа оценки отвечает природе человека» [6, 14]. Интерпретациялау үдерісі қазіргі білім беру саласындағы оқу сауаттылығын қалыптастырумен тығыз байланысты. Интерпретациялау таным үдерісіне негізделген ақпаратты түсіну және бекіту болса, оқу сауаттылығы да мәтінді түсіну, тілді дұрыс пайдалануға үйрету үдерісі. *Мысалы:* ... Өмірдің уы Шәйзаның балаң ойына түгел жайылғандай, уланғандай болады. *Қоңыр* көлеңке үйдің *қоңыр* сәулесі Шәйзаны да *қоңырландырып*, сұрғылтқа тандық түс береді. Үй де *қоңыр*, көлеңке де *қоңыр*. *Қоңыр* үйдегі тұрмыс та *қоңыр*. *Қоңыр* үйдегі Шәйзаның ойы да *қоңыр*. *Қоңыр* ойлы Шәйзаның әні де *қоңыр*... *Қоңырлатып*, ыңырсып өлең айтып отырады. Өлең емес, *қоңыр* күймен ішіндегі зарын төгіп отырады» (Ғ.Мүсірепов). Келтірілген үзіндідегі «қоңыр» сөзін алсақ, ол әр түрлі сөздермен анықтауыштық қатынаста (қоңыр көлеңке, қоңыр сәуле, қоңыр Шәйза, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр тұрмыс, қоңыр ой, қоңыр ән, қоңыр күй) тіркесіп келіп, бірнеше рет қайталанып тұр. Қайталанып, түрлі символдық мағына береді. Тіліміздегі түр-түс атауларының негізгі атауыштық мағынасынан басқа әр түрлі лексика-семантикалық, символдық мағыналары – халық болмысындағы әмбебап категория. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз жеткізілетін тілдік-мәдени кодтар болып табылады. Кез келген тілдегі түр-түс лексемаларының символдық мағыналары түр-түске тіпті қатысы жоқ немесе қазіргі кезде мүлдем алшақ ұғымдар мен семаларды білдіруде. Ғалым А.Вежбицкая түс концептісін табиғат концептісімен байланыста қараудың қажеттігін «Тіл, мәдениет, таным» деген еңбегінде былай деп түсіндіреді: «В данной работе я предположила, что универсальные тенденции в нашем понимании цветовых категорий могут быть связаны универсалиями человеческого опыта вообще и в особенности – с универсальными чертами жизни человека на земле. И я истолковала цветовые концепты через понятия окружающей среды, такие которые заключены в английских словах fire ‘огонь’, sun ‘солнце’, sky ‘небо’, grass ‘трава’, sea ‘море’, ground ‘земля’. ... они тоже рассматриваются как конструкты, построенные людьми на базе их жизненного опыта, полученного на земле» [7, 7]. Шынында да, айналадағы табиғатты біршама таныған адам өзін танып-білуге көп әрекет етіп келеді. Ол өзінің адамдық қасиетін, рухани дүниесі мен мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен басқа да ерекшеліктерін танып-білумен ғана шектелмей, сыртқы пішінін, бет-әлпетін, реңін, шырайын, денесінің (көзінің, қас-кірпігінің, шашының, сақал-мұртының) түсін анықтауға да көп көңіл бөлген. Осының нәтижесінде тілімізде жүздеген түр-түстік тіркестер, теңеулер, салыстырулар пайда болған.

...Әйелдерді еркектерден көп дейді.

Ойбай, Ойбай!..

Бола берсін көп, мейлі!

Әйел деген әдемі ғой, әдемі,

Әдемілік бізге көптік етпейді... (М.Мақатаев). Берілген өлең жолдарынан адамның сезіміне ерекше әсер ететін тілдік құралдардың қызметі эмоционалдық кезеңді тудыруға алғы шарт болған. Мәтіндегі «әдемі» сөзінің лексикалық қайталануы, «ойбай» эмоциялық одайғайының қайталануы әрі ерекше интонациямен айтылуы мәтінді түсінудің алғашқы кезеңінде ерекше қызмет атқарады.

Интерпретациялаудың екінші кезеңі – ақпараттың өңделуі. Бұл кезеңде жаңа білім адамның жеке және ұжымдық білімі мен тәжірибесі негізінде өңделеді, тұлғаның құндылықтар жүйесі мен ментальді ерекшеліктеріне қарай талданып, когнитивтік жүйесінде орын алады. Бұл жаңа білімді өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыру, ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі заттар мен құбылыстардың ұқсас жақтарын табу, солардың негізінде ассоциациялық таным бейнесін кеңейту сияқты когниция үдерістеріне негізделеді.

Бүгінгі когнитивтік ғылым саласында концептуалдық байланыстың негізгі мәселелері ретінде: коммуникацияға қатысушылардың концептуалдық жүйесінің сәйкестігі; бұл жүйелердің мазмұн сәйкестігі; тыңдаушының (оқырманның) концептуалдық жүйесін шынайы бағалауы; әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне негізделген тілдік тәжірибе мен ұжымдық білімді меңгеруі; коммуникация барысында берілген ақпаратты түсіну үшін когнитивтік ұстанымдар мен тетіктер, мәнмәтіндердің сәйкестігі танылады.

Коммуникацияға қатысушылардың концептуалдық жүйесінің сәйкестігі жеке концептуалдық жүйенің құрылымдық ерекшеліктеріне негізделеді де концептер мен олардың байланысы арқылы көрініс табады. Тілдік қатынастың мүмкіндігін, концептуалдық негізін қамтамасыз ететін кез келген танымдық үдерістің *статикалық және динамикалық* екі негізгі аспектісі ажыратылады.

Танымдық қызметтің статикалық аспектісінде таным үдерісінің белгілі бір нәтижелері бейнеленеді (концептуалдық немесе категориялық жүйелер түріндегі білім жиынтығы). Динамикалық аспект концептуалдық немесе категориялық жүйелер түріндегі білім жинақтауға мүмкіндік беретін әрі осы білімді интерпретациялайтын ойлау үдерісімен байланысты болады. Концептуалдау таным нәтижелерін ажырату, жан-жақты анықтау, талдау және жинақталған білімді концепт түрінде бекітуге бағытталған таным үдерісі болып табылады. Категориялау барысында концептер белгілі бір тәжірибе аймағына, категорияға бекітіліп, атау беріледі. Адамның когнитивтік жүйесінде статикалық және динамикалық аспектілер жекелік сипатта болады, себебі олар интенционалды беріледі де адам өмірінің белгілі бір саласына шоғырланады. Сондықтан әрбір адам тілдік концептуалдау мен категориялау үдерісінде өмірлік тәжірибесі негізінде жинақтаған білімін өзінше белгілі бір құрылымға бекітеді. Бекіту барысында түрлі концептуалды салаларды ажыратады және оларды белгілеу мен кескіндеудің түрлі үлгілерін пайдаланады. Осыған сәйкес, түрлі адамдардың, түрлі кәсіп иелерінің, түрлі ұлт өкілдерінің концептуалдық жүйесінде ерекшелік болады. Мысалы, қазақ тіліндегі «құндыз» сөзін алайық. Қазақ халқының дүниетанымында аң, көздің жауын алатын әдемі, әркімнің қолына түсе бермейтін бағалы терісі үшін «байлық, барлық, сұлулық» ұғымымен астасып жатады. Қазақтың қызын «*Аспандағы жұлдызым, жағадағы құндызым*» деп еркелетуі, оған *Құндыз* есімін беруі – ұлттық таным ерекшелігінің айғағы. Ал оның орыс тіліндегі баламасы «*выдра*» сөзі орыс халқының когнитивтік жүйесінде «*күйгелектік, қатыгездік*» мінезінің символы ретінде жұмсалып, «арық, ұсқынсыз әйелмен» ассоциацияланады. Мұндай білім мазмұны этникалық құндылықтар жүйесімен, таным ерекшелігімен анықталып, мәдени концептілер арқылы когнитивтік жүйеде орналасады. Қыз дегенің – өмірдің *қызғалдағы*, Қылықтылар аз ба екен қыздан-дағы?.. (И. Сапарбай. Ғашықтың тілі.); Қырандай тиген кептерге, *Қызғалдақ – гұмыр*, бозбала-ай! (М. Мақатаев. Аманат). Сондай-ақ «*қызғалдақ*» сөзі де қазақтар үшін бай лингвомәдени мәнге ие. Сирек өсімдік ретінде «Қызыл кітапқа» енген қызғалдақ кез келген жерде өсе бермейді. Биік жерде өсетін қызғалдақтың бүр жарып ашылуын, жайқалып өсуінің

өзіндік мәні, кезеңі бар. Оның басқа гүлдерге ұқсай қоймайтын ерекшелігін қазақ даласында өскен бала ғана біледі. Қызғалдақтың отаны көп айтылып жүрген Голландия емес, Қазақстан деген де болжам бар. Көбінесе қыз сұлулығының, қайта айналып келмейтін жастық шақтың символы ретінде қолданылады. Гүлге қатысты мұндай ақпарат аялық білім арқылы белгілі болатын білім жүйесін құрайды. Ол ақпаратты өңдеу және талдаудың алғышарты болып табылады. Оның нәтижесі когнитивтік лингвистиканың көпдеңгейлі когнитивтік семантика теориясымен астасады.

Когнитивтік семантикада тілдік мағына тілдік жүйеден тыс, энциклопедиялық білімге жүгінетін мәнді саралайды. Бұл нақты тілдесім үдерісін түсінуге жағдай жасайды. Қазіргі тіл білімінің негізгі ұстанымы тілдік бірліктердің мәні мен мағынасын адамның когнитивтік жүйесі аясында интерпретациялау (Р.Джэкендофф, Р.Лэнекер). Интерпретация негізгі үш түрлі қызмет атқарады: сұрыптау, топтастыру және бағалау.

Сұрыптау барысында адам өзіне қажетті ақпаратты таңдап алады. Оны сол ақпаратпен мазмұндас мәліметтер қорына қосады да барлық мәліметтерді жинақтайды, қорытады, бағалайды. Демек, сөйлеуші мен тыңдаушының (оқырманның) өзара концептуалдық байланысы кез келген тілдік қатынастың тиімділігіне тікелей әсер етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Интерпретацияның танымдық мақсаты – шығарманың мән-мағынасын ұғыну, мазмұнына терең бойлау.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда оқушылардың мәтінге жасаған интерпретацияларын талдау барысында келесідей когнициялық тоқырау белгілері анықталды:

- 1) сөз немесе сөз тіркесінің мағынасын түсінбеуі;
- 2) сөздердің тіркесімділік ерекшеліктерін білмеуі;
- 3) синонимдерді қолданбауы, сөйлем құрылымындағы сөздердің орын тәртібін сақтамауы;
- 4) өз ойын жеткізуде сөздік қорының жетіспеуі.

Функционалды сауаттылықты қалыптастыруда мұндай олқылықтарды түрлі шығармашылық жұмыстар арқылы жоюға болады. Сабақ барысында түрлі тапсырмаларда міндетті түрде сөздікпен жұмыс істеу кезеңдері болса, ол білім алушының сөздік қорын толықтырады, таным көкжиегін кеңейтеді, сөздікпен жұмыс істеген сайын, таныс емес сөздердің мағынасын түсініп, еске сақтап, оны тілдесім кезінде пайдаланып отырса интерпретациялау кезінде көп көмегін тигізеді. Заман ерекшелігіне қарамай оқушыларды көркем шығармаларды жиі оқуға баулып, шығарма, эссе жазу сияқты жұмыстарды жиі орындаса, когнициялық тоқырау белгілеріне ұшырымасы анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Демьянков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // Вопросы языкознания, 1994. № 4. С.17-33.
- 2 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 312 б.
- 3 Jakobson R. Language in literature / Ed. by Krystyna Pomorska, Stephen Rudy. – Cambr. (Mass.); L.: The Balknap Press of Harvard UP, 1987.
- 4 Боров Ю. Эстетика. –М., 2005. – 158 с.
- 5 Болдырев Н.Н. Языковые категории как формат знания // Вопросы когнитивной лингвистики. 2006. № 2. С. 5-22.
- 6 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. –М., 1988. – 158 с.
- 7 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Наука, 1996. – 421 с

В статье определяются основы интерпретации. Раскрывается содержание статического и динамического аспектов познавательной деятельности человека. Проблема концептуальной связи в реализации процесса интерпретации изучается с точки зрения формирования функциональной грамотности. Рассматриваются основы интерпретирования, интерпретация смысла в формировании читательской грамотности базовых и культурных концептов в когнитивной системе обучающегося.

Указываются виды когнитивных стрессов и рекомендуются способы их устранения.

The article defines the basics of interpretation. The content of the static and dynamic aspect of human cognitive activities is disclosed. The problem of conceptual communication in the interpretation process is studied in terms of functional literacy. The formation of literacy is considered as the basis for the intuitive recognition of information, the interpretation of meaning in it by forming basic and cultural concepts in the cognitive system of the student.

Types of cognitive stagnation are shown and methods of its removal are proposed.

УДК 16.21.47

Қ.К. Кенжалин¹, Қ.Т. Маликов², Ә.М. Байбосын³

¹ PhD докторы, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан, kenkk@mail.ru

² филол.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан, k.malikov@mail.ru

³ «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистранты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан, ali_baibosin@mail.ru

ҚАРУ-ЖАРАҚ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР («Эпостық жырлар» негізінде)

Әскери қару-жараққа қатысты көнерген сөздердің жалпы зерттелуі қазақ тіл білімінде ерекше әрі маңызды орын алады. Көнерген сөздердің этимологиялық жағынан зерттелуі тілдік қорымызды тың мәліметтермен толықтара түседі. Эпостық жырларда кездесетін қару-жараққа қатысты көнерген сөздердің этимологиясы тереңінен зерттеліп, бірнеше ғылыми этимологиялық сөздіктер, ғылыми материалдар пайдаланылды. Жырда кездесетін қару-жараққа қатысты көнерген сөздердің этимологиялық төркінін зерттеу барысында қазақ тілінен басқа түркі тілдерімен салыстырып, көне түркі тіліндегі варианттарымен салыстыра зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Көнерген сөздердің аталған жырдың лексикалық қабатында алатын орны мен маңыздылығы зерттелді.

Түйін сөздер: Әскери қару-жарақ, этимология, этимологиялық сөздіктер, көне түркі тілі, лексикалық қабат.

КІРІСПЕ

Халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси-мәдени өміріне, адамдардың өндірістік қызметіне қатысты туындайтын өзгерістердің бәрі ең бірінші сөздік құрамға келіп өз әсерін тигізеді. Қоғамның даму үдерісінде болған өзгерістер лексикада өзіндік ізін қалдырып отырады. Сонау ерте кезден қолданылған заттар мен құбылыстар, ұғымдар мен түсініктер көне заманнан қазірге дейін белгілі және әлі күнге дейін қолданыста. Ал біраз заттар мен құбылыстардың ұғымдардың ескіріп, қолданыстан кетуіне байланысты сол ұғымды білдіретін сөздер көнеріп сирек қолданысқа түседі.

Қазақ ғалымдары Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев өздерінің бірлесе жазған еңбектерінде көнерген сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану

жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайтынын айтады. Аталмыш ғалымдар, көнерген сөздердің көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай архаизмдер мен историзмдер болып екі салаға бөліп қарастырады. Архаизмдер халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздерді жатқызады. Қазақ тілінде архаизмдердің мынадай түрлерін атап көрсеткен:

1. Мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер;
2. Салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер;
3. Киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер;
4. Діни ұғымға байланысты архаизмдер;
5. Үй тұрмысына, мал атауларына қатысты архаизмдер;
6. Әр түрлі ұғымға байланысты архаизмдер;
7. Жалпы түркі тілдеріне тән архаизмдер [1, 174].

Тарихи сөздер қатарына «дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздерді тарихи сөздер деп» көрсетеді. Тарихи сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырады:

1. Әкімшілік, ел басқарумен байланысты туған тарихи сөздер (хан, ханша, ханзада, тақ, тәж, бек, бекзада, патша, аға сұлтан, болыс, старшын, би, қазы, құл, елубасы т.б.);
2. Әскери атақ пен қару-жараққа байланысты тарихи сөздер (садақ, жақ, жебе, қорамсақ, оқшантай, сауыт, қалқан, айбалта, найза, дулыға, адырна, кіреуке т.б.);
3. Кеңес тұсында пайда болған тарихи сөздер (нарком, губком, совдеп, рабфак, отарба, тоз, кедейлер комитеті, партия ұясы, қызыл әскер, қызыл отау, қосшы, өзара салық, БК(б) П, ұя хатшы т.б) [1, 175].

Қазақ тілінде кездесетін қару-жараққа байланысты көнерген сөздерді көбінесе халық ауыз әдебиетінен мол кездестіреміз. Әсіресе, эпостық жырлар тілінде *садақ, жебе, қылыш, көбе, қорамсақ, шоқпар* секілді қару-жарақ атаулар көптеп ұшырасады. Бұл аталмыш сөздер қазақ қоғамының тарихында басынан кешірген дәуірлерінің, басып өткен даму жолының, тілде қалған, санамызда сақталған ізінің куәгерлері. «Қазақ эпостық жырларын» нысанға ала отырып, жырларда кездесетін қазақ қоғамындағы қару-жарақ атауларына байланысты көнерген сөздердің этимологиялық түп төркініне, мағыналық ерекшеліктеріне, және басқа түркі халықтарында қолданылуына зер салдық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ең алдымен, біз, аталмыш топтағы көнерген сөздерге тоқталмас бұрын «қару-жарақ» сөзінің мағынасын ашып көрсетуді жөн санадық. «*Қару-жарақ*» сөздердің мағынасын ашу халықтың тұрмысында, тіршілігінде қасиетті саналатын құралдың орнын анықтауға өз септігін тигізеді. Қару-жарақты лингвистика жағынан зерттеуші тілші ғалымдар бұл екі сөздің өзара айырмашылығы бар екенін айтады. Айтып отырған «қару» сөзінің бастапқы түбірі «қар», демек бұл «ұстау, қармау» деген ұғымды білдіріп, қолға ұстайтын соғыс құралы дегенді білдіреді. «Жарақ» сөзіне қатысты айтылып жүрген пікірлер сан түрлі:

М. Қашқари өзінің «Диуани Лұғат-ат түрк» еңбегінде: «Йарық-жарақ сөзі жалпы түркі тілінде жауынгерлердің қарсыластарынан қорғану мақсатында шайқас кезінде киетін сауыт, қалқандардың барлығына қолданылатын ортақ атау» - деп ой айтады [2, 35].

Ғалым Р.М.Ұзақова: «Орыс тілінде қолданылатын «вооружения» және «доспехи» атауларын қазақ тіліне өзгеріссіз тура мағынада аударғанда, «қару-жарақ» және «сауыт-сайман» деген мағынаны білдіреді. Демек, қару-жарақ тақырыбын зерттеуші кез келген ғалым зерттеушілер «қару» мен «сауыт» сөзін жеке дара алмайды, «қару-жарақ» сөзін жалпылама соғыс құрал-саймандардың ортақ атауы деп қарастырады [3, 6].

Сонымен, «қару» мен «жарақ» сөздерін екі қырынан қарастырып, екеуі екі түрлі мағынаны білдіретін сөздер екеніне көз жеткіздік. Батырлардың қару-жарағы деген,

біріншіден, соғысу құралы, екінші бір жағынан қорғаныс құралы екенін анықтадық. Дегенмен бұл сөздер соғыс құрал-саймандардың ортақ атауы ретінде қолданылады.

Қазақ эпостық жырларында «найза» сөзінің қолданылуы көптеп кездеседі. *Найза* – жырда жиі кездесетін түйреу құралы. Нысанға алып отырған батырлар жырларында «қарағай найза», «найза», «күміс найза», «қоңыраулы найза» түрлері бар.

Қарағай *найза* сымбатты,
Күшіген жүнді көп оқты [БС, 41Т: 16].
Беліне байлап болатты,
Қарына *найза* іледі [БС, 33Т: 78].
Қоңыраулы *найза* қолға алып,
Алдына дабыл өңгеріп [БС, 40Т: 429].

Найза парсы тілінен енген тарихи көнерген, үш жағы істік темірден жасалған, ағаш сабы ұзын соғыс құралы [ҚӘТС, 11Т: 456]. «Найза полеолит дәуірінде пайда болады да, оның қолданысы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейін жалғасады. Әскери қару ретінде кең тараған кезі – темір дәуірі. Қазақ жауынгерлері мен батырларының да қаруы шашақты, темірден үшкір ұшы болған [4,44]. Найзаның атпа найза және де аша найза деген ежелгі екі түрі бар болған деседі. Атпа найза соғыс құралы, сонымен қатар аңшылыққа да қолданған. Мұндай найза түрін батырлар садаққа салып атқан деседі және садақтың шығуына негіз болған көрінеді. Аша найза болаттан екі айыр етіп соғылып, қарсы келе жатқан жауды шаншып аттан құлату үшін қолданған екен. Т.Байжанов найза лексемасының шығуын түркі тілдері негізінде түсіндіреді [5, 12]. Айтуынша, *найзагай, нажагай* сөзінің гомогенділігімен не болмаса сол заттың атқаратын қызметіне қатысты түсіндіреді, яғни, найза тығу, найза салу, найза шаншу, т.б. Бұлардың барлығы тесу, түйреу іс-әрекеттерін көрсетеді. Дегенмен, түркі тілдерінде найза сөзінің бірізді қолданылмауы оның иран тілінен шыққандығымен байланыстыруға болады. Бұл пікірді К. Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» еңбегінен кездестіреміз: «Найза ир. Копье, пика; найза сал» [6, 347].

Түйреу қаруының екі түрі бар. Біреуі – найза, екіншісі – сүңгі. Бұлардың өзара айырмашылығы жасалуында болса керек. *Сүңгі* батырдың бес қаруының бірі болып саналады. Жырда батырлардың жауына қарсы сүңгіні қолданылуы төмендегідей сипатталады:

Кейін қарай жүгіріп,
Қанжығадай *ақ сүңгі* [БС, 40Т: 430].

«*Сүңгі*» сөзінің жасалу жолы мен этимологиясы жайында ғалым А.Ж.Мұқатаеваның зерттеулерімен толықтай келісуге негіз бар. Ғалым «сүңгі» сөзін етістіктен жасалған есім сөздер қатарына жатқызады. Құрылымы жағынан «сүңгі» сөзі түркі тілдер тобынан, содан ол қазақ тіліндегі -ғы, -гі, -қы, -кі, өнімді жұрнақтар негізінде жасалған деп топшылайды. Мәселен, шал+ғы, үс+кі, ұң+ғы. Мұндағы туынды түбір қатарында ұң, үс, шал етістіктері қатысады. Демек, сүңгі сөзінің алғашқы түпкі негізі – тесу, түйреу деген сөздермен қатысы бар екенін аңғарамыз. Тілдегі сүңгі етістігімен «суға сүңгу», яғни бір нәрсенің ішіне ену деген сөзбен де байланыстыра қарауға болады [7, 53-56].

Қару-жараққа қатысты кездесетін жиі сөздердің бірі «*жебе*». Мысалы «*жебе*» сөзі жырда:

Алты қырлы *ақ жебе*
Сынып еді белінен,
Бадана көзді ақ сауыт
Сөгіліп еді жөнінен,
Септете кейін келеді [БС, 44Т: 111].

Ғалым Т.Байжановтың айтуынша, «*жебе*» сөзі түркі-монғол тілдеріне ортақ термин деген ой білдіреді. Мұндай әскери терминдердің екі тілде де ұшырасуы өзара мәдени-сауда, экономикалық қарым-қатынастар негізінде пайда болған дей келе: «Значительное число этих терминов такого рода имеет близкие по значению параллели монгольском языке... дзебе-жебе (стрела). Трудность определения принадлежности подобных слов к тому или иному

языку понуждает нас определять их как общее тюрко-монгольское достояние», - деп пайымдайды [5, 39]. «Жебенің» қазақ тіл білімінде семантикалық мағынасының кеңі түскендігі туралы ғалым: «Иногда наблюдается обратное явление, т.е. расширение семантики заимствованных слов на почве казахского языка. Так, слово «жебе» в персидском языке употреблялось в значении «доспех, броня». В казахском же языке жебе – полисемичное слово: 1. стрела, 2. наконечник стрелы, 3. стальное проволочное ограждение, сооружаемое на пути движения вражеских войск, 4. броня, доспех, 5. перен. герой, смельчак, храбрец», – деген ой білдіреді [5, 38]. Батырлар жырына келетін болсақ «жебе» сөзі ғалым Т. Байжанов көрсеткен екінші мағынаға (2. наконечник стрелы) сай қолданылады.

Садақ оғын салатын сауыты не болмаса қабы «қорамсақ» деп аталады. Бұл сөз де қолданыстан шығып, көнерген сөздер қатарына жатқызылады. Қорамсақтың жасалуы жайлы көптеген дерек көздерінде қалың көннен жасалады да, ішіне көлденең екі қатар етіп, соған жебелер кірісін төмен қатарлап қояды екен. Жырда ол былай сипатталады:

Қорамсаққа қол салды,

Қозы жауырын оқ алды [БС, 44Т: 151].

Жалпы «қорамсақ» сөзі монғол тілінен енген сөздер қатарына жатады. Монғол тілінде «хоромсого» деп кездеседі. Ғалым Қ.С. Ахметжанов бұл туралы: «Көшпелі халықтарда XII ғасырдан бастап оқ қабының матадан (барқыт, парча, т.б.), теріден, көннен жасалған жалпақ болып келетін түрі қолданыла бастады. Аталмыш оқ қабының бұл түрі «қорамсақ» деп аталады. Кей кезде қазақ халқы «қорамса, қорам» деп атаған», - дейді [8, 60].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, «Эпостық жырларда» ұшырасатын қару мен жараққа қатысты сөздерде қазақ этносының түрлі тарихи және мәдени байланыстары, этникалық даму процестерінің ерекшеліктері көрініс тапқан. Эпостық жырларымызда кездесетін қару-жараққа қатысты көнерген сөздердің шығу тарихы мен мағыналық даму табиғаты тек өз тілімізде ғана емес, сонымен қатар туыстас түркі және туыстығы алыс монғол тілдерімен де тығыз байланыста екендігін аңғардық. Сол көне сөздердің мағынасын ашу барысында басқа да тілдердің лингвистикалық дерек көздерін пайдалану қажеттігі туындайды. Сөздердің шығу тарихына мағынасына үңілу тек лингвистика ғана емес, этнографиялық, географиялық, тарихи зерттеулер мен материалдарды қарастыруды қажет ететін қызықты әрі күрделі сала. Ата-бабаларымыздың терең дүниетанымы мен ой-тұжырымдарының анық көрінісі болып саналатын мағынасы күнгірт сөздерді шашпай, жоғалтпай бастапқы қалпында келер ұрпаққа жеткізу – біздің тарих және ел алдындағы үлкен борышымыз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 264 бет. – 2006.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-кітап. Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 Б.
3. Ұзақова Р.М. Қазақ фольклорындағы қару-жарақ көрінісі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация авторефераты. – Алматы, 2010. – 26 б.
4. Сүлеймен М. Қазақтардың әскери-қару жарағы. // <http://www.info-tses.kz/publicidad-web/>
5. Байжанов Т.Б. История военной лексики: филология ғылымдарының докторы диссертациясын алу үшін авторефераты. – Алматы, 1993. – 43 Б.
6. Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Около К 43 40 000 слов. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985. Кн. 1. – 504 с.
7. Мухатаева А.Ж. Основные типы личного оружия батыра (по материалам казахского эпоса). // Международный журнал экспериментального образования. – № 8. – А., 2014. – С.
8. Ахметжанов Қ.С. Жарағантемір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 240 Б.

9. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – т. 33. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006.
10. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – т. 41. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 446

Б.

11. Бабаларсөзі. Жүз томдық. – т. 40. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 432 Б.
12. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – т. 44. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 496

Б.

К. Кенжалин¹, К. Маликов², А. Байбосын³**Архаизмы связанные с названиями оружия (на основе эпосов)**

^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан

Общее исследование архаизмов, связанные с военными снаряжениями занимает особое и важное место в казахской лингвистике. Исследование архаизмов со стороны этимологии заполнит словарный запас нашего языка новыми сведениями. Архаизмы связанные с военными снаряжениями которые встречаются в эпических романах, были глубоко исследованы, а так же используются в нескольких научно-этимологических словарях и научных материалах. В ходе исследования этимологического корня этих архаизмов, были проведены сравнительный анализ с другими тюркскими языками. Была исследована важность архаизмов в лексическом слое вышеупомянутого эпического романа.

К. Kenzhalin¹, K. Malikov², A. Baibosyn³**Archaic words referring to the names of weapons (on the basis of epics)**

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan

The researching of ancient words about military weapons took important role in linguistics. The etymological researching of ancient words updated our lexicon with new information. In epos founds a lot of words about weapons and etymology of ancient words researched deeply, several scientific etymologic dictionaries and used several materials. While researching etymology of archaic words in the poem that related to weapons, we researched comparing with the variants of Turkish languages, except kazakh language. It was investigated about importance of ancient and lexical properties words in the epos.

УДК 81'33

ГРНТИ 16.21.33

А.Н. Куванбакиева¹, Ф.Т. Саметова²

¹к.ф.н., асс. профессор, КазАТК им. М. Тынышпаева, Алматы, e-mail: Aliyam_81@mail.ru

²к.ф.н., профессор кафедры языков и журналистики академии Кайнар, Алматы, e-mail: 180710@mail.ru

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ЧИСЛОВОЙ СЕМАНТИКИ В ИДИОМАХ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА)

Проведенный анализ фразеологических единиц с числительным в казахском языке в лингвокультурологическом аспекте представляет особый интерес для лингвистики. В любом языке число помимо обозначения счета предметов еще имеет символическое значение, потому оно может выступать в гадательной функции или как символ метафизической реальности, позволяя более глубоко постичь окружающий мир и самого человека.

Учитывая экстралингвистические факторы, которые определяют национальную специфику символики числовых компонентов, а также разнородную систему абстрактно-

теоретических взглядов и образно-чувственных представлений казахского народа, выявлены значения числа в составе фразеологизмов данного языка. Перспективы исследования связаны с дальнейшим изучением символики числового компонента во фразеологизмах казахского языка и их функционированием с учетом национально-культурной специфики.

Ключевые слова. Фразеология, фразеологизм, символика, число, экстралингвистические факторы, лингвокультурологический аспект.

ВВЕДЕНИЕ

Как известно, культура, история и язык являются триадой, тесно взаимосвязанной между собой. В современном языкознании особое внимание за последние десятилетия стало уделяться языку как фактору человеческого общения, как главному источнику мысли, новому мировидению. В настоящее время в науке существует много определений понятия культура. В.Н. Телия говорит, что «культура – одно из наиболее сложных и трудно определяемых (хотя таких определений, данных в разные исторические эпохи, насчитывается по разным источникам, от двухсот до шестисот» [1, 223]. Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров в работе «Язык и культура» указывают, что число определений понятия культура в одной только научной литературе достигает двухсот [2; 3, 195]. В силу многогранности самого понятия *культура* все предложенные на данный момент определения в науке отражают разные аспекты рассматриваемого понятия.

По определению Р. Якобсона, функционально «язык является средством умственной и духовной жизни и средством общения» [4, 306]. Сложность проблемы, связанной с описанием взаимодействия языка и культуры, продиктована неоднозначностью культурно-языковых связей, различным временем их закрепления, степенью транспарентности, источником доминирования, различной глубиной проникновения в сопряженное пространство, знаковым характером обеих сущностей. Неоднозначность, вариабельность культурно-языковых связей настолько велика, что позволяет трактовать язык как элемент, часть, факт, фактор, форму, источник, хранитель, памятник, транслятор, условие существования культуры [5, 18]. Безусловно, такой разносторонний и разноуровневый характер взаимодействия языка и культуры не способствует однозначности при определении характера их сопряжения. В соответствии с нею, культура и язык структурированы сходным образом: в культуре имеют место значимые оппозиции, параллелизмы, семантические и реляционные процессы [6, 162-163]. Различная степень транспарентности культурно-языковых связей способствует различной форме их проявления: имплицитной в структуре, семантике языковой единицы, до эксплицитной – при обозначении реалий. В культурно-языковом комплексе доминирующий характер может приобрести любой из элементов. Также «в процессе языкового функционирования языковые значения не только реализуют свое постоянное присущее им знаковое содержание, но и как бы впитывают в себя какую-то часть не зафиксированного в них значения об обозначаемом» [7, 90]. В языковых единицах как элементах системы языка доминирующим началом выступает язык в отличие от культурного компонента.

«У языка же нет вторичной знаковой системы, которая бы раскрывала его смыслы. Он делает это сам, толкуя одни смыслы через другие, перефразируя их, но, не выходя за свои пределы. Язык, в отличие от человека, лишен языка, который бы фиксировал, ограничивал и стабилизировал его смыслы. Тайна человека при открывается через язык, тайна языка безъязыка» [8, 8]. На изучение этой тайны направлены усилия многих лингвистов. Раскрытие взаимосвязи языка и культуры представляет собой одну из попыток приблизиться к загадке языка, покрытой завесой языковой самодостаточности и амбивалентности, затрудняющей любую дешифровальную деятельность [9, 13]. Исследуя данную тему, мы придерживаемся мнения казахстанского ученого-лингвиста А.Б. Смаиловой, по мнению которой «язык является составной частью культуры, которую мы наследуем от наших предков» [10, 81].

Диалектілік лексика құрамында түрлі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-мәдени, этнографиялық, әлеуметтік-тұрмыстық, кәсіби, рухани-материалдық т.б. көптеген тілдік элементтер бар. Халық тілінен, түрлі көркем шығармалар тілінен сан-салалы сөз орамдарын, диалектілік сөздерді яғни жергілікті тіл ерекшеліктерін жиып, бір ізге түсірудің тіліміз үшін маңызы зор. Аймақтық тіліміздегі диалектілік тілдік ерекшеліктер ол халық тілінің байлығы, оның бөлінбес бір қазыналы тілдік тарихи-мәдени мұрасы болып табылады. Осы диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктердің тілдегі қызыметі мен оның тілдік табиғатын жете түсіну, оны жан-жақты зерттеу бүгінгі ұлттық тіліміздің дамып, жетілген тұсында барынша толық қарастыру тілде өзекті болып табылады. Тілдегі жергілікті тіл ерекшеліктерін барынша жиып-теріп, зерттеу оларды тұлғалық және мағыналық жағынан саралап, лингвистикалық тұрғыда тілдік табиғатын, өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерделеп, сараптап, лексика-семантикалық, тақырыптық, мағыналық т.б. түрлі жақтарынан жіктеп, қарастыру бұл уақыт талабы. Ақын-жазушылар тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу арқылы сол аймаққа тән тек тілдің өткенін, түп тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетінің тереңін, тіл тұңғығын, халықтың жергілікті тілдік табиғатының, сөз байлығының, сөз құнарының тереңін білуге болады. Диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер жергілікті халық өмірінің тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен таным, көзқарастарына тікелей байланысты. Олар арқылы халық тілінің мол тілдік мұралары қалыптасып, дамып, қажетінше жалпыхалықтық тілдің мол тілдік қорына әсер етіп, оларды барынша байытып, толықтырып та отырады. Тілімізде айшықты көрініс тауып, жергілікті жерге қатысты халықтың бүткіл рухани-мәдени өмірінен, өмір сүру салты мен әдет-ғұрыпынан, тұрмыс-тіршілігінен т.б. мол нақты мәліметтер беретін диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер материалдар, бірліктер арқылы көрініс табады. Қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу мен зерделеудің лингво-филологиялық маңызы зор. Себебі ол біздің тіліміздің тарихы, тілдік байлығымыз, тіліміздің бір бөлшегі болып табылады. Қазақ тілінің аймақтық, жергілікті тіліндегі көптеген сөздерді танып-білуде, оларды өз кәдемізге жаратуда, халқымыздың төл тіл байлығын байытуда тіл білімінің сүбелі бір саласы - диалектология ғылымының алатын орны ерекше деп айтуға болады. Әдеби асыл да, құнарлы көркем тілімізді байытып, қорландыруда тіліміздегі жергілікті тіл ерекшеліктері болып табылатын диалектизмдер бар. Қандай да тілдің болмасын өзінің жергілікті тіл ерекшеліктерінен бастап, тілдің ең жетілген, сұрыпталған жоғарғы түрі жалпыхалықтық әдеби тілге дейін дамып, нормаланып, қалыптасып отырады. Тілдегі көптеген жергілікті тіл ерекшеліктері, сан түрлі сөздері арқылы сол халықтың яғни ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, болмысын, танымын, тарихын жалпы бәрін-бірін көруге болады. Тіл халық тарихы, ұлт мұрасы, оның өткені мен бүгіні, тіл біздің рухани мол құндылықтарымыздың басты белгісі болып табылады. Тіл халықтың айнасы десе де болады...

Бүгінгі таңда тіл білімінің кеңінен зерттеліп, даму бағыттары барынша кең өріс алып, тіл білімінің жаңа даму бағыты қазіргі қоғамдық-экономикалық қатыныстар жүйесіндегі әлемдік жаһандану үдерісіне төтеп берудің негізінде тіліміздің яғни ұлттық тіліміздің мол жергілікті тілдік қазынасы болып табылатын жергілікті тілдік ерекшеліктерді яғни диалектілерді қарастырып, халық арасынан жинақтау, саралау, оларды жоғары деңгейге жетілдіру үшін, халықтың тіл байлығын, тілдік құрамын өз тілдік мұралары негізінде барынша молайту, оларды қорландыру үшін, тілдік қорымыздағы тілдік бірліктерді тіл мен таным тұтастығы, тіл мен мәдениет сабақтастығы, тіл мен этнос, тіл мен халық сондай-ақ лингвофилософиялық, лингвофилологиялық, лингвомәдени құндылықтар жүйесінен зерделеуді қажет етеді. Тіл қоғамда күрделі қызмет атқаратын құрал, тіл қоғамдық құбылыс, коммуникациялық қарым-қатынас құралы, тіл тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге кон-нотативті яғни белгілі бір әлеуметтік мәдени, идеологиялық мәні бар құрал болып та саналады. Сондықтан тілдің көп қырлы сан-салалы қызметін, адам және оның ақыл-ойымен, оның аялық білім қорымен, ұлттық

этномәдени дүниетанымдық құндылық-көзқарастарымен де, диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктерімен, халықтың жергілікті тіліндегі ұлттық-мәдени сөз ерекшеліктерімен, жергілікті тілдегі сөз айшықтары мен этномәдени тілдік бірліктер, тілдік санадағы стереотиптік болмыс-бітімімен сабақтастыра қарастырып, зерттеп, зерделеудің тіл білімінде өзектілігі мен маңызы жоғары деп білеміз. Себебі тілдің кешенділігі қауымдық топтың, белгілі бір өңірге тән жергілікті халықтың тіліндегі жергілікті сол тілде сөйлеуші қоғам мүшелерінің когнитивтік санасында, генетикалық (туыстық) табиғатында, таным-түсінігінде, сол жерге тән тұрмыс-тіршілігі мен көзқарас, дүние-танымына, жергілікті халықтың түсінік-пайымына, психо-физиологиялық болмысында, әлеуметтік-қоғамдық жағдайы мен географиялық ортасында, гендерлік жүйесінде өзіндік көп қырлы, сан-салалы кешенділік сипаттарымен көрініс береді. Міне, осы аталғандардай тілдің өн бойынан көптеген жергілікті халықтық, ұлттық тіл қасиеттеріне тән көптеген мәдени және материалдық құндылықтарды көруге болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіл тарихында өткенге көз жүгіртер болсақ, ғалымдар тарапынан қазақ диалектологиясы тек Қазан төңкерісінен кейін ғана қолға алынған тіл білімінің саласы ретінде танылады. Алайда төңкеріске дейін диалектология саласына арналған ғылыми-теориялық еңбектер болмаса да, диалектологиялық мағлұматтар фольклорлық материалдарды жинаумен шұғылданған зерттеушілер мұраларында молынан кездесіп отырғанын, яғни революцияға дейін басылып шыққан ауыз әдебиеті нұсқаларында диалектілік сипаты бар сөздер мен дыбыстық, грамматикалық тұлғалар белгілі мөлшерде қамтылып келгенін айта кеткеніміз орынды. Мәселен, Г.Потанин, О.Әлжанов, Дүйсембаев, Д.Айманов, Ғазин және т.б. солтүстік-шығыс облыстарының, А.Дивеав, Н.Пантусов, М.Мироппиев солтүстік-шығыс облыстарының фольклорын жинастырып, зерттегені мәлім. Сондықтан да қазақ тіліндегі жергілікті тілдік ерекшеліктерді зерттеуге аса қажет тілдік материалдар революциядан бұрынғы зерттеушілер А.Васильев, Ш.Уәлиханов, А.Диваев және т.б. бастырып шығарған ауыз әдебиеті нұсқа-ларында мол ұшырасады.

Жалпы ғалымдардың тұжырымдауынша, қазақ диалектісі туралы тұңғыш пікір айтқан және «жергілікті ерекшеліктер» деген терминді алғаш ендірген Ж.Аймауытұлы болды. (Е.Жанпейісов. Жүсіпбек. Тіл туралы) [1].

Диалектолог, ғалым О.Нақысбеков. Ж.Аймауытұлының диалектология туралы негізгі ойлары, Ж.Аймауытұлы 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Тіл туралы» деген мақаласында: «Қазақтың әр елінде, әр гүбірнесінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ғылым тілінде жергілікті тіл (провинциализм) деп атайды» деп анықтама береді. Автордың бұл мақалада көтерген мәселесі - бөтен тілден еніп жатқан сөздердің орнына өзіміздің жергілікті ерекшеліктерді қолдану қажеттілігі. Ж.аймауытұлы: «Бөкейлікте татардың, арабтың, орыстың әсері, Жетісу мен Сырдарияда өзбектің, Қостанайда орыс, ноғайдың, Семей, Ақмолада да араб, орыс тілдерінің әсері бар» дей отырып: «Жетек тұрғанда, «аглоблені» алып келсе, «қора, көң, там үй» тұрғанда «купенені», «ыңыршық, ершік» тұрғанда «седелкені» қолданса, міне, бұзылып бара жатқан деп отырып, бөтен тілден енген сөздердің орнына жергілікті ерекшеліктерді жатырқамай қабылдау керектігін ұсынған еді. Сонымен бірге төңкеріске дейін Қ.Жұбанов пен Қ.Кемеңгерұлы да алғашқылардың бірі болып, жергілікті тіл ерекшеліктерін сөз етіп, оларды жинастырып зерттеу әрі бастыру қажеттілігін атап көрсетті. Міне, осылайша жергілікті ерекшеліктер мәселесі 1926 жылдан бастап-ақ Алаш азаматтары тарапынан қолға алынғанымен, Кеңестік «аласапыран» уақыт оны дамытуға мүмкіндік бермеді. Қазақ ғалымдарының көпшілігі, жоғарыда айтып кеткеніміздей, орыс ғалымдарының пікірлеріне сүйеніп қазақ тілінде жергілікті тілдік ерекшеліктер жоқ деген байлам жасады. «Тіпті 1950 жылы «Правда» газеті ұйымдастырған тіл туралы айтыста да қазақ тілі басқа түркі тілдерінен диалектісіз тіл болуымен ерекшеленеді деген пікір айтады (Ғ.Қалиев. Қазақ диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 90 б.) Осы мәселеге ерекше ден қойған ғалым Н.Сауранбаев қазақ

тілінде диалект бар ма, жоқ па деген мәселеге 1952 жылы Алматыда өткен пікірталаста да ешқандай нүкте қойылмағанын атап көрсетті. Тек 1953 жылғы КСРО Ғылым Академиясының түркі тілдері секторының қорытындысында «қазақ тіліндегі диалектілерді жоққа шығару қате болып табылатындығы» ескертіліп, бұл талас-тартыс түбегейлі тоқтатылып, өз шешімін тапқан. Осылайша қазақ тілінде диалектінің бар екендігі туралы негізгі қорытынды шыққаннан кейін қазақ диалектологиясын зерттеуге үлкен бетбұрыс жасалып, диалектілік ерекшеліктерді жинап, зерттеудің жаңа кезеңі басталады, бұл саланы тереңінен зерттеуге түбегейлі жол ашылады.

Тілімізде қазақ диалектологиясының тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді зерттеу, экспедициялардың ұйымдастырылуы ХХ ғасырдың 30-жылдары ғана қолға алынғанмен, қазақ тілінде жергілікті ерекшеліктердің кездесетіндігі туралы одан әлдеқайда бұрын айтылған. Миссионерлік пиғылмен болса да, қазақ тілінің орыс жұртшылығына таныстырыла бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталатыны белгілі. Сол кездердегі еңбектерден-ақ қазақ тілінде жергілікті ерекшеліктер бар деген тұжырымды анық байқауға болады. Мысалы, түрколог ғалым, Н.Ильминский «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінде «...для человека, живущего в Оренбурге, вовсе невозможно познакомиться с киргизским наречием по книгам... Изучение его можно только среди киргизов», - деп жазады [2].

Мұндай пікір түрколог ғалым, П.М.Мелиоранский еңбектерінде де кездеседі. Зерттеуші былай деп жазады: «Оренбургская губерния представляет из себя весьма интересное поле наблюдения для тюрколога, так как в ее смешанном татарско-башкирско-киргизском населении можно знакомиться не только с этими тремя наречиями, но местами и с различными переходными говорами. Язык киргизов Оренбургской губернии несколько иной, чем язык их сородичей в степях Западной Сибири» [3].

Ендеше қазақ тілінде жергілікті тіл ерекшеліктері кездесетіні туралы пікірдің тарихы өте ертеден басталатынын көреміз. Халықтың ауызекі тіліндегі өзгешеліктер туралы ХХ ғасырдың басында да жан-жақты сөз болған.

Жалпы алғанда, ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының ағартушылық саласында тынбай ізденіп, ғылымның қай саласында болмасын, батыл қадамдар жасағаны тарихтан белгілі. Алайда жазудың түрлілігіне, материалдың тапшылығына байланысты ол кезең әлі толық зерттеу нысанына айнала алмай келеді. Сондықтан бұл шағын мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктері туралы барлық пікірді санамалап шығамыз деген ойдан аулақпыз. Бірақ қолда бар мәлімет, деректерге қарағанда, бұл кезеңде бірқатар батыл тұжырымдар айтылған. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері туралы пікір Қошке Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмаш туралы түсініс», Ж.Аймауытовтың «Тіл туралы», «Әдебиет тілі мен емле» т.с.с. мақалаларда сөз болады. Аталған мақаласында Қошке Кемеңгерұлы «Қазақша-орысша тілмашта» бірқатар, көптеген түсініксіз сөздердің кездесетінін, себебі сөздік құрастырушылардың көпшілігі Ақмоладан болғандықтан, сөздікте бірқатар Ақмоланың жергілікті сөздері кіріп кеткенін ескертеді [4].

Ғалымның осы сөздерінен-ақ қазақ тілінде жергілікті тіл ерекшеліктері кездесетінін мақұлдағанын байқауға болады.

Бұл орайда, әсіресе Жүсіпбек Аймауытұлының мақалаларына назар аударарлық. «Тіл туралы» деген мақаласында: «Қазақтың әр елінде, әр гүбірнесінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ғылым тілінде *жергілікті тіл* (провинциализм) деп атайды» [5].

Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ тілінде жергілікті тіл ерекшеліктері яғни диалектизмдер бар екенін, оның қандай сипатта екенін айтып қана қоймай, сонымен қатар оның әдеби тілге (өз сөзімен айтқанда, «әдебиет тілі») қатысын, пайдасы мен залалын ашып көрсетеді. Атап айтқанда, жергілікті сөздердің әдеби тілге кері әсерін, біріншіден, бір ойды, бір нәрсені әр

түрлі етіп айту көпшілікке түсініксіз болатынын, екіншіден, сөздің тұрақсыз, құбылмалы болуы сауаттандыру, хат таныту ісінде бірқатар кедергі болатынын айтады.

Жүсіпбек Аймауытұлы әдеби тілге: «Ол тіл қара халықтың сөйлеп жүрген тілінен өзгеше, ойдан шығарылған, көктен түскен тіл емес, сол қара халықтың сөйлеп жүрген тіліндегі ең қолайлысы, қонымдысы, таңдамасы, пернелісі болуы керек», - деп анықтама бере келіп, жергілікті сөздерді әдеби тілге қатысына қарай: 1) пайдалы сөздер, 2) зиянды сөздер, 3) даулы сөздер деп бөліп, жіктейді. Даулы сөздердің қатарына ғалым *кәрім, оспадар* сияқты сөздерді келтіре отырып, оны бір жақта жағымды, екінші бір жақта яғни аймақта жағымсыз мәнде қолданылатындығын айтып, ондай сөздерді түрік, парсы, араб тілдерінің мамандары зерттеп, түбірін, әуелде қай мәнде қолданылатындығын анықтау керектігін айтады. Әдеби тілге зиянды сөздер ретінде Ж.Аймауытұлы *кеуіл-көңіл, нысқан-піскен, бұратана-бұралқы, зарар-залал-зиян, күнімейін-күні бойы-күн ұзын-күн ұзаққа-күн ұзайын, абыйұр-әбійір-абырой* т.с.с. лексикалық, фонетикалық вариант сөздерді жатқызып, бір сөздің осылайша әр түрлі болып жазылуына тілімізге келер пайда жоқ екенінін айта келіп, оның ішінен біріншіден, әуелгі шыққан түбіріне жақынын, екіншіден, көбірек айтылатынын, үшіншіден, тіл заңына сәйкес өзгерген түрін, төртіншіден, жазуға жеңілін таңдап алу қажеттігін айтады. Ал әдеби тілдің өркендеуіне, баюына жәрдем ететін пайдалы сөздер ретінде ғалым басқыш – баспалдақ – тепкішек, тағдыр – пешене, кереге – дуал – қабырға, шалбар – сым, сыпайы – сыпа – кірпияз т.с.с. сөздерді атайды. Бұл сөздер өзара мәндес, синонимдес болғанмен, әрқайсысы әр түрлі түбірден шыққанын айта келіп, оларды да қалай болса солай қолданбай, сұрыптап қолдану қажеттігін айтады.

Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ тілінде бұрыннан бар сөздің орнына басқа тілден енген сөзді алуға болмайтынын, ол тілімізді байытпайтынын, керісінше, шұбарландыратынын, аздыратынын айтады.

Жалпы тіліміздегі диалектілер мен говорлар диалектология мәселе-лерін қарастырып, шешу үшін ғана зерттелмейді. Жергілікті тіл ерекшеліктерін, диалектілерді, ондағы тіл ерекшеліктерін танып білудің тілдің өткенін, тарихын зерттеуде, ұлт тілінің сөз байлығын меңгеруде оның теориялық та, тәжірибелік те мән-маңызы зор.

Қазақ тілінің халық тілі, ұлт тілі болып қалыптасу процесін, әдеби тілдің даму заңдылықтарын жете толық түсіну үшін, қазіргі тілдегі жеке категориялардың тарихын зерттеу қажет. Ал бұған керекті тілдік материал-дар бұрынғы заманнан қалған тарихи жазба ескерткіштерде, көне нұсқаларда, туыстас түркі тілдерінде және осы күнгі халық тілінің өзінде, оның жергілікті диалектілері мен говорларында жатыр. Жалпы қазақ тілінің, ондағы диалек-тілер мен говорлардың даму жолы біркелкі емес. Осыған байланысты халық тілінің жергілікті ерекшеліктерінде қазіргі кезде әдеби тілде жоқ, әлдеқашан жойылып кеткен көне тілдік белгілер сақталып қалған. Олардан қазақ тіліндегі көптеген тілдік категориялардың тарихына, өткеніне қатысты материалдар табуға болады. Осы жерде бір ескерер жай, осылардың дені түркі тілдерінің көне ескерткіштері мен нұсқаларындағы тіл құбылыстарымен үндесіп келеді. Бұлар тіл тарихына тікелей қатысты десек те болады, мұның өзі тілдің өткен тарихын, оның тарихи фонетикасын, грамматикасын және лексикологиясын жасау жұмысын едәуір жеңілдетеді.

Мысалы, кей еңбектерде дыбысы, қазақ тіліндегі *в, ф, ц, щ* дыбыстары сияқты, орыс тілінің әсерінен пайда болған деп айтылады. Қазіргі әдеби тіліміздің нормасы жағынан осылай болғанмен, қазақ тілінің жалпы дыбыс жүйесі даму жағынан көз жіберсек, **Ч** дыбысы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде бұрыннан бар. Тарихи жазба нұсқаларға қарағанда оның көне түркі тілдерінде кең тарағаны көрінеді. V-VIII ғасырларда орхон-енисей жазуларында – *чур* (титул – оғлан чур), *чаб* (даңқ), *чыгай* (кедей), *көңлүнчә* (көңілінше), XI ғасырдағы М.Қашғаридің белгілі Түркі тілдерінің сөздігінде *чадан* (шаян), *чечек* (шешек), *черіг* (шерік), *күч* (күш) т.б. сөздерді кездестіруге болады. **Ч** дыбысы қазіргі көптеген түркі тілдерінде де (қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр, азербайжан т.б.) жиі қолданылады. Ал қазақ тілінде бұл дыбыс Маңғыстау түбегінде және оңтүстік-шығыс аудандардағы жергілікті халық тілінде кездеседі. Көбіне сөздің басында, кейде ортасында мұрын жолды сонор

дыбыстардан соң қолданылып, әдеби тілдегі **ш** дыбысы орнына қолданылып айтылады: *чикі, чана, чығу, чыдау, енчі, қамчы, сонча, келгенче* т.б. Әрине, қазіргі түркі тілдерінде, сол сияқты қазақ тілінің жергілікті говорларында бұл дыбыстың қолдану, айтылу дәрежесі бірдей емес [6, 7].

Сөйтіп, *ч* қазіргі әдеби тіліміздегі *ш* дыбысымен қатар жарыса қолданылып, көне түркі заманынан келе жатқан дыбыс екенін көруге болады.

Тілдегі диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктерді зерделеп, зерттеу арқылы қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен туыстығын, жақындығын көрсететін нақты деректердің көлемі кеңейеді. Оған тағы да мынадай мысалдарды келтіруге болады: Кей батыс говорларында кездесетін *алажақ* (алашақ, алатын), *бережақ* (берешек, беретін) формалары немесе әдеби тілде **т** айтылатын жерде **д** айтылуы (теңіз-*деңіз*, тізе-*дiзе*, төрт-*дөрт* т.б.), **г** айтылатын жерде **к** айтылуы (*үзеңгі-үзеңкі, үгіт-үкіт, жауынгер-жауынкер* т.б.) – қазақ тілінде сақталып қалған оғуз тілдерінің (қазіргі түрікмен, азербайжан т.б. тілдердің) негізгі белгілері болып табылады. Ал бұл тілдік формалардың тарихы көне VII-VIII ғасырларда жатыр. Бұл айтылған мысалдар қазіргі тілдегі диалектілік аз сақталған қазақ тілі сияқты тіл үшін оның өткен тарихын зерттеуде бірден-бір нақты тілдік материалдар болып табылады. Бұдан да басқа мұндай тілдік категорияларды, мысалдарды тілден молынан кездестіруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіліміздегі диалектілерді, жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеп, толықтай қарастыру қазақ тілі үшін аса маңызды, олар қазақ тілі сөздіктерін, оның диалектологиялық картасын, атласын жасауға, халық тілінің байлығын жинап, тілімізді байытуға үлкен әсер етеді. Халық тілінің жергілікті тілдік ерекшеліктерін түбегейлі, молынан жиыстырып, зерттеп, зерделеу аса қажет екені айтпаса да түсінікті. Себебі ол біздің мол рухани мұрамыз, бай тілдік қазынамыз болып табылады. Қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін яғни диалектизмдерді зерттеп, қарастыру бұл біздің тіліміз үшін аса қажет [8]. Себебі қазіргі қазақ тілін халық тілімен, тіл тарихымен, тілдің өткені мен бүгінгісін байланыстырмайынша тіл табиғаты мен оның ерекшелігін, зерттелуін толық ашу мүмкін емес. Бұл шағын мақаламызда қазақ диалектологиясының зерттелуін, ондағы пікірлерді, зерттеулерді толық қамтуды мақсат етпедім. Аз да болса қазақ диалектологиясының зерттелуінен тың тілдік деректер келтіріп, топшылаулар жасап, көне тілдік деректерден мысалдар арқылы мақаламыздың негізгі тақырыбын ашуды көздедік. Негізгі мақсатымыз-қазақ диалектологиясының бастау көзінде тұрған зерттеуші-лердің пікірін, ондағы әлі де ескеруге тұрарлық тұстардың көп екендігіне назар аудару. Диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер бұл жергілікті халықтың жергілікті тіл ерекшелігіндегі сан алуан сөздері, сөз тіркестері болып табылады ол өз халқымыздың төл тіл байлығы, ұрпаққа қалдырар бай тілдік мұрамыз. Диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер жергілікті халық өмірінің тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен таным, көзқар-астарына тікелей қатысты, байланысты болады. Диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер арқылы халық яғни ұлт тілінің сол аймаққа тән мол тілдік бірліктері, тілдік мұралары қалыптасып, дамып, қажетінше жалпыхалықтық тілдің мол тілдік қорына әсер етіп, оларды өзінше байытып, толықтырып отырады. Диалектизмдердің ішінде өзіндік мағыналық түрлері де атап айтқанда, диалектілік тұрақты сөз тіркестері, идиомалар, диалектизмдер сияқты түрлері де болады. Тілімізде әдеби тілден бөлек, жергілікті тіл ерекшеліктеріне қатысты көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері де халық тілінде көп-ақ. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбек-терді, тіркестерді халық өз ішінде, өз жергілікті жерінде орынды пайдаланады. Халық тілінен түрлі көркем шығармалар тілінен сол сан-салалы сөз орамдарын, жергілікті тіл ерекшеліктерін жинап, бір ізге түсірудің маңызы зор болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Тілтаным, Алматы, 2001. №3;
2. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизско наречия. Казан, 1861. 5 с.
3. Мелиоранский П.М. Записки Восточного отделения императорского русского археологического общества, Т.11. Спб, 1899. 361-с.
4. Кемеңгерұлы Қ. «Қазақша-орысша тілмаш туралы түсініс» // Еңбекші қазақ, 1926.
5. Аймауытұлы Ж. Тіл туралы // Еңбекші қазақ, 1926 ж., 9-наурыз.
6. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965.(35-46 бб.)
7. Аймауытұлы Ж. Әдебиет тілі мен емле // Еңбекші қазақ, 1926, 12 мамыр.
8. Мұхамбетов Ж. Қазақ диалектологиясы. (Оқу құралы). Алматы. ҚазҰУ: Қазақ университеті баспасы, 2008.

Ж.Мұхамбетов¹, А.Джаманкулов², Ш.Кисметова³

Актуальность исследования местного диалекта в казахском языке

^{1,2,3}Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова,
г.Атырау, Казахстан

В статье рассматриваются местные особенности казахского языка, значение исследования диалектов в казахском языке, а также важность изучения диалектов, их место в истории языкознания и функции в обществе. Местные региональные особенности языка – духовное богатство народа, неотъемлемая часть историко-культурного наследия. Понимание функций и языковой природы диалектов, их разностороннее исследование является одной из актуальных проблем в период развития и совершенствования современного национального языка. Сбор диалектизмов, их классификация по семантическим, лингвистическим принципам, анализ особенностей диалектов с научной точки зрения, разделение их по лексико-семантической, тематической, семантической и др. характеристики - современное требование науки.

Zh.Mukhambetov¹, A.Dzhamankulov², Sh.Kismetova³

The importance of local dialect research in Kazakh language

^{1,2,3}Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov

This article deals with the meaning of dialects research in kazakh language and their meanings. In the article discussed the features of the local language in the Kazakh language, the importance of learning dialects in the Kazakh language. The role of features of the local language in the history of the language, its importance and functions in the life of the community and the linguistic features of the dialectik. Local linguistik features in the regional language is a great spiritual treasure of folklore, a unique language, historical and cultural heritage. This dialectic is a comprehensive study of the linguistic nature of local linguistic features and their linguistic nature, as well as a comprehensive study of the modern national language. Classification of semantic, thematic, lexical, etc. analysis and interpretation of the characteristics of the local language in the language as an individual and semantic is the requirement of time.

УДК 371.13.37.035.6

М.Б. Нұртазина¹, Қ.С. Құлманов², Ә. Құрмашқызы³

¹ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, e-mail: maral0204@mail.ru

²ф.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, e-mail: kuandik_1971@mail.ru

³аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, практикалық қазақ тілі кафедрасы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, e-mail: kulmanova.75@mail.ru

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖАҢҒЫРТУ АРҚЫЛЫ КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жаңғырту контекстінде көптілді тұлғаны қарастыру қажеттілігі негізделеді. Полилингвалды тұлғаны зерттеу дискурсіне мәдениеттің философиялық-педагогикалық негіздері: тәзімділік, мәдениет диалогы, лингвоелтанушылық және әлеуметтік-мәдени білім, синергетикалық таным кіреді. Қазақстандық білім беру жүйесін реформалаудың негізгі құралы – еуразияшылдық қоғамынан мультимәдениеттік талаптарға жауап беретін жаңа құндылық бағдарлар мен басымдықтарды іздеу. Жүргізілген зерттеу нәтижелері білім берудің гуманистік парадигмасының мазмұнына оқу үдерісінің танымдық ғана емес, сонымен қатар студенттердің / магистранттардың жеке мүмкіндіктері мен оқытудың интеграциялық сипаты бағытталатынын көрсетті. Тұлғалық-бағдарлы білім беру принциптері, кәсіби білім беру саласындағы инновациялық үдерістердің қажетті шарты ретінде құзыреттілік тәсілді қолдану әлеуеті анықталды. Кросс-мәдени тренингтер түрінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру әдістері ұсынылады және егжей-тегжейлі сипатталған.

Түйінді сөздер: тілді оқытудың әдістері, модельдері мен парадигмалары, мәдениетаралық құзыреттілік, кросс-мәдени тренинг, оқытудың инновациялық түрлері, Интернет желісінің ақпараттық ресурстары.

КІРІСПЕ

2018 жылғы 5 қыркүйекте оқыған "Қазақстан білім қоғамы жолында" интерактивті дәрісінде Нұрсұлтан Назарбаев елдің алға қарай табысты қозғалысын жалғастыру үшін білім, ғылым, экономика және саясатта не істеу керектігі туралы өз ойымен бөлісті. Әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасу және ашық демократиялық қоғам құру процесі қазақстандық білім беру жүйесінің алдына жаңа мақсат қояды – ұлттық мәдениет өкілі ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдениеттер диалогының субъектісі ретінде қабілетті және өзінің миссиясын, маңыздылығын, жаһандық жалпыадамзаттық үдерістердегі жауапкершілігін сезінетін көптіл тұлғаны тәрбиелеу [1, 286].

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңдегі (бұдан әрі – ҚР) қарқынды дамып келе жатқан инновациялық үдерістері, ең алдымен, оның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне бағытталған. Сондықтан педагогикалық теория мен білім беру тәжірибесіндегі елеулі өзгерістер қазақстандық және шетелдік білім беру бағдарламаларын үйлестіруге, ЖОО оқытушылары мен студенттерінің академиялық ұтқырлығын дамытуға және отандық жоғары білімнің конвертациялығын қамтамасыз етуге бағытталған [1, 288].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1 Зерттеудің өзектілігі

Сондықтан "Инновациялық Қазақстан" форумында өз сөзінде-2020 Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан "абсолюттік инновацияларға бағытталуы тиіс, өйткені олар мемлекеттің стратегиялық міндеті ретінде айқындалған" деп атап өтті [2, 1]. Бұл жағдайда білім алушылардың кәсіби және әлеуметтік қызметін тез өзгеретін әлеуметтік-мәдени жағдайларда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қасиеттер мен қабілеттерін дамыту негізгі міндеті болып табылатын білімнің шығармашылық сипаты айтарлықтай күшейеді.

Осыған байланысты полилингвалдық (қазақ, орыс және ағылшын) оқытуға жүгіну өзекті болып отыр. Бұл кезде шет тілі ана тілімен (қазақ немесе орыс) қатар арнайы білім мен өздігінен білім алу, мәдениетаралық қарым-қатынас пен көпмәдениетті тәрбие әлемін түсіну құралы ретінде әрекет етеді: ұлттық мәдениет пен тілдерді сақтау мен дамытуға, мемлекеттік (қазақ) және мәдениетаралық қарым-қатынас тілін (орыс және ағылшын) дамытуға және жетілдіруге кепілдік беретін тіл туралы заңдар қабылданды.). Сонымен қатар, қазіргі қоғамда коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар танымдық және кәсіби қызметтің құралы ретінде де сұранысқа ие шетел тілін (ағылшын, неміс, француз) оқуға қатысты әлеуметтік-мәдени контекст өзгерді [2, 1].

ҚР мен оның халқының геосаяси жағдайының бірегейлігі мәдениеттің философиялық-педагогикалық негіздерінде, яғни өзге ойға төзімділікте, қалыптасқан стереотиптерден бас тартуда, құндылықтар мен идеялармен жалпы жоспарлы алмасуға, мәдениет диалогына ұмтылуда жатыр. Қазақстандық полилингвалды оқытудың қалыптасқан ұлттық модельдері туралы, қазіргі қазақстандық қоғамда тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар танымдық және кәсіби қызметтің құралы ретінде сұранысқа ие шетел тілін үйренуге қатысты әлеуметтік-мәдени контекстінің өзгеруі туралы айтуға болады.

ҚР мектептерінің Ана тілі мен шет тілі құралдарымен полилингвалдық оқытуға қызығушылығы артып келеді. Оның түрлі модельдері мен жеке элементтері қолданылады. Оқушылардың лингво-мәдениеттану және әлеуметтік-мәдени білімді игеруін болжайтын мәдени бағдарланған модельдермен қатар, шетел тілі пәнін (халықаралық құқық, экономика, математика, биология, физика және т.б.) оқыту құралы ретінде әрекет ететін пәндік-бағытталған модельдердің өзектілігіне ие болады.

2.2 Еуразиялық кеңістіктегі мультимедиялық қоғамдастықтың талаптары

ҚР қазіргі білім беру жүйесіндегі мультимәдениеттілік пен көптілділік мәселелері ашық диалогтың, тікелей және кері байланыстың әрқелкі жағдайын білдіретін және проблемалық жағдайларды шешу нәтижесінде "өзара келісілген темпомирге" түсу (Л. Н. Гумилев идеясы), білім алушы мен білім алушының байланыс әдісімен оқыту рәсімдерімен тығыз байланысты [3; 4; 5; 6; 7]. Бұл – білім алушының жеке күші мен қабілетін ояту, оны жеке даму жолдарының біріне бастау жағдайы; ол ынталандыру немесе ояту, білім беру, өзін ашу немесе өз-өзімен және басқа адамдармен ынтымақтастық (синергетикалық аспект).

Өзінің пәнаралық сипатының арқасында, өзін-өзі ұйымдастыру теориясы (синергетика) кросс-тәртіптік, кросс-кәсіби және кросс-мәдени коммуникация үшін бастапқы негіз ретінде қарастырылуы мүмкін. Синергетикалық білімге ие болу немесе, кем дегенде, синергетикалық ойлау стилі – әлемге түрлі шығармашылық ұстанымдары мен көзқарастары бар ғалымдар, ойшылдар, өнер қайраткерлері арасындағы ашық шығармашылық диалогқа арналған платформа болуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген мысалдар Қазақстандық білім беру жүйесін реформалау жағдайында Еуразияның мультимәдени қауымдастығының талаптарына жауап беретін жаңа құндылық бағдарлары мен басымдықтарын іздеу үдерісі байқалатынын айтуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда білім берудің гуманистік парадигмасының негізгі мазмұны – оқу үдерісін тек танымдық ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың тұлғалық мүмкіндіктерін дамытуға, оқытудың интеграциялық сипатына бағыттау болып табылады. ҚР-ның бірегей геосаяси жағдайы жағдайында жаңа болмыстар білім беруге қағидатты түрде өзге рухани-адамгершілік және әлеуметтік-экономикалық талаптар қояды. Басты назар

адамның ішкі әлемі мен өзіндік мүдделерін зерделеуге, оның ішкі әлеуетін, барлық маңызды күштерін ашуға ауысады.

Осының барлығы жиынтығында Қазақстан сияқты Мультимәдени және көптілді қоғамдастықта білім беру процесінің негізін құрайды. Оған білімді, адамгершілігі мол, іскер, таңдау жағдайларында өз бетінше жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, олардың ықтимал салдарын болжай отырып; ұтқырлықпен, динамизммен, конструктивтілігімен ерекшеленетін, дамыған даралығымен ерекшеленетін ынтымақтастыққа қабілетті мамандар қажет.

Әлбетте, қазіргі уақыттың талаптарына жауап беретін зияткерлік алуан түрлілік өзінің мазмұнды байлығын сақтайтын бірлікке деген қозғалыс болуы мүмкін. Мемлекет барлық адамдар үшін ортақ үй болуға тиіс: барлығы бірегейлікті сақтауға және сонымен бірге тұтас алғанда ұлттық қоғамның бірегейлігін қоғамның басқа топтарымен бөлуге тиіс. Біртұтас ұлттық қоғамның мүшелері ретінде және бір мезгілде этникалық, лингвистикалық немесе діни топтардың мүшелері ретінде Барлығы екі немесе бірнеше ұқсастыққа ие болуы тиіс. ҚР БҒМ және Қазақстан халықтарының Ассамблеясы азаматтарды өзінің ұқсастығын жаңаша түрде білдіру бостандығына рұқсат беретін және ынталандыратын саясатты әзірлеуде. ҚР-дағы Интеграция екі тараптың міндеттері мен құқықтарын қамтиды.

Бір жағынан, ұлттық аз топтарға жататын адамдар мемлекеттің аумақтық тұтастығын құрметтеуі тиіс, ал екінші жағынан, осы мемлекетте тұратын мемлекет пен көпшілігі ұлттық аз топтарға жататын адамдарға қатысты заң алдындағы толық теңдік және оларды білдіру бостандығына құқығы, олардың этникалық, мәдени, діни және лингвистикалық тиістілігін сақтау және дамыту сияқты негізгі қағидаттарды қабылдауға және жүзеге асыруға өзінің ниетін көрсетуі тиіс. Барлық түйткілдер үйлесімді қарым-қатынастарды қолдау бойынша табанды және ұзақ мерзімді іс-қимылдар арқылы ғана еңсерілуі мүмкін. Бұл мәселеге үнемі көңіл бөлу – қоғамның әрбір азаматының міндеті болып табылады.

Белгілі болғандай, білім беру философиясы адамның тәрбиесі мен білім алуына тұтас және бүкіл әлемдік тәсілді табуға талпынады. ҚР бірыңғай білім беру кеңістігінің қалыптасуы бірқатар мәдени алғышарттарды айқындап отыр:

а) барлық халықтарға өздерінің терең, менталдық негіздерін түсініп, олардың мәдениеті мен білімінің даму бағыты мен сипатын көрсететін рухани монолитті анықтау қажет;

б) Қазақстан халықтарының бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі мәдениеттер мен дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен менталдылықтардың, діндер мен педагогикалық жүйелердің диалогын орнатуды көздегені белгілі. Сондықтан Еуразиялық ойлаудың ерекшелігін ескеру қажет;

в) Қазақстан халықтарының тарихи өткенін бояусыз, олардың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін идеалдандырусыз, олардың білім беру перспективасындағы рөлін асыра ұстай отырып, шынайы құндылықтар мен идеалдарды сақтау және қорғау маңызды.

2.3 Жеке тұлғаға бағытталған білім

Адамның әлеуметтік-мәдени дамуының педагогикалық механизмі ретінде жеке тұлғаға бағытталған білім жүзеге асады. Білім берудің көпмәдениеттілік принципі – өскелең ұрпақты рухани байыту, планетарлық сананы дамыту, көпмәдениетті ортада өмір сүруге дайындығы мен іскерлігін қалыптастыру мақсатында этникалық, жалпыұлттық және әлемдік мәдениетті игеру процесі ретінде қарастырылады. Парадигмаға негізделген көптілді білім берудің әлеуметтік-мәдени тәсілі: мәдениет-мақсат, тіл-құрал, Қазақстандағы қазіргі заманғы білім беру жағдайына барынша сәйкес келеді [8; 9; 10; 11; 12].

Өйткені әр түрлі халықтардың достығына, адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге, ақпараттық қоғамға көшуге байланысты жалпы әлемдік үрдістер контекстінде мұндай оқытудың отандық білім беру үшін маңызы артып келеді.

Болон конвенциясы аясында студенттерді оқытудың барлық процесін ұйымдастыруға қойылатын жаңа талаптардың мазмұнын ұғыну барысында Қазақстан ЖОО

оқытушыларының алдына қойылған маңызды міндеттер жоғары кәсіби білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде оқыту нәтижелеріне бағытталған.

Мұндай бағытта білім беру нәтижелерін құзыреттілік тілінде, оларды диагностикалау және бағалау әдістерінде жоспарлауға көшу міндеті өзекті болып табылады. Бұл студенттерді танудың белсенді процесіне, икемділікке және өз бетінше оқуға дағдылануға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде, еңбек нарығында қатаң бәсекелестік жағдайында оларға жұмысқа орналасуға көмектеседі. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық құралдар мен технологияларға бейімделе білу қабілеті, нақты еңбек нарығының жағдайына барлық жеке ерекшеліктерін "қалыптастыра білу – бұл қазіргі заманғы жоғары оқу орны түлектерінің біліктілік сипаттамаларымен қатар оның бәсекелестік артықшылығын анықтайтын, мансаптық өсуін қамтамасыз ететін және оның өмірлік табысын анықтайтын қасиеттер.

2.4. Білім берудегі құзыреттілік тәсіл

"Құзыреттілікке негізделген" тәсіл әлемдік деңгейдегі құзыретті кадрларды даярлауға байланысты туындайтын білім беруді интернационализациялаудың экономикалық пайдасымен өлшенетін мақсаттар мен нәтижелер шоғырланған; сондықтан құзыреттілік кәсіптік білім беру саласындағы инновациялық процестерді дамытудың қажетті шарты ретінде жүреді. Білім беруге құзыреттілік тәсілді қолданудың инновациялық әлеуетінің мәселелерін ұғыну қажеттілігі туындайды.

Өйткені дәл осындай аспектілер:

1) білім берудің барлық процесін оның соңғы нәтижелеріне көрсетуге көмектеседі, өйткені білім, білік және дағды жиынтығы анық көрсетіледі;

2) МЖМБС-ға сәйкес оның сапа нормалары ретінде білім беру нәтижелерін жасауға ықпал етеді, "өзгермелі қоғамда оның ұтқырлығын қамтамасыз ететін маманның құзыреттілік моделіне" [7, 3; 8; 9];

3) оқыту нәтижелеріне стандарттар мен оқу жоспарларының бағытталуына ықпал етеді, олар тең және ашық болады.

Бұл жағдайда құзыреттілік тілінде берілген білім нәтижелері, С. Г. Тер-Минасованың пікірінше[5, 24], – бұл академиялық және кәсіби мойындау мен ұтқырлықты кеңейтуге, дипломдар мен біліктіліктердің салыстырмалылығы мен үйлесімділігін арттыруға жол ашады. Қазақстан Республикасының көпэтникалық және мультимәдени білім беру әлеуетінің контекстінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру бірыңғай білім беру, кәсіптік-біліктілік және мәдени-құндылықтық кеңістікті қолдаудың қосымша факторы болып табылады [5, 54]. Өйткені ол келешекте өзгермелі жағдайлардағы интеграциялық процестерде ғана емес, сонымен қатар ақпараттық кеңістікті кеңейтуде, жаңа компьютерлік ақпараттық технологияларды дамытуда, іскерлік және жеке байланыстарды кеңейтуде көрінетін жаһандану үдерістерімен байланысты.

Сондықтан құзыреттілік тәсіл маманды дайындау процесіне практикалық-бағытталған сипат береді. Кәсіби білім беру саласындағы инновациялық үдерістердің дамуына оң әсер етеді, маманның кәсіби құзыреттілік деңгейін өлшеудің дәл жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында мәдениетаралық кәсіби байланыстың кеңеюіне байланысты қоғамның үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген әр түрлі бейіндегі мамандарға деген қажеттілігі артады. Мәдениетаралық-кәсіби өзара іс-қимылды табысты жүзеге асыру тарихи дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, өмір салты мен т. б. әсерімен детерминацияланатын қоғамдық және іскерлік мінез-құлықтың ерекшелігін айқындайтын әртүрлі мәдениеттердің кәсіби маңызды тұжырымдамаларын игеруді көздейді. Когнитивті аспектіні ескере отырып, тұлғааралық қарым-қатынас сипатын коммуниканттардың қатысымдық интенциялары және олардың жетістіктерінің стратегиялары (ынтымақтастық, бәсекелестік, шиеленіс және т.б.) анықтайды.

2.4.1 Тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттердің арақатынасы

Тілді меңгеру үшін айқындаушы деңгей және кейіннен кәсіби салада шешім қабылдау үшін базистік негіз жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде тілдік құзыреттілік болып табылады. Біздің елімізде ұзақ уақыт бойы тілдік құзыреттілік оның лексика-стистикалық

аспектісінің көп бөлігіне қатысты болды. Ол орыс тілінде кәсіби коммуникацияны ұйымдастырудың когнитивтік аспектілерін талдаумен байланысы жоқ. Бұл жобалау және фреймдерді құрастыру [3, 43; 4, 12-18; 5; 6] кәсіби жағдайды құрастырумен тікелей байланысты ядролық, ядро айналысындағы және перифериялық компоненттерді бейнелеумен, сондай-ақ олардың реакциясы мен мінез-құлқын болжау, оқиғалардың дамуын алдын алу және коммуникативтік стратегияларды таңдау мақсатында әртүрлі коммуниканттардың әлем туралы білімді, пікірлерді және түсініктерді талдау шеңберіне тарту. Ғылыми әдебиетте [1, 290; 3, 89; 4, 27], қазақ-орыс-ағылшын тілді әлеумет өкілдерінің коммуникативтік мінез-құлық стратегияларын жан-жақты кешенді зерттеу, олардың лингвоәлеуметтік және мәдениеттанушылық ерекшеліктерін "тілді "бұрмалаушылар" концептуалды жүйеге, әлемнің көрінісіне, шет тілін тасымалдаушылардың құндылық бағдарларына, мәдениетаралық қашықтықты жақындастыруға, оның басқа халықтың іскерлік мәдениетіне бейімделуге дайындығын тәрбиелеуге, шет тілінде кәсіби ынтымақтастықтың оңтайлы стратегиясын әзірлеу мақсатында өзара іс-қимыл мен Ықпал студияның өзге әлеуметтік-мәдени контекстіне "тартуға" көмектеседі "[1, 289]. Дәл осындай жағдайда әртүрлі өзара қарым-қатынасты орнату кезінде прагматикалық міндеттерді шешу кезінде әртүрлі мәдени қоғамдастықтар өкілдерінің өзара түсіністігі, барабар коммуникативтік мінез-құлық байқалады.

Сондықтан студенттерді тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікке оқыту міндетті түрде іскерлік қарым-қатынастың мәдени стандарттарын әзірлеуді, іскерлік қарым-қатынастың өзгермелі жағдайларында тілді саралап қолдана білуді, іскерлік этикет формуласын (әсіресе параллельдік сәйкестік болмаса), ұлттық менталитетті түсінуді және т. б. қамтитын тұтас тұжырымдамаға негізделуі тиіс.

Мәдениетаралық түсіністік пен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыреттілік деңгейлері арасында пропорционалды тәуелділік қажет. Асимметрия жағдайында жоғарыда аталған құзыреттер арасында түсініспеушілік ықтималдығы жоғары, өйткені тілді меңгерген кәсіпқойдан мәдениетаралық құзыреттің тиісті деңгейін күтіп, оған жеткілікті көлемде әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және мәдениеттанулық ақпарат ретінде жүгінеді.

Мәдениетаралық құзыреттілік (бұдан әрі – ХҚКК) үш аспектіде қаралуы мүмкін:

1) басқа коммуникативтік қоғамдастықтың тілін, құндылықтарын, нормаларын, мінез-құлық үлгілерін білуді болжайтын өзге мәдени бірегейлікті қалыптастыру қабілеті ретінде.; мұндай тәсілде ақпараттың ең көп көлемін және өзге мәдениеттің барабар білімін игеру мәдениетаралық құзыреттілікті игерудің негізгі мақсаты болып табылады; мұндай міндет аккультурацияға қол жеткізу үшін, тіпті туған мәдени қатыстылықтан толық бас тартуға дейін қойылуы мүмкін;

2) өз серіктестері мәдениетінің негізгі элементтерін жеткіліксіз білмеген жағдайда да басқа мәдени қоғамдастық өкілдерімен байланыс кезінде табысқа жету қабілеті ретінде. Мәдениетаралық құзыреттіліктің осы нұсқасымен көбінесе мәдениетаралық коммуникация практикасында, мысалы, Мультимәдени және полилингвалды:

3) кейбір мәдени қауымдастық мүшелерінің "өз" және "бөтен" жанжалдарының алдын алу үшін әртүрлі стратегияларды пайдалана отырып, басқа мәдениет өкілдерімен өзара іс-қимыл процесінде түсіністікке қол жеткізу және өзара іс-қимыл барысында "жаңа мәдениетаралық коммуникативтік қауымдастық" құру қабілеті ретінде Қазақстанда жиі кездесетін болады.

2.4.2 Тілді оқытудың әдістері, модельдері мен парадигмалары

Құзыреттілік тәсіл шеңберінде тілді оқытудың әдістерін, модельдерін және парадигмаларын қарастыруға болады. Ғылыми әдебиетте бірнеше рет ХҚКК оқыту – кешенді білім беру үдерісі болып табылады. Оны іске асыру кезінде барлық күш-жігерді әр түрлі этностардың әлем бейнесінің фрагменттерін түсінуге тең түпнұсқалық материалдарды

(мәтіндерді, өлеңдерді, әндерді, бейнематериалдарды және т. б. тіл үйрену процесіне қосу арқылы бағыттау қажет:

а) тілді оқыту процесіне теңтүпнұсқалы материалдарды (мәтіндерді, өлеңдерді, әндерді, бейнематериалдарды және т. б.) қосу жолымен;

б) оқытудың белсенді түрлерін (проблемалық тапсырмалар, әлеуметтік-мәдени бағыттағы рөлдік ойындар пайдалану жолымен,

в) студенттерді аккумуляцияның нақты міндеттерін шешуге бағытталған аудиториядан тыс жұмыстың әр түрлі түрлеріне (мәдени-елтанушылық викториналар мен конкурстар, шетелдік досымен хат алмасу және т. б.) тарту жолымен.

Вербалды немесе вербалды емес деңгейлерде мінез-құлықтың дәлме-дәл моделіне қол жеткізу үшін еліктеу қажет (бұл тек бейнефильмдерді оқу арқылы немесе көркем коммуникация процесінде осы факторға көңіл бөлу арқылы ғана мүмкін), сондай-ақ "оқытуды мақсатты түрде ұйымдастыра отырып, осы лингвомәдениетке тән үлгілердің көрінуін ынталандыратын жағдайларды құрастыра отырып, типтік интонациялық модельдер, сондай-ақ фреймдердің рөлін атқаратын белгілі бір сөйлеу шаблондары мен клишелерін қолдану" [6, 62-64]. Біз Л.В. Цурикованың : "Фреймдер, коммуникативтік мінез-құлық схемалары әртүрлі лингвомәдениетте бірдей болуы мүмкін, өйткені жалпы адамзаттық құндылықтар бар, бірақ скрипттер, сценарийлер мүлдем әртүрлі" деген пікірімен келісеміз. [7, 61-62].

2.4.3. Кросс-мәдени тренингтерді қолданудың қолданбалы аспектілері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті негізінде қолданбалы лингвистика және мәдениетаралық коммуникация зертханасы құрылды, онда мәдениетаралық коммуникация мен құзыреттілік, төзімділік дағдыларын дамытуға, ксенофобия мен оның жекелеген түрлерін алдын алуға және жеңуге бағытталған кросс-мәдени тренингтер түрінде орыс тілін оқыту бойынша арнайы сабақтар өткізіледі.

Бұл келесідей дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік жасайды:

а) өзге өмір салтының феномені, сана және сезім жүйесі, құндылықтар иерархиясы;

б) өзге мәдениет фактілерін қабылдау және түсіну, оларды өзінің Әлемдік және мәдени тәжірибемен салыстыру, олардың арасында айырмашылықтар мен ортақ тұстарын табу;

в) олармен диалог құру, оларды сын тұрғысынан ойлау және сол арқылы әлемнің өзіндік бейнесін байыту.

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың тікелей әдістері ретінде біз тіл сабақтарында келесі тәсілдерді пайдаланамыз: 1) теңтүпнұсқалы оқу курстарына лингвоелтану және мәдениеттану түсініктемелері; 2) қазақ-орыс-ағылшын мәдениетаралық айырмашылықтар туралы түсінік беретін параллель мәтіндері бар әдістемелік әзірлемелер, мысалы:

– мінез-құлық саласында сәлемдесу мәнерлері; қарым-қатынастың бейвербальды құралдары; күнделікті өмірдегі мінез-құлық нормалары; ұлттық-ерекше адамгершілік пен әдет-ғұрыптар; іскерлік этикет; Іскерлік хаттама;

– сөйлеу саласында (іскерлік хат жазысудың; сөйлеу мәдениеті; келіссөздер жүргізу (оның ішінде телефондық); әңгімелесудің ықтимал тақырыптары, тақырыптар – табу; "зайырлы әңгімелесу";

– қарым-қатынас және қабылдау саласында (тұлғааралық қатынастар, уақыт пен кеңістікті қабылдау; индивидуализм және ұжымшылдық; жұмысқа қарым-қатынас; түстерді қабылдау; қоршаған ортаға қарым-қатынас (экологиялық сана); стереотиптер; ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерін қабылдау, эмансипация мәселелері.

Интернет желісінің ақпараттық ресурстарын оқу процесіне белсенді түрде біріктіре отырып, оқытушылар сабақ мазмұнына электрондық презентациялар әзірлейді және енгізеді, виртуалды демонстрациялар көрсетеді, лекциялар мен практикалық сабақтарды түрлі электронды энциклопедиялардағы көрнекі материалдармен безендіреді; оқытудың белсенді әдістерін (тренингтер, рөлдік ойындар, дискуссиялар, "дөңгелек үстелдер", "кейс-стади" және т.б.) және басқа да интерактивті технологияларды пайдаланады.

Оқу процессіне барлығын қатыстыруға ықпал ететін, жаңа идеяларды студенттерде креативті шеберлік пен дағдыларды қалыптастыруға әсер ететін жобалар үлгісі жеткілікті белсенді енгізілуде. Әр түрлі жұмыс тәсілдерін пайдалана отырып, қарым-қатынастың нақты және ойдағы көздеген жағдайларын жасауға мүмкіндік беретін бейне-сабақтарды қолдану оқытушы мен студенттің синергетикалық ынтымақтастығының атмосферасы мен әсерін тудырады. Зертханада құрылған үлгілерінің дыбыстық және жазбаша мәтіндер мен бейнесюжеттер бар. Бұл материалдар көптеген мәдени бірліктерден тұрады (мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, идиом және т.б.). Сондықтан барлық оқу тапсырмалары мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Тілді оқыту кезінде рөлдік ойындар, жағдаяттар, сценарийлер, әртүрлі оқыту ойындары сынды әдістер жиі қолданылады. Өйткені ол тәлімдер оқушылардың физикалық және эмоциялық белсенділігін тудырады, олардың қиялын және жанынан ойлап шығару қабілетін ынталандырады. Мұндай қабылдау студенттердің өз пікірінің формасын өзгертіп, қарым-қатынастың белгілі бір вербалды немесе вербалды емес құралдарын, мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайына сәйкес мінез-құлық моделін таңдай білуін қалыптастырады.

Оқытудың инновациялық түрлері оқу үдерісіне белгілі бір ретпен енгізіледі: жеке талдаудан және нақты жағдайларды бағалаудан бастап, жағдайды ұжымдық бағалау, дидактикалық ойындар, яғни рөлдік, операциялық, имитациялық түрлері алмаса отырып қолданылады. Бұл тізбектің барлығы студенттерге бөлшектелген түрде берілетін өзіндік бір "матрешка" тәрізді, яғни бұл формалар олардың күрделенуіне қарай қолданылуы тиіс.

ҚОРЫТЫҢДЫ

Сонымен, білім беру ашық қоғамдағы маңызды сала болып табылады, өйткені ол жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін тану үшін негіз болып табылатын жалпы өмір элементтерін іске асырмайды, сонымен қатар жастардың ересек және жауапты азаматтар болуға даярлайтын басты құрал болып табылады. Білім беру төзімділік пен өзара түсіністікпен байланысты құндылықтарды қолдап, жастарға көпұлтты және әр түрлі қоғамда өмір сүру мен өркендеу үшін қажетті қасиеттерді тәрбиелейді. Олардың көпмәдениетті әлемде көпмәдениетті диалогқа, сындарлы тіршілік етуге дайындығын көтермелеуі тиіс.

Сондықтан қазіргі педагогиканың басты міндеті – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау болып табылады. Ал оқытушының педагогикалық қызметінің негізі жеке тұлғаны шығармашылық оқыту мен тәрбиелеуге ықпал ететін педагогикалық технологияларды қолдану. Ол өз өмірін жетілдіру және дамыту жолымен, яғни синергетика заңдары бойынша қалыптастырады. Бұл тұрғыда тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілік – бұл тілдік тұлғаның өзіндік мәдениетінен тыс шығып, мәдени медиатордың сапасын жоғалтпауға мүмкіндік беретін қабілет. Аталған барлық құзыреттерді қалыптастыру үшін "Мәдениет қақтығысы" неғұрлым ықтимал салаларды білу қажет.

Сондықтан құзыреттілік шеңберінде орыс тілін оқытудың тәсілдері, әдістері мен модельдерін білу мүмкін болатын коммуникативтік түсініспеушіліктің алдын алуға және тіпті оларды болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттердің өзгеше өмір сүру салтының феномендеріне бағдарлану аспектісінде салыстырмалы ойлаудың дамуын ескеріп, оларды танып, қабылдай алады.

Сондай -ақ оларды өз мәдениетімен салыстыра алады, яғни мәдениаралық қарым-қатынаста түсінбеушілікті анықтау үшін төл мен өзге мәдениетті детерминанттар тұрғысынан анықтай алады. Осының барлығы жеке тұлғаның Еуразияның әлеуметтік-мәдени контекстінде табысты коммуникативтік қызметке белсенді түрде тартылуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Нуртазина Марал. Взаимосвязь языковой, коммуникативной и межкультурной компетенций: методы и модели обучения русскому языку // *Jezyk Rosyjski jako przedmiot nauczania w szkole wyzszej.* – Wydawnictwo Uniwersytetu Maru Curie-Sklodowskiej, Lublin, 2013.–P. 285-299.
2. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания ("Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру") // *Казахстанская правда.* – 12 апреля 2017 года.
3. Сорокин Ю.А., Марковина И.Ю., Крюков А.Н. и др. Этнопсихоллингвистика / отв. ред. и авт. предисл. Ю.А. Сорокин / Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина, А.Н. Крюков. – М.: Гнозис, 2017. – 192 с.
4. Стернин И.А. Введение в речевое воздействие. – Воронеж, 2010. – 211 с.
5. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Изд-во МГУ, 2004. – 352 с.
¹ф.ғ.к., профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау, Қазақстан, e-mail: nagbdu@mail.ru

² ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: sareke.kk@gmail.com

ФИЛОЛОГ-АУДАРМАШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аталмыш мақалада қазіргі жаһандану заманында филолог-аудармашы мамандықтарының заман ағымына сәйкес сұранысқа ие екендігі, филолог-аудармашы мамандығы бойынша мамандар даярлау бағыттары туралы айтылады. Мақалада білімнің жаһандануы жағдайындағы аударманың кейбір аспектілері де қарастырылған. Аударма стратегиясын таңдауға көптеген факторлар әсер ететіндігі: аудармашының идеологиясы мен білімі, аударманың мақсаты, аударма тілінің нормалары және т.б. сөз болады. Мақала өзегіндегі айтылар негізгі фактор – аударманың мақсаты. Жоғары сапалы аударма жасау үшін филолог-аудармашы тиімді әдістер қолдануы керектігі көрсетіледі. Аудармашының әдеби моральдық принциптерден, моральдық ережелерден, қоғамдағы мінез-құлық және кәсіби ортадағы мінез-құлық нормаларынан тұрады. Мақаланың негізгі мазмұнында осы мәселелер айтылған. Сондай-ақ мақалада ресми құжаттарды аудару және аударманың психологиялық, лингвистикалық ерекшеліктері жан-жақты сөз болады.

Тірек сөздер: жаһандану, көзқарас, аударма, аудармашы, аударма стратегиясы, әдеп, моральдық ережелер, аударманың психологиялық, лингвистикалық ерекшеліктері

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде филолог-аудармашы мамандықтарына деген сұраныс жыл өткен сайын күн тәртібінен түспей келеді. Әрине, аударма істері – қоғамдағы тілі басқа адамдардың бір-бірімен түсінісіп, білісуі үшін ауадай қажет жұмыс. Шет елдің тілін білу әлемдік деңгейдегі шығармаларды оқуға, шетелдің азаматтарымен коммуникативтік қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бергенімен, кез келген адам шет тілін кәсіби деңгейде оңай әрі жылдам меңгеріп кете алмайтындығы бесенеден белгілі.

Филолог-аудармашы мамандығын дайындау ісі заманауи өмірдің барлық саласында лингвистикалық, аудармашылық білімін іскерлікпен қолдануға бейімделген филологияның жаңа бағыты болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аударманың өте күрделі де қиын, әрі көп салалы адами іс-әрекеттің бір түрі екенін білеміз. Өмірдегі күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі ауызекі сөйлесу тілінде аударма қызметі туралы «бірінші тілден екінші тілге аудару делінеді», бірақ шындығында аударма ісімен айналысқанда тек бір тілді екінші тілге аудару ғана көзделмейді екен. Аударма ісінде әр түрлі деңгейдегі мәдени ақпараттармен, әр түрлі деңгейдегі ой жұмыстарымен, түрлі әдебиеттермен, әр түрлі өмірдің тыныс-тіршілігімен, әр түрлі әдет-ғұрыппен, түрлі ұстанымдармен жете танысып жұмыс істеу керектігі алға тартылады.

Аудармашы-филологтың жұмысы бір қарағанда оңай сияқты көрінгенмен, оның ірімдері тереңде. Егер сол жұмыстың тереңіне бойлап, ішіне тереңірек еніп, мән берсеңіз, ең қиын да күрделі жұмыс аудармашының жұмысы екендігіне көз жеткізесіз. Аудармашы-филолог ең алдымен сол аударатын шет тілі мен аударылатын тілдің эволюциясынан, яғни пайда болуынан бастап, құрылымы мен даму тарихын таразылап, терең меңгеріп барып, қызметін түсінеді. Екі тілді бір-бірімен барлық (грамматикалық, фонетикалық, стилистикалық, т.б.) жағынан салыстырады, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын пайымдап, зерделейді. Филолог ретінде белгілі бір тілді оқытса, аудармашы ретінде аударатын келесі бір тілге ғылыми, техникалық, көркем, қоғамдық-саяси бағыттардың қай-қайсысы бойынша да аударма беретін дәрежеге көтеріледі. Қай маман болмасын қызмет барысында ма, болмаса, өмірдің белгілі бір саласында ма, қандай да бір сөздікпен жұмыс істеп көредіні белгілі. Мәселен, шетелдің бір сөзін білгіңіз келсе, алдымен сөздіктерге жүгінесіз. Ал осы сөздіктер қалай өмірге келеді десек, міне, бұл аудармашы-филологтың негізгі жұмыстарының нәтижесін көрсетеді. Сөздікпен жұмыстың өзіне тән қиындықтарын айналысқан мамандар өте жақсы біліп, түсінеді.

Көркем әдебиет – ақын-жазушының төл тумасы. Шетелдің ақын-жазушысын оқығыңыз келсе, жүк аудармашыға жүктеледі. Белгілі бір көркем шығарманы басқа тілге аудару – қиынның қиыны. Бұл жағдайда филолог-аудармашы көркем әдебиет авторларымен, ақын-жазушы не драматургпен де кеңесе отырып, аударма жасайды. Көркем мәтіндермен жұмыс істей отырып, редакциялау жұмыстарын атқарады, қателерін жөндейді. Сондықтан да бұл мамандық иелерінде шыдамдылық, сабырлылық сияқты қасиеттердің болуы заңды. Дикторлар мен журналистер, белгілі бір мекеме іс жүргізушілері, стюардессалар осы мамандық арасынан да іздестіріліп жатуы – заман талабы. Өйткені бір емес, кем дегенде екі тілде еркін көсіліп сөйлейтін, сол тілдерді бір-біріне кез келген уақытта, қандай жағдайда да сауатты аударма беретін мамандар некен саяқ болады, олардан сауаттылықты талап етеді.

Аудармашы аударма жасайтын тілде тіл байлығы болуы – ең басты заңдылық. Үздік аудармашы болу үшін білікті, сөз өнеріне қабілеті ерекше болуы қажет. Ал білікті аудармашының түпнұсқа мәтіндерді сөздіксіз қабылдап, еркін аударып жатқанының талай куәсі болдық. Дайын болған аударма түпнұсқа мәтініне дәлме-дәл дөп болуы керек екенін білеміз. Жақсы аудармашы тек айтылған ойды ғана емес, сол ойды жеткізудің амал-тәсілдерін де жақсы меңгерген болуы керек. Тілді жақсы меңгере білу бұл филолог-аудармашының жоғарғы деңгейінің көрсеткіші емес. Аудармашы белгілі бір бағытта жұмыс жасағанда мәтінді тек лингвистикалық жағынан ғана емес, логикалық жағынан да пайымдайды, қателіктері болса, сараптап, тексере алатын қабілетке ие екені дәлелдейді.

Аударма жанрының қай түріне болса да дәлдік пен ықшамдылық, айқындылық, әдебиеттік сияқты талаптар өте керек. Ал шетел сөздеріне калька жасауға үйір болмау керектігі де аудармашыларға қатаң ескертіліп отырады.

Түпнұсқаның тілін пайдаланып, бастапқы мәтіннің авторы сөйлеу әрекетін жасайды, ал аудармашының ісі – аудару тілін пайдаланып, белгілі сөйлеу әрекеттерін жасау. Жұмыс барысында сөйлеу әрекеттері түбегейлі өзгеріске ұшырап отырады. Бұл өзгерістер шексіз сияқты көрінгенмен, тіпті оларды стереотипке келтіру мүмкін емес сияқты. Әр сөзді, сөз тіркестерін не сөйлемдерді жеке-жеке қарап, ойластырып, таразылап, айтылуына, дыбысталуына, қалай естіліп тұрғандығына терең әрі сауатты талдаулар жасалады.

Аударма үдерісінде аударманың өніміне және аудармашының өзіне қойылатын талаптарды да ғалымдар түрліше атап келеді: Мәселен, Л.К.Латышев деген ғалым аударма қызметінің өніміне – аударылатын мәтінге қойылатын бірінші және басты талап турасында былай дейді: «... ол (мәтін) шығыс мәтінге коммуникативтік тұрғыда балама болуы керек, яғни адресатқа (тыңдаушыға немесе оқушыға) әсер етететін шығыс (аударатын) мәтіннің әсерімен бірдей болуы қажет. Шығыс тіл адресаттары мен адресаттарының мәтіннің екі нұсқасын да қабылдаудағы және оларға жауап берудегі (реакция) алғышарттар объективті түрде бірдей (яғни олардың жеке қасиеттеріне байланыссыз) болуы керек» [1, 48]. Ал келесі

бір талап – Шығыс тіл мен Кіріс тіл мәтіндерінің барынша мүмкін болған семантика-құрылымдық жақындығы. Бұл жақындық аудармада автор (түпнұсқа авторы) ойының сәйкестігі мен сабақтастығын барынша сақтауға, шығыс тілдегі мәтіннің аударылатын тілдегі мәтінде дұрыс «орналасуының» ауқымын арттырып, (сәйкесінше шығыс тілдегі мәтіннің кіріс тілдегі мәтіннің «орынбасар» болуына, яғни дұрыс аударылмауына алып келетін жағдайлардың санын азайтады), аударма үдерісінің және аудармашылық шешімнің объективтілігін арттыратыны белгілі. Бұл аталғандар аударма жанрының барлық түрлеріне жалпы қойылатын басты талаптар болып табылады. Негізінде аударманың түрлеріне байланысты (мысалы, көркем-әдеби, ғылыми, саяси, ресми және тағы басқалар) бұдан өзге де басқа талаптарды көптеп атай беруге болады. Аударма өніміне қойылатын тағы да талаптың біреуі коммуникативті-функционалдық баламалылық болатын. Бірақ бұл талап аударма өнімінің коммуникативтік тиімділігіне байланысты болады. Аудармашы аударатын мәтін аударма қызметінің өнімі болып табылады және төмендегі шарттарға негізделеді:

- коммуникативті-функционалдық тұрғыдан негізгі мәтін аударылатын мәтінге балама болуы керек;

- аударылатын мәтіннің семантика-құрылымдық тұрғыдан барынша мүмкін болған деңгейде негізгі мәтінге ұқсас болуы қажет (әрине бұл бірінші шартқа қайшы келу дегенді білдірмейтіндігі көрінеді);

- аударылатын тілдің мәтінінен аударма талаптарының шегінен шығып кететін ауытқулар кездеспеуі қажет. Жалпы аударма саласына қойылатын талаптарды Х.Савори төмендегіше санамалайды: «Аударма түпнұсқаның сөздерін, мағынасын, стилін, сондай-ақ аудармашының стилін беруі керек. Аударма түпнұсқа тәрізді оқылуы керек. Аударма аударма тәрізді оқылуы керек. Аударма түпнұсқаға сай шығарма ретінде және аударма аудармашыға сай шығарма ретінде оқылуы тиіс. Аудармада автор өзі қосқан және өзі алып тастаған сөздер болуы мүмкін, Аудармада автор өзі қосқан және өзі алып тастаған сөздер болмауы керек. Өлең аудармалары қара сөз түрінде аударылуы тиіс. Өлең аудармалары өлең түрінде аударылуы тиіс» [2, 154].

Аударма қаншалықты шығармашылық әрекет десек те, аудармашы ойына не келсе, соны істей береді деген пікірден аулақ болуымыз керек. Аударма түпнұсқаның мазмұнын толық жеткізіп, қабылдаушыға (оқырманға) дәл сондай әсер ету керек екені, әрине, сөзсіз. Аударма әрекеті – аудармашының когнитивті-коммуникативті іс-әрекеті болғандықтан, оның туындысы – аударма мен түпнұсқаның мазмұны мен эмоционалдық, стильдік реңін бұзбай жеткізуі керектігі ескеріледі. Сонымен, анығырақ айтқанда, аудармаға бүгінде қойылатын талаптар қатал. Қазіргі таңда аударматануда аударманың (қандай түрі болса да барлығына тән сипаттар) сапасын бағалайтын негізгі белгілері де сарапталған.

Ресми құжаттарды аудару жайына тоқтала кетейік. Іс қағаздары қоғам өмірінде үлкен қызмет атқаратыны белгілі. Іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы бар. Мемлекеттің немесе қала мен кәсіпорынның тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттың табылмас қайнар көзі бола алады. Іс қағаздары, яғни құжаттар фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады. Іс қағаздары басқару қызметіндегі негізгі бір сала болып табылады. Ұйымдар мен кәсіпорындардың, мекемелердің қызмет етуі барысында шығарған түрлі бұйрық-шешімдері, басқару іс-амалдары, атқарған қызметтері іс қағаздарынан ап-айқын көрінеді. Мекемелер арасындағы ақпарат хат алмасу, сондай-ақ жедел хат, телефон хат, сұраныс хат, өтініш хат сияқты құжаттар арқылы жүзеге асады. Ал Үкіметтің басқару істері Жарғы, Қаулы, Нұсқау, Ереже, Бұйрық, Өкім сияқты құжаттар арқылы жүргізіледі. Іс қағаздарын жүргізу мекеме жұмысының нақты құжаттармен, деректермен реттелген жүйесі болып табылады. Тіл адам қатынасының маңызды құралы екенін ескеріп, сөйлеу мәдениетін де терең меңгергенді дұрыс деп санаймыз. Аудармашы-филолог тілдік ережелерді дұрыс сақтап сөйлей де, жаза да білуі керек. Бұл – үлкен талап. Өзімен үнемі және беріліп жұмыс істейтіндер сөйлеу қабілетін үнемі жаңғыртып, жаңартып отырады. Өзімен жұмыс істеудің екі бағыты бар. Бірі – өз кемшілін біліп, сонымен күресе білу және оны жеңу. Ал екіншісі – жаңа мақсат-мүддеге

орай өз қабілет-қасиеттерін жетілдіре отырып, жоғары деңгейге көтерілу. Ол үшін көп оқи жүріп, түрлі көзқарастармен танысу керек, әрі ғылыми және көркем әдебиеттердің тұщымды ой-пікірлерін, қанатты сөздерді қойын дәптерге өзі үшін жазып алып, жаттап жүрсе нұр үстіне нұр. Сондай-ақ филолог-аудармашының бірнеше тілді қатар білуге талпынып, құрма-жиындарда сөз бастай білуі деңгейін көтере түсері сөзсіз. Сонымен бірге маманның қабілетін жақсарту жұмыстарын қатар жүргізе білуі керек.

Кеңселерде іс қағаздарын сауатты жүргізе білу тіл саясатының нақты көрсеткіші болып табылады. Іс қағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына, тағы да басқа ерекшеліктеріне қарай жинақтауға болады. Іс қағаздарының түрлері үшке бөлінеді: Азаматтық қарым-қатынас құжаттары; Жеке бас құжаттары және басқару, ұйымдастыру құжаттары. Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін құжаттарға: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісім шарт, еңбек шарты, шарт, келісім; Жеке бас (адам өміріне қатысты) құжаттарға: өмірбаян, түйін, жеке іс парағы, визит карточкасы, өтініш, арыз, мінездеме, кепілдеме, кеден мағлұмдамасы, жеделхат; Басқару, ұйымдастыру, өкім шығару қызметіне қатысты құжаттарға: Заң үкім, өкім, қаулы, шешім, Жарлық, Жарғы, мемлекетаралық шарт, Ереже, бұйрық, хабарлама, нұсқау, ресми хаттар, хаттама жатады. Ресми құжаттарды аударудың ерекшелігі басқа мәтіндерді аударудан өзгеше. Кез келген ресми құжат қоғамдық және еңбек қарым-қатынастарын реттеп отырады, яғни ресми тілде қолданылатын тілдік құралдарды, емле ережелерін қолдануға нақты талаптар қойылады. Мұндай талап қазіргі қолданыстағы заңдарда да айқындалған. Мәселен, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабын алып қарайық:

«18-бап. Нормативтік құқықтық акті мәтінінің мазмұны мен жазылу стиліне қойылатын талаптар. 2. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары мен заң терминологиясы сақтала отырып жазылады. Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ ережелер болмауға тиіс. Баптың тармақтың) мәтіні басқа баптарда (тармақтарда) қайталап жазылмайды» [3]. Ресми іс қағаздары құжаты тұтас бір құрылым болғандықтан онда: мазмұны қысқа болып, әрі тұжырымды түрде баяндалады. Тұжырымдардың дәл, нақты түрде болуы; терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі сақталуы заңдылық. Сөздер мен терминдер нақты өз мағынасында жұмсалады. Бірнеше нұсқадағы терминдердің мүмкіндігінше Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілген немесе ресми тілде стандартталған, сондай-ақ жазба тілде қолданылу жиілігі жоғары, яғни, белгілі нормаға айнала бастаған нұсқасы пайдаланылады. Бүгінгі әдеби тілдің нормасында көнерген сөздер, сирек қолданыстағы сөздер, бір қолданыстағы сөздер болып саналатын лексикалық элементтер, сондай-ақ бейнелі, образды фразеологизмдер, қарапайым лексикаға тән тұлғалар қолданылмайтындығы – белгілі жайт.

Ресми іс қағаздарының бекітілген стилінен ауытқуға мүлдем болмайды, аударылған нұсқаны оқыған кезде тыңдаушысына анық түсінікті, құрылымы талапқа сай болу керек. Мәселен, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін мысалға алып қарастырайық. *Месячный срок* – айлық мерзімде (дұрыс нұсқасы – бір ай мерзімде), *подписано директором* (начальником) - директоромен қол қойылды (дұрысы нұсқасы – директор, бастық қол қойды), т.б.

«Тұлға» сөзінің қолданылуы туралы. «Тұлға» - қоғам және өнер қайраткерлеріне, жоғары лауазымды, сондай-ақ қоғамдық өмірге белсенді қатысатын адамдарға қатысты айтылады. Лица, страдающие алкоголизмом или лица безопределенного местожительства - алкоголизмге шалдыққан тұлғалар немесе тұрғылықты тұратын орны жоқ тұлғалар делініп жүр, бұл жерде тұлғалар емес, адамдар немесе маскүнемдік жолға түскен (адам екені белгілі), *представит информацию* десе ақпарат ұсынсын деп көрсетеді, ал оны белгілі бір орындарда тапсыру керек, жіберсін, тапсырсын деп қолданысқа енгізуге болатындығын

қаперге алу керек. Бұдан басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады. Сөйлемнің сөздерден құралатынын ескерсек, осындай жекелеген сөздерді қай жерде қалай қолдану керектігін деп басу тану сөйлемнің тілдің ережелеріне сай құрастырылуы, яғни айтқанда стилінің дұрыс болуы деп түсінген жөн.

Аударманың психологиялық, лингвистикалық ерекшеліктері мен өзгешеліктері де айтарлықтай. Аударманың қай түрін алып қарасаңыз да қиын да күрделі. Онда аудармашының барлық рухани күш-жігері жұмсалатыны белгілі. Ең басты деген психологиялық элементтері мыналар: қабылдау, түсіну, түйсіну, ойлау, эмоция, елестету, ерік, ес, зейін және тағы басқалар. Аудармада білім мен қиял, тәжірибе мен шеберлік өзіндік ерекшеліктерімен астасып жатады. Аударма тілдің барлық салаларымен тікелей байланысты, сондай-ақ әдебиеттану, эстетика, тарих, филология, кибернетика, әлеуметтану, психология, т.б. ғылымдарға да ортақ сала болып табылады. Неміс зерттеушісі К. Райс: «Аударма үдерісі – тіпті таза лингвистикалық операция емес. Тіл білімі, әдебиеттану, аударма теориясы, психология, этнология – осылардың бәрі ғылыми пәннің бөлімдері ғана» [4, 87], - дейді. Қоғамдық ғылымдар арасында аударманы шығармашылық үдеріс ретінде арнайы зерттеу негізі психологиямен сабақтастырыла байланыстырылады. Аударманың өзіндік психологиялық ерекшелігі айындалған. Аудармаға психологиялық қатынас аударманың тікелей өзін зерттеуге де, аудармадағы «адам компоненттерін» зерттеуге де, аудармашының психологиялық тандауына талдау жасауға да бағыттталып отырады. Аударма психологиясының ерекшелігінде екі тілдің типологиясы мәселесі, яғни билингвизм және автоматтандырудың рөлі, әсіресе синхронды аудармада әрбір тілде ойлау жүйесіне сай сөйлеу мен тілдік қатынас, сонымен бірге ішкі сөйлеу мен аударманы ұштастыра жүргізу және тағы басқа да мәселелер қамтылған.

Латынша аударманы басқа жеткізу түрлерінен, мысалы *translation studii* – «білімді жеткізу, «передача знаний» және *translation imperii*, «билікті жеткізу», «передача власти» ажырата білу үшін «тілдерді жеткізу» *translatio linguarum*, «передача языков» деген ұғымдарды қолданған. Аударманы талдағанда ең алдымен тіл мәселелері қарастырады. Аударма теориясы салыстырмалы әдебиеттанудың, қолданбалы лингвистиканың, филологияның арнайы бөлімі деп саналады.

Әу бастан-ақ аудармашылар әртүрлі тілдік қоғамдастық өкілдерінің коммуникативтік қарым-қатынасында делдал болды. Аудармашының міндеті аударма тілі арқылы форманың және мазмұнның бірлігін сақтай отырып, түпнұсқа мәтінінің дәл мазмұнын жеткізу еді. Қазіргі кезде тілдерді салыстырмалы зерттеу саласындағы зерттеулер аударманың лингвистикалық теориясын құру үшін үлкен мән-маңызға ие. Аударма барысында бірнеше себептерге байланысты көптеген өзгерістер пайда болды. Өйткені ол көбіне тілге және оның сөйлеушілеріне тән дүниені көруге байланысты болатын.

Аудармашы әдебі де – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі. Аудармашы мамандығының күрделілігі – оның таза интеллектуалды болуында. Көрермендер залында – өзінің шеберлігін көрсететін әртіс сияқты, аудармашы да өзінің біліктілігі мен шеберлігіне ғана кәміл сенеді. Ғалым Хаматова А. А. [5] аудармашы әдебін аудармашы өз жұмысында ұстануға тиісті моральдық қағидалардың жиынтығы ретінде анықтайды. Ғалым әр аудармашының келесі әдептік дилеммаларға тап болатындығына назар аударады, мәселен, мынадай сұрақтарға назар аудартады:

- Аудармашы өзі аударатын талқылауға қатыса ала ма?
- Аудармашының өзі аударып отырған материалдың мазмұнына жауап бере ала ма?
- Аудармашы спикерден жауап ала ала ма?
- Аудармашы аударылған мазмұнға өз көзқарасын білдіре ала ма?
- Аудармашы әңгімеге қатысушылардың қимылдарын «аударуы» керек пе?
- Аудармашы спикердің жұмысын тоқтатуы мүмкін бе?
- Аудармашы анайы сөздерді аударуы керек пе?

Міне, осы тектес сұрақтар төңірегінде ой толғап, А.А.Хаматова этикалық мәселелерді аудармашы алдына қояды.

Аудармашының интеллектісі, оның мінсіз сыпайылығы мен дұрыстығы, жан-жақты білім, өзін-өзі бағалау, өз кәсібінің маңыздылығын сезіну, ғалымның пікірінше, аудармашы әдебінің ажырамас элементтері болып табылады. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, аударма теориясы бойынша оқулықтардың авторы И.С. Алексеева [6] аудармашының кәсіби әдебінің мәнін паш ете отырып, «Кәсіби этика дегеніміз белгілі бір кәсіби салада өзінің қызметтік міндеттерін атқаратын қызметкердің көзқарасы бойынша ең жақсы болып көрінетін қарым-қатынастың белгіленген түрі, мінез-құлық кодексі», - деп ой түйеді [5, 152].

Белгілі бір шығарма авторының жалпы халықтық қордағы сөздерді, тұрақты тіркестерді пайдалануы, өз тарапынан жаңа сөз тұлғалары мен сөз тізбектерін жасауы – көркем аудармадағы ойлаудың бейнелік типінің нәтижесі. Автордың суреткерлік даралығы мен талантынан туындайтын дербес шығарманы келесі бір аударылатын тілге тұтас жеткізуі – аудармашының шеберлігі. Аударма мәтіннің айтылған талаптарға сәйкес жүзеге асуы аудармашының ойлау-психикалық қабілеті мен білім-біліктілігіне байланысты. Түпнұсқада айтылған ойды қандай да бір әдіс-тәсілдермен жеткізудің амалдарын іздестіру барысында аудармашы негізгі нұсқаны талдап және саралап, қорытындылап, түпнұсқа мәтіннің негізгі идеясы мен мән-мазмұнын талдап түсінісу және осы идея мен мазмұнды екінші тілдің құралдары арқылы жеткізу мәселелерін шешуге тиісті [7, 178].

ҚОРЫТЫНДЫ

Филолог-аудармашының білімі осы мақалада атап өткеніміздей мәтіндерді аудару және редакциялау тәрізді бірнеше тілдермен, мәтіндермен жұмыс істеуді қажет ететін кез келген салада қолданыс табуы қажет. Нағыз аудармашы жазбаша және ауызша аударма жасайды, аударматану және филология саласында зерттеулер жүргізеді, гуманитарлық және техникалық бағыттағы орта арнайы, кәсіби оқу орындарында шет тілі оқытушысы қызметін атқара да алады. Бұдан басқа, филолог-аудармашы әртүрлі іс-шараларда ілесіп аударма жасай алады, сондай-ақ тілдерді үйренуге арналған оқулықтар жазады, тіл үйрете біледі. Тілді үйретудің жаңаша әдістерін, машиналық аударманың бағдарламаларын әзірлейді. Аударманың лингвистикалық теориясының дамуына қосалқы күш болған нәрсе машиналар арқылы аударма жасау жүйесін құру болатын. Филология мамандығында оқитын студенттерге аударма ісінен қосымша білім беру шеттілді білім беруді дамытудың ұлттық тұжырымдамасын жүзеге асыруға қабілетті, бәсекеге қабілетті жаңа буын мамандарды дайындауға көмектесетіні сөзсіз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [8], - деп атап өткен еді. Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Яғни, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – дара халықтың жаратылысындағы айырықша антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, тұрмыстық-шаруашылық негіздеріне дейін толық қамти алуында. Бір сөзбен айтқанда, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілтінің бүтін болуы. Филолог-аудармашы мамандығы Қазақстанның барлық ЖОО-да ашылған жағдайда, Қазақстанда мемлекеттік тіл мәртебесінің құзыреті мен функционалдық проблемалары дұрыс шешімін тауып, туған тіліміздің өрісі кеңейіп, өресін биіктететін аса пәрменді тетіктердің бірі қалыптасар еді. Аталған мамандық бойынша білім берудің ғылыми-концептуалдық негіздемесі «жаһандық бәсеке және ұлттық код» контекстінде жаңара түсер еді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Латышев Л.К. Технология перевода. Учебное пособие для студентов лингвистических вузов и факультетов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Академия, 2005. – 320 с.
- 2 Savory H. The Art of Translation. – London, 1957. – P. 48-49.
- 3 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 11.04.2019.
- 4 Reiss K. Möglichkeiten und Grenzen der Uebersetzungskritik. – Muenchen, 1971, [http://www. Idiomtransfer. Com/ artikel /artikell](http://www.Idiomtransfer.Com/artikel/artikell).
- 5 Хаматова А. А. О курсе «Переводческая этика переводчика». Журнал «Известия восточного института». Дальневосточный федеральный университет. Вып., № 1/2011. С. 53 - 64.
- 6 Алексеева И. С. Введение в переводоведение: Учеб. пособие для студ. филол. и лингв. фак. высш. учеб. заведений. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ; М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 352 с.
- 7 Аударманың өзекті мәселелері // Құраст: С.Құлманов. – Алматы: «Palitra-Press» - 2015. - 296 б.
- 8 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір, 2017 жыл.

Н.С. Камарова¹, К.К. Сарекенова²

Особенности специальности филолога-переводчика

¹Каспийский Государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

В данной статье идет речь о том, что в современном мире глобализации специальность филолога-переводчика пользуется особым спросом, о направлениях подготовки специалистов по профилю филолога-переводчика. В статье рассматриваются некоторые аспекты перевода в условиях глобализации знаний. На выбор переводческой стратегии влияют многие факторы: идеология и образование переводчика, цель перевода, нормы языка перевода, и т.д. Тем не менее, основным фактором является цель перевода. Для того чтобы сделать качественный перевод, переводчик должен применять более гибкий подход. Этика переводчика складывается из моральных принципов, нравственных правил, норм поведения в обществе и норм поведения в профессиональной среде. Основная тема статьи говорит на эти вопросы. А также в статье речь пойдет о переводе официальных документов и психологических, языковых особенностях перевода.

N.S. Kamarova¹, K. K. Sarekenova²

Features of the specialty philologist-translator

¹Caspian state university of technologies and engineering named afer Sh. Yessenov Aktau, Kazakhstan.

²L. N. Gumilyov Eurasian National University Astana, Kazakhstan

This article refers to the fact that in the modern world of globalization, the specialty of a philologist-translator is in special demand, about the areas of training specialists in the profile of a philologist-translator. The article discusses some aspects of translation in the context of globalization of knowledge. The choice of a translation strategy is influenced by many factors: the ideology and education of the translator, the purpose of the translation, the norms of the language of translation, etc. However, the main factor is the purpose of the translation. In order to make a high-quality translation, the translator must use a more flexible approach. The ethics of the translator consists of moral principles, moral rules, norms of behavior in society and norms of behavior in a professional environment. The main topic of the article speaks to these questions. And

also in the article we will focus on the translation of official documents and psychological, linguistic features of the translation.

ӘОЖ 811.512.122:811.111`255

Б.М. Мизамхан¹, А. Тұрсынақын²

¹ф.ғ.к. доцент, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: fpif@ablaikhan.kz

²докторант, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: aigul520@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КИНОФИЛЬМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СУБТИТРЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада қазіргі таңдағы аудармадағы қажеттіліктер мен аударма саласының маңызды бір саласы болған ағылшын тіліндегі кинофильмдерді субтитрлеуде қойылатын талаптар және субтитрлеудің негізгі шарттары, көңіл бөлетін әдіс-тәсілдер туралы сөз болады. Мақалада ғалымдар мен зерттеушілердің осы сала бойынша зерттеген іргелі еңбектеріндегі кейбір түйткілді мәселелер туралы айтқан ой пікірлерін, ғылыми көзқарасын да қамтуды жөн көрдік. Тәуелсіздіктен кейінгі кинофильм аудару саласында сақталған қиындықтар да тілге тиек етіледі.

Түйін сөздер: киноаударма, ағылшын тілі, субтитрлеу, зерттеу, аудармадағы мәселелер, кино-фильм.

КІРІСПЕ

Аударма - бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл әрі толық жеткізетін тілдік қимыл. Осыған дейінгі аударма тәжірибелеінен сараптап қарасақ, аударма барысында ана тілден өзге тілге аудару бір шама қиындықтарды ала келеді. Себебі, әр қандай аудармашының өзге тілмен бейнелеу, сол тілге жеткізу қабілеті ана тіліндегідей бола қоймайды. Сондықтан екі тілге бірдей ысылған маман болу, аударуға тиісті материалды өз қалыбында тура әрі нақты жеткізуге дағдылану аудармашы боламын деген маманның көздеген нысанасы, арманы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлемдік тіл ғалымдары мен аударматанушылардың құнды пікірлеріне сүйенсек, жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтар бір-бірімен өзара қолданысқа түсіп жатқан 2796 тіл бар екенін ескерсек, аударманың біз үшін қаншалықты қажеті бар екені, қаншалықты маңызға ие екенін түсіне аламыз. Сол үшін де аударманы халықтар мен халықтардың, мемлекеттердің өзара байланыс орнатуына дәнекер болатын маңызды құрал деуге болады. Осындай маңызды құралдың қажеттілігі күн сайын туындап келеді. Өйткені, адамзат санасына, руханиятына, саясатына, әдебиетіне, мәдениетіне т.б. ларына аударма саласы айтарлықтай қызмет өтейді.

Бұл туралы ғалымдар зерттеп, өз пікірлерін ортаға салып, арнаулы ұсыныстар айтқан. Мемлекеттік тілді дамыту институтының қызметкері А. Есенқұлова өзінің «Аударманың түрлері» атты мақаласында: «Алдымен, шетелдік аудармашы, ғалымдардың аударманы қандай түрлерге бөліп, жіктегеніне аз-кем тоқталып өтейік. 1680 жылы ағылшын аудармашысы Дж. Драйден (1631-1700) аударманың 3 түрін ұсынады: – Біріншіден, «метафраз» – түпнұсқаның дәл жеткізілуі, – екіншіден, «парафраз» – түпнұсқаның түріне емес, ерекшелігіне бағдарланып, еркін жеткізілуі, – үшіншіден, «имитация» (еліктеу) – түпнұсқа тақырыбына жазылған шығарма. ХХ ғасырдың екінші жартысында ағылшын аударматанушының теориялық жағын дамытуға өз үлесін қосқан Т. Сэвори «Аударма өнері» кітабында (Лондон, 1952) аударманың мынадай 4 түрін көрсетеді: – Кемел құнды аударма – таза ақпаратты фраза хабарландырулардың аудармасы. – Барабар аударма – мазмұны ғана маңызды,

баяндалуы аса маңызды емес сюжетті шығармалардың аудармасы. Аударманың бұл түрінде аудармашы мағынасы түсініксіз сөзді немесе тұтас сөйлемдерді түсіріп тастайды да, түпнұсқаны басқаша баяндайды. – Аударманың үшінші түрінің аты жоқ. Бұл – классикалық шығармалардың аудармасы. Онда форманың да, мазмұнның да сақталуы маңызды. – Аударманың төртінші типі «барабарға» (2-ші типке) жақын. Бұл ғылыми-техникалық материалдардың аудармасы. Олардың пайда болуы тәжірибелік қажеттіліктерден туады. Тәржіменің бұл түрі аудармашыдан түпнұсқада сөз болып отырған жайт туралы көп білуді қажет етеді» деп ашық көрсеткен. [1, 103-104].

Аударма жұмысы өз тәсіліне қарай ауызша аударма, жазбаша аударма болып бөлініп келген. Қазіргі таңда бұл топқа заманның даму деңгейіне ілесе ілеспе аударма сияқты жаңа түр қосылды. Біздің осы мақаламыз жазбаша аударма түріне жататын телефильм аудармасы туралы ой өрбітеді. Жаһандану дәуірі бізге әлемнің әр түкпіріндегі болып жатқан жаңалықтар мен ғылым техника жетістіктерін дер кезінде біліп отыруға жетелеп келеді. Әрине, ол үшін ағылшын тіліндегі кино-фильмдер мен әртүрлі ақпараттар, кітаптарды аудару жұмысы өз кезегінде тұр деуге болады. Осы негіздес пікірді де ғалымдар әлде неше рет айтып, зерттеген. «Аударма процесі үш кезеңнен тұрады: 1) талдау кезеңі – түпнұсқа құрылымы шығыс тілдің ядролық құрылымына айналады (шығыс тіл аясындағы трансформация); 2) аудару кезеңі – шығыс тілдің ядролық құрылымы кіріс тілдегі балама ядролық құрылымдармен ауыстырылады (тіларалық трансформация); 3) жинақтау (синтез) кезеңі – кіріс тілдің ядролық құрылымы аударма мәтінінің («терминальды») құрылымына айналады. [2, 57].

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары еліміздің аударма саласы да дамуға жол ашып, алпауыт елдердің түсірген мағыналы да оқиғалы фильмдерін ана тілімізге аударып, көрермендерге көрсетуге мүмкіндіктер жасап келді. Осы уақыттарда біздің теле көрермендеріне көптеген тамаша фильмдер мен интеллектуалды бағдарламалар аударылып таратылды. Көптеген аудармашылар жүктелген міндеттен шығу үшін, жан-жақты болуға талпынып, жаңа дәуір тілін меңгеріп, ана тілімізге сөйлете білді. Ағылшын тіліндегі фильмдерді аударуда қиыншылықтар да көптеп кездесетіні мұнда тұр. Жазбаша аудармашылардың саны шекті болғандықтан, кейде жаңадан бастап тіл үйренушілер де осы жұмысқа атсалысып жатады. Жазбаша аударма – аудармашының мол білімді, қалам қуаты мықты, ана тілін де жақсы білетін, сөзді құбылтып, орнына қоя алатын маман иесі болуды талап етеді. Олар түпнұсқаға адал болып, айтылған ой мен идеяны, заман мен дәуір тілін сол уақыт аясына сай етіп қолданып, аударған мазмұнды қайта-қайта өңдеп, көрермендердің түсінуіне орай жаратуды негіз етеді. Телефильм аудармасының жұмысы міне дәл осы талаппен үйлеседі. Оның да қажет ететін шарттары мен мүмкіндіктері осындай.

Ағылшын тіліндегі көрілімі жоғары, жақсы түсірілген телефильмдерді қазақшалау қазіргі уақыттағы кезек күттірмейтін жұмыс. Себебі, осыған дейін орыс тілінен аударып, көрермендерге ұсынып келдік. Ал жаңа дәуір жастары әлем тілі болған ағылшын тілін меңгеріп, Тәуелсіз елге үлес қосу мақсатында наше түрлі жанрдағы фильмдерді ана тілімізге аударып, дайындап жатыр. Бірақ кейде аудармалар жұрт көңілінен шықпай алып жататын жайттер кездеседі. Мұндағы себеп, аудармашының ағылшын тілін жақсы білгенімен, ана тілін жақсы білмеуі немесе аударатын материалды толық түсінбеуінен келіп шығады. Қазақ тілі аударма барысында сөз ойнатуға, мақал мен мәтелдерді қосып, афоризмдеп сөйлеуге бейім тіл. Ендеше, аудармашы осы қасиеттерді меңгере отырып, аударуға тиісті материалды мағыналық ерекшеліктерімен қазақ тілінің нормасына сай етіп, жұртқа жақын етіп аударуы керек.

Өз тәжірибеме сай ағылшын тіліндегі телефильмдерді аударуда мына жайттерге көңіл бөлу керек деп ойлаймын: аудармадағы сөз қарқыны, мөлшері; түпнұсқа материалдағы сөздер мен сөйлемдердің, ойдың бұрмаланып кетуінен сақтану; түпнұсқадағы идеяны толық жеткізуге мүмкіндік қарастыру; аударманың өзгелерге түсінікті болуына мән беру; аударма барысында сөз-сөйлемдерді мүмкіндігінше аз қайталау; аударманың әдеби тіл нормасын сақтау, дауысқа, әуезге жақын әрі қолайлы етіп аудару; мінез-құлықты бейнелейтін сөз-

сөйлемдерді аударылатын тіл мен аударатын тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сай етіп аудару; ауызекі сөздердің дұрыс беру.

Аудармаға қойылатын талаптарды Х.Савори төмендегіше санамалайды: 1. Аударма түпнұсқаның сөздерін беруі керек. 2. Аударма түпнұсқаның мағынасын беруі керек. 3. Аударма түпнұсқа тәрізді оқылуы керек. 4. Аударма аударма тәрізді оқылуы керек. 5. Аударма түпнұсқаның стилін беруі керек. 6. Аударма аудармашының стилін беруі керек. 7. Аударма түпнұсқаға сай шығарма ретінде оқылуы тиіс. 8. Аударма аудармашыға сай шығарма ретінде оқылуы тиіс. 9. Аудармада автор қосқан (добавления) және түсірген (опущения) сөздер болуы мүмкін. 10. Аудармада автор қосқан (добавления) және түсірген (опущения) сөздер болмауы керек. 11. Өлең аудармалары қара сөз түрінде аударылуы тиіс. 12. Өлең аудармалары өлең түрінде аударылуы тиіс [3, 48-49].

Міне, осы сияқты алғы шарттар біз сөз етіп отырған ағылшын тіліндегі фильмдерді қазақ тіліне аударуда ескеретін маңызды талаптар деуге болады. Осыған дейінгі фильм аударма жұмыстарындағы кездескен қиыншылықтар мен келеңсіздіктер туралы қоғамда талқы, талас-тартыстар да болған. Әсіресе, ұлттық сана-сезім, болмыс, мінез-құлық туралы мәтіндерлі аударуда қателіктер көп болады. Өйткені, аудармашы түпнұсқа мәтіндегі сол халықтың ұлттық ерекшелігіне, салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты атаулар мен сөз қолданыстарын толық түсінбеген болуы мүмкін. Бұл туралы осы саланы зерттеп жүрген ғалым В.С.Виноградов өз сөзінде: «Аударма мәдениеті үздіксіз өсіп келеді. Сонымен бірге, қазіргі бар аудармалардың өзінің де маңызын елемей, оны «мәртебелі ғылымның» назар аударуына арзымайтын нәрсе деп кемсітуге болмайды. Ондай пікірден қауіпті қорытынды шығып кетуі мүмкін. Аудару арқылы, тұтас алғанда, түпнұсқаның бар қасиетін беруге болмайды деу – түпнұсқаның тілін екінші тілде бейнелеуге келмейтін әлдеқандай бір құпия жазу деп бағалағандық болар еді»[4, 4],– деп аударманың қилы кезеңдері мен кездесетін қиындықтары туралы өз пікірін айтқан.

Аударманың сан-салалығы, бізге жеткізетін информациясының алуан түрлілігі ізденушілер үшін, аудармашылар үшін ауадай қажет. Ағылшын тіліндегі фильмдерді қазақша субтитрлеу ағылшын тілін үйренушілерге, жаңадан шығып жатқан кинофильмдерді көруге асығып жүретін фильм жанкүйерлеріне тамаша мүмкіндік жаратады. Олар түпнұсқа тілінде тыңдап, қазақ тілінде түсініп, фильмнің айтар ойын, өзекті идеясын, мақсатын түсіне алады.

Өз тақырыбыма байланысты таңдаған фильм «Sherlock Holmes» желлес фильмдерінің «Woman in Green» бөлімінен мысал келірейін. Осы фильмдегі «A week. How fast it is gone». [5, Hardly, 7:26 минут] дегенді қазақша «Бір апта өтті. Аттай желген уақыт-ай» деп, «Lovely idea» [6, 8:05 минут] «Тамаша идея» деп, «Charming place» [7, 9:42 минут] дегенді «құдды хан сарайы», «Toy boats were my special joy. Toy boats sailing into the never-never land» [8, Hardly, 11:32 минут] « Қағаз кеме менің көңіл ашар ойыншығым. Ол мәңгі құрлыққа шыға алмайды» деп субтитрлеуімізге болады. Ал ағылшын тіліндегі кинофильмдерде үнеміз кездесетін «Better late than never» (ештен кеш жақсы), «East or West home is best» (өз үйім – өлең төсегім), «many men many minds» (қанша адам болса сонша пікір бар), «he who laughs at crooked man should walk very straight»(күлме досқа, келер басқа), «patience is a virtue» (сабыр түбі – сары алтын), «promise is a debt» (ержігіт екі сөйлемес), «never say die» (үмітсіздік – шайтан ісі), «one man does not make a team» (жалғыздың үні шықпас), «blind men can judge no colours» (соқыр өгізге бәрі топан немесе соқыр тауыққа бәрі бидай), «seeing is believing» (естігеннен көрген артық немесе естігеннен сенбе, көргеніңе сен), «clothes make the man» (адам көркі шүберек), Little strokes fell freat darks (Еңбек етсең емерсің), You must reap what you have won (Не ексең соны орасың), Confessing a difficult makes half amends for it (Қателікті мойындау – оны жартылай түзеткенмен тең), Patience is bitter but its fruit is sweet (Шыдаудың өзі ащы болғанымен, жемісі тәтті), Nothing is impossible to a willing heart (Қиын іс жоқ ғаламда, ықылас қойға адамға), A good medicine tastes bitter (Дос жылатып айтады), Nothing seek nothing find (Жүргенге жөргем ілінеді), There is no rose without a thorn (Мінсіз адам

болмайды) осы тектес мақал-мәтелдерді осылай ыңғалй, түсінікті етір аударуға болады. Сонда мағыналық ауытқу, артық сөз кездеспейді. Бұл тұрғыдағы аударма тұрын еркін аударма деуге болады. «Еркін (вольный) аударма дегеннің қағидасынан аудармашының түп нұсқаның мазмұнын өз бетінше әңгімелеп кетуі деген ұғым туындайды. Түпнұсқаны аудару тәсілдерінің қатарында аталып жүргенімен еркін аудармаға бой ұрып жүрген аудармашылар жоқтың қасы десе де болады. Еркін аударманы пайдаланған аудармашы түпнұсқаның мағынасы мен рухына қаныға отырып, оларды өз формасына түрлендіреді. Аударма ежелден келе жатқан адамның іс-әрекеті. Адамзаттың дамуы (нақты айтқанда, білім, ғылым, техниканың дамуы) ұлтаралық, мемлекетаралық қатынастардың (сауда, шаруашылық, 43 құрылыс, ғылым салаларындағы қызметтестік) нығайып тереңдеуіне алып келеді. Соның нәтижесінде аударма пайда болып, халықтардың бір-бірімен тіл табысуына зор үлес қосып келеді. Адамның атқаратын іс-әрекеттері түрленіп, байыған сайын, аударма да түрленіп, дамып келеді»[9, 42-43].

Дегенмен, аударманың машахаты өз алдына бөлек. Осыған дейін ағылшын тілінен аударылған кинофильмдер мен басқалай аударма материалдардан кездесетін қателіктердің бастысы – аударманың түпнұсқасының маңызын түсінбеу. Бұл туралы С.Құлманов өзі құрастырған Аударманың өзекті мәселелері атты еңбегінде: «Аударма процесі – ұлт пен ұлттың тілдік, әлеуметтік, саясиэкономикалық қатынастарына әсер ететін күрделі де жан-жақты сала. Оның қызметін саралай келе, төмендегіше анықтама беруге болады: – «Аударма» сөзінің астарында белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін – ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу саналады. Аударма процесі (оның нәтижесі) қостілділік жағдайында, яғни бұл қатынас үрдісінде екі тілдің қатысуы негізінде, демек тіларалық жағдайда өтеді. Сондықтан аударманы ауызша немесе жазбаша мәтінді тіларалық қайта құрастыру немесе трансформациялау деп анықтауға болады. Сонымен бірге аударма бір тілде айтылған ойларды (сезімдер мен эмоция) басқа тілдік құралдармен жеткізу барысында айқындалады немесе бір тілдегі (негізгі тілдегі) материалды басқа тілдегі (аударма тілі) баламалық мәтіндік материалмен ауыстыру болып табылады. Осылайша аударма процесі қостілділік жағдайының шартындағы психолингвистикалық қызметтің күрделі түрі саналады» дейді [10, 73].

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік кезеңде біздің арамыздан суырылып шығып, аударма саласына үлес қосуға дайын жастар шоғыры пайда болды. Олар әр тілден түпнұсқада аударма береді. Ежелгі кездегідей алдымен орыс тіліне жүгінетін дәуір келмесе кетті. Енді осы мүмкіндіктер арқылы әлем халықтарының түсірген керемет кинофильмдері үздіксіз қазақшаға аударылып, субтитрленіп отыруы тиіс. Қазір аударма мен аудармашы туралы көптеген пікірлер жазылып, айтылып жатыр. Сол пікірлердің бірі ретінде Сарбас Ақтаев: « Ұлт пен ұлтты, жұрт пен жұртты, әдебиет пен әдебиетті жақындастыратын бір құрал - аударма! Демек, аударма өскеннің үстіне өсе түсіп, қарыштай дамиды. Меніңше, қазір тек орыс тілінен ғана емес, әр тілден аудару керек. Бүгінгі оқырман парсы, араб, қытай, ағылшын, неміс, француз, испан тілінен оқығысы келеді. Сол тілдерден аударатын жас жігіттер жас толқынның арасынан шығу керек. Келешекте аударма ісі жойылады дегенге сенбеймін. Тек ол үшін кадр даярлау керек. Ол үшін мемлекет қолдау көрсетуі қажет», – деп өз қозқарасын жасырмайды. Әрине, аударма саласына да мемлекет қолдау көрсетіп, үздік аудармашылар қосынының жетіліп шығуына жәрдемші болуы ұлт мәдениетіне деген шынайы жанашырлық болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Есенқұлова А. ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. №2 (32). 2012.
2. Розенцвейг В.Ю. Перевод и трансформация//Трансформационный метод в структурной лингвистике. –М., 1964.
3. Savory H. The Art of Translation. –London, 1957.
4. Виноградов В.С. Аударма – қас өнер атты мақаласынан. «Translation» сайтынан.

5. «Sherlock Holmes» желіес фильмдерінің «Woman in Green» бөлімінен.
6. «Sherlock Holmes» желіес фильмдерінің «Woman in Green» бөлімінен.
7. «Sherlock Holmes» желіес фильмдерінің «Woman in Green» бөлімінен.
8. «Sherlock Holmes» желіес фильмдерінің «Woman in Green» бөлімінен.
9. Аударманың өзекті мәселелері//Құраст:С.Құлманов. Алматы: «Palitra-Press», 2015 ж.
10. Аударманың өзекті мәселелері//Құраст:С.Құлманов. Алматы: «Palitra-Press», 2015 ж.

ж.

Б.М. Мизамхан¹, А. Тұрсынақын²

Особенности субтитрования английских кинофильмов на казахском языке

^{1,2}Казахский университет международных отношений и мировых языков им.Абылай хана
Алматы, Республика Казахстан

В данной статье рассматриваются методы и способы, которые затрагивают основные условия создания субтитров и требования к субтитрам англоязычных кинофильмов, которые на сегодня стали одним из важных сфер переводческой отрасли и требований перевода. В статье мы решили включить взгляды и научные точки зрения ученых и исследователей по некоторым ключевым вопросам их фундаментальных исследований в этой области. Также упоминается о трудностях в сфере перевода кинофильмов после независимости.

В.М. Mizamkhan¹, А. Tursynakyn²

Peculiarities of subtitling English film and TV series in Kazakh language

^{1,2} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
Almaty, Kazakhstan

This article discusses the main skills and requirements in subtitle translation of English movies and TV series into Kazakh, which is considered as one of the important field of contemporary translation, as well as the relevant techniques and approaches to subtitle translation. We include the scientific views of different researchers about some of the key issues in their fundamental research, studied in this area. The difficulties in translating in the post-independence years in the field of film translation are also expressed in this article.

УДК 80

В. Mizamkhan¹, Т.М. Nuradilova²

¹c.ph.s., associate professor, dean of the Faculty of Translation and Philology at Kazakh Ablai Khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan, e-mail: baglan_mizamkhan@mail.ru;

²MA in Translation Studies, PhD student at Kazakh Ablai Khan UIR and WL, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tos9_@mail.ru

UNCOVERING TRANSLATION STRATEGIES USED IN THE TRANSLATION OF THE ENGLISH NOVEL 'BRIDGET JONES' DIARY' BY HELEN FIELDING: THE BALANCE BETWEEN DOMESTICATION AND FOREIGNIZATION

Differences of delivering the text in translation is analyzed from the perspective of translation strategies, namely domestication and foreignization. Domestication here is considered as adapting foreign elements to the presupposed expectations of the target audience, while the foreignization, in contrast, focuses on alienating uncommon concepts in translation and avoiding the creation of familiarity. The analysis, first of all, considers differences in background of the target audience that might have affected the changes that the text undergone in translation. The analysis revealed that certain amount of semantic changes took place in order to reduce possible difficulties connected with fluency, nevertheless it was concluded that both domestication and foreignization were equally present in the analyzed text. It should also be noted that many of the analyzed language units were

generalized, and it was difficult to consider them as a part of the given strategies because generalization does not really adopt the meaning semantically even though it certainly takes away the foreignness of the concepts.

Key words: translation, foreignization, domestication, Venuti, culture specific concepts, background information.

INTRODUCTION

When translating literary works where different readership is a target, translation faces a dilemma of whether to adopt the text to suit the presupposed background of the new audience or to keep the content and form of the original text. These two concepts are mainly expressed in the principals of Schleiermacher [1, 49] ‘to leave the author in peace as much as possible and to move the reader toward him; or to leave the reader in peace as much as possible and to move the author towards him’ and in the idea of a ‘translator’s invisibility’ of Venuti [2]. Their studies can be seen as focused on the strategies known as domestication and foreignization, usage of which should make a final product of translation presentable to the reader the way it would be received by the initial audience.

This paper is a translation analysis of the English novel ‘Bridget Jones' Diary’ by Helen Fielding [3] by Moscvicheva A. [4]. The story is built around the life of a woman living in modern England in the 1990th, and focuses on problems of modern women such as loneliness or problems in private life. The choice to analyse the translation of this book can be reasoned by its association with the invisibility of a translator, since culturally loaded context does not seem to pose much of a challenge for its readability. Analysis of the translation should reveal that wide use of domestication can be seen mainly in the translation of concepts that exist in both languages but considerably differ from each other. Accordingly, foreignization should mostly be used with concepts that are presented in the original, but are not covered by world view or background of the target audience. Due to the limited scope of this paper, the analysis of the translation was narrowed down to one chapter.

MAIN PART

The idea of Venuti [2, 17] that ‘translation is re-writing’ can be considered especially when dealing with culturally loaded written works that may not necessarily be understood by readers from different culture on the same level. Therefore, any work during translation should undergo certain adjustments in regard to the differences in world view of the target audience. On the other hand, on the edge of globalization, when people should have some common knowledge and be aware of each other’s differences, the translation of literary work with minor changes of content can introduce culture-specific concepts understood by a source language audience as well as maintain the accuracy of the original text. On the basis of these two contradicting conditions, the idea of re-writing can be reflected by making certain decisions on which translation strategies are to be employed.

Here is an analysis of selected sentences of ST and their translation, which were chosen as broad examples of domestication and foreignization:

Source text	Translation (back translated from Moscvicheva A.)
‘... I guzzled them by the light of the Christmas tree, together with a couple of mince pies , the last of the Christmas cake and some Stilton , while watching <i>EastEnders</i> , imagining it was a Christmas special .’	... I guzzled them under the lights of Christmas tree, accompanied by a couple of more baked stuffed buns with meat , remnants of the cake and fat-laden cheese «Stilton» . At the same time I was watching «Residents of East-End» , trying to imagine that this was a Christmas programme .

The way how translation presents certain information requires domestication: for example, in order to emphasize a word, the original text tends to italicize it, however, in the translation italics as a means of emphasis are avoided completely since it may not represent the same accent in printed texts written in TL, probably because this language has its own means to stress particular information. The other cases are the names of various things unknown to the target audience, for example food products, which just start with capital letters in the original, and are also taken into inverted double commas in translation. It can be seen that even though information is presented, with inverted commas and not with italics, this strategy corresponds to the domestication; therefore translations of these foreign names should be considered as a clear example of foreignization. According to the domestication strategy information like 'Stilton' and 'EastEnders', which requires a particular background, should have been adapted according to the assumed knowledge of the target audience, in other words, it should be replaced by names of local products. In our case the names are transferred with the help of transliteration and calque. It can be assumed that despite the introduction of culturally specific notions into TL through foreignization, the translator prioritized fluency. Therefore the translation gave some additional information identifying that 'Stilton' is a cheese and 'EastEnders' is a television programme. Since the given examples do not give any associations amongst target readers, giving additional clarifying information along with unknown notions is consistently used throughout the whole text. It can be assumed that total foreignization cannot be favoured with literary works, which are meant to entertain, but not to deal with gaining familiarity with a foreign culture.

Besides additions, there are also cases of information loss. The word 'mince' from the last example was generalized into 'meat' while 'Christmas cake' was rendered as 'cake', which is a common strategy that we can see throughout translated version of this novel. Since culturally specific notions such as those mentioned above are an essential part of the overall story, for the sake of fluent reading, most of them do not actually deliver the full meaning of the concepts. However, generalisation should not be considered as one of the means of domestication, even though in these cases it obviously takes away foreignness of the original. According to Venity [2, 25] this kind of re-writing can lead to confusion in semantics. Translation analysis of 'mince pies' from the same segment is something worth mentioning as an instance of domestication and/or foreignization. In case of 'pie', based on the concepts of 'the signifier' and 'the signified' [5, 37], it has a corresponding word in translation, though at the same time they might have different associations: English pies are assumingly much smaller than the corresponding translation in TL, and probably it was the reason of using translation which corresponds to diminutive or short form of a pie in this translation [6]. However, the same translated unit in TL can actually signify a totally different product and final translation is more than likely to be associated with 'baked stuffed buns with meat' [7]. It can be assumed that the translator preferred the domestication strategy here, however after closer analysis it is not clear what the strategy the translator used here: it is either an attempt to domesticate by replacing a typical English product with a local one, or a failure in foreignizing the text, which can be reasoned according to Baker [8, 68] by difficulties for a translator in 'achieving the same sensitivity that native speaker has', in our case probably in identifying that 'mince pies' actually do not contain any meat.

The similar confusion can be seen in the translation of the chapter's heading 'New Year's resolutions', which means 'My plans for coming year'. In order to maintain fluency in the context, however, it was translated as 'my plans for New Year' which is more natural in TL but again may not actually mean the same. Since New Year is a huge celebration, it is usually planned in advance by target audience, therefore in this structure it can hold a meaning of plans only for one day but not for a whole year which is the case in the original. As a result, common belief that there is no perfect translation reveals itself in prioritizing fluency which leads to domestication, that in its turn can lead to the loss of foreignness of a text. Nevertheless, since examples such as 'mince pies' are

considered to be a onetime case, they are not affecting the flow of the novel much, as in the following case:

Source text	Translation (back translated from Moscvicheva A.)
‘Perpetua... was ... going on and on to the point of utter boredom about latest half-million-pound property she is planning to buy with her rich-but-overbred boyfriend ...’	Perpetua... was relentlessly coming to the point of utter boredom, talking about new property at the cost of half a million pound, which she was going to buy with her rich-but-overbred fellow.

The main idea of the ‘translator’s invisibility’ of Venuti [2, 24] is based on fluent readability of a translation, which can be considered as the main reason of domestication, examples of which are the words constructed by the author such as ‘half-million-pound property’ and ‘rich-but-overbred boyfriend’, that can be seen throughout the novel and indicate the way how the main character expresses her thoughts. Even though meaning does not pose much challenge, it is a specific structure which needs to be conveyed, since one can meet such compound words throughout the text; we can assume that they represent a particular perception of a main character. Respectively, according to Schleiermacher [1, 49], who favours foreignization, keeping particular language style of a text in translation would seem like imagining the author speak in TL. However, in the case of ‘half-million-pound property’, in order to be read easily, translation is transformed into a complex sentence which requires an additional verb. As a result the presentation style is sacrificed for the sake of fluency, and should be seen as domestication of the style of an author, but not the content. To keep the style, this strategy is mostly preferred by the translator in these kinds of cases throughout the whole novel. However from the example of ‘rich-but-overbred boyfriend’, it can be seen that sometimes the structure of a translated message allows keeping the form and content of an English compound words. Anyway, this kind of rare cases still should not be seen as representation of foreignization, but be considered as existing similarities of expressions in both languages.

Going back to the ‘re-writing’ concept, it has been mostly used with notions existing in both languages, but they are expressed in different ways. For example, interjections expressing emotions were domesticated depending on the context. One and the same expression can be translated differently depending on what emotional context it has been used in. Time and measuring identifications were also transferred into target measuring system, for instance, ‘11 p.m.’ - ‘23:00’, ‘from their twenties to thirties’ – ‘from the third decade into the fourth’, in Harvey Nichols Fifth Floor - ‘on the sixth floor of ‘Harvey Nichols’ and etc. The most extreme re-writing in the first chapter, which happened as a result of domestication can be seen from the following example:

Source text	Translation (back translated from Moscvicheva A.)
‘Message Jones. Wish to send bouquet to ailing skirt over weekend. Please supply home contact no asap as cannot, for obvious reasons, rely on given spelling of ‘Jones’ to search in file. Cleave. Yesssss! Yessssss’ Daniel Cleave wants my phone no.’	Message for Jones. Wish to visit ailing skirt over weekends. Please, supply her coordinates and do not refer to absence of information, just rely on spelling of «Jones» and look for it in files. Yesssss! Cleave is asking my phone no.

The associations of ‘sending bouquet’ not being the same amongst the target audience, where flowers are sent mostly, for example, on the occasion of death, and in case of sickness, it is better to talk about ‘visiting’ a person instead. As a result of domestication in the beginning of a segment, it

requires adjustments of the rest of the content: since it is a visit, 'contact no' was changed into 'coordinates'; it seems like the name 'Jones' is widespread to look for in a phone book, which requires personal participation. But it is not a common name in the target audience, therefore in translation it has the meaning 'to look for coordinates in files'.

Though it seems that the domestication strategy is accompanied with a loss or confusion of meaning, it is arguable whether foreignization strategy loses meaning. Domestication is actually preferable in cases of creating the same understanding of a situation among the target language audience. Even though there is a particular reliance on the background of the target reader to foreignize some information, translator is still aware of cultural diversity and generalizes the meaning quite frequently: 1. 'In form of savings' – 'by spinning out money': savings are a particular form of deposit account in the bank system of the UK, and probably lack of the translator's own knowledge about the bank system of this country lead to only general transfer of meaning instead of domesticating when in the target bank system has an equivalent word for it; 2. 'Like Will Carling' – 'like a champion athlete'; 3. 'Silk Cut' – 'pack of cigarettes'; 4. 'Dennis Healey eyebrows' – 'overgrown eyebrows'; 5. 'Fingernails like Struwelpeter' – 'fingernails like those of a vampire' etc. Over-generalization like this could be a reason for the fluent reading of the translation, which builds an association that domestication strategy was preferred by the translator. However, from the analysis of the first chapter it can be seen that both strategies were used equally. As it was mentioned in the introduction, despite being in favour of contradicting strategies, studies of Schleiermacher and Venuti can both be seen as focusing on the final product of translation should be accepted by the reader the way it would be received by the initial audience: either close to the original content, or close to the original effect. And generalisation can be accounted as neutral strategy which neither domesticates, nor foreignizes.

CONCLUSION

The analysis of the translation of the English novel 'Bridget Jones' Diary' by Helen Fielding [3] by Moskvicheva A. [4] revealed that domestication and foreignization strategies discussed by Schleiermacher [1, 49] and Venuti [2] were used in balance: translation of concepts such as style of presenting information which exist in both languages but considerably differ from each other, were mainly domesticated, and concepts which are presented in the original, but are not covered by the background of the target language audience were foreignized with additional clarifying information. The level of fluency achieved in the translation was provided not only with the help of domestication, but also with wide usage of generalization, which was advised not to be considered as part of either domestication, or foreignization.

Closer analysis provided an important tool in clarifying the original first impression about translation strategies used in the text, in our case being in favor of domestication, which was later brought to over-generalization. This study can be a source of further research studies. As in the case of translating 'mince pies', the confusion whether it was an attempt to domesticate or a failure to foreignize raises the question of the translator's own perception of an original text and how it can affect translation; whether foreignization strategy should always be accompanied with clarifying information; and whether generalization is a lazy translation or the only remedy.

REFERENCES

- 1 Venuti, Laurence (ed.) *The Translation Studies Reader*, 2nd edn (London: Routledge). 2004. pp. 43–63
- 2 Venuti, Laurence. *The Translator's Invisibility: A History of Translation* (London and New York: Routledge). 2008.
- 3 Fielding, Helen. *Bridget Jones's Diary* (New York: Viking). 1998.
- 4 Fielding, Helen. 1998. *Bridget Jones's Diary* (New York: Viking) translated by Moskvicheva, A. *Dnevnik Bridzhit Dzhons* (Sankt-Peterburg: Amfora). 2007.
- 5 Munday, Jeremy. *Introducing Translation Studies*, 2nd edn (London: Routledge). 2008.

6 Oxford Online Dictionaries

7 Multitran system for translators

8 Baker, Mona. In other words. A coursebook on translation, 2nd edn (London and New York: Routledge). 2011.

Б. Мизамхан¹, Т.М. Нурадилова²

Хелен Финлиндингпен жазылған «Bridget Jones' diary» атты ағылшын тіліндегі романның аудармасында қолданылатын аударма стратегияларын анықтау: доместикация мен форенизация арасындағы баланс

^{1,2}Абылай хан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ
Алматы, Қазақстан

Мәтіннің және оның аудармасындағы айырмашылықтар аударма теориясы, атап айтқанда, доместикация және форенизация стратегияларының тұрғысынан талданады. Мұнда доместикация мәдени концептілерді аудиторияның оны қабылдау деңгейіне бейімделу ретінде қарастырылады, ал форенизация кезінде, керісінше, аудиторияға жат түсініктердің өзгеше екенін көрсетуге баса назар аударылады. Талдау, ең алдымен, аударма барысында орын алған мәтіннің өзгеруіне әсер еткен аудиторияның фондық біліміндегі күтілетін айырмашылықтарды ескереді. Талдау мәтінді еркін оқумен байланысты қиындықтарды азайту мақсатында белгілі бір семантикалық өзгерістердің орын алғандығын көрсетті, дегенмен, талданған мәтінде доместикация және форенизация бірдей деңгейде қолданды деген қорытынды жасалды. Сондай-ақ, талданған көптеген тілдік бірліктердің жалпыланғанын атап өткен жөн, дегенмен оларды аталған стратегиялардың бір бөлігі ретінде қарастыру қиын болды, өйткені жалпылау, ұғымдардың бөтендігін жойғанымен, оларды семантикалық тұрғыдан бейімдей алмайды.

Б. Мизамхан¹, Т.М. Нурадилова²

Выявление стратегий перевода, используемых в переводе английского романа «Bridget Jones's diary» написанной Хелен Финлиндинг: баланс между доместикацией и форенизацией

^{1,2}ҚазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Различия в подаче текста в переводе анализируются с точки зрения стратегий перевода, а именно доместикации и форенизации. Доместикация здесь рассматривается как адаптация элементов иной культуры к предполагаемым ожиданиям целевой аудитории, в то время как при форенизации, напротив, основное внимание уделяется отчуждению необычных концепций в переводе и избеганию создания фамильярности. Анализ учитывает прежде всего ожидаемые различия в фоновых знаниях целевой аудитории, которые могли бы повлиять на изменения, которые текст претерпел при переводе. Анализ показал, что произошло определенное количество семантических изменений, чтобы уменьшить возможные трудности, связанные с беглостью чтения текста, тем не менее был сделан вывод, что и доместикация, и форенизация в равной степени присутствовали в анализируемом тексте. Следует также отметить, что многие из проанализированных языковых единиц были обобщены, и их было трудно рассматривать как часть данных стратегий, поскольку обобщение, безусловно, устраняет чуждость понятий, но так же и не адаптирует их с семантической точки зрения.

Д.С. Рыспаева¹, А.К. Жуkenова², Н.З. Жуманбекова³

¹ ф.ғ.к., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, e-mail: goldensunrise@mail.ru

² ф.ғ.к., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhukenalma@rambler.ru

³ ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, e-mail: nurkesh2009@mail.ru

ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫН АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақала жеке құжаттарды мысал ретінде қолдана отырып, іскери құжаттарды ағылшын тілінен қазақ тіліне аударудың ерекшеліктерін талдауға арналған. Экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдениаралық қатынастардың жаһандануы іскери құжаттарды сапалы аударудың қажеттілігін анықтайды. Мақалада аударма құжаттамасының қиындықтарын, құжаттардың құрылымын талдау нәтижелері көрсетілген, аударманың ең көп қолданылатын өзгерістері, аударманың лексикалық-грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктері қарастырылған. Алынған нәтижелер мен тұжырымдар негізінде іскери құжаттарды ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару бойынша ұсыныстар жасалған.

Түйінді сөздер: заң тілі, заң құжаттары, трансформация.

КІРІСПЕ

Тіл әрбір мемлекетте жүргізілетін іс қағаздарының, әдебиеттің, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, өнер-білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық салаларында қызмет атқарады. Соның ішінде, бүгінгі таңда біздің қоғамымызда ерекше назар заң құжаттарының шет тіліне аударылуы болып отыр (жеке басты куәландыратын қарапайым құжаттардан бастап келісімшарттар, заң шығарушылық құжаттар, нормативтік құқықтық актілер, дипломатиялық және әскери құжаттарға дейін).

Заң тілінің нақты, тиянақты болуы, оның қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттелуінің, толыққанды жүзеге асырылуының маңызды кепілдіктерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, қазіргі таңда ұлт пен мемлекет мүддесін, адам құқықтарын қорғайтын заңдардың тілі де жоғары талаптарға сай болуы керек және халыққа ұғынықты тілмен жазылуы керек. [1; 116 б.]

Соңғы он жылдықта саяси және экономикалық халықаралық қатынастар саласында елеулі өзгерістер орын алды. Қазіргі уақытта барша әлемде және Қазақстанда экономиканың әр түрлі салаларында халықаралық байланыстар мен серіктестіктердің кеңейіп жатқаны байқалады. Халықаралық деңгейдегі кез келген әрекет үшін серіктесуші тараптардың қарым-қатынастарының маңызы мен бір-бірінің алдындағы міндеттерін анықтайтын ресми құжаттың (Келісімшарттар, шарттар, келісімдер және т.б.) болуын талап етеді.

Арнайы аудармалар ең қиын және олардың белгілі ерекшеліктері болатыны белгілі. Көпшілік сәтті аударма үшін тек қандай да бір тақырыпқа қатысты терминдер жүйесін түгел меңгеру жеткілікті деп қате санайды. Дегенмен, шын мәнінде, мұның өзі жеткіліксіз. Филология ғылымдарының докторы, профессор В.В.Алимов «Ең алдымен, заң бағытындағы мәтін аудармашысында қиындықтар аударылатын тілде бастапқы тілдің терминдерін жеткілікті толық сипаттайтын сөздік құрылымдардың жоқтығынан пайда болады», «оған қоса, мәтіннің халықтың мәдени ерекшеліктері мен менталитетіне және де оның қалыптасқан құқықтық жүйесіне тәуелділігі бастапқы тілдегі мәтіннің мағынасы толық сөзбе сөз тәржімалау жасалғанның өзінде де аударылатын тілдегі мағынаға сәйкес келмеуге алып келуі мүмкін», - дейді [2; 27,296.].

Заң саласындағы аударма – бұл құқықтық өзара қарым-қатынастарды реттейтін

құжаттардың мамандандырылған аудармасы. Оның ерекшелігі аудармадағы кез келген қате немесе бұрмалау күрделі құқықтық салдарға әкеліп соғуы ықтималдығында жатыр.

Заңдық аудармалардың тағы бір ерекшелігі, заңдық құжаттамалардың ресмилігіне байланысты оларды аударғанда аса ұқыпты, дәл болу керек.

Заңдық сипаттағы түрлі құжаттарды аударғанда оның мағынасын беріп қана қоймай, терминологияда, заңдар тұжырымдамасында, сөздер баламасын қолданғанда дәлдік қажет. Өйткені, жіберілген болмашы қателік аудармаға мұқтаж адамды, яғни тапсырыс берушіні материалдық шығынға ұрындырып, сот талқылауының басталуына негіз болуы мүмкін. Соған орай, заңдық аударма мәтіннің түпнұсқасы жасалған елдің тілдік және мәдени ерекшеліктеріне, құқықтық жүйесі мен заңнамаларының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Немесе жарғылар, құрылтайшылық құжаттар, шарттар, келісім- шарттар, заңдар, нормативтік актілер мен ережелер, өсиетхаттар, апостильдер, сот шешімдері, талап арыздар, сот отырыстарының хаттамалары, сенімхаттар, лицензиялар, мемлекеттік тіркеу туралы сертификаттар, салық есебіне тұрғаны туралы куәлік және т.б. маңызды құжаттарға едәуір нұқсан келуі мүмкін.

Аударылатын құжаттардың түрлеріне қарай заң құжаттарының аудармасын келесі түрлерге бөлуге болады:

1. Жеке бас құжаттарының аудармасы:

Паспорт аудармасы, еңбек кітабының аудармасы, некені қию туралы куәліктің аудармасы; некені бұзу туралы куәліктің аудармасы; туу туралы куәліктің аудармасы; қайтыс болғаны туралы куәліктің аудармасы; неке шартының аудармасы; кәмелет жасына толмаған баланың жол жүруіне келісімнің аудармасы және т.б.;

2. Іскерлік құжаттаманың аудармасы: сатып алу-сату шартының аудармасы; сақтандыру шартының аудармасы; сақтандыру полисінің аудармасы; жалгерлік шартының аудармасы; лизинг шартының аудармасы; еңбек шартының аудармасы; кредит шарты мен келісімінің аудармасы; халықаралық келісімдер мен келісімшарттардың аудармасы; қаржы кепілдемесінің аудармасы; бухгалтерлік және қаржы есеп-қисабының аудармасы; сертификаттар мен куәліктердің аудармасы; лицензиялар аудармасы; сенімхат аудармасы; мөр аудармасы; техникалық құжаттамалар және т.б. аудармасы;

3. Процессуалдық құжаттар аудармасы: сот отырыстары хаттамаларының аудармасы; сот шешімдерінің аудармасы; қуыну арыздарының аудармасы; хаттамалар және т.б. аудармасы; заңнаманың нормативті-құқықтық актілерінің аудармасы; дипломатиялық құжаттар аудармасы; басқа да құқықтық құжаттардың аудармасы;

Құқықтық құжаттың әуелгі мәтінінде баяндалған ақпаратты дәлме-дәл жеткізу үшін аударма әбден анық, нақты және барынша шынайы болуы тиіс. Кейбір жағдайларда заң бағытындағы мәтіндердің аудармасын техникалық аударманың бір саласы деп есептейді. Бірақ, мысалы, егер аудармашы сипаттамаларды суреттеуде болмашы қателік жасаса, нотариалдық куәлікті немесе сенімхатты аударудағы қателіктен болатын нәтижелердей айтарлықтай елеулі салдар болмайды.

Құқықтық құжаттарды аударудың ерекшеліктеріне аударылатын құжат барлық жағынан өзі құралған елдің құқық жүйесіне сәйкес жасалғаны жатады. Заң тұжырымдары мен ерекше терминдер де өз құқық жүйесінің ерекшеліктерін көрсетеді. Дегенмен де, аударылатын құжат басқа елде өзіне тән заң тұжырымдамаларымен қолданылуға арналған және олардың аудармасы барынша нақты жасалуы тиіс. Түпнұсқаға толықтай сай келетін лексикалық эквиваленттердің кейде мүлдем болмауынан бұл аудармашы үшін қиын мәселе болуы мүмкін. Құжаттарды аударғанда түпнұсқа тіліндегі тілдік келісімдер жиі мәдени және ділдік ерекшеліктерге тәуелді болып келеді және кейде сөзбе-сөз аудармада оларға салынған мағынаны толығымен жоғалтады. Сондықтан аудармашы өз елі мен тіл иесі болып табылатын елдің құқығын теңдей жақсы меңгеруі тиіс [3, 143б.].

Заң мамандығындағы заңдардың, нормативтік құқықтық актілер мен т.б. құжаттардың едәуір бөлігін терминдер құрайды. Ал, осы терминдердің негізгі мақсаты - бір ұғымды білдіріп, бірыңғай түсінілуі тиіс. Заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді және т.б.

құжаттарды әзірлейтін қызметкерлер мен аудармашылар жаңа терминдерді және бұрыннан қолданылып жүрген немесе түрлі өзгерістерге ұшыраған терминдерді күнделікті жұмыста дұрыс қолдана білуі керек. Ұлттық заңнама терминологиясында шешімін таппай отырған өзекті проблемалардың бірі – заңдардағы, нормативтік құқықтық актілердегі және т.б. ресми құжаттардағы терминдердің бірізге келмеуі және дұрыс аударылмауы [4, 1б.].

Заң жобаларының көпшілігі орыс тілінен аударылады. Олардың орысша мәтіндері, өз кезегінде, батыс елдерінің үлгі заңдарына (әсіресе ағылшын тіліндегі) негізделіп жазылады. Осы елдердің грамматикалық заңдылығы бойынша кейбір атау тұлғадағы зат есімдер сөйлемнің аяғында келсе де, бас әріппен жазыла береді. Ал шет тілінен орыс тіліне аударылып, бас әріппен жазылған сөздер қазақ тілінде де сол күйінде қалатынын кез келген нормативтік шарттан немесе келісімнен байқауға болады.

Мұндай жағдайда заң бастамашылары (дәлірек айтқанда – аударма мекемелері) қандай дереккөзге сүйенерін білмей дал болуы әбден ықтимал. Өйткені басшылыққа алынатын құжаттарда да (заң, шарт, келісім, меморандум, хаттама) бірізділік жоқ. Мәселен, «тарап» деген зат есім бір шартта бас әріппен алынса, екінші заңда немесе келісімде кіші әріппен беріледі. Бұл ретте 2013 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шығарған «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздікті» (құрастырушы – Б.М.Жәмкенов) атап өткен жөн. Сонда кейбір атаулар, лауазымдар халықаралық шарттарға сәйкес бас әріппен берілген.

Еліміз тәуелсіздігін алғалы бері тіліміздің терминологиялық қоры өсуде және әлі дамуда. Шет тілдерінен енген жаңа сөздер мен замануи терминдер бүгінгі таңда қазақ тілінде өз баламаларын тауып, аударылуда, тілімізге белсенді түрде енуде. Ондай сәтімен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері аз емес, олар қазір сөздік қорымызға кірігіп, кеңінен пайдаланылуда.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Негізі түрлі статистикалық деректерге және де аударма орталықтарының мәліметтеріне сүйенсек заң саласына жататын құжаттар мен қағаздардың ішінде ең көп тапсырыс жеке бас құжаттарының аудармасына келіп түседі. Бұл жағдайды әлемде орын алып жатқан саяси оқиғаларға және өз еліміздің бекітілген бағдарламаларына байланыстыруға болады. Жеке бас құжаттарының ерекшеліктері мен аударуда қойылатын талаптарға көшсек.

Туу туралы куәлік – жеке тұлғаның жеке басын, оның туу фактісінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәландыратын құжат.

Туу туралы куәлік – адамға туылғанда берілетін алғашқы ресми құжат екенін анықтадық. Кез келген адам азаматтық паспортын, жеке басын куәландыратын куәлікті алғаннан кейін туу туралы куәліктің рөлі шамалы төмендейді, бірақ ол сіз мұраға, тұруға ықтиярхат немесе басқа елдің азаматтығын алуға, шет елдік оқу орындарына түсуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан тыс жерде некеге тұруға қатысты сұрақтарды шешерде бірден көтерілуі мүмкін.

Жеке бас құжаттары құжат иесінің азаматтығына байланысты түрлі ерекшеліктерге ие, десек те осындай ресми құжаттар азаматтың еліне тәуелсіз белгілі құрылымға ие. Жеке бас құжаттарын аудару барысында сол құжат құрылымын қатаң түрде сақтау міндетті. Мөр, таңбалардағы жазулар да аударылуы тиіс. Географиялық атаулар мен аты-жөндер сәйкес транслитерация, транскрипция және калькалау әдістері арқылы аударылуы тиіс.

Осы жұмыстың негізіне ағылшын тілі ресми тіл болып саналатын Америка Құрама Штаттарының, Канаданың және Ұлыбританияның жеке басты куәландыратын құжаттары, яғни паспорттары алынды. Аталған құжаттар бір бірінен тек сыртқы дизайнымен ерекшеленеді. Жалпы жоғарыда көрсетілген елдердің азаматтары алатын паспорттың мәтіндік құрылымы өте ұқсас. Атап айтқанда, олардың мәтіндері мемлекеттің ресми атауынан басталады. Мысалы: *Canada, United States of America және United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland*. Мемлекеттердің атаулары сәйкесінше *Канада, Америка Құрама*

Штаттары және Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі деп аударылады.

Осыдан кейінгі мәтінге *Passport, Type, Issuing country* немесе *Code of issuing state, Passport No, Surname, Given name Nationality, Date of birth, Sex, Place of birth, Date of issue, Date of expiry* немесе *Date of expiration, Authority* – кіреді.

Олар сәйкесінше *паспорт, түрі, беруші мемлекет/ел коды немесе жай ғана беруші ел, паспорт №, тегі, аты, азаматтығы, туған кезі, жынысы, туған жері, берілген күні, паспорт мерзімі, берген мекеме* деп аударылады.

Төлқұжаттардың аудармасы кезінде қысқартулар кездеседі. Мысалы, *sex – жынысы* деген бөлікте жауабы «F» немесе «M» болып келеді. Олардың ағылшын тіліндегі толық нұсқасы «female» және «male», қазақ тіліне аударылғанда олар дәл солай бірінші әріптерімен «Ә» немесе «Е» деп аударылмайды, себебі қазақ тіліндегі құжаттарға ондай тән емес. Осы кезекте төлқұжат аудармаларында толығымен «әйел» немесе «ер» деп аударылуы қажет.

Жеке басты куәландыратын төлқұжаттың Британдық нұсқасына сәл тоқтасақ, себебі ол құжатта «беруші мекеме» жолағында маңызды бір қысқарту кездеседі: Her Majesty's Passport Office (HMPO). Бұл Ұлыбритания Үкіметінің көші-қондық бақылау, қауіпсіздік пен тіртіпке, сонымен қатар қауіпсіздік сұрақтары бойынша үкіметтік саясатқа жауап беретін департаменті Хоум-Офисінің (ағыл. Home Office) әлем бойынша Британ азаматтарына төлқұжат беретін бөлігі болып табылады. Төлқұжаттарды ресми түрде тіркейтін негізгі және маңызды сатысы. Аталған беруші органның атауы көп жағдайда құжаттарда қысқартылып келеді, қазақ тіліне оның дұрыс аудармасы ҰМТК немесе Ұлы Мәртебелінің Төлқұжат Кеңесі.

Беруші ел кодына немесе ағылшын тілінде «*Issuing country*» немесе «*Code of issuing state*» жауап, яғни үш әріпті ISO 3166-1 бекіткен мемлекеттердің, географиялық орындардың стандартталған ISO 3166-1 alpha-3 кодтары аударылмайды. Стандарттауға арналған Халықаралық Мекеме бекіткен кодтар аударылмай, сол нұсқада сақталуы тиіс.

Ағылшын тіліндегі құжаттарда ай атаулары олардың қысқартылған нұсқаларында беріледі. Мысалы: January – Jan., February – Feb., March – Mar., April – Apr., May – May, June – Jun., July – Jul., August – Aug., September – Sep. немесе Sept., October – Oct., November – Nov., December – Dec. – деп алғашқы үш әріптерінің қысқартылуы арқылы беріледі. Төлқұжаттарды аудару барысында қазақ тіліндегі құжаттарға ай аттарын олай қысқарту тән болмағандықтан, оларды біздің құжаттарға тән айдың келу ретімен, яғни қаңтарды бірінші ай ретінде «01», ақпанды екінші ай ретінде «02» деп белгілеу қажет.

Яғни, ағылшын тіліндегі *Date of birth, date of issue, date of expiry* немесе *date of expiration* жолақтарына берілетін «06 May 2009» деген жауапты «06.05.2009» деп аудармада беру қажет.

Байқағанымыздай жеке басты куәландыратын құжаттардың мәтіндері құрылымына байланысты ауқымды емес, дегенмен бұл олардағы әрбір тіркестің маңызын кемітпейді. Әрбір сөзді, әсіресе қысқартуларды дұрыс аудару қажет. Жоғарыда көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттардың аудармасын тиянақты талдау арқылы болашақта аудармашыларға осындай құжаттармен қиындықтар мен сұрақтар туындамасы үшін шағын, әрі пайдалы ұсыным жасау қажет.

Жеке басты куәландыратын, кез келген азаматтың өмірінде маңызды құжаттардың бірі болып табылатын осындай құжаттарды аудару барысында:

1. Құжаттың құрылымын дәлме-дәл сақтау;
2. Мәтіндік мазмұнын дұрыс аудару;

Жеке басты куәландыру құжаттарының мәтіндері шағын сөз тіркестері мен фразалардан тұрады және осы буынға жататын барлық дерлік құжаттардағы тіркестер бірдей болып келеді, бұл аудармашылардың жұмысын жеңілдетуге және қазақ тілінде ағылшын тілінен аударылатын жеке бас құжаттарындағы лексикалық бірізділікті сақтауға мүмкіндік беретін жеке басты куәландыратын құжаттарды аударуда қолданылатын глоссарий жасауға негіз болады.

Passport	паспорт
Type	түрі
Issuing country немесе Code of issuing state	беруші мемлекет/ел коды немесе жай ғана беруші ел
Passport No	паспорт №
Surname	тегі
Given name	аты
Nationality	азаматтығы
Date of birth	туған кезі
Sex	жынысы
Place of birth	туған жері
Date of issue	берілген күні
Date of expiry немесе Date of expiration	паспорт мерзімі
Authority	берген мекеме

3. Барлық мөрлерді, мөртабандарды, қосымша жазбаларды қолмен аудару

4. Географиялық атаулар мен органдардың атауларын дұрыс аудару өте маңызды

5. Аудармада құжат иесінің аты-жөні аударма қандай шет тіліне жасалып жатқанына қарамастан, шетелдік төлқұжаттағы латын әріпіндегі жазуға сәйкес келу керек

6. Туу туралы куәліктің сериясы аударылмайтынын, түпнұсқада сияқты қалдырылатынын ескеру қажет.

Осы ережелерді сақтамау жол жүргенде немесе шет елде болған кезде түрлі қиындықтарға алып келуі мүмкін.

Ресми іс-қағаздар стилінің бір жанры болып барлық келісім шарттар мен шарттардың мәтіндері ойды жеткізуде қисынды, әсерсіз, дәстүрлі, жақсыз құрылымды, нақтылы және айқын, сонымен қатар, көркемдік және субъективтік бағалаусыз келетінін байқадық. Келісімшарттар мен шарттар мәтіндері бояусыз, бейтарап сөздерді қолданады. Аталған ресми іс-қағаздар стилінің бір жанры болып табылатын осы құжаттарды аударуда кездесетін лексикалық ерекшеліктерге

- терминдер мен кәсіби сөздердің қолданылуы;

- адамдардың есімдері көбінесе қандай да бір әрекет немесе қарым-қатынаспен негізделіп қойылатыны;

- көптеген латын және француз сөздері мен тіркестерінің қолданылатыны;

- қысқартулар мен аббревиатуралардың қолданылуы;

- стандартты сөз тіркестері мен клишелердің жиі қолданылуы, оның ішінде:

а) қаржылық қатынастарды белгілеу үшін қолданылатын клишелер;

ә) уақыт аралығын көрсету мақсатында қолданылатын стандартты сөз тіркестері;

б) тараптардың міндеттерін, құқықтары мен жауапкершіліктерін көрсететін стандартты сөз тіркестері мен клишелердің қолданылуы жатады.

Келісімшарт мәтіндерін аудару барысында келесі грамматикалық ерекшеліктер байқалды:

- *to be to* модальді етістігінің қолданылуы;

- *shall* және *should* модальді етістіктерінің қолданылуы;

- *to be subject to, to be obliged to* сөз тіркестері мен *to undertake* етістігінің қолданылуы;

- *if-clause* шартты сөйлемдерінің түрінен бөлек, шартты сөйлемдер жасау сөйлемнің басында *should* модальді етістігінің қолданылуы арқылы жасалуы;

- шартты бағыныңқы сөйлемдер *where, in the event (of), in case (of)* (жағдайында)

деген тіркестердің көмегімен жасалуы;

- әр түрлі көмекші сөздермен келетін *where, here* және *there* тіркестері арқылы жүретін күрделі үстеулердің болуы;

- құрмалас жайылма сөйлемдердің қолданылуы;
- қыстырма сөздермен немесе сөз тіркестерімен, есімшелік және көсемшелік орамдармен, сөйлемнің бірінғай мүшелері тізімімен күрделендірілген жай сөйлемдердің өте жиі кездесуі;
- пассив етістіктерінің жиі қолданылуы;
- әрбір жаңа ойдың жаңа абзацтан басталуы және өз беттерінше жеке тармақша немесе тіпті бір бөлек тармақ болып келуі;
- параллелизм ережелерінің кездесуі.

Ресми стильге жататын заң құжаттарының мәтінінде көркем әдебиет мәтінін аудару барысында көптеген түрлі аудармашылық трансформациялар кездеспейді. Келісімшарттар мен шарттарды аудару барысында В.Комиссаровтың класификациясында берілген *синтаксистік ұқсату* немесе *сөзбе-сөз аударма трансформациясы ең жиі орын* алады, тіпті сол ғана кездеседі деуге келеді. Және де келісімшарттар мен шарттарды аудару барысында аударманы қазақ тілінің заң құжаттарына барынша жақындату мақсатында Л.С.Бархударовтың [5] класификациясында берілген *қосу, түсіру және алмастыру трансформациялары кездесуі мүмкін*.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, жасалған зерттеудің нәтижесінде келісімшарт құжаттарының түпнұсқасында да, олардың аудармаларында да кездесетін грамматикалық және лексикалық ерекшеліктері анықталды. Аудармашының келісімшарт пен шарттардың қыр-сырына бейімделе алуы, сонымен қатар кез келген жағдайда мақсатты тілде қабылданған аударма баламасын таба алу қабілеті барынша нақты аудармаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Аталған мүмкіндікке қол жеткізу үшін және де болашақта аудармашыларға барынша сапалы аударма жасау үшін келісімшарттар мен шарттар аудармасына қажетті келесі ұсынымдар жасаймыз:

1. Ең алдымен, келісімшарттарды аудару барысында түпнұсқа мәтінінің нақтылығы, объективтілігі, деректілігі, ықшамдылығы, ресмилігі, қолданылатын сөздердің бір мағыналылығы, баяндаудың бейтараптылығы, мәтіннің мағыналық жеткіліктілігі аудармада да сақталуы қажет.

2. Кәсіби сөздер мен терминдердің дұрыс баламасын табу.

3. Қысқартулар сәйкесінше аударылуы керек. Аударма тіліндегі баламасына ауыстырылып, түсінікті жеткізілуі керек.

4. Латын және француз тілінен сақталған стандартты сөз тіркестерінің сөздіктегі сәйкес баламасына ауыстырылуы қажет.

5. Тұрақты сөз тіркестері мен клишелерді сәйкесінше дұрыс аударылу, бірізділікті сақтау қажет.

6. Модальділікті білдіретін етістіктер қазақ тіліне «тиіс» модальді сөзімен немесе осы жақтың мағыналық етістігімен келісімшарттардағы міндеттемелерді көрсетуді сақтай отырып дұрыс аударылуы керек.

7. Should, where, in the event (of), in case (of) көмекшілерімен келетін шартты сөйлемдер дұрыс жеткізілуі тиіс.

8. Жайылма сөйлемдерді аудару барысында сөйлемдердің арасындағы байланысқа назар аудару маңызды.

9. Бірыңғай мүшелермен немесе т.б. күрделеніп келген жай сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне назар аудару арқылы дұрыс жеткізу керек.

10. Пассивте келетін сөйлемдер аудармада барынша өз құрылымын сақтау керек.

Зандық аудармалардың бір ерекшелігі, зандық құжаттамалардың ресмилігіне байланысты, зандық сипаттағы түрлі құжаттарды аударғанда оның мағынасын беріп қана қоймай, терминологияда, заңдар тұжырымдамасында, сөздер баламасын қолданғанда дәлдік қажет. Зандық аударма мәтіннің түпнұсқасы жасалған елдің тілдік және мәдени ерекшеліктеріне, құқықтық жүйесі мен заңнамаларының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге

асырылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Ғабасова А.Қ. Заң тілін аудару ерекшеліктері, ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. №5 (55), 2011, 116-117 б.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>. Тіл туралы ҚР Заңы.
3. Жүзбаев Б.Т. Криминалистикалық сараптамаларды жіктеу мәселелері/Б. Т. Жүзбаев // ҚР ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы=Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел РК, 2011. т.№ 4.
4. <http://kazgazeta.kz/?p=63243>
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975

Д.С.Рыспаева¹, А.К. Жуkenова², Н.З. Жуманбекова³

Особенности перевода юридических документов

^{1,2} Кокшетауский государственный университет им.Ш.Уалиханова,
г.Кокшетау, Казахстан
Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан

Данная статья посвящена анализу особенностей перевода деловой документации с английского языка на казахский на примере личных документов. Глобализация экономических социально политических и межкультурных связей между странами определяет необходимость в качественном переводе деловой документации. В статье отражены результаты анализа сложностей перевода документации, структура документов, рассматриваются наиболее часто употребляемые переводческие трансформации, лексико-грамматические и стилистические особенности перевода. На основе полученных результатов и выводов предлагаются рекомендации перевода деловой документации с английского языка на казахский.

D.Ryspayeva¹, A. Zhukenova², N.Zhumanbekova³

Features of the translation of legal documents

^{1,2} Sh.Ualikhanov Kokshetau State University
Kokshetau, Kazakhstan
³L.N.Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan

This article is devoted to the analysis of the peculiarities of the translation of personal documents from English into Kazakh. The globalization of economic, social, political and intercultural relations between countries determines the need for a high-quality translation of spruce documentation. The article reflects the results of the analysis of the difficulties of translation, the structure of documents, considers the most commonly used translation transformations, lexical and grammatical and stylistic features of the translation. Based on the results and conclusions obtained, recommendations for translating business documents from English into Kazakh were suggested.

ӘОЖ:811.512.122:801.7

Г.Сагидолда¹, С.К. Қасымова², С.Ж. Жуанышпаева³

¹ф.ғ.д., профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана қ. Қазақстан Республикасы, e-mail: asem963@mail.ru

²ф.ғ.к., профессор Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Көкшетау техникалық институты, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: merei_72@mail.ru

³ф.ғ.к., доцент М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: samal500@mail.ru

ТҮРКІЛЕРДІҢ ЭТНОДИДАКТИКАЛЫҚ ДҮНИЕБЕЙНЕСІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫ

Күні бүгінге дейінгі зерттеулерді зерделесек, олардан халықтың тарихына, тіліне, діліне, дініне, яғни еуразиялық кеңістіктегі көшіп-қонған ру-тайпалардың өмір-салты мен әдет-ғұрпының қалыптасуына, олардың өзара қарым-қатынасының ерекшелігіне деген түрлі ой-пікірлердің бар екенін пайымдаймыз. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болғаннан бері қазақ тілін туысқан түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, қазақ тілі тарихының тереңіне бойлау бұрынғыдан гөрі қарқын ала бастады. Қазақ тілінің даму тарихын нақтылау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерінің тіліне, түркілік ежелгі жазба ескерткіштер тіліне, орта ғасырдағы жазба мұралар тіліне зерттеулер жүргізіліп, ата-бабадан қалған мәдени-әдеби рухани мұраларды ұлттық құндылықтар ретінде зерттеп-зерделеуге ерекше мән берілуде.

Көптеген зерттеуші ғалымдардың осы уақытқа дейін айтып келгеніндей, түркі халықтарының ықылым заманнан бері жасап келе жатқан сөз өнерінде ұқсастық басым. Соның ішінде, әсіресе, ортақ мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар ең алдымен, бұл халықтардың тіл туыстығын, жақындығын, танымдық ортақтықты көрсетсе, екіншіден, мәдениет, салт-дәстүр саласындағы тығыз қарым-қатынастың нәтижесі болса керек. Сонымен бірге түркі халықтарының идеологиялық өмірінің бірдей ұқсас келуі, мәселен, ғылымдағы, көркем әдебиеттегі және соның ішінде ауыз әдебиетіндегі паремнологиялық қордың бір-бірімен пара – пар келуі бұл халықтардың тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындықтарын айқындайтын тілдік материал бола алады. Осыған қатысты түркі тілдерінде (қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түркімен, әзербайжан) кездесетін тақырыбы жағынан да тұлға жағынан да байырғы мақал-мәтелдердің тілара ортақтығын, ұқсастығын салыстыра таңдауға болады.

Түйін сөздер: халық тарихы, түркі тілдері, ортақ мақал-мәтелдер, құндылықтар, оқу процесі, тарих, этнос, ұлттық код, паремнология.

КІРІСПЕ

Ұлтымыздың қалыптасуы, ұлттық сананың бастаулары арғы түркі заманына, терең тарих қойнауына жетелейді. Сол себептен, осы түркі тілдес халықтардың туыстығы мен бірлігін айшықтайтын тарихи-мәдени ортақ жазба мұраларды бүгінгі күні бір арнада зерттеп-зерделеу қазіргі таңда өте өзекті. Қазіргі тарихымыз орта түркі дәуірінен кейін түркі тілдес халықтардың қалыптасу дәуірінде өз алдына жеке отау тігіп, жеке ұлт ретінде тарих сахнасына шыққаны белгілі. Сол себептен түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи жазба мұралар қазақ ұлтына да тиесілі болып саналады.

Түркілік мұраны зерттеудің маңызы туралы аз айтылып-жазылып жатқан жоқ. Өйткені оны зерттеп-зерделеу арқылы халық тарихын, жады мен ой-санасын, таным-түсінігін, этникалық ұқсас қауымдастықтардың белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктегі тұрмыс-тіршілігін, өркениетін анықтауға болады. Осылардың тағылымдық жағы да назар

аударуды қажет етеді. Бұл бағыттағы ізденістер, әлі де болсын, ортақ арнасы мен шешімін күтуде.

Күні бүгінге дейінгі зерттеулерді зерделесек, олардан халықтың тарихына, тіліне, діліне, дініне, яғни еуразиялық кеңістіктегі көшіп-қонған ру-тайпалардың өмір-салты мен әдет-ғұрпының қалыптасуына, олардың өзара қарым-қатынасының ерекшелігіне деген түрлі ой-пікірлердің бар екенін пайымдаймыз. Бұрын батыс, орыс ғалымдарының еңбектері шешуші құжат, айқын дәйек ретінде қабылданып келді, қазір сол мұраларды зерттеп-зерделеуге әрі толықтыруға мүмкіншілік кеңінен ашылуда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болғаннан бері қазақ тілін туысқан түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, қазақ тілі тарихының тереңіне бойлау бұрынғыдан гөрі қарқын ала бастады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілінің даму тарихын нақтылау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерінің тіліне, түркілік ежелгі жазба ескерткіштер тіліне, орта ғасырдағы жазба мұралар тіліне зерттеулер жүргізіліп, ата-бабадан қалған мәдени-әдеби рухани мұраларды ұлттық құндылықтар ретінде зерттеп-зерделеуге ерекше мән берілуде. Түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар ең алдымен, бұл халықтардың тіл туыстығын, жақындығын, танымдық ортақтықты көрсетсе, екіншіден, мәдениет, салт-дәстүр саласындағы тығыз қарым-қатынастың нәтижесі болса керек. Сонымен бірге түркі халықтарының идеологиялық өмірінің бірдей ұқсас келуі, мәселен, ғылымдағы, көркем әдебиеттегі және соның ішінде ауыз әдебиетіндегі паремиологиялық қордың бір-бірімен пара – пар келуі бұл халықтардың тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындықтарын айқындайтын тілдік материал бола алады. Осыған қатысты түркі тілдерінде (қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түркімен, әзербайжан) кездесетін тақырыбы жағынан да тұлға жағынан да байырғы мақал-мәтелдердің тілара ортақтығын, ұқсастығын салыстыра таңдауға болады.

Мәселен, жеті санының «молшылық, байлық, баршылық» мағынасын беретін тілдік фактілер бар. Атап айтсақ, түрік тілінде *jedi ikilim dort buzak* «барлық жерде» (тура мағынасында жеті түрлі ауа райы, төрт бұрыш), *jedi mahalle* «бүкіл әлем, барлық жер» (тура мағынасында жеті шақырым), *jedi kat* «бірнеше мәрте», түркмен тілінде *иуди йолун үстүнде* «бәрінің көз алдында» (тура мағынасы жеті жолдың үстінде), кабардин – балқар тілінде *зети атадан бери* (баяғыдан, бұрынғы заманнан (тура мағынасы жеті атадан бері), татар тілінде *зиде төн уртаси йети төн уртаһи* «қап-қараңғы түн» (тура мағынасында жеті түн ортасы), якут тілінде *sättäbin jlturun* «жетеуін де артып алдым».

Жалпы әлем халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесі «адамның саналы ғұмырының бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан тілдің түпсаналық (подсознание) қатпарларында алуан түрлі мифтік дүниетаным қазыналары жасырынып жатқандығында болса керек» [1]. Себебі, адам санасының мифтік-танымдық қатпарларында архетиптер кез келген ұғымның қалыптасуына қатысып, таным процесіне әсер етеді.

Тіл тағдыры – ұлт тарихымен сабақтас. Халықтың салт-дәстүрі, ой – санасы, әлеуметтік жағдайы, мәдени деңгейі сол ұлттың тілінде бейнеленеді. Көп ұлттың ішіндегі түркі халықтарының тілінде де әр халықтың сана-сезімін, мәдени тұрмыс-тарихын бейнелейтін ерекше мақал-мәтелдер ұлт тілінің даму ерекшелігін және ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткішін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Түркі дүниесінің қақпалары айқара ашылып, түркі халықтары бір-бірінің тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін зерттей бастаған кезеңде түркі тілдеріне ортақ мақал-мәтелдерді салыстыра қарастырып, ұлттық мәдени ерекшеліктерін айқындаудың, олардың семантикалық-құрылымдық табиғатын ашудың түркітану ғылымында теориялық та, практикалық та жағынан өз негізі бар деп айтуға болады.

Көптеген зерттеуші ғалымдардың осы уақытқа дейін айтып келгеніндей, түркі халықтарының ықылым заманнан бері жасап келе жатқан сөз өнерінде ұқсастық басым. Соның ішінде, әсіресе, ортақ мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар ең алдымен, бұл халықтардың тіл туыстығын, жақындығын, танымдық ортақтықты көрсетсе, екіншіден, мәдениет, салт-дәстүр саласындағы тығыз қарым-қатынастың нәтижесі болса керек.

Сонымен қатар бір халықтың паремиологиялық қорындағы мақал-мәтелдердің бәрі бірдей сол тілдің қолтумасы негізінде жасалмай, басқа тілден де үлес болып қосылып отырады. Көптеген мақал-мәтелдер жалпы түркі тілді халықтарға ортақ болғандықтан, олар сол туыстас халықтардың тілінде сақталып, бүгінгі күнге дейін өз мағынасында қолданылып келе жатыр. Мақал-мәтелдерді бір ғана тілдің асыл мұрасы деп айту қиын. Өйткені, бұлар түбі бір түркі жұртының көбінде бір мағынада қолданылады.

Паремиолог ғалымдар түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдерінің ұқсастығына әр түрлі жауап береді. Біреулері бұл ұқсастықты халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндіреді. Екінші топ – шаруашылық, мәдени қарым-қатынас негізінде пайда болған десе, үшіншілері – тарихи тәжірибенің ортақтығымен және қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы рухани бірліктің нәтижесі деп ұғындырады.

Сонымен бірге түркі халықтарының идеологиялық өмірінің бірдей ұқсас келуі, мәселен, ғылымдағы, көркем әдебиеттегі және соның ішінде ауыз әдебиетіндегі паремиологиялық қордың бір-бірімен пара – пар келуі бұл халықтардың тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындықтарын айқындайтын тілдік материал бола алады. Осыған қатысты түркі тілдерінде (қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түркімен, әзербайжан) кездесетін тақырыбы жағынан да тұлға жағынан да байырғы мақал-мәтелдердің тілара ортақтығын, ұқсастығын салыстыра таңдауға болады. Осы ретте біз мақаламызға арқау ретінде түркі тілдес халықтардағы сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізін зерделеуді жөн көрдік.

Математика – ғылымдардың ішінде ең ерте шыққан, оның тарихы ғасырлар түкпірінде жазу мен сызу жоқ кезде басталған. Адамзат тағылығының даму дәуірінің табалдырығын аттап басқан заманда «артық», «кем», «үлкен», «кіші» ұғымдары туған. Бұлар кейін «тең» ұғымының шығуына негіз болған. Күн көріс қамы тіршілік үшін жүргізілген күрес ерте замандағы адамдардың айналасындағы заттарды санауға, нәрселердің мөлшерін өзара салыстыруға, жыл мезгілдерін айыруға мәжбүр еткен.

Тарихқа жүгінсек, дерек көздері сандардың ежелгі Вавилонда қолданылғанын айғақтайды. Ол кезде сандар 1 мен 0-ден ғана тұрған секілді. Бірлік, ондық, жүздікті құрайтын санақ жүйесі болған. Кейіннен атақты ойшыл Пифагор сандарды 1-ден 9-ға дейін қысқартқан. Бірнеше бірліктерге бөлген. Ол өз шәкірттеріне «Сандар әлемді билейді»-, деп үйреткен. Әрбір сан, цифрдың түбінде қандай да бір ой, идея жатыр. Сол идеяның мән-мағынасын түсіну үшін ғалымдар арнайы ғылым - нумерологияны ашқан. Нумерология арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады. Нумерологияшыл ғалымдардың ойынша әр адамның жаны өзінің нумерологиялық кодымен тікелей байланысты. Ол кодты шеше білген адам өз тағдырының толық иесі бола алады. Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары болады. Біреудің бақытты саны - 13, бақытсыз саны - 9 делік. Мұндайға шын көңілімен сенетіндер айдың 13-і күні кез келген тірлігін сенімділікпен іске асырады. Ал 9-ы күні әр қадамын абайлап басып, тіпті үйден шықпай, төрт қабырғаның ішінде күн ұзаққа қамалып отырып алатындар да бар. Сөйтіп, ол 13 саны байқалған жерде батыл жүрсе, 9-дан үнемі сақтанады. Жеке адамды қойшы, мұндай құбылыстарға жаппай халық боп сенетініміз де бар емес пе? Өзіміздегі «жеті қазына», «ер кезегі үшке дейін», «сәрсенбінің сәтті күні» ұғымдары, тұрақты көршіміз - орыстардың «қасиетті үштігі», америкалықтардың естігенде жандары түршігетін, күні бойы үреймен өткізетін «айдың 13-дегі жұмасы» тағы басқа түсініктер жоғарыда айтқанымызға дәлел бола алады [2]. Сан атаулының бәрі бірдей қолданылмайды.

“Аққу” күйіндегі құстың ұшқанын не болмаса “Ақсақ құландағы” аттың аяндағанын, құланның ақсандағанын, мылтықтың атылғанын суреттеу, әр қилы кезеңдерді музыкамен береді. Сыбызғы, қобыз, домбыра баяндайтын күйлермен қатар сол күйлердің ауызша айтылатын көркем, шебер әңгімесі болатыны мәлім. Күйші атаулы қай күнде болса да, өзінің сезімді күйін тартпас бұрын тындаушы жұртқа осы күйді тудырған сезімнің себебін баяндайды. Білсе, алдымен күйді шығарған күйші туралы мағлұмат береді. Олай болса музыка мен поэзия тек қана ән игілігі болып қана қойған жоқ, аспаптық орындаушылардың күй орындап отырып оның шығу тарихын, не болмаса күй желісіндегі аңыз-әңгімесін айтып отыратын болған.

Қазақ фольклорының бітімі эстетикалық сипатқа ие. Онда халықтың көп заманнан бергі өмір, табиғат, қоғам жайлы түсініктері музыка, ауыз әдебиеті, қол өнері арқылы қалыптасқан. Фольклорлық – шығармалар халықтың көп ғасырлар бойы дамыған

сапасының, қоршаған орта, табиғат және тағы басқа заттарды көркемдік жолмен тануының айғағы.

Фольклор өз тарапынан өнегелілік пен эстетикалық көзқарасты қалыптастырып, ұрпақ тәрбиелеуде айрықша орын алады. Оның ықпалымен қазақ әйелдері өз мінез-құлқында ұяңдық пен игілікті, мейірбандық пен адамгершілік қасиетті, абырой мен батылдықты бойына сіңірді. Қазақ қыздары жігіттермен бірге “Алтыбақан”, “Ақ сүйек”, “Қара құлақ”, “Айгөлек” ойындарына қатыса алған. Сондықтан болар қазақ әйелі ер азаматтармен қатар, жерін жаудан қорғаған, ел басқарған, бетін бүркемей айтысқа шыққан.

Фольклорлық би өнері бір орнында тұрып қалмай, ұлттық дәстүрді сақтай отырып, халықтың би мәдениетін қалыптастырып, жаңа рухани байлығын жасауда өмір бойы үнемі даму процесінде жүріп келеді.

Фольклор – халықтың қиялдауы, образдауы арқылы тарихи өмірімен тікелей байланысты туындайтын шығармашылық деп қарайтын болсақ, би өнерінің де бастауы тереңде жатыр. Бізге оның канондық түрлері жетпеді. Бірақ, халық арасында тақырыптық мазмұны, образдық суреттемелері сақталған. Олай болса би өнері ғасырлар бойы басқа өнер түрлерімен сабақтастықта дамып, жетіліп отырған.

Халық арасында тараған «Қоян би», «Жезтырнақ», «Құсбегі» билерін сахналауда ежелгі күйлер мен ежелгі ырғақтар алынды. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап фольклорлық билердің сахналық үлгісін насихаттау қолға алынды. Осы жолда «Шертер» фольклорлық ансамблінің репертуарына енген Сүгірдің, А. Байтұрсыновтың, Дәулеткерейдің шығармаларына қойылған «Шалқыма», «Айда былпым», «Өрмек» билерін айтуға болады.

«Шалқыма» биінде қазақ қызының нәзік те сымбатты бейнесі бейнеленсе, «Айда былпым» қазақ әйеліне тән сыпайылықты көрсеті, ал, «Өрмек» биінде қазақ қызының қолөнер шебері екенін көрсете алған. Кейін «Сазген» фольклорлық ансамблінің жеке бишілерінің репертуарына енген Қызыл мойын Қуандықтың, Раздықтың, Байжігіт шығармалары мен қатар бақсы сарындарына қойылған «Жезтырнақ», «Қылышпан би», «Келіншек», «Айқосақ», «Ортеке» билері сахналанды. Бұл билерге қазақтың ауыз әдебиеті арқылы жеткен аңыз, ертегілер негіз бола алды.

Алматы қаласындағы Бқылас атындағы саз аспаптар музейі жанынан құрылған «Сазган» ансамблінің жеке бишілері 1983 жылы “Қазақтың фольклорлық-этнографиялық билері” атты бағдарламасын көрермен назарына ұсынды. Қазақ биін билеуде ұзақ жылдар бойы еңбек еткен белгілі биші Үсен Мақанның және осы мақаланың бірінші авторының репертуарларындағы фольклорлық тақырып олардың шығармашылықтарының негізін қалады. Жұптасып билеген бұл бишілер, осы бағдарламада балетмейстер О.В.Всеволодская-Голушкевичтің қиялдау тәсілі арқылы қойған “Жезтырнақ” биінде сұлу қыздың жезтырнаққа айналған бейнесі көрсетілді. Көшпелі өмірден туған бұл мифтік образ қазақ халқының өз ұғымына жақын болатын. Ал, Үсен Мақанның жеке орындауындағы “Ортеке” биі еліктеуден туған би. О.В.Всеволодская-Голушкевич өз қойылымдарын қазақтың аңыз-ертегілерін негізге ала отырып іске асырды деуге болады.

Ал, белгілі суретші, киноактер Әубәкір Ысмайлов өзінің бала кезінен ауыл қарттарынан көрген, әкесі мен атасынан үйренген билерін қайта жаңғырту бағытында үлкен жұмыстар атқарды. Ә. Ысмайловтың қойған «Құсбегі-дауылпаз», «Жастар биі», көпшілікке арналған «Алқа қотан» билері бүгінгі күнге дейін биленіп жүр.

Фольклорлық тақырыптың би өнерінің дамуында үлкен роль атқарғанын жоғарыда көрсетілген жеке бишілермен қатар Мемлекеттік «Алтынай» би ансамблінің репертуары арқылы көре аламыз.

Ансамбль репертуарына енген “Бастау” атты хореографиялық композицияға “Сайыс”, “Бақсы ойыны”, “Жезтырнақ”, “Қылышпан” билері кірді. Әрі бұл билердің барлығы көне халық күйлеріне қойылды. Ел ішіндегі өнерді шығармашылықпен пайдалана отырып, халқымыздың көне мәдени мұраларын жаңғыртудан туған

“Келіншек”, “Жар-жар”, “Қоштасу” билері нағыз салт-дәстүрлік қойылымдар болды. “Бақсы ойыны” биін сахналау көне дәуірдің көзі іспеттес қимыл-әрекеттерді елестету арқылы ансамбль репертуарын осындай халықтық шығармаларға бұруға негіз болды.

Өнердің қандай да түрі болмасын дамуы жағынан алғанда фольклорлық, этнографиялық және халықтық өнер аясымен шектелуі мүмкін емес. Дәуір тынысына, өмір талабына ілесіп отыру, көрермен қауымның мәдени-эстетикалық талғамынан шығу өнер ұжымынан үлкен шығармашылық ізденістерді, көркемдік жинақылықты талап ететіні белгілі. Демек, сахна өнері халық өнерінің жалаң көшірмесі емес, ол өнер адамдарының шығармашылық бірлестігінен туындайтын ерекше өнер түрі. Сондықтан, әр бидің музыкасын тыңдап, талдаудан басталатын еңбек сахналық киім үлгісінің қандай болуы керектігін бекітумен тамамдалады.

Алматы облыстық филармониясына ауыстырылған «Сазген» ансамблінің жас бишілері, кейін, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артистері атағын алған Айгүл Тәти мен Гульнара Пішенбаеваның репертуарына енген «Қайран 25» биі нағыз ұлттық нақышқа ие болған шығарма болды. Қос қарияның өмірін суреттеуде қазақ би пластикасы арқылы образды айқын да нанымды бере алған. Балетмейстер Гүлсәуле Орымбаеваның ұлттық мінез құлықты нақты көрсете алуы, ал, орындаушылардың соны көрерменге жеткізе алуа үлкен шеберлікті талап етері белгілі. Осы қазақтың қос қызы өздерінің актерлік, орындаушылық шеберліктерімен көрермендерінің жүрегінен орын тапқан бишілер болды.

“Қазақтың ескі салты мен ойын жиындағы өлең сауықтың барлығы ән мен өлеңді аралас жүргізетін, сондықтан ел театры қалың елдің өмірімен шын жанасамын десе, ескінің суретін толық пішінді қылып құруға міндетті екені даусыз”, – деген М.Әуезов [3, 53]. Драма театр тарихын зерттеген Ә.Тәжібаев: “Драматургия халық поэзиясы мен салт жырлары және эпостан кірген драмалық элементтер ұлт театрына да ғажап негіз болған”, – деп көрсеткен болатын [4, 11]. Осы театр өнеріне қатысты айтылған “Жар-жар”, “Қоштасу”, “Беташар” сияқты халықтың салт-дәстүрлері би ансамбльдері репертуарынан орын алу арқылы халық билерінің де керемет үлгілеріне айналды.

Халықтық өнер мәдениетінің бөлігі бола отырып, би өнері қоғамдағы мінез-құлық нормаларын, гендерлік қатынастарды, мәдени құндылықтарды танымал және жақын көрсетеді. Бұл әсіресе халық билерінде айқын көрініс тапқан. Бұл белгілі бір халық үшін кодтық жүйе. Осы жүйенің ішіндегі адам өзіндік хореографиялық элементтермен байланыстырады, өзінің жеке қасиетін ұлттық әлеуметтік-мәдени кодын ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды.

Онда адамға дене қозғалысы жүйесі, кеңістікті қалыптастыру және бишілердің бір-біріне қатысты қалыптар арқылы берілетін көп ақпарат жасырылады. «Би - бұл белгілі бір ырғағы бар қозғалыстарды үнемі өзгерту арқылы эмоцияларды білдіру құралы» («Танец – это средство выражения эмоций путем постоянной смены движений, подчиненных определенному ритму»), – деген ой дұрыс көрінеді [5, 12].

Қазақ биі өнерінің мазмұндық ауқымы кең. Халықтың күнбе-күнгі өмір салты осы өнердің тақырыбының сарқылмас қайнар көзіне айналды. Қазақ биі шығармашылығын ұлттық мәдениетіміздің келелі бір тармағы деп білген жөн. Ол халық шығармашылығымен қоса кәсіби сахна өнерінің дамуына да үлкен үлес қосып келеді.

Халықтың шығармашылық мәдениеті адамның сана-сезімімен бірге адамгершілік болмысын тәрбиелеп іске асырады. Қандай халық болмасын ұлттық мәдениетке мән бермей өзін ұлт ретінде көрсете алмайды. Сондықтан суретші, композитор, балетмейстер өзінің туындысын жазарда халық мәдениетін оқып білуге талпынады. Қандай да бір халықтың биін сахнаға қоярда хореограф, сол халықтың географиялық орналасуын, тарихын, әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін ескереді. Әр халықтың өзіндік ерекшелігі би өнерінде өз ізін қалдыратыны осыдан болса керек.

Қазіргі уақытта фольклорлық би дәстүрлі, күнделікті, биге жақындайды. Оның мәні аймақтық ерекшеліктерді көрсетуге ұмтылуында болады. Зерттеушілер сол хореографиялық материалды беру кезінде жеке орындаушының қасиеттерін ерекше атап көрсетеді. «Бидің кезеңдік дамуы ұлттық базаны және би идеясын, оның өзіндік ерекшелігін, түпнұсқалығын, сайып келгенде, би билеудің өзіндік ерекшелігін сақтауға және кәсіби өнердің тәжірибесімен байытуға, содан кейін оны аудиторияға жеткізуге бағытталған. Бидің өзіндік тілі, оның қозғалысы, кескіндемедегі бояғыштар секілді лексика, сурет жасауға көмектеседі» [6, 103]. Этнографиялық хореографиялық материалды көрерменнің қабылдауы орындаушылық арқылы жүзеге асырылады. Орындаушының күшті ішкі, моральдық қолдауынсыз халық билерін құруға болмайды. «Күнделікті өмірде адамдар көрерменге емес, өздері үшін билейді. Егер би осы формада сахнаға көшірілсе, онда өнер шынайылығы болмайды ... Көрермен үшін би күнделікті бидің көшірмесі бола алмайды» [7,5].

Қазақтың кез-келген қуанышында, мейрамында, ойын-тойларында, салт-дәстүрінде осы халық билері ескеріліп, көпшілік, жеке-дара түрінде биленіп келген. Халық тарихының дамуымен бірге қазақ би өнері де дамып, құрылымын өзгертіп, толықтырып отырған деуге болады.

Би өнері күллі адамзат баласына ортақ, дүниежүзіндегі халықтардың барлығына бірдей түсінікті. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктеріне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әртүрлі болып келеді. Әр халықтың белгілі бір ережелерге бағындырылған әсем де сұлу, нәзік қимылдарынан келіп би туындайды. Осылай жинақтала, уақыт таразысынан өте бүкіл дүниежүзі халықтарында көркем би өнерінің қағидалары қалыптасты. Би өнерінен әр халықтың өзіне тән ұлттық сипатын анық байқаймыз. Әр халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын, салтын, тұрмыс-тіршілігін айнытпай таныта алатындықтан, оларды бір-бірінен оңай ажыратуға болады.

Олай болса, қазақ фольклорлық биі де уақыт талабына сай сахналана отырып, халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көрсету арқылы жастарды тәрбиелей алатын рухани қазынаға айналды.

Қазақ биі де ән-күй сияқты халықтың салт-санасымен біте қайнасқан ел мұрасы. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап қыз ұзатып, келін түсіре білген, ата-бабасына неше рулы ел жинап ас бере білген қазақ ән айтып, күй тартып, әртүрлі ұлттық ойындарды өткізе білген. Фольклорлық би мәдениеті міне осындай ұлттық ойындардан, әртүрлі еңбек қимылдарынан туындаған.

Хореография, идеологиялық, даму, ақпараттық, ағартушылық, әлеуметтік-ағартушылық, мәдени, мәнерлі, релаксациялық, коммуникативті, құнды-гедонистикалық, бейімделгіш және сауықтыру функциялары жүйесінде маңызды элементтер ретінде жұмыс істейді. Хореография - адамға жауапкершілік пен борыш сезімін, басқа адамдарға назар аудара алатын өнердің түрі. Халықтың хореографиялық өнерін зерттеу және біріктіру отансүйгіштік пен мақтаныш сезімін халыққа енгізуге мүмкіндік береді, ұлттық байлықты сақтап қалуға және уақыт пен ұрпақтың арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, фольклорлық қазақ биі басқа өнер түрлерімен синкретті түрде дамып отырған деуге болады. Халық хореографиясы адамның толыққанды дамуына ықпал ететін көп функциялы жүйе болған. Ол тұлғаның объективті қасиеттерін жақсарту үшін, яғни оның денесі (физикалық денсаулығы, дене құрылымының сұлулығы, тегіс кейіп және т.б.) адамның маңызды мазмұнын құрайтын өзінің субъективті қасиеттерін қалыптастыру кезінде, яғни оның рухани және рухани түсінігі (адамгершілік мұраттары, құндылықтары, басқа адамдарға қатысты көзқарасы, ерік күші және т.б.) еңбек ететін өнер түрі.

Қоғамның өзгеруіне байланысты, халықтың өмірі мен дәстүрі де өзгеріп отыратыны белгілі. Міне осыған орай өнердің де өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Оның тақырыптық идеясы, мазмұны да өзгеріске ұшырап отырады. Халық шығармашылығынан нәр алған би өнері де осылай өсіп-өркендеуде.

Тарих және этнография ғылымдарының зерттеулеріне қарағанда “қазақ даласы” аталатын кең өлкенің өн бойында талай кенттер, отырықшы мекендер салынып та, жойылып та кеткен. Дегенмен, бүгінгі ұрпаққа таңбалы тастағы кескіндер мен ертедегі адамдардың ырым-билерінен бастап жоғарыда аталған фольклорлық тақырыптар би өнеріне арқау болды. Сондықтан би өнері де ұлттық бет-пердесін сақтай отырып дамыды.

Бүгінгі сахналық қазақ биінде осы фольклорлық билерді көре алмай жүргеніміз де рас. Сондықтан, хореографиялық білім беріп отырған оқу орындары «Алтын қорға» енген сахналық қазақ биімен қатар фольклорлық билердің, оның мазмұны мен тақырыбын сақтау қрек деген ой туады. Ұлттық бидің бастауы болған, фольклорлық музыкаға негізделген ежелгі бидің қазақ өнерінде алар орны ерекше.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: 1991.- 288 б.
2. Е. Балабеков. Қазақтың музыкалық фольклоры: болмысы, өзіндік ерекшелігі, тәрбиелік мазмұны мен заманауи өміршеңдігі. Оқу құралы. – Алматы: 2006. – 158б.
3. Әуезов М. Шығармалар жинағы. Т. 11 Алматы: 1969.-480 б.
4. Қазақ театрының тарихы. Т.1. Алматы: 1975.-398 б.
5. Королева Э.А. Ранние формы танца – Кишинев: 1977.– 214 с.
6. Заикин Н.И. Фольклорный танец и его сценическая обработка : метод. пособие / Н.И. Заикин // Всероссийский научно-методический центр народного творчества и культурно-просветительной работы. – М.: Петит, 1991. – 134 с.
7. Фольклорные танцы Тверской земли: записаны автором в Тверской губернии в 1938 году / Т.А. Устинова. Тверь: Алексей Ушаков и К, 2002. 159 с.: ил

Ізім Т.О.¹, Кайыр Ж.У.²

Сценические казахские фольклорные танцы и его отношение к устному фольклору

^{1,2} Казахская национальная академия хореографии
г. Нур-Султан, Казахстан

В статье рассматривается современное состояние казахского фольклорного танца и его роль в развитии как сценического танцевального искусства. Общеизвестно, что фольклорный сценический казахский танец основан на легендах, историях, которые были извлечены из устной литературы. Научные работы ученых, которые изучали казахский фольклорный танец и сценические интерпретации фольклора, также являются основой статьи. Основным источником казахского фольклора была устная литература, легенды и сказки народа так же повлиял на развитие фольклорного танца. В разные годы танцы «Жез тырнак» и «Кылышпан би» были взяты из казахской легенды, а образ казахской женщины, имевшей поэтическую основу отразился в танцах «Айда былным» и «Шалкыма»

Izim T.O.¹, Kayyr J.U.²

Stage kazakh folk dances and its relationship to oral folklore

^{1,2} Kazakh National Academy of Choreography. Nur-Sultan, Kazakhstan.

The article discusses the current state of the Kazakh folk dance and its role in the development of stage dance art. It is well known that folk Kazakh folk dance is based on legendary stories that have been extracted from oral literature. The scientific works of scientists who studied the Kazakh folk dance and the stage interpretations of folklore are also the basis of

the article. The main source of Kazakh folklore was oral literature, the legendary folk tales also influenced the development of folklore dance. Over the years, the dances “Zhez tyrnak” and “Kylyshpan bi” were taken from the Kazakh legend, and the image of the Kazakh woman, who had a poetic basis, was reflected in the dances “Ayda bypym” and “Shalkyma”

ӘОЖ 82.09 (574)

Каримсакова Б.А.

ф.ғ.к., доцент. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы, e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНДАҒЫ АҢЫЗ БЕН ШЫНДЫҚ

Бұл мақалада Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, мифтік-фольклорлық сарын көрініс табады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңыз әңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Романда Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арналысы шеберлікпен суреттеледі.

Тірек сөздер: әдебиет, жазушы, тарихи роман, аңыз әңгімелер, Әмірші, ханша, шебер, махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ.

КІРІСПЕ

Әдебиет халықтың сана-сезімін, көркемдік ойлау қабілетін дамытатын рухани дүние бола отырып, адамзат өркениетімен, адам тағдырымен байланысты сан-салалы мәселелерден құрылады. Солардың бір арнасы – екі адамның арасындағы ғашықтық сезім. Өр тағдыр иесінің көзімен көріп, көңілімен түйсінетін бұл қасиетті ұғым адам баласымен бірге жасап келеді. Адам ата мен Хауа анадан бастап бірде қуанып, бірде жылатып келе жатқан махаббат құдіреті терең. Батыс философиясы тарихында Эмпедокл өзінің космологиялық ілімінде махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған басты күш деп білді. Ертедегі грек, Рим қолжазбаларында махаббат құдайлар кейпінде көрсетіліп, дүниенің кілті солардың қолында делініп, құдайдың өзі махаббат мәнінде ұғынылған.

Платон махаббатты алғаш рет сезімдік және рухани деп екіге жіктеп, сезімдік махаббат - сұлулықты сырттай ғана қызықтайтын төменгі форма, ал рухани махаббат адамның белсенді танымдық қызметінің қайнар бұлағы дейді. Бұл екеуінің арасындағы тығыз байланысты, сезімдік махаббаттың рухани махаббатқа ауысуын философ махаббаттың кемелденуі деп қараған [1,164]. Осыған сүйене отырып, Фома Аквинский: «Нағыз махаббат – құдайды сүю» деген [2,140]. Махаббатты адам бойындағы құмарлық сезімдердің ең күштісі деп бағалаған француздың ұлы ойшылы Вольтердің тұжырымын Бальзак та мойындаған. Ол сүйіспеншілік мәселесіндегі шешуші рөлді жүрекке береді.

Ал, шығыс жұлдыздары Хафиз бен Сағди шынайы махаббаттың ешқашан ізсіз кетпейтінін, адам ғұмырында бұл сезімнің бірге жасайтынын айтқан. Орта ғасырларда махаббат ұғымы көркем туындылардың ғана нышаны емес, дүниетаным, дін, философия, эстетика салаларының бастау алатын бұлағы болып саналады. Ортағасырлық мұсылман және христиан теологиясында, діни әдебиетте, сондай-ақ шығыс поэзиясында да басты тақырып махаббат болды. Көптеген онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық мәселелердің шешуін табар түйіні осы махаббат категориясы еді.

Қазақтың ғашықтық жырлары, лиро-эпикалақ дастандары ғасырлар бойы халықтың інжу-маржандары санатында сақталып, бағаланып келеді. Түп тамыры шығыстан тартылған Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа сияқты қиссалармен бірге, қазақ топырағында туған «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» тәрізді жырлар халық жадында берік орнықты. Халық аңыздарының үлгісінде жазылған С.Мұқановтың «Сұлушаш», И.Байзақовтың «Құралай сұлу», «Ақбөпе» поэмаларындағы басты сюжеттік арна ғашықтық сезімнен бастау алады. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде әдебиетте бой көрсеткен қазақ прозалық шығармаларындағы басты тақырып сүйіспеншілік, махаббат сезіміне, осы жолдағы күрес-әрекеттерге арналғаны белгілі. Бұл тақырып одан кейінде түрлі жанрдағы шығармаларда көтеріліп, осы кезге дейін жырланып келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тарихилық – дәуірдің бет-бейнесін, нақты оқиғалар мен адам тағдырлары арқылы көрсететін ұғым. Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған романдардың маңызы жоғары. Қазақ тарихи романы қай кезеңге арналса да ол суреттеліп отырған дәуірдің халық тағдырында атқарған роліне жан-жақты талдау жасап, өткен мен бүгіннің арасына дәнекер болады.

Ұлттық әдебиетімізде тарихи тақырыпты арқау ету кеңінен қанат жайған келелі дәстүр десе де болғандай. Бұл, әсіресе, XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейін кең етек алғаны белгілі. Осы кезеңде өмірге келген І.Есенберлиннің «Қаһар», «Жанталас», «Алмас қылыш», Д.Әбіловтің «Ақын арманы», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», Ә.Әлімжановтың «Жаушы», С.Жүнісовтің «Ақан сері», Ә.Кекілбаевтің «Үркер», «Елаң-алаң», М.Мағауиннің «Аласапыран», Д.Досжановтың «Жібек жолы», С.Сматаевтың «Елім-ай» т.б. тарихи, тарихи-ғұмырнамалық романдары соның дәлелі.

Кеудеде жан тұрғанда адам баласынан сезім күйі, күштарлығы өлмек емес. Өртеніп, күйіп-жану, махаббат оты – жан беріп, жан алысқан соғыстарда да, халық басындағы небір зұлмат күндерде де өз орнын тапқан, екі аяқты пендеге қуат, дем берген, келер күндерге деген үмітін кеудесінде маздатып отырған.

Тарихи шығарма – тек халықтың тарихын, шежіресін, кескілескен шайқастарды ғана суреттеумен шектелсе көркемдік сапасына нұсқан келер еді. Белгілі зерттеуші Герольд Бельгер: «Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында — ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек» [3,27].

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, көне сюжеттерді көбірек бағдар тұтады. Ә.Кекілбаев романтизмінің көркемдік жүйесін толықтыратын сипат шығармаларында мифтік-фольклорлық сарынның, аңыз-әңгімелердің жиі көрініс беруі болып табылады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңыз әңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Осы сипаттағы шығармаларының бірі – «Аңыздың ақыры» романы.

Тарихи дәуірлер мен оқиғаларды, тарихи адамдардың өмірін көркем бейнелеп елестеткен, дүниетанымдық ізденістері жоғары шығармалардың қатарына Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын жатқызуға болады.

«Аңыздың ақыры» романы Әбіш Кекілбаевтың бұрыннан жазғандарынан сыры да, сипаты да мүлде бөлек, жазушының шығармашылық тың табысы, өсу, іздену эволюциясының жаңа қыры дерлік, өзіндік концепциясы бар дүние. Жазушы мұнда өзінің ойшылдығы мен парасатты суреткерлігін көрсеткен десек асыра айтқандық емес [4,42].

«Аңыздың ақыры» романы тарихи тақырыпқа жазылып, тарихта болған Ақсақ Темір өмірінің бір сәті көрініс бергенімен, бұл – үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, қаламгерлік қиялын қоса отырып, дербес психологиялық шығарма тудырған. Мұнда тарих – фон, кезең колориті ғана. Сыншы С.Әшімбаев романның тарихи негізін баса айта отырып: «шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып еді, Әмірші деп отырғанымыз кім, қай елдің ханы деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты» [5,12] – деген пікір білдіреді.

Ә.Кекілбаев үшін романда оқиғаның қай ғасырда, қай жерде болғаны маңызды емес. Мәселе, оқиғаның қашан және қалай болғанында емес, болған оқиғаның адамгершілік-философиялық мәнінде. Сюжетке өткен дәуір оқиғасы арқау болғанымен, ішкі мазмұны махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ, бақыт сияқты жалпыадамзаттық мәні бар мәңгілік мәселелерді қозғайды.

Романның негізгі сюжеті шығыс елдерінің ежелгі аңыздарының негізінде алынған. Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, айқын танылады.

«Аңыздың ақыры» романының лирикалық, романтикалық сипаты мол. Романның сюжеті үш кейіпкердің (Әмірші, ханша, шебер) төңірегінде өрбитін тарихи аңыз-әңгімеге құрылған. Жазушы өзіне таныс аңыз-әңгімені жалаң баяндаушы емес, ол аңыздық желіні жаңаша түсіндіріп, жаңғыртып, сол арқылы адам жанының терең иірімдерін ашқан композициясы күрделі, психологиялық салмағы бар дербес туынды жасайды. Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі.

Романның бас кейіпкері – Алмас хан. Шығармада Алмас хан өмірінің соңғы айларында болған оқиға баяндалады. Ол өз халқын толық бағындыруда да, оны басқаруда да, оған жаңа жетістіктер қосуда да табысқа жеткен әмірші. Бірақ ол халқына өз философиясын уағыздауда жеңіліске ұшырайды. Сондықтан автор кейіпкердің ой жүйесін, сезіну, түйсіну өрісін, оның құбылыстарын, суреттеуге ерекше көңіл бөледі. Әміршінің мінез-құлқы – романның негізгі желісі.

Хан кезекті жорығынан оралғанда, кіші ханшаның өзінің құрметіне салдырған биік мұнарасын алыстан көзі шалады. Мұнараны салушы жас шебер ханшаға ғашық болып, оған деген құмарлығы мен іңкәр сезімін, махаббатын өз өнері арқылы бейнелейді. Ханға суық хабар өзегін құрт жеген алма арқылы беріледі. Қызғанышы оянған Хан шебер мен ханшаға қаһарланып, жас жігіттің көзін ойып, тілін кесіп, қатал жазалайды. Ханша мен шеберді қатаң жазалағанымен, хан олардың жүрегіне әмір ете алмайды. Өйткені байлық пен биліктен тыс, оларға бағынбайтын махаббат, сезім құдіреті бар. Нағыз өнер туындысына тән сұлулық пен нәзіктік тек шынайы махаббаттың әсерінен туындайды.

Әміршінің бейнесін жасағанда Ә.Кекілбаев тарихи материалдарға сүйеніп, қазіргі болмысқа сәйкес әлеуметтік-психологиялық модель жасаған. Эгоцентризм мен өзін ғана сүюдің жалғыздыққа, рухани азушылыққа ұшырататынын көрсеткен. Жазушы шеберлігі Жаппардың өзімен өзі сөйлескен монологын беруде ерекше көзге түседі. Жасынан сәулетшілік өнер бойына дарыған Жаппарға (әкеден берілген қабілеттілік) дүние жүзінде теңдесі жоқ мұнара салу ісі тапсырылады.

Кіші ханшаға ерекше ықылас, құмарлық сезінген сәулетші мұнараны салудың жаңа түрін ойлайды. Оның ойынша мұнара ендігі жерде өзінің ұлылығымен емес, адамдарда басқа адамдарға деген сенім, сүйіспеншілік сезімін туғызу керек. Осы ойын іске асыру үшін сәулетші аса көп жұмыс істейді. Алғашқыда сәулетші хан бақшасының ішінде жас сұлуды жиі көру мүмкіндігі бар кетікті бекітпеді. Енді сәулетші қалайда жас сұлуды өзіне қарату үшін, оның өзіне деген сүйіспеншілік сезімін туғызу үшін мұнараны ерекше ықыласпен әшекейлеп сала бастайды.

Жер бетіне өзінің әмірлігін, үстемдігін жүргізіп, ашса алақанында – жұмса жұдырығында ұстай білген Әмірші «мұнара бейнелеген асқақ махаббаттың иесі кім, ол кімге деген ақ сезім» деп іздеумен болады.

Романда мұнара – шебер махаббатының символындай. Шығармада мұнараның атқаратын қызметі ерекше. Ол үш кейіпкерді, ханды, ханшаны және шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі. Романдағы романтикалық сарын да осы мұнара бейнесімен байланысты. Ол жанданған кейіпке еніп, адам әрекетіне, адамға тән мінезге, қылыққа ие. «Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді. Бірде терезенің алдынан ет жүрегінді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді» [4,134].

Мұнара бірде «күледі», бірде «мұнаяды», бірде «сұстанады», бірде «алыстан ым қаққандай» болса, бірде «жалбарынады». Шығарманы мұқият оқып шықсаңыз, мұнараның мұндай «мінезінің» сан қырына куә боласыз. Шығармада мұнара романтикалық бояумен бейнеленген. Оның қасиетін суреттеуде әсірелеу де басым. Мұнараға қараған жанның барлығы қайран қалады. Ол шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсамайтын ерекше бір сипаты бар, сиқырлы мұнара. «Әмірші сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-соңды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап, тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне алмай келеді» [4,40]. Романда мұнараның қасиетін айқындауда «сиқыр» сөзі онымен жиі қатар айтылады. Мұнараның сиқыры – шебердің ханшаға деген махаббатын бейнелеуінде, тіпті сол махаббаттың өзіне айналуында.

Кіші ханша әміршінің алдында жалғыз-ақ күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ сол жалғыз қылмысының өзін әміршінің қырағы көзі қалт жібермеді. Әміршінің мына монологына көңіл бөлейік: «Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес, энеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанымен түсінде табысты. Ендеше сол бір жайнақ көз жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан. Көңілінде ол ханымға бұдан гөрі әлдеқайда жақынырақ...» [4,172].

Шығармада жазушы тек Әміршінің ғана қатыгездігін орынсыз кінәлай бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық пен зұлымдықтың, билік құмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударады. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез. Ол өзгелерді қайғы-қасыретке ұшыратумен бірге, өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ә.Кекілбаев тарихи шығармаларында ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, өткен күннің жарқын да қаһарлы бейнесін, моральдық бейнесін жасады. Әбдіжәміл Нұрпейісов өзінің бір сөзінде: «Ол өзінің шығармаларында атақты тарихи тұлғалар есімін саудаға салмайды. Ол өз халқының өткен тұрмысын әспеттеу, әйтпесе мансұқ ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипаттарын философиялық, психологиялық тұрғыдан терең көрсетуі бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көтере түскен», - деген болатын.

Шын мәнінде, Ә.Кекілбаев қазақ тарихи романдарындағы аңыздық желілер өмірлік шындыққа ажар бітіріп, мазмұнын тереңдетеді, философиялық мән-маңыз береді. Қаламгердің сюжет желісі түгелдей аңыздан арна тартқан «Аңыздың ақыры» романы – саф күмістей таза тарихи роман. Мұндағы тарихи деректердің барлығы көркемдік шешімін үйлесімді тапқан туынды екенін Ә.Кекілбаев туындыларынан анық байқауға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. Антикалық философия. – Алматы: Жазушы, 2005. Т.2. – 568 б.
- 2 Орта ғасырлық діни философия. Жиырма томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. Т.5 – 568 б.
- 3 Герольд Бельгер «Казахское слово.» Астана, 2001
- 4 Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалары.– Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. – 400 б.
- 5 Сыншы С.Әшімбаев «Шындыққа сүйіспеншілік». Әдеби-сын мақалалар, портреттер, эссе. «Жазушы», 1993;

Каримсакова Б.А.

Легенда и истина в романе А. Кекильбаева «Конец легенды»

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

В статье рассматривается совершенствование старых легенд, сохранённых в душе народа, и фольклорно-мифический мотив в романе А.Кекильбаева «Конец легенды». Произведения А.Кекильбаева в основном состоят из фольклорно-мифических сюжетов. Писатель через легенды-рассказы, опираясь на исторические свидетельства, стремится решить вечные проблемы. В романе мастерски описываются психологические чувства и душевные переживания между Повелителем, Младшей Ханши и Зодчий.

Karimsakova B.A.

Legend and truth in A. Kekilbaev's novel «The end of legend»

Sh.Yessenov Caspian state university of technologies and engineering
Aktau city, Kazakhstan

This article discusses the improvement of old legends, preserved in the soul of the people, and the folklore-mythical motif in the novel “The End of Legend” by A. Kekilbaev. The works of A. Kekilbaev consist mainly of folklore and mythical scenes. The writer, through the legends-stories, based on historical evidence, seeks to solve the eternal problems. In the masterful novel, psychological feelings and emotional experiences are described between the Lord, the Younger Hanshi and the Architect.

ӘОЖ 82.09 (574)

Б.А. Каримсакова¹, А.Т. Жеткизгенова², Н.С. Қамарова³

¹ф.ғ.к., доцент. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан, e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

²ф.ғ.к., доцент. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан, e-mail: aliya.zhetkizgenova@yu.edu.kz

³ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан, e-mail: nagbdu.kamarova@yu.edu.kz

ШӘКӘРІМ, МАҒЖАН, СҰЛТАНМАХМҰТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АҚЫНДЫҚ ДАРАЛЫҒЫ МЕН АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ҮНДЕСУІ

Ғасыр басында шығармашылық дарашылдығымен, айрықша ақындық тұлғасымен көзге түскен ұлттық поэзиямыздың ірі өкілдері - Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұттың рухани әлеміне тереңдеп зер салу барысында, олардың поэтикалық әлеміндегі ақындық

даралығы мен ақындық шеберлігінің, жалпы ақындық болмысының бірегей жақтарына тоқталуға тырыстық.

Лирикадағы ақындық тұлға проблемасы негізінен XX ғасыр басындағы Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ақындық тұлғаға қатысты қозғалды және осы үш ақынның шығармашылығына ден қою арқылы ақынның даралану, тұлғалану процесіне басты назар аударылды.

Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі кез-келген лирикалық бейненің астарында ақынның қиямет-қайым өмірді түйсінуі, эстетикалық сезім дүниесі бейнеленеді.

Тірек сөздер: ақын, поэзия, ақын тұлғасы, ақындық даралық, ақындық шеберлік.

КІРІСПЕ

Бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасына қайта үңілу оның тағылымдық мәнін қайта зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік.

Өмірлері өнегеге айналған, еліміздің мәдени-рухани қазынасын ту еткен жеке тұлғалардың өмірі мен шығармалары турасында зерттеп, зерделеу, жас ұрпақ бойына тереңінен сіңіру, шығармашылықпен оқыту, ұлттық сананың негіздерін қалыптастыру – бүгінгі таңда өте өзекті.

Поэзияда өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу - ірі жанды адамның ғана қолынан келмек екенін сезіне отырып, өз өлеңдерінде үш ақынның рухани ірі тұлға екенін ажыраттық. Олардың ақындық болмысын ашуда ұлттық ой-сезім, ұлттық таным тұрғысынан көңіл аударма келіп, ақындық дара тұлғаларының қилы қырларына зер салынды. Жекелеген творчестволық тұлғаның шығармашылық қырлары арқылы үш ақынның да ақындық тұрғысын, ұлттық лирикадағы орны мен ерекшелігін айқындай түстік. Табиғат, махаббат, көңіл-күй, саяси-әлеуметтік лирикалардағы түпсіз толғаныс, терең күйзеліс сезімін ақтара отырып, ақындық тұлғаның басты-басты құбылыстық қырлары жіті талданды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XX ғасырдың басындағы ақындар шоғырының арасынан біз бөліп қарағалы отырған ірі тұлғалар - Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт. Бұл үш ақынның да ұлттық поэзиядағы алатын орны ерекше екені белгілі.

Мағжанның романтикалық сарынындағы түркілік, тәңірлік, бақсылық дүниетанымымен оқшауланатын тұлғасы, Шәкәрімнің философиялық лирикасындағы имандылық, парасаттылық, дүниені танушылықпен ерекшеленетін тұлғасы, Сұлтанмахмұттың әлеуметшіл поэзиясындағы оқу-білім, надандық, кедейлікпен мұңдасқан тұлғасы биіктен көрінеді. Үшеуінің өмір сүрген уақыты бір болса да, лирика табиғатында бір тақырыптың өзіне түрліше ой салуы, бір-біріне ұқсас жырлау тәсілі арқылы да олардың дара тұлғалары танылады.

Ақын - қоғамдық тұлға. Ақынның әдебиеттен алатын орны ақынның өмір сүрген қоғамдық ортасымен, заманымен тығыз байланысты. Ақын шығармаларының құны өзі өмір сүрген замандағы қоғам мен өмір шындығын қаншалықты көрсете білді, қоғамға қаншалықты әсер ете алды, сонымен өлшенсе керек. Адам жанының тереңіне бойлай білуді қажет ететін лирика жанрының басты ерекшелігі - ой мен сезімнің тең қабысып отыруы. Ал, нағыз лирик осы қос қасиетпен оқырман жүрегін сәулелендіріп отыруы тиіс. Бұл әрине, қалам ұстаған кез-келген қаламгердің қолынан келе бермейтін, тек сирек талант иесіне ғана бұйырар шығармашылық бақыт.

Ақынның ішкі толғанысы, заманға, қоғамға, өмірлік құбылысқа деген көзқарасы, наным-сенімі, танымы оның өлеңдерінен көрініс табатыны белгілі. Ақын сыртқы дүние шындығын өз сезімінің мазмұны арқылы танытады. Поэзиядағы ақын тұлғасы - өзі өмір сүрген уақыттың жиынтық хәм көркем бейнесі десек, бұл туралы А. Байтұрсынов былай деп

көрсетеді: «Ақындар ғалымдар сияқты болған оқиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған оқиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша сезіп, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» [1]. Ал ақындық табиғаты тереңде.

Ахаң ақындығына сүйенсек: «тысқарғы ғалам мен ішкергі ғаламның екі арасы санада келіп түйіскен жерде жыртылып айырылғысыз болып бірігеді» [1]. Яғни, өмірдегі ақын мен ақындық таным құйылысып, көркем шығарма дүниеге келеді. Міне, осы көркем дүниенің астарында автор мен лирикалық кейіпкер де Ахаң айтқандай «жыртылып айырылғысыз» болып кетеді. Сондықтан да ақындық тұлға мен лирикалық кейіпкер арасындағы ара-жік «айырылғысыз болып», екеуі бірін-бірі толықтырып, тұтаса кірігіп тұрады. Демек, ақын көркем шығармада поэтикалық тұтас тұлға ретінде танылады. Яғни Ахаң айтқан «ақындық» өнер болмысы негізінде сөзсіз «ақындық тұлға» табиғаты оқшауланып алға шығады, таным таразысына түседі.

Ақиқатына келсек, ақындық тұлғаны көркем дүниенің ішкі табиғатынан іздеп, тануға тиіспіз. Сондықтан да ол лирикалық қаһарманмен қатар тұрады, бірге өмір сүреді.

Кез келген шығарманың тысында, кез келген лирикалық «меннің» бойында, ақындық тұлға тұрпатын айқын сезінетініміз анық. Тіпті кейбір көркем дүниеде ақын өзі қатыспай, лирикалық қаһарманның атынан сөйлеп тұрса да автордың жасырын тұлғасы тұрғаны белгілі.

Ұлы Мағжанның «Мен кім?» өлеңінде:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте - бұлт, жерде желмін гулеген... [2]- дейтін, өз-өзін асыра бағалайтын, риторикалық сауал тастап, оған өз тұлғасын нақты аша жауап қататын стилдік сипаты сонау жыраулар үлгісінен соқпақ салып жатқаны сөзсіз.

Өз заманында ешкім бой таластыра алмаған Шалкиіз, Жиёмбет жырларынан да ХІХ ғасырдағы Дулат пен Абайдың алып тұлғасын анықтар, ХХ ғасырдағы Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Ғұмардың ірі тұлғасын түстетер ақындық қуат-құдіреттің бастау-бұлағын байқау қиын емес. Олардағы сөз мәйегі ғана емес, арналы ой жүйесін Абайдан соңғы Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Ілияс, Ғұмар мен Сұлтанмахмұт секілді ақындар да үлгі тұтты.

Шалкиіз жырау маңындағы билер мен бектерге ақыл-кеңес түрінде айтатын айбынды жырларында кенен ақылдың, дара даналықтың иесі болғаны сезіліп тұрады. Белгілі Би Темірге кеңес салған жауынгер жырау өзінің де тәкаппар тұлғасын, би алдындағы орнын танытып отыруды ұмытпайды.

Тіленші ұлы Шалкиіз

Иесі Би Темірдің тұсында

Бұлтқа жете жазды бү мүйіз...[3]

Жыраулық поэзияда ақын тұлғасының асқақ түрде көтерілуі заңды да. Өйткені олардың арқа сүйер халқының алдында ақиқаттың өтін жара айтатын, ал халқының алдында жүгінбес ерікті басы, дала демократиясына тән «тіл кеспек жоқ» еркін ойлы хұқы бар еді... Сондықтан да жұртына өткір көзқарасын Шәкәрім, Ахмет, Мағжан ақындардай астарлап, тұңғыық ой-түйінін тұспалдап жеткізбейді. Төтесінен тіліп айтады. Кезі келген жерде хақ-тағала мен ханнан да тартынбас көшпендінің қатал тілі, қайсар мінезі, өр келбеті кескінделеді. Бұл жерде Шәкәрім, Мағжандарды тура айтпады деп кінә қою емес, олардың өз мұңы мен ел мұңын аса астарлы түрде тереңдете айтып отырғанын есте ұстауымыз керек. Мағжан, Сұлтанмахмұттар ақындық тұлғасын астарлай отырып, ақындық кредосын лирикалық кейіпкер атынан жеткізіп отырады.

Ғасыр басындағы ел мұңын көкірек көзінен өткізген Сұлтанмахмұт пен Мағжан жырларының алмастай жарқылдаған тұстары да дәл осы жыраулар поэзиясындағы мұқалмас рухпен ұштасып жатқанында екенін еріксіз сезінуге болады. Жиёмбеттің Есім ханға арнаған арнау өлеңінде жырау өз жайынан және азулы заманның алас-күлес жағдайларынан хабардар етіп қана қоймай, әлеуетті ханға қарата батыл тіл безеуінде биік беделінің, еткен еңбегінің зорлығының арқасында өзінің айылын жимас ақын екенін дәлелдейді. Тіпті, сес көрсетеді.

Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін... [3]

Ескіден келе жатқан ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры үлгісін шебер пайдалана отырып, өзінің бұла тірлік кешкен, ерлік қайратымен аты әйгіленген бейнесін белгілі теңеулермен сомдайды.

Менің ерлігімді сұрасаң
Жолбарыс пен аюдай
Өрлігімді сұрасаң
Жылқыдағы асау тайындай...

Әрине, «Бас кессе де басылмай, Ақ ісімді жасырмай, Атқа мінген ер едік» деген қаһарлы ақынның сұсты образынан ақындық «меннің» андағайлай танылатыны сөзсіз.

Ал XX ғасыр басындағы Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт поэзиясына келсек те, ақындық тұлға интимдік сипат алып, іштей күрделене түсті. Лирикалық қаһарманның рухани болмысы даралана келіп, ақынның жеке басына қатысты жайттар көмескі тартып, ішкі жан дүниесінің қатарлары қуатты арна тапты. Ақтамбердіден бастаған интимдік лирика астары Бұқар мен Шалда ғана емес, Дулат пен Абайда жалғаса келіп, Шәкәрім мен Мағжан лирикасында тұңғық тартып, сол соңғы жыраулар жырымен сарындас қана емес, желілес жыр жолдарын дүниеге әкелді. Мағжандағы ішкі мұң Ақтамбердінің «Жалғыздық сені қайтейін!» дейтін наласымен сабақтасып жатыр.

Батырлығымен танылған атақты жырау Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауы - қазақ халқының далалық өмірі, ұлттық мінезі, болмыс-бітімін таныта, суреткерлік шеберлігін шыңдай өзіне дейінгі жыраулардың, әсіресе XV-XVII ғасырлардағы толғаулардан мағынасы терең лирика тудырғанына дәлел бола алады.

Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау,
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам![3]

Барлық ақындық арман-мақсатын ғана емес, бүкіл бір халықтың мінез-құлқы мен бет-бейнесін өзі тудырған лирикалық образдың бойына жинақтау арқылы Ақтамберді жырау тұлғасын жаңаша қырынан кескіндеді. Мұндай лирикалық бейне жасауға бет алу жаңа ақындық тұлғаның аренаға шыға бастауы десек артық емес. Әлбетте бұған Бұқар, Ақтамберді секілді сыры терең, танымы тұңғық жыраулар мақсатты түрде емес, тек интуициямен жеткенін мойындаймыз. Бір ғажабы, мақсатты жыраулық толғамнан гөрі ақындық интуициямен келген сырлы да жұмбақ сезім кейінгі Мағжан, Сұлтанмахмұт секілді сезімтал ақындарға әсері мол болды.

Мағжан мен Сұлтанмахмұт сияқты Шәкәрім де қазақ тұрмысына, ел ішіндегі еңселі өзгерістерге ерекше мән беріп, сөз өнерінде өзгеше өрнек түзген. Ұлы Абайды өкшелеген Шәкәрім шығармашылығы ұлттық лирикада тың таным, соны леп әкелгені рас. «Қазақ айнасы» өлеңінде ақын образы өз-өзімен сырласып, өз жүрегінің шындығын ешкімге айта алмай арпалысқан лирикалық бейне ретінде көрінсе де, ақиқатында ол сезім жұртына деген жан сөзі екені өлеңнің ішкі табиғатынан анық аңғарылады.

...Артың анау, алдың су, көз жетпейді,
Өтетұғын қамыңды ойланып бақ.

«... алдың су, көз жетпейді» [4] дегенде өзіне емес, жалпы жұртқа қаратып толғанған ақынның ішкі сезімі заман қайғысына ұласады. Адамның қоғамдағы бір-біріне қатынасын мінез-құлқын ашып, оның ұнамсыз жақтарын әшкерелеуде Шәкәрім тереңдікті, көргіштікті байқатады. Өз уақытының, өз елінің жоқтаушысы бола алған бұл үш ақын да, сол кездің шындығын өлеңдерінде түрлі тәсілмен, түрлі лирикалық толғаныспен жеткізеді.

«Ақынның көңіл күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас. Ол қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол өз кезінің шындығы жатады» [5].

Мағжанның «Жатыр», «Сорлы қазақ», «Өнер-білім кайтсе табылар», «Қазағым», «Жер кетті» тағы басқа өлеңдерінде «өз кезінің шындығы» мен сыры нақты ақынның азаматтық тұлғасын айғақтай түседі.

«Осы күнгі күй» өлеңінде:

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз

Сөз ұқпас мылқау, меңіреу жүрген жалғыз [2], -

деп қазақтан басқа халықтың оқу-білімге ұмтылып, ғылым мен техниканы игеріп, алға озып жатқан шақта өз елінің, «алдындағы малымен, бірге жусап, бірге еріп», өмірде бейқам тіршілік кешіп жатқанына налыды.

Тақаулы тамағыңа өткір пышақ,

Тек жатыр тұяқ серпеш сонда да аңсыз.

Онсыз да отар елдің ертеңгі күнін ойлап, дамыған күшті бір жұрттың жемі болып, жұтылып кету қаупінен қамығып, осының бәрін ақын надандықтың кесірі деп түсінеді. Ал надандықтың соңы қандай да бір құдіретті жұртты жарға итеріп, жапанда жалғыз қалдырып, түбі түп орнымен азып-тозып кетуге соқтырарын саралайды.

Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,

...Сандалдың алдын - боран, артың - тұман

...Білімсіз ит надандық жеңгені ме?

Өткен тарихы тұманды, болашақ заманы боранды қазақ елінің келешегін ойлаған ұлы ақын абыздық болжамымен танылады. Қамсыз қазақтың аңғал, аңсыз күйіне күйінеді. Біздің алдымызда ақын тұлғасы ел мұңын жоқтаған азамат ретінде нағыз қайратты болмысымен шығады. Көптеген өлеңдерінде ақын өз көңіл күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады.

Сұлтанмахмұт та «Оқып жүрген жастарға», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Анау-мынау», «Қандай», «Туған еліме», «Алаш ұраны» [6] т.б. өлеңдерінде туған ел-жұртының жай-күйін, уақыт шындығын, өз болмыс-бітімімен астастыра жырлайды. «Анау-мынау» өлеңінде:

Анау қырда татар тұр,

Басқалармен қатар тұр.

Мынау ойда қазақ тұр,

Қастарында азап тұр. [6]

Кем-кетігі мол қазақты талабы зор жұртпен салыстыра келіп, сол «ұйқысы көп» өз жұртының ішіндегі оқыған, зиялы аз қауымы туралы да озық ойын жасырмайды.

Анау қырда жастар тұр,

Алға қарай бастап тұр.

Оян дағы тез тұр деп,

Дамыл таппай қақсап тұр. [6]

Сыршыл ақын өзінің жүрек жарды ойлары мен сезім-сырларын ашуда, оқыған азаматтардың шыбын жандары шарқ ұрып, елді тәуелсіздікке жеткізу жолында «Оян қазақ!» деп жар салғанымен, оларға жауша қараған кейбір надандардың да іс-әрекетін, сезім күйін қатар алып көрсетеді. Өлеңнің соңында ақын өнерден құр алақан қалып бара жатқан елінің жағдайын баяндай отырып, жастарды осымен күресуге, алға қарай баруға үндейді. Соңдықтан да оқырман алдында ақынның азаматтық өршіл рухы биіктей береді. Елінің ауыр халін, өзі өмір сүрген кездің жай-жапсарын анық аңғартқан ақынның ойлы бейнесі шындала түседі.

Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі кез-келген лирикалық бейненің астарында ақынның қиямет-қайым өмірді түйсінуді, эстетикалық сезім дүниесі бейнеленеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт лирикаларына, образ жасау ерекшелігіне жеке-жеке тоқталу барысында, бұл үш ақынның өзгеге ұқсамайтын дара тұлғасы мен әрқайсысының өзіне ғана тән авторлық тұрғысын, сонымен қатар кескін-келбетін, мінез бітімін, қолтаңбасын айқындайтын стильдік ерекшелігіне көз жеткіздік.

Ғасыр басында шығармашылық дарашылдығымен, айрықша ақындық тұлғасымен көзге түскен ұлттық поэзиямыздың ірі өкілдері - Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұттың рухани әлеміне тереңдеп зер салу барысында, олардың поэтикалық әлеміндегі ақындық даралығы мен ақындық шеберлігінің, жалпы ақындық болмысының бірегей жақтарына тоқталуға тырыстық. Негізгі көңілге түйген ой, назар тіккен нысана - осы үш ақынның ұлттық лирикада соны сүрлеу сала отырып жасаған интеллектуалдық таным биігін, эстетикалық ләззаттануы мен дүниетаным көзқарасын көрсету арқылы ақындық кесек тұлғаларын таныту еді.

Қазақтың мақтанышына айналған Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұттың сынды ақындардың ұлтқа қалдырған рухани інжу-маржандарына баға жетпейді. Біздің парызымыз - дара тұлғаларымызды өз биігінен бағалай білу, олардан тағылым алып, өнегесін кейінгі ұрпаққа беріп, рухани сұхбаттастықты жалғастыру.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕК ТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 224 б.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 3 Алдаспан: XV-XVIII ғ. қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы (құраст.алғы сөзін, түсініктерін жазған М.Мағауин) – А., 1971.
- 4 Шәкәрім. Қазақ айнасы [Мәтін]: өлеңдер мен поэмалар /Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
- 5 Әбдіғазиев Б. Мен-дағы тіршілікке қадам бастым //"Жұлдыз", N 9, 1992.
- 6 Сарыарқаның жаңбыры [Мәтін] 1-кітап. Өлеңдер / Торайғыров С. – Алматы: Жазушы, 1987. – 160 б.

Б.А. Каримсакова¹, А.Т. Жеткізгенова², Қамарова Н.С.³

Созвучие и индивидуальность поэтического мастерства творчества Шакарима, Султанмахмута и Магжана

Каспийский государственный университет технологии
и инжиниринга имени Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

В начале века творческой индивидуальностью, особенной поэтической личностью были известны представители национальной поэзии Шакарим, Султанмахмут и Магжан, исследуя творческий духовный мир которых, мы стремились подчеркнуть их индивидуальное мастерство и созвучие поэтического мира.

На основе проблемы поэтической личности в лирике XX века рассматриваются личность поэта в произведениях Шакарима, Султанмахмута и Магжана. Известно, что выдающиеся личности, рожденные в тот или иной переломный период истории, острее других чувствуют связь с временем. Что может их объединять, а где находится точка их соприкосновения.

В стихах Шакарима, Султанмахмута, Магжана любой лирический герой передает понимание авторами жизненных проблем и широко представляет их художественные пристрастия и эстетические вкусы.

B.A. Karimsakova¹, A.T. Zhetkizgenova², N.S. Kamarova³**Consonance and individuality of poetic mastery of Shakarim, Sultanmakhmud and Magzhan's works**Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering
Aktau city, Kazakhstan

At the beginning of the century, representatives of the national poetry Shakarim, Sultanmakhmud and Magzhan were known for their creative individuality, a special poetic personality, exploring the creative spiritual world of which, we sought to emphasize their individual skill and harmony of the poetic world.

On the basis of the problem of poetic personality in the lyrics of the twentieth century, the personality of the poet in the works of Shakarim, Sultanmakhmud and Magzhan is considered. It is known that outstanding personalities born in one or another critical period of history, more acutely feel the connection with the time. What can unite them, and where is the point of contact.

In the poems of Shakarim, Sultanmakhmud, Magzhan, any lyrical hero conveys the authors understanding of life's problems and broadly represents their artistic preferences and aesthetic tastes.

УДК 821.111

Г.А. Куребаева¹, Ш.М. Кенжина²

^{1,2}Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ., Қазақстан,
gkurebaeva@yandex.ru

ӘДЕБИ ПОСТМОДЕРНИЗМ БАҒЫТЫНДА ЖАЗЫЛҒАН «ИМЯ РОЗЫ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада италияндық семиотик және постмодернистік жазушы Умберто Эконың «Имя Розы» шығармашылығының негізгі ерекшеліктері қарастырылған. «Имя Розы» романының көкей кесті мәселелерін тікелей зерттеп, қарастыру үшін, романның негізгі мазмұнына және тарихына қысқаша тоқталу керек. Умберто Эко шығармасын бірнеше сатыдағы қоғамға сай етіп жазған. Әдебиеттен түсінігі бар жоғарғы қауымға шығарма күрделі салынған детективтік тарих, ортанғы қауымға сол заманғы дәуірдің және ішінара сәнді детективтің тарихы туралы бірегей ақпараты баяндайтын тарихи шығарма, оданда төмендеу қауымға ортағасырлық дүниетанымының қазіргі дәуірден айырмашылығы, табиғат және әдебиеттің мақсаты, оның дінмен арақатынасы, адамзат тарихындағы орны және тағы басқа мәселелер туралы философиялық-мәдениеттанулық ойлауды баяндайтын тарихи шығарма.

Кілт сөздер: постмодернизм, типология, контекст, семиотика, шығарма.

«Имя Розы» романы атақты итальян жазушысы, Болон Университетінің профессоры Умберто Эконың ең алғашқы романы болып табылады. Ол ең алғаш рет 1980 жылы итальян тілінде халыққа ұсынылып, жарық көрді. Біз бұл шығарманы ағылшын аудармашысы Уильям Уивер аударған нұсқасын оқып, қарастырдық. Алайда ресейлік аудармашы Елена Александровна Костюкович аударған орыс тіліндегі нұсқасында қарастырып өттік. Бірақ, басым бағыт ағылшын тіліндегі нұсқаға берілді. Шығарманың мазмұнына сай романның көкей кесті мәселесін ішкі және сыртқы деп қарастырған жөн болады деп есептейміз. Романның ішкі мәселесіне шығарманың қысқаша мазмұнының сипатын, термин сөздер мен контекстік мазмұнның түсініктілігін, бұл детективтегі кейіпкерлердің қиыншылықтарын, шығармада актуальді болып саналған мәселелерді жатқызуға болады. Ал сыртқы көкей кесті

мәселесі ретінде, шығарманың мазмұнының не себепті өзгеруі мүмкіндігінің, оқырмандар үшін не себепті роман желісі түсініксіз болу мүмкіндігі бар екендігін жатқызып, қарастыратын боламыз [1].

«Имя Розы» шығармасы толық қанды шығарма деп сенімді түрде айтуға болады. Осы шығармада романның бірнеше түрі қамтылған. Бірақ басымдылық детектив пен тарихи шығарма жағына жасалған. Детективті роман осы шығармада қалай ауқымды қамтылғандығын түсіну үшін сюжетке тоқтала кеткен керек.

Бұл шығарманың сюжетіне тоқталмай жатып ең бірінші неге осы шығарма «Имя Розы» деп аталғаны жайлы баяндай кетсек. Себебі біз филология мамандары болғандықтан, біздер терең мағынаны іздеушілердің қатарына жатамыз, яғни бізді не, қайда, қашан, неге, не үшін деген сұрақтар көп толғандырады. «Имя Розы» шығармасы неге имя розы деп аталды, неге басқалай емес?

Себебі бұл шығарманың атын естігенде адамға бірден романтикалық шығарма ма деген сезім қалыптасады, романтикалық жанр бұл шығармада қамтылғанымен ол жанр шығарманың басты жанры емес. Бұл шығармада басты оқиға ретінде монахтың өлімі зерттелетіндіктен неғұрлым «Аббаттағы қылмыс» (ен бірінші рет шығарма осылай аталған) немесе «Аббаттағы өлім» деп аталмады? Осы сұрақ шығарманың жазушысы Умберто Экоғада қойылған. Ол өзінің түсіндірмесінде раушан қандай болсада раушан болып қалады. Басында әдемі, хош иісті, көз тартарлықтай сұлу болады, бірақ солып қалғанда сол бар сұлулығынан, хош иісінен тек қана аты қалады деген екен. Бұлай аталған себебі осы шығармада христиандық үлкен, аты жер жарған кітапхана ең соңында жанып кетеді, сонда ол кітапханадан раушанның солғаны сияқты тек қана аты қалады. Кітапхананы раушанға теңеп, артынан тек қана аты, даңқы және өртенген сұлбасы қалады делінген.

«Имя Розы» романының көкей кесті мәселелерін тікелей зерттеп, қарастыру үшін, романның негізгі мазмұнына және тарихына қысқаша тоқтала кетсек. Сонымен «Имя Розы» романы дегеніміз не? Оның мазмұнының мәнісі неде?

«Имя Розы» романындағы басты кейіпкерлері шығарманың басында қаза тапқан монах Адельма Ортанск, оның өлімін зерттемек болып жүрген тергеуші Вильгельм Баскервильс және оның шәкірті, әрі серігі Адсон Мелькск, сондай-ақ соқыр әрі, қатыгез монах Хорхе. Оқиға 1327 жылы, қараша айында, Италияның Лигурия, Пьемонта және Франциямен шектесетін солтүстік-батыс бөлігінде болған. У. Эконың бұл шығармасындағы сюжет бір апта шамасында сипатталған. Негізгі оқиғаның желісі детектив Вильгельм өзінің шәкірті, әрі серігі Адсон Мелькскпен бірге қаза тапқан Адельма Ортансктың өлімінің себебін іздеп, Аббад елді-мекеніне келуімен басталады.

Олар тергеу жүргізген жеті күн ішінде бірнеше адам қаза табады. Оның сырын ашу үшін детектив пен оның шәкіртінің өлімді ашу жолы баяндалады. Бұл ұлы туындыны оқу, орта ғасырға сапар шегу мен тең. Бұл жерде шығарманың мәні тура мағынадағы саяхат емес, адамның жан-күйін сол ғасырдағы заманның, шығармадағы оқиғаның желісі мен автор сөзінің сені құдды сол оқиғаға байланыстырып, сенің қатысуыңмен болған оқиға секілді сөзбен жеткізе алмастай күй кештіретін, шығарма тұрғысында болмақ. Бұл шығарманың рухтылығы мен басқа көптеген шығармалардан ерекшелігі ол автордың роман ішінде кейіпкерлердің диалогы, жазушының ұзақ бірінші жақтан әңгімелеуі мен романдағы оқиғаның мазмұнының ашу үшін қолданылған цитаталары, діни-теологиялық қарама-қайшы көзқарастары мен философиялық мазмұның Умберто Эконың шебер жеткізуімен байланыстырдық [2].

Сондай-ақ шығарманың көптеген детективтік сюжет мазмұнында қызғушылық тудыратын тұстары өте көп. Мысалы, шығармадан бір кейіпкердің қазасы туралы мағұлмат іздесеңіз, оңай жаңылысасыз. Себебі, бұл жерде бірнеше адамның қазасы туралы, мистикалық оқиғалар мен интригаға толы сипатталып, оқырманды шатыстыратындай деңгейде баяндалған. Сол үшін, шығарманы оқу барысында үнемі ойлану, күмәндану, ойша

болып жатқан іс-әрекетке өзіндік тұжырым жасау немесе әрі қарай қалай өрбиді екен деген қызғушылық құлшыныста отырсыз.

Алайда романның мәні ол емес. Себебі шығарманың детективті жағымен қоса бейбіт жағыда бар. Оған, роман кейіпкерлерінің ролін, олардың өмірін, мақсатын, мансабын, дипломатиялық жетістіктерін, алған білімдерін (мысалы, өзінің Вильгелм атты ұстазымен сапар шеккен Уатсон) және де роман сонындағы олардың өмірін жатқызуға болады [3]. Бұл романның барлық оқырмандарға ұнамды тұсының бірі – ол кейіпкер бейнесінің көп болуы.

Умберто Эконның мойындауы бойынша шығарманың ең алғашқы атауы «Аббад өлімі» болған. Бастапқыда бұл шығарманың олай аталуын У. Эко романда қаза тапқандардың көп болумен, Аббад елді-мекенінің жанып кетуімен, ең қасиетті болып саналған іші лабиринтке толы маңызды кітапханадағы (оның маңызды болу себебі, ондағы кітаптар тек рұқсат етілген адамдарға ғана берілгендіктен) жауыз, әрі соқыр кітапханашы Хорхердің жасаған қылмыстары мен оның өмірінің шиленісінен деп түсіндірген. Неге Хорхе? - деген сұраққа, Умерто Эко: «солай болу керек болды, мен секілді романисттер үшін өз туындысындағы әр шығарманы өзіндік мазмұнымен немесе оқиға желісімен айқындап, тұратын жемісті образ болады. Сол менің романыма мән беріп тұрған кейіпкер соқыр кітапханашы болды, алайда ол ешқандайда шынайы кейіпкер емес» - деп жауап берген.

«Имя розы» шығармасы шынайы да және фантастикалық түрде жазылған. Шынайылықтан фантастика, фантастикадан шынайылыққа керемет өңделген түрде білінбей өтеді. Шығарманың барлық сыры және көп сұраққа жауабы тек шығарманың соңында ғана оқырман қауымға белгілі болады. Сонымен өлтіруші адам негізінде өлтіруші емес екен, себебі ешкімді өлтірмеді, бірақ сол құпиялы кітаптың бетіне қолынан келгенше ұды жағып, сіндіреді және ешкімнің ол құпиялы кітапты ашып, оқығанын қаламай, бар күшін салып ол кітапты көзінің қарашығындай сақтап бақты. Сол кітапты қызығушылықпен ашқан адам ұдың кесірінен бір-біріне жабысып қалған беттерді ашам деп бас бармағын сілекейлеп ұды өзіне сіндіреді. Ол көп оқыған сайын, у не ғұрлым терең сіңе бастайды және құпиялы кітаптың соңғы беттері оданда көп у жағылған. Міне, осы жері шығарманы қиял-ғажайыпқа толы етіп көрсеті. Бірақ, шығарманың дәл осы жері өте маңызды сюжет. Себебі, шығарманың барлық жерлердегі мәселесі осы сюжеттің себебінен туындаған. Бірақ «қылмыстық» итриганың аяғында, осы қиял-ғажайып жері өте маңызды. Соқыр және жағымсыз көрінетін кәрі Хорхе адамзаттың бақытсыздықтарының басты көзі ретінде күлкіге қарсы күреседі, өйткені Шайтанның құралы (Евангелияда Христостың күлгені жайлы ештеңеке айтылмаған, Христос ешқашанда кулмеген) деп барлық адамдарды осыған үгіттейді, күлмеуге шақырады, тіпті күлмеуге мәжбүр етеді. Бірақ осыны естіген Вильгельм *сол сіз айтқан Евангелии кітабында Христостың күлгені жайлы айтпағанындай, күлмегені жайлы да айтпаған. Сондықтан, неге күлуге болмайды, Евангелия кітабында ол туралы шек қойып, жазбаған ғой* деген сөзін естіген Хорхе өз ашуын баса алмай, Вильгельм кешірім сұрамаса атақты, әлемге әйгілі кітапханадан қуып шығуға дайын тұрды. Осыдан-ақ байқауға болады Хорхе бүкіл шіркеу қауымын, Аббатағы адамдарды кулмеуге мәжбүрлегенін.

Әрбір шығарма адамға сан түрлі сезім сыйлайды. Кітапты қолыңа алып оқи бастаған сәттен-ақ сол шығарманың ішінде бірге өмір сүріп жатқандай боласың. Сондықтан әрбір оқырман қандай да бір мақсатпен шығарманы оқи бастайды. Біреу романтиканың әсем әлемін кешкісі келсе, біреулер шытырман оқиғалы детективке бас қатырғысы келсе, біреулер тарихи шығармадан танып, білгісі келсе, біреулер фантастиканың әлеміне енгісі келеді.

Шығарма заман қарқынында ұзақ қалу үшін және елеулі шығармалардың бірі болу үшін ол шынайы түрде жазылуы керек. Тіпті шынайы дәлелдемелері болмаса да шындыққа ұқсағаны абзал. Міне, сонда шығарма адамның сана-сезімінде мәңгі қалып, заман талабының мықты шығармаларының бірі болады. Умберто Эко осы кілттік сезімнің құлпын әсемдікпен аша білді.

«Имя Розы» шығармасы ойдан құрастырылған сюжет болса да, өте сенімді түрде оқырман қауымына жазылған. Бұл шығарманың бойында фантастикалық жаныр болғанына қарамастан оқырман шынайы тарих бетінде отырғандай сезім кешеді. Біз бұл кітапты

басында үлкен сенімсіздікпен қолымызға алдық. Себебі тарихи шығармалардың көбі сәтті жазылмайды. Шығарма бірақ жәй ғана бестселлерға айналмайды. Әлем әдебиетінің карьерасын құрайтын осындай бестселлерді бірақ оқымау мүмкін емес. Осы шығарманы оқымас бұрын Умберто Эконның бұл шығармаға жазған арнауын іздестірдік.

Бұл романда бізді баурап алған тұсы өте көп, мысалы шығармада диалогтардың қалайша сәтті құрылғандығы, орта ғасырлық әдебиеттердің шығармада сәтті орның тауып, қолданылуы, цитаталардың болуы, және т.б. Сол жоғарыда айтылған цитаталардың біріне ортағасырлық әдебиеттерді қолдану турасында тоқтала кетейік. Умберто Эко өз романында ортағасырлық әдебиеттер мен ондағы терминдерді өте сәтті қолданған. Ол жайлы жазушы «Менің еңбегім оқырман үшін ең үздік болуы қажет екенің естен шығармадым, және сол үшін ауқымын кеңейттім. Маған ортағасырлық әдебиеттерді өз туындыма пайдалану аса қиындық тудырмады, себебі өз романымның әр сюжетінде бірге өмір сүрдім, яғни орта ғасырда да болып келдім» деген. Яғни, У. Эко бұл жерде романды оқыған кездегі алатын әсерді эксперимент ретінде ең алғаш өзіне жасаған.

Умберто Экодан романыңыздан қандай сезім сезінуге болады және оқырманға роман не бере алады дегенде «оны мен емес, оқырманым айтады сізге, себебі бұл шығармадан әр оқырман өзі қандай сезім сезінгісі келеді сондай сезім сезінеді, нені ойға түйгісі келсе соны түйеді» - деген. Расымен де «Имя Розы» романын біз бірнеше рет оқып шықтық. Әр оқыған сайын басты қызығушылық аспектіміз өзгеріп отырды. Себебі роман тек детектив түрінде жазылған деп шығарманың басында өлімнің себебіне және кім өлтірді деген қызығушылық туса, сосын тарихи жайыттарда бейнеленіп ойынды сан-саққа жіберіп, неге күлуге болады, немесе неге күлуге болмайды деген оймен қосымша философиялық талдауды да қажет етеді. Яғни шығарма бастан аяқ бір түсінікте емес, жан-жақты ойлауды талап етеді. Сол себепті роман интеллектуалды ортаға арналған [4]. Умберто Эко мен өзімнің шығарма жайлы өзім айтқанша, оқырман қауым менің шығарма жайлы айтқанды жөн көремін дегендіктен шығарма бізге одан әрі қызықты бола бастады.

«Имя Розы» шығармасының басы болашақ аудармашының және баспагердің қолына 1968 жылы Прагада «Мелькодағы Адсон әкенің жазбалары» түсуінен басталады. Аудармашы бұл жазбаға бірден қызығушылығы оянады. Өзінің жалғыздығын жұбату үшін аудармашы бұл қолжазбаны бірден аударып, қызыға бастайды. Өткен ғасырдың ортасындағы Франциялық кітаптың бастапқы титулдық бетінде XVII ғасырда латындық тілден аударылған неміс монахының XIV ғасырдың аяғында жазған қолжазбасы деп жазылған. Осы жазба аудармашының қолына түскеннен кейін, Француз аудармашының авторы жайлы да, латын тілінде жазылған түпнұсқасы және Адсонның жеке басы туралы да жасалған ізденістер аудармашыға ешқандай нәтиже әкелмейді. Бірақ соған қарамастан аудармашы бұл жазбаны бастан-аяқ, бір деммен аударып шығады. Оған дәлел аудармашының мына сөздері: *In a state of intellectual excitement, I read with fascination the terrible story of Adso of Melk, and I allowed myself to be so absorbed by it that, almost in a single burst of energy, I completed a translation, using some of those large notebooks from the Papeterie Joseph Gibert in which it is so pleasant to write if you use a felt-tip pen* [3]. *Көңіл-күйім жоқ болғанына қарамастан Адсонның әңгімесіне қызыққаным соншалықты «Жозеф Жибер» фирмасының үлкен дәптерін қалай толтырып аударма бастағанымды байқамппын, егер әрине қалам қауырсын жетерлікті жұсақ болса» деп баяндаған.*

Аудармашы осы қолжазба жайлы бір сөзбен өзінің ойын осылай жеткізген *For it is a tale of books, not of everyday worries, and reading it can lead us to recite, with a Kempis, the great imitator: In omnibus requiem quaesivi, et nusquam inveni nisi in angulo cum libro.* Бұл кітап туралы әңгіме, оны оқып, ұлы еліктеуіш Кемпийдан кейін қайталауымыз мүмкін: *Барлық жерде мен тыныштық іздедім және бір ғана жерде — бұрышта, оны кітаппен таптым.*

Ол қолжазба неміс монахы Адсонның XI ғасырда басынан өткен өкіясы жайлы баяндаған көне жазба. Шығарма ары қарай осы көне қолжазбаны аудармашы қазіргі заманғы оқырманға аударуымен жалғасады. Адсонның өзінің қолжазбасы жеті бөлімнен тұрады,

яғни, жеті дұға ету күніне арналғандықтан, әр-бәр күнін жеке-жеке сипаттауына байланысты бөлінген.

Шығарма *In the beginning was the Word and the Word was with God, and the Word was God.* - *Бірінші Сөз болды, және Сөз Алламен бірге болды, және Сөз Алла болды* деген прологтан басталады. Адсонның қолжазбасы бізді 1327 жылғы оқиғаға апарды.

Айта кеткен жөн, Умберто Эко, орта ғасырдың шынайы білгірі ретінде, оқиғаларды өте дәл сипаттайды. Осыдан байқауға болады Умберто Эко өзінің шығармасын постмодернизм жанында баяндаған. Себебі шығарманы өзі жазып отырғандай емес, құдды бір аудармашы жас кезінде жазған монахтың хатын тауып алып аударып отырғандай сипаттаған.

Шығармада аллюзиялар шеңбері кең және жалпыға қол жетімді мамандарға ғана түсінікті сараланған. Кітаптың бас кейіпкері Вильгельм Баскервильский бір жағынан кейбір ішінара ерекшеліктерімен Уильям Оккамға келеді, бір жағынан Кентерберий Ансельмінге, үшінші жағынан Шерлок Холмске ұқсатуға болады. Оның дедуктивті әдісін пайдаланады, холмсианның ең танымал мәтіндерінің бірінің атауы бойынша аталады, сонымен қатар, Адсон мен Ватсон серіктері арасындағы параллель анық көрінген. Оның басты қарсыласы, соқыр монастырлық кітапханашы Хорхе-Аргентинаның Ұлттық кітапханасының директоры болған Хорхе Луис Борхестің постмодернистік әдебиеттің классигі бейнесіне күрделі пародия жасап бейнелеген, ол да өмірінің қартайған шағында соқыр болып қалады.

Шығарма бірнеше сатыдағы қоғамға арналғандықтан «Имя розы» шығармасына өте терең анализ жасауды талап етеді. Осы шығармаға талдау жасаудың өзі адамға керемет сезім сыйлайды. Себебі өте үлкен және сан түрлі мағынаны қамтығандықтан жан-жақты талдауды міндеттейді.

Адам, қоғам, өлім мәселесі бұл шығармада қарқынды қамтылған. Умберто Эко қазіргі заманның мәселесін сол заман арқылы астарлап, өте терең оймен жеткізген. Умберто Эко семиотика саласының басты, шебер маманы болғандықтан өзі жеткізгісі келген мағынаны, астарлы ойды мән-мағыналы, түсінікті, оқырман қауымға сұлу жеткізуі қыынға турмайды. Сөз өнерінің хас шебері болғандықтан, одан шыққан әрбір ой оқырманның жүрегіне жетері сөзсіз. Шығарма Умберто Эконың постмодернизм жайлы теориялық жұмысының практикалық жасалу жолы. Умберто Эко шығармасын бірнеше сатыдағы қоғамға сай етіп жазған. Әдебиеттен түсінігі бар жоғарғы қауымға шығарма күрделі салынған детективтік тарих, ортанғы қауымға сол заманғы дәуірдің және ішінара сәнді детективтің тарихы туралы бірегей ақпараты баяндайтын тарихи шығарма, оданда төмендеу қауымға ортағасырлық дүниетанымның қазіргі дәуірден айырмашылығы, табиғат және әдебиеттің мақсаты, оның дінмен арақатынасы, адамзат тарихындағы орны және тағы басқа мәселелер туралы философиялық-мәдениеттанулық ойлауды баяндайтын тарихи шығарма.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Петров С.В. Умберто Эко: Биография, мемуары/ – Москва, 2001. – с. 76.
- 2 Ермилова Г. И. Постмодернизм как феномен культуры конца XX века СПб: Радуга, 1989. – с. 123.
- 3 Umberto Eco Il nome della rosa. - Bompiani: 2008. – p.252
- 4 Eco U. A Theory of Semiotics. Bloomington: Indiana University Press, 1976.p.68-96.

В данной статье рассмотрены особенности творчества итальянского семиотика и постмодерниста, писателя Умберто Эко «Имя Розы». Для того, чтобы непосредственно изучить и рассмотреть актуальные вопросы романа «Имя Розы», необходимо кратко остановиться на основном содержании и истории создания романа. Умберто Эко написал произведение для разных слоев общества. Для представителей высшего общества, имеющих представление о литературе, данное произведение стало детективной историей со сложной структурой, для среднего слоя населения – историческим произведением, которое передает уникальную информацию об истории того времени и частично об истории модного детектива, для обывателей, оно явилось историческим произведением,

описывающим контраст средневекового мира с современной эпохой, природу и литературу, ее отношение к религии, и другие исторические проблемы философского и культурного мышления.

This article discusses the features of the work of the Italian semiotic and postmodernist writer Umberto Eco "The name of the Rose". In order to directly study and consider topical issues of the novel "The name of the Rose", it is necessary to briefly dwell on the main content and history of the novel. Umberto Eco wrote a work for different strata of society. For representatives of high society who have an idea of literature, this work has become a detective story with a complex structure, for the middle class - a historical work that conveys unique information about the history of the time and partly about the history of fashion detective, for ordinary people, it was a historical work describing the contrast of the medieval world with the modern era, nature and literature, its relationship to religion, and other historical problems of philosophical and cultural thinking.

ӘОЖ 821.512.122

Б.Ш. Қожекеева¹, Б.С.Сарбасов²

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Bekzada61.2018@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Sarbasov.bolathan@mail.ru

«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ САЛТ- ДӘСТҮР КӨРІНІСІ

Қазақ халқының ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсіресе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі болып саналатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған. Осыған байланысты, мақалада Қамбар батыр жырындағы қазақ ұлтының ежелден бергі тұрмысында пайдаланып келген ырымдары мен дәстүрлері, салты мен ғұрыптары туралы баяндалған.

Кілт сөздер: әдет-ғұрып, ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, Қамбар батыр жыры.

КІРІСПЕ

XV-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани өмірі біздің кезімізге дейін жеткен ертедегі халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы дәстүрлерін көрсетеді. Олар түгелдей алғанда сол кезде қазақтарда үстем болған патриархаттық-феодалдық қатынастарға негізделген. Қазақтардың көптеген әдет-ғұрпы олардың әдеттегі құқығының ертедегі нормаларымен байланысты болды, олардың негізі атақты қазақ хандары Қасым («Қасым ханның қасқа жолы») мен Есімнің («Есім ханның ескі жолы») құқықтық ережелерінде салынған болатын, ал XVII ғасырдың аяғында, Тәуке хан билік құрған кезде қазақтың үш жүзінен шыққан көптеген қазақ билерінің, соның ішінде халық зердесінде қалған атақты Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек би мен Әйтеке бидің қатысуымен Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталатын заңдары жүйеге түсіріліп, құрастырылды [1,16].

Қазақтың әдет-ғұрпы мен дәстүрлері көбінесе көшпелі малшылардың күнделікті шаруашылық қызметінде атқарылатын әр түрлі салт-жорасынан көрінеді. Мәселен, көктемде қыстаудан көшкенде қыстау мен малды отпен тазарту салты міндетті түрде сақталған. Бұл үшін қыстаудың маңынан екі жерден от жағып, барлық малды солардың арасынан айдап өткен, мұның өзі мұсылман дініне дейінгі от киесіне деген нанымға байланысты еді. Жазда

қоныс аударған кезде әрбір ауыл көш керуенінің салтанатты безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Бұл үшін алдыңғы түйеге қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көш халық арасында «*қарқаралы көш*» деп аталады. Қарқаралы түйені ауылдың ең құрметті әйел немесе ең жас келіні жетекке алған. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың әдемі қауырсыны көзі түскендердің назарын өзіне аударып, көш керуеннің көз тиюден және жол-жөнекей әр түрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған [2,23].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сондай-ақ, «*Қамбар батыр*» жырында:

«Сусар бөрік басында,
Үстіне киіп құлпыдан.
Керей ұлы Келмембет
Сөйлес қылып келеді» [3,436],-

деп сырттан келген бөтен адам үй иесін баса-көктемей «Сөйлес», - деп дауыстап қонақ келгенін білдіріп, рұқсат сұрау ғұрпын бейнелеген.

Жыр басында астарлап сөйлей отырып қыз баланы айттырудың жоралғысын мына шумақтардан көруге болады:

«Саусағы алтын сұңқарға,
Ілдірейін деп келдім.
Көлдегі үйрек, қазыңды,
Алтайы қызыл түлкіңе,
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды.
Тікбекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазыңды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайталмаймын бұл жерден
Іздеген жоғым табылмай» [3,437].

Халықтық әдет-ғұрып қазақтардың отбасы-неке қатынастарында сақталатын әр түрлі салт-жораларда мейлінше толық ашылды.

Қазақтар некенің әр алуан түрлерін білген, бірақ некенің ең көп тараған және негізгі түрі құда түсу және келінді қалың мал беріп алу жолымен үйлендіру болды. Құда түсу салтын жастардың ата-аналары немесе жасы үлкен туыстары жүзеге асыратын еді. Құда түсу туралы келіссөз жүргізуден бұрын күйеу баланың ата-аналары жорамалданып отырған құда түсер үйдің жақсылы-жаманды оң немесе теріс жақтарын дәлелдейтін барлық мән-жайларды біліп алатын. Осындай құпия «барлаудан» кейін ғана күйеудің әкесі ресми ұсыныс жасау үшін қыздың әкесіне өзінің сенім білдірген адамын «жаушы» етіп жіберетін. «Қамбар батыр» жырындағы осындай «жаушы» ретінде Келмембет жіберілген. Келмембет тағы сөйлейді:

«Сен сұрасаң Әзімбай
Айтайын келген жөнімді,
Арада жүрген жеңгемін
Киемін қымбат тоныңды,
Мәрт кісінің белгісі
Бітірсең тездеп сонымды;
Ешкім саған тие алмас
Ұстасаң менің қолымды;
Жаушы қып патшам жіберді...
...Бүгін саған мейманмын

Таңдап сой семіз қойыңды:
 Кұда түсіп, құйрық жеп
 Қыламыз қызық ойынды...» [3, 438], -

дейді.

Егер қыздың ата-анасы ұсынысты қабылдаса, күйеу жағынан құралдардың келу мерзімін белгілеп, жаушыға *«шеге шапан»* деп аталатын шапан жапқан. Сонан соң күйеудің әкесі белгіленген мерзімде құдалар жіберіп, олар қалың малдың көлемі туралы, жасау-жабдықтар туралы, қалың мал төлеудің алдын ала белгіленген мерзімдері және тойды өткізетін уақыттың өзі туралы ресми келіссөз жүргізген.

Құдалық туралы екі жақтың келісімі антпен бекітілген, бұл үшін құрбандыққа шалынған қойдың бауыздағандағы қанын ағаш тостағанға (аяққа) толтыра құйып, екі жақтың да бос құдасына апаратын, олар оған оң қолының саусақтарын малып, ал неғұрлым ерте кезде оған найзасының немесе жебесінің ұшын салып, сонымен бірге құдалық уағданы бұзбау туралы ант берген сөздер айтатын болған. Ант беру рәсімі жасалғаннан кейін ақсақалдар қан толтырылған тостағанға қарап отырып аят оқу арқылы уағдаластыққа бата берген, бұл қазақтарда *«батаяқ»* деп аталды. Осы жол-жораның құрметіне күйеу жағынан келген бас құда қалыңдыққа тарту-таралғаны және қалыңдыққа *«қарғыбау»* немесе *«үкітазар»* (ен салу) деп аталатын сыйлықты атаған, бұл сыйлық қыздың осыдан бастап айттырылғанын білдірген. Осыдан кейін уағдаласушы жақтар заңды құда деп саналып, оларға жаңа пісірілген құйрық май мен бауырдан арнаулы *«құйрық-бауыр»* деген тағам тартылған. Құдалардың оны бір-біріне асатуы екі жақтың туыстық қатынастарының ұзақ жылдарға орнатылғанын бейнеленген. Құдаларға аттанар алдында сый ретінде *«киім»* кигізген [4, 26].

Күйеудің әкесі келісілген қалың малдың негізгі бөлігін бергеннен кейін күйеу қалыңдыққа өзінің алғашқы ресми сапарын жасаған, ол *«ұрын бару»* деп аталады. Осы сапар кезінде болашақ ерлі-зайыптылар, әдетте бірінші рет кездесетін, сондықтан олардың бұдан кейінгі тағдырына ұрын барудың зор мәні болды, олар бірін-бірі біліп, ұнатып кетуі мүмкін еді. Кейде бұл кездесу тең емес некені болғызбай тастайтын. Демек, қазақтың «ұрын» термині түріктің ертедегі «ugun» (тығылу, бауырына басу) деген сөзінен шыққан болуы мүмкін. Түріктің ертедегі «bagırsaqni bulza bagırqa ugun» (егер ізгілік көрсең, қабыл ал) деген қазір де бар сөзі осындай жорамалдың растығын айқын дәлелдейді.

Күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары алғашқы кездесуді өткізуге мұқият дайындалатын. Қалыңдықтың туған-туысқандарына алуан түрлі көп тарту-таралғы беріп, күйеуге тәжірибелі жігіт (күйеу жолдас) бастаған 5-6 адамнан тұратын қошеметшілері еріп барған. Күйеудің қасына ерген адамдары үшін қалыңдықтың жақын туысының үйінде келесі күні дәстүрлі *«қыз қашар»* кеші өткізілген. Кештің аяғына қарай қалыңдық құрбыларының қарсылығына қарамастан, жеңгелері оны арнайы отау үйіне апарады, онда алдын ала төсек салынып қойылады. Жас жеңгелер күйеуді сонда шақырады, ал басқа әйелдер күйеудің аяғының астына *«бақан»* (киіз үйдің шаңырағын көтеруге арналған сырғауыл тастап, оның алдынан *«желі»* (құлын байлайтын арқан) тартады. Халықтың наным бойынша, бұлар – қасиетті заттар, олардан аттап өтуге болмайды, ал бұл жағдайда одан ақы төлеп айналып өту керек. Сондықтан күйеу бола жеңгелерге *ақы (кәде)* төлейді де, олар күйеу баланың жолынан кедергіні алып тастайды. Бірақ бұндай көріністердің барлығы жырда онша көрінбейді, яғни Назым бұл әдеттерді орындайды. Назымның әдет-ғұрыпты бұзып еріксіз қалың малға сатылуға көнбейтін қыз екендігі *«Тоқсан үйлі Тобыр»* жырында өте айқын берілген. Мұнда ол өз әкесі Әзімбайға:

«Айғыр емен, ат емен
 Жал-құйрығын сүзілтіп
 Бауырыңа салғандай» [5,94], -

дейді.

Бұл жырда халықтың өлең-жырларында қолданылып келген дәстүр жаңа әдістермен толтырылған. Мұнда тұрмыс-салт өлеңдерінің дәстүрінде аңсап, арман ететін бой жеткен қыздың сипаттары да толықтырылады. Назымның өз басын толық бағалай білетіндігі, махаббатты жолында жан алмайтындығы, өзінің ішкі сезімін қорғау үшін батылдық пен нақты әрекет істей алатын қыз екендігі айтылады. Назым - ақ түйғын, аққу, қоңыр үйрек, балапанын ерткен қоңыр қаз. Оның денесі аппақ қардай, екі беті қарға толған қандай, көзі құралайдың көзіндей. Осы сияқты сипаттардың нәтижесінде рухани тәрбиесі де, дене тәрбиесі де жан-жақты жетілген мінсіз адамның бейнесі көрінеді. Қамбарды Назым оның күшіне, ерлігіне қызығып сүйеді. Назым Қамбардан өзінің ойында арман етіп жүрген жігітінің сипатын, батырлығын көреді. Сондықтан да «Он екі баулы өзбекті» және «ноғайлы» елін қалмақ шабуылынан қорғайды деп сенеді.

«Бара жатқан Қамбарды
Назым сұлу көздеді.
Шын батырға кез келді.
...Соған ғашық болғаным
Қалмақтың берер деп едім
Жалғыз-ақ өзің жазасын» [5,95].

Қамбар мен Назым арасындағы ғашықтық және батырдың Назымға үйленуін баяндау олардың руының Махтым ханға қарсы күресімен байланыстырылып берілген. Назым Қамбарға деген адал махаббаты үшін күреседі. Ноғайлы елінің билері, «көп жылағанша бір қыз жыласын» деп Назымды Махтымға бермек болып, кесім шығарған кезде де ол өзінің бетінен қайтпайды.

«Тоқсан үйлі Тобырда» XIX ғасырдағы елдің тұрмыс жағдайлары кейіпкерлердің іс-әрекетін өзгертуге де әсер еткен. Мысалы, ұрыс қызған кезде сартылдап найза сынып, зуылдап садақтың оғы ұшып жатады, сонымен қатар күрсілдеп зеңбірек атылып, аспанға ракета ұшып жатады.

Сайып келгенде, XIX ғасырдағы ел тұрмысының бұл жырға тиген ең басты әсері: тұрмыстағы әлеуметтік қайшылықты ашып көрсету, кедейлердің жай-күйін жақсартудың қажеттігін сөз қылу және қалың малсыз үйлену мәселесін көтеру. «Тоқсан үйлі Тобыр» жырында ескіден келе жатқан дәстүрмен қатар көп жерлерде жаңалық араласып басқа батырлар жырының дәстүріне ұқсамай отырды. «Тоқсан үйлі Тобыр» жырында және Қамбар туралы басқа жырларда да ел қыдырып әулие іздеп молаға түнеп, аруаққа сиынып батыр бала сұрап жүрген кубас шал-кемпірлер жоқ. Және батырдың бала күніндегі ерлігін суреттеу, өзіне жылқыдан ат таңдап алу, сүйген қызына таласқан басқа жігітпен сынасып, садақтан оқ атысу, бәйгеде сынасу сияқты жырлардан кездесетін суреттеулер де жоқ. Жырдың басында сөз Назымның сұлулығы туралы болады. Одан кейін Назымның өжеттілігі, еріктілігі қалың тойда өзіне күйеу боларлық жігіт таңдағанда және Қамбарға алғашқы кездескен жерлерінде толық, өте айқын суреттелінеді. Назымда көзге түсерлік сипат көп. Оның міндетін алтын күймесі, киетін алтынмен әшекейленген қамқа тоны, беті-қолын жуатын алтын құманы бар. Оның алтын күймеге жегіп жүретін қос қара атының қамыт-доғасы да алтыннан, седелкесі күмістен жасалған, божысы жібектен есілген және басқа да бай дүние-мүлік бәрі оның әмірінде. Назым тек қымбат бағалы киімдермен денесінің кіршіксіз аппақтығымен, бетінің қызылдығымен, қасының қаламдай сызылып тұрғандығымен және әсем сұңқар бойымен ғана суреттелінбейді, сонымен қатар, Назым таза жүректі адамгершілік қасиеті мол тілекті адам. Оның ең басты қасиеті де осында.

Ал, Ә. Диваев нұсқасындағы «Қамбар батыр» жырында осы салт-дәстүр, әдет-ғұрып бойынша Әзімбайдың Назымға күйеу таңдату үшін істеген тойды толық суреттеу, Назымның қалмақтың ханымен сөйлескені, қалмақ ханы Қараманның құда түсуі, Қамбар мен Назымның арасындағы ішкі сезім көріністері мұнда жоқ. Дегенмен, Ә. Диваев вариантындағы «Қамбар батыр» жырының мына бір көрінісін айта кетсек:

«Қалмақ ханы Әзімбайдың ауылына құда түсуге екінші рет адамдарын жібереді. Әзімбай сасқанынан құдалыққа келген қалмақтарға сый-құрмет көрсетіп, қарсы алады да,

Қамбарға астыртын кісі жібереді. Қамбардан хабар келгенше Өзімбай құдаларды «құрметтеп» Келмембеттің оң жағында отырады, құдалық салты бойынша сойылған қойдың етін бір топ жігіттер қонақтарға табақпен тартып жүреді, құдалардың иығына қымбат ішіктер жабады. Дегенмен тұрмыс-салтқа байланысты суреттеулер бұл вариантта аз кездеседі».

Ертедегі қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша отбасында қыз балаға 12-13 жасқа толғанда бойжеткен деп есептеліп, оны тұрмыс құруға бейімдейді. Қалыңдықты ерекше көз тартатындай бағалы киімдер кигізіп, ал асыл тасты бұйымдар қыздың ажарына көрік беретінін айтып өттік. Енді соны бұл жырда қалай суреттелгенін мына өлең жолдарынан көруге болады:

«...Алпыс сомдық әр кезі
Үстіне асыл кигізді,
Жорғадан жегіп қара көк
Күймелі арба мінгізді
Көзі түскен бенденің
Жүрегін оттай күйгізді».

* * * * *

«Тоғыз қабат торқадан
Қамзол киді қынама...»

* * * * *

«Қыз Назым шықты бұрандап
Он сегіз толған жасына
Кәмшат бөрік келісіп,
Бриллиант қойды басына» [3,420].

ҚОРЫТЫНДЫ

Халықтың ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсіресе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі еді, салт-жора мен әнсіз тұрмыс мүмкін емес болатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан тарихы. Ү томдық II томы // Атамұра Алматы, 1998.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1994.
- 3 Қамбар батыр. Қазақ эпосы 1 кітап. Алматы, 1957.
- 4 Садырбаев С. Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1990.
- 5 Қамбар батыр // Жазушы Алматы, 1968.

Б.Ш. Кожекеева¹, Б.С.Сарбасов²

Особенности традиции в поэзии «Камбар батыр»

^{1,2}Казахский государственный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

Традиционные, лирические стихи, устная литература, сказки, пословицы и поговорки играют большую роль в повседневной жизни казахского народа. Особенно, традиционная, ритуальная поэзия считалась неотъемлемой частью жизни народа. Они соблюдались во всех важных (радостных и печальных) событиях в жизни каждого и богатого и бедного, и известного и простого казаха. В связи с этим, в данной статье рассказывается об эпосе Камбар батыр, в котором были описаны все обычаи, традиции и ритуалы используемые казахским народом с древних времен.

B.Sh. Kozhekeyeva¹, B.S. Sarbasov²**Features of the tradition in the poetry of «Kambar Batyr»**^{1,2}Kazakh State Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

Traditional, lyrical verses, the folklore, fairy tales, proverbs and sayings play a big role in the everyday life of the Kazakh people. Especially, traditional, ritual poetry was considered an integral part of people's life. They were observed in all important (joyful and sorrowful) events in the life of everyone, both the rich and the poor, the famous and simple Kazakh. In this regard, this article tells about the epos Kambar batyr, which described all the customs, traditions and rituals used by the Kazakh people since ancient times.

ӨОЖ 821.512.122

Б.Ш. Қожекеева¹ Б.С. Бегманова²

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, *Bekzada61.2018@gmail.com*

²филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор м.а, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, *Bibizhan1972@gmail.com*

Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ

Бұл мақалада жазушы Ә.Кекілбаевтың Махамбет туралы бітімі бөлек зерттеу еңбегі берілген. «Махамбет» дастаны – қазақ әдебиетінде Махамбет тақырыбына алғаш жазылған шығармалардың бірі. Махамбет қазақ әдебиетінде көп зерттелген ақын десек те, оның өмірі мен шығармашылығы әлі де жұмбаққа толы. Ә.Кекілбаевтың «Шандозы» Махамбетнамаға қосылған сүбелі үлес болуымен қатар, әдебиетті зерттеу, тану аясындағы соны бағыт, дербес жол, тың ұстаным, әдіс. Ойшыл Кекілбаевтың парасатты пайымдауларында қамтылған адамзат тіршілігінің тұрмыстық философиялық жақтары жеке даралыққа және әлеуметтік таңдаулар жасауға шақырады.

Кілт сөздер: элегия, дастан, текстология, хандық, саясат, орда, психологиялық параллелизм.

КІРІСПЕ

Махамбет туралы қазақ әдебиетінде дастан, бітімі бөлек зерттеу еңбек жазған жазушының бірі – Ә.Кекілбаев. Ә.Кекілбайұлының құмартып, түбітиек бозбала шағынан бастап қалам тербеп, келе жатқан сүйікті тақырыбы – Махамбет. «Махамбет» дастаны – қазақ әдебиетінде Махамбет тақырыбына алғаш жазылған шығармалардың бірі, бұл дастан автордың 1958 жылы студент кезінде өмірге келген.

Өзі кезінде көп әдебиетшілерден мақтау алған дүние. Бірақ, жазғандарын жариялауға келгенде, тым кірпияз, асығып-аптықпайтын жазушы мұны қоржын түбінде ұзақ ұстаған. Дастанның «Қызғыштың әні» бөлімі Махамбеттің сол аттас өлеңінің негізіне құрылған. Дастан: Махамбет сынды бұла перзентінің халі мен бірге қайғырған даласының жай-күйі, Махамбет пен патшаның унтер офицері арасындағы диалог пен эпилогқа құрылған. Ешкінің асығындай шымыр да шағын шығарманың бас-аяғы – 252-ақ жол. Махамбет те бір – қызғыш құс та бір. Сол бірлікті біз де сақтап, ақынның бітім-болмысы бөлек «Қызғыш құс» өлеңіне тоқтала кетейік:

«Қызғыш құс» – мұнды элегия. Қаламгер, әсіресе, «Қызғыштың әні» арқылы Махамбеттің сол бір қиын кезеңдегі жағдайына жақсы түсінік бере алған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Махамбеттің көп өлеңдерінен «Қызғыш құстың» бітім-болмысы бөлек. «Исатайдан айырылып» делінуіне қарағанда, 1838 жылдан соң шығарылған шығарма. Бір ерекшелігі қызғыштың аты аталатын өлең жолдарының бәрі де Исатайға арнап шығарылған:

Қызғыштай болған есіл ер,
Қайран да жұрттан не көрді?! .

Өзі: «Жалғыздық», «Адыра қалған Нарынның», «Біткен істің міні жоқ» өлеңдерімен сарындас. «Қызғыш құс» ақынның өзге шығармаларындай емес, тәптішке түспей, жоғалмай, міні құрымай, құйрық-жалы күзелмей жеткен бақытты шығарма. «Махамбет – психологиялық параллелизмнің өз кезеңіндегі теңдесі жоқ шебері», – десек, соның айқын үлгісі – осы өлең.

Қызғыш – су құсы, көлінің қорықшысы болғанда, Махамбет жерінің қорғаны, елінің жоқшысы. Екеуінің де «қанаты қатты», топшысы тегеурінді, бірақ «мойын бос», ерік күштінің қолында. Сол сеп болып, бұл – елден, құс – көлден айырылып, екеуі құла түзде табысып, мұңдасады! Тілімізде «қызғыштай қору» деген қалыптасқан тұрақты тіркес бар. Құстың бұл түріне ел берген жалғыз мінездеме – осы. Соған қарағанда, оған: бауырмалдық, күрескерлік тән. Басқа қандай қасиеттері бар еді? Ол сыршыл ақынға несімен жақты? Дауылпаз, күрескер ақынның аузына: бүркіт, қаршыға, лашын сияқты қыран құс түспей, дәл осы қызғыштың түсуі, оны өте-мөте жақын тартуының сыры неде?

Қызғыш – қандай құс? Қызғыштың қандай құс екеніне бірнеше энциклопедияда берілген анықтама-түсініктер бізді қанағаттандырмады. Соның ұшығын неміс ғалымы Альфред Брэм жануарлар туралы еңбегінің 11-ші томында қызғышқа қатысты төмендегі жолдар бар:

«Қызғыш – ерте көктемнің алғашқы хабаршыларының бірі, қараторғаймен, бозторғаймен бірге ұшып келеді. Кейде бұл құс қыс ызғары қайтпаған кезде келіп қалып, қиын күндерді бастан кешеді. Тобымен ұшып, отанына жете салысымен, жан-жаққа бытырап, жаздың тіршілігіне кіріседі. Бұл – жылдам ұшатын, үнемі тыным таппайтын, қағілез құс. Ұшқаны өте тамаша, бұралаң-бұлтарысы көп, әсіресе, басына қауіп төнгенде, тіпті, тез самғайды. Қызғышты неғұрлым көп бақыласа, соғұрлым оның жақсы, ақылды құс екеніне көз жеткізуге болады. Оның аңшы біткеннің аузын аштырып, айран-асыр қалдыратын сақтығы – құрметтеуге лайық. Ол қандай адамға сеніп, қандай адамнан қашу қажеттігін де жақсы біледі. Жаманшылықты ешқашан ұмытпайды. Өз жұбы өлген қайырсыз жерді жылдап ұмытпай жүреді. Қызғыш барлық төрт аяқты жыртқыштарды өте-мөте жек көріп, оларға үлкен ерлікпен қарсы тұрады. Ол ізшіл иттің басынан шүйлігіп ұшып, өлермендікпен қарсыласады. Қызғыш түлкіге де солай шабуыл жасайды. Бірақ, түлкі көп ретте өжетірек құстың бірін қолға түсіріп қалады да қалғандарын қатты абыржытып, қорқыныш себеді» [1, С.98].

Бұл жолдардан қызғыш пен ақын арасындағы ғажап ұқсастықты көреміз. «Адам баласының табиғатқа қатысы қашан да әдемілік негізін қалаған. Үндестік – іргелі эстетикалық ұғым». Ол – ерте келетін жыл құсы. Махамбет те – кезеңінен ерте келіп қалған ердің сойы. Ол жылдам, қағілез болғанда, Махамбет те – нағыз белсенді харекеттің, күрестің адамы. Қызғыш екі аяқты жауын алыстан айырса, ақынның да сақтығы бір басына жетіп артылады. Екеуі де төрт аяқты итке есе бермегенімен, айналына құрық бойламайтын түлкі сұмға алдырып қалады. Екеуі де кеткен кегін, наласын ұмытпайды. «Ер дініне берік», қанаттының ханы – қаршыға мен бүркіт, хан сарқытына үймелеген маңайындағылар қарға болғанда, қызғыш оларыңнан қыңбайды.

Елдің ханы – Жәңгір, Баймағанбет сұлтан, боқ шоқыған қарғасы – Қарауылқожа, Балқы, Шонты болғанда, солардың жағасына қол апарып жүрген адамның қызғышы – ел қорғаны – Махамбет! Қандай ұқсас тағдыр! Сұңғыла ақын аспан мен айдын еркесі құс

арасынан өзінің сыңары дегдар қызғышты қалай дәл тапқан? Соны өлеңінде қалай шебер кестелеген?

Айтып-айтпай немене,
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!

Ә.Кекілбаевтың осы «Махамбет» дастаны да сілкініс тудырды.

Ертеректе қағазға түскен «Махамбет» дастаны – ақынның тағдыр-талайын тереңнен қозғайтын, жаңаша толғайтын деректі-тарихи «Шандоз» баянына жолашар – баспалдақ.

Әбіш – Махамбетті текстологиялық тұрғыдан оқып-түсініп тұнығына бойлаған қаламгер. Шығарманың аты болып, «Шандоз» сөзі бекерге тұрған жоқ. «Шандоз» сөзі бұрын тілімізде сиректеу қолданыста болған (жергілікті сөз, «сұлу, көркем» жігіт мағынасында). Ақын өлеңдерінде бұл сөз екі рет пайдаланылған: «Қарағай шаптым шандоздап», «Керіскедей шандозым». Ол әдебиетте «шандоз» сөзімен де Исатайдың айбынды бейнесін жасап кетті. «Шандоз» – Махамбеттің өлеңінде өз орнында қолданылған. Ал Ә.Кекілбаев сөзге екінші өлмес ғұмыр сыйлап, ұмытылып бара жатқан сөзді тірілтіп, шығармасының аты, тақырыбы етіп алған.

Махамбет қазақ әдебиетінде көп зерттелген ақын десек те, оның өмірі мен шығармашылығы әлі де жұмбаққа толы. Ә.Кекілбаевтың «Шандозы» Махамбетнамаға қосылған сүбелі үлес болуымен қатар, әдебиетті зерттеу, тану аясындағы соны бағыт, дербес жол, тың ұстаным, әдіс. Автордың өзі шығарманың жанрын «деректі-тарихи баян» деп атапты. Сол атына сай, ол нақты тарихи деректерге құрылған, солардың негізінде ой түзілген толғам-тұжырымдар жасалған. Бұл баян жанр туыстығы жағынан Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет» зерттеуіне жақын.

«Шандоз» – қазақ әдебиетіндегі айырықша, өзіндік мәнері бар зерттеу еңбек. Бұл зерттеудің ерекшелігі – ғылым мен публицистиканы қосып, қатып қалған қасаң ғылыми қағиданы бұзуы. Ғылым – адамға қызмет етуі керек. Бұрын партияның талабынан шыға алмаған қаламгерлер, әсіресе, ғалымдар толық шығармашылық еркіндікті пайдалана алмады. Ал, Ә.Кекілбаев болса, сол құрсауды бұзып, өз ойын батыл жеткізді, әдеби тілдің толық мүмкіндігін пайдаланды. «Шандоз» деректі-баянында халықтың, Махамбеттің және Әбіштің дүниетаным арналарын сөз етпекпіз. Тарихи-баян күрделі он екі тараудан тұрады. Соның бір тарауы – «Ордасында Жәңгір деген ханы бар».

«Шандозда» бұрын бір жақты қарастырылып келген тарихи тұлғаларға ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарау керектігі айтылып, мысалдармен дәлелденген. Бұған дейін әдебиет тарихында Махамбет өмірін, айналасын бұрынғы кеңес кезіндегі зерттеушілер әңгімелерін көтерілістің шығу себептерінен бастады.

Жазушы саясат қыспағындағы Жәңгір басының ерекшелігін атап, ашып берсе, сол өңірде дүниеге келген З.Қабдолов және былай дейді З.Қабдолов «Бөкей хандығының құрылуына байланысты туған даламыздың бір кезде жонғар таптап, қалмақ жайлаған Еділ мен Жайық арасын өзімізге қайтарып алдық. Торталана туырылып, иесіз құлазып жатқан құм қойнауына Орда қаласы орнады. Көшпелі жұрт көлігін туарып, қоныстана бастады. Ел орныққан соң, Ордадан Шығысқа қарай сусыған қызыл шағылдың ондаған шақырым ұзына бойы қысы-жазы бірдей көкпеңбек көксіл атып, жасыл орманға айналған. Ғұмырда шөлі қанып көрмеген қалың құмға кезінде әлдеқайдан су келіп, көл пайда болған. Айдында аққу ұшып, қаз қонған. Жапан түзге қалың ел ірге теуіп, қатар-қатар қарағай үйлер салынған» [2,110 б]. Өңір адам танымас күйге еніп, қарыштап алға басқан. Өркениетке ұмтылды.

Мұның өзі: «Жәңгір «ел қамын ойламады», – деген теріс пікірге тойтарыс береді. Ал ақын дүниетаным бұл жаңаруларды қабылдамады. «Қаһарманның тек өзіне ғана тән хас, дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінеді», – дегендей, ел арасына өлең болып жайылды, ол ханға ұнамады», – [3,47 б] дейді ғалым З.Бисенғали. «Жәңгір тұсында отырықшылыққа бет бұрылды. Ол өзі бастап үй салып, барлық сұлтандар мен рубасыларды үй салуға міндеттеді. Жасқұстағы Орда қаласы солай пайда болды. Тек онымен ғана тынбай,

ірі руларды билейтін рубасылар мен старшындар өздеріне тұрақты мекен тұрғыза бастады. Байлар мен әлді шаруалар да өздеріне үй, ең болмаса, жер қазба салып алуды әдетке айналдырды. Отырықшылық нышандарының күшеюі жолдар мен қатынас жүйелеріне де көңіл бөлді.

Хан көрші ірі қалалармен үзбей байланыс болуына назар аударды. Сауда-саттық өркендеді. Әуелі шектес орыс, қалмақ базарларында өз өкілдерін ұстап, тұрақты орын иемдену жүзеге асырылды», – дейді жазушы.

Ханның өзі басқарған орданы дамыта алғандығы берілген үзіндіден анық байқалады. Жәңгірдің үй, мешіт, мектеп салдыруы күні бүгінге дейін халық арасында дәріптеліп, жағымды жағымен айтылады. Ол салдырған үй мен мешітті, мектепті сол тұқымнан өрбіген, сол мешіттерден нәр алған арқалы ақын Шәңгерей Бөкеев «Бура санды, ақ танды» атты өлеңінде айнытпай сөзбен суретке түсірген:

«Көз алдымда тұрады:
Кешегі өткен күндей-ақ.
Сол айтылған Нарында,
Нарынның қызыл құмында:
Ай белгілі ақ мешіт,
Алпыс бөлме, жүз есік,
Салынған екен Көкорда,
Сол Көкорданың ішінде,
Ләззат тауып бір-бірімен,

Зауықтасқан ата-ана», – [4,112 б] дегені сол Жәңгір жасаған қызмет, еліме болсын деген ниет, қажырлы қайратының арқасы, еңбегінің жемісі. Ол тірлік те бірден оп-оңай дүниеге келген жоқ-ты. Мұның бәрі – Жәңгірдің қажырлы, қайратының арқасы. Еліме болсын деген ниеті еді.

(1841) жылы тарихта тұңғыш рет қазақ балаларына орысша-қазақша білім беретін Жәңгір мектебі ашылған. Мектептегі оқу-ағарту ісінің өрбуін хан тікелей өз қамқорлығына алған. Бұл арада бұрын-соңды болып көрмеген кітапхана, клуб, мұражай орнаған», – деген. Білімге, өнерге аса қатты мән беріп, оның жүзеге асырылуын қадағалаған. Батыс Қазақстан облысындағы хан салдырған білім ордалары күні бүгінге дейін халыққа қызмет етуде. Жайық бойында пәндік білім алу жүйесі қалыптасып, оқудың орысша жүргені белгілі. Оның бастауында Бөкей ордасындағы хан Жәңгірдің тұрғаны анық. Алғашында, өз ақшасына 25 орындық мектеп ашып, қазақтың алғашқы зиялы топтарының легін қалыптастырды. Ол мектепті бітіргендер білімін сол кездегі іргелі оқу орындарында жалғастырып, қайтып келіп, сол өз мектебіне жұмысқа орналасады, мұндай талапты кезінде хан қойған екен.

Жәңгір мектебінің қабырғасынан шыққан ғалым Мұхамед-Салық Бабажанов - Ресей Географиялық қоғамының мүшесі, «Қазақтың қазақ туралы жазбалары» мақалалары «Северная пчела» журналында басылған. Жеке кітап болып Петербург баспаханасынан шыққан. Қаламгер Ә.Кекілбаевтың жоғарыдағы «Алайда, ол бөтенге еліктейміз деп жүріп, өзгеге сіңіп, өз-өзімізден біржолата құрып кетпеуді» мықтап есте ұстады. Бірақ ол ісі көп ретте ел арасында наразылықтар тудырып жатты. «Жәңгір мешіт салдырды. Елге шарифат жайыла бастады. Ханның айналасына ноғайдың молдалары, қожалар көп жиылды. Бұлар ел билеу ісіне араласты. Ханның айналасына аннан-мыннан келген келімсектер көп жиылды. Бұрынғы елді билеген билердің қадірі кеміді. Молдалар, қожалар, келімсектер елді билей бастады. Бір жағынан, орыстан көрген қысымшылық, қоныстың тарылуы, қоныстың тозуы, екінші жағынан, молдалардың, қожалардың, келімсектердің астамшылығы елді Жәңгір ханға наразы қылды. Елдің бір қатары Бөкейлікті тастап, Жайықтың күн шығыс бетіне өте бастады»деуі шындыққа саяды.

Ғалым Х.Досмұхамедұлы сол кездегі тарихи жағдайды дәл, боямсыз бергенДін дегеніңіз – тұнып тұрған саясат. «Ханшаның қанішер туыстары елдің әдеті мен салтына қол

салды», – дейді тарихшы М.Қозыбаев [5,67 б]. Ханның негізгі бағыты дұрыс болғанымен, биліктің келімсектердің қолында кетіп, елдің қонысынан айырылуы – Жәңгірді сүйкімсіз етті. Жәңгір – мемлекеттілікті сақтап қалуға тырысты. Ұлттық мемлекеттіліктің жойылып кетпеуі үшін жанталасты. Жоғарыдағыларға жақпады. Бұл қасиеттері үшін Жәңгір ұлтының мақтанышы болуға лайық тұлға деп айта аламыз.

Оның үстіне, отаршыл үкімет орыстандыру саясатын жүргізді. Қазақ даласындағы алғашқы мектептерде тек тілмаштар ғана дайындау үшін ашылғаны белгілі, ал Жәңгір қазақ баласын орыс мектебін ашып, жан-жақты оқытып, білімді қылғысы келді. Ол өзі ашқан мектептің түрін де, мазмұнын да ұлттық қылды. Мұнысы отаршылдар жүргізген идеологияға жақпайтын. Көзі ашық Жәңгір мұны күнілгері біліп, осылай істеді де, ал, енді онысы генералға ұнамады.

Бұнын бәрі Жәңгірдің өз заманында басқа хандардан үстем болғандығын жоққа шығармайды. Бойында пендешілігі де ит жығыс түсіп жатыр. Ал дұрысында, бұл арада пәленің басы патшалық, отаршылдық үрдісте еді. Бұратана халықтың бәрін өз мемлекеттігінен айыру саясатында еді. Жәңгірдің бар жазығы сол әуірім мақсатты жүзеге асыруда құрдай жорғалай жөнелмей, әр түрлі айла-тәсілдерге жүгініп, бұлталақтап қолындағы хандық билік пен мемлекеттік дербестікті жойып жіберуге жол бермеуге тырысқандығы еді. Ел басқарған адамға мұндай айла мен ақыл қатар керек. Бұл – Жәңгірдің артықшылық қасиеті.

«Жәңгірді қарапайым халыққа Қарауылқожадан кейін, жеккөрінішті еткендер – өз ағайыны Шыман төре мен Қайыпқали Есімов. Көтерілістің алдында Мұғаджар тауын жайлаған Шыман ханға келіп: «Сенің орныңа Қайыпқали хан болмақшы. Дегеніне жетсе, Исатайды Баймағанбеттің, Иманбай Қалдыбайұлын Арыстан Жантөриннің орнына аға сұлтан қоймақ. Ал, Сауқым, Жанғазы, Елекей – үшеуі Қайыпқалиға ақылшы би болмақ», – деп тісін жасырып, тілін көрсетеді.

Ә.Кекілбаев Исатай-Махамбет көтерілісінің шығу төркінін бұрынғы кеңес дәуірі зерттеушілері салған үлгіні ұстанбай, әріден: Бөкей, Өтеміс дәуірінен тартып қарастырады. Құлмәлі тағдыр-баянына тоқтала, тарихтың жасырын сырларына үңіле, одан да әріге Нәдір шахтың өмірбаянын, ол өмір сүрген кездің топалаңын біраз ашып, Махамбеттің арғы түбі – Нәдір екенін сенімді түрде пайымдаған.

Бұл турасында академик З.Қабдолов: «Махамбет өмір сүрген уақыт пен өнерін өрбіткен кеңістік туралы ойласақ, біздің жадымызға патшалық Ресейдің тепкісінде төңбекшіген басыбайлы отары- ұланғайыр ұлы даламыз, сол даланың бір шалғайындағы Бөкей ордасы, Орданы билеген қазақтың соңғы ханы Жәңгір Бөкеев оралады», – деген еді. Хан Бөкейсіз, Жәңгірсіз Орда тарихын айту мүмкін емес. «Ресейдің тепкісінде төңбекшіген басыбайлы отары» дегенде, Ресейдің кез келген жерге ауыз салмағаны, балығы көп, шалғыны мол, жан-жақпен қатынасы да мардымды Жайық бойын текедей таңдап, тапжылтпағаны – сол заманның ақиқаты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ә.Кекілбаев іліміндегі өзіндік этикасы мен эстетикасы, дүниетанымы мен адамдардың тіршіліктегі әрекеттерінде әрбір ісіне жауап беру қағидасы мен дүниеге, өмірге жауапкершілікпен қарауы, адамның өзін-өзі тану тәсілдері мен жолдары оның философиялық антропологиясын - халқымыздың философиясының басты проблемаларының бірі деп қабылдауға болады.

Ойшыл Кекілбаевтың парасатты пайымдауларында қамтылған адамзат тіршілігінің тұрмыстық философиялық жақтары жеке даралыққа және әлеуметтік таңдаулар жасауға шақырады. Ол өмір кеңістігіндегі әр түрлі бейнелер мен саналуан ситуациялар ұсынып, плюралистік ғұмыр кешу түрлерін топтастырып, жеке адамның тіршіліктік позициясын еркін таңдауға жол көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Брэм А. Жизнь животных, 4 изд., т. 4-11. - СПб, 1911-1915.

2.Қабдолов З.Шығармалары. Т IV. Үш алып. Төрт арыс. Ғылыми зерттеулер. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2013, -320 б

3. Бейсенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ дамуы. А., Өлке 1997ж.

4.Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи аңыздар.(XIX ғасыр) Астана: Фолиант.-2012 (Мәдени мұра)

5. Қозыбаев М. Тарих зердесі. Алматы: 1998. -344 б

Б.Ш.Кожекеева¹, Б.С.Бегманова²

Образ Махамбета в творчестве А.Кекилбаева

В этой статье писателю А. Кекилбаеву дается отдельное исследование о Махамбете. Вдохновитель «Махамбет» - одна из первых работ о Махамбете в казахской литературе. Хотя Махамбет является известным поэтом в казахской литературе, его жизнь и творчество до сих пор загадочны. «Шандоз» А. Кекилбаева - это не только большой вклад в Махамбетоведение, но и направление изучения литературы, личности, личности, отношения, метода. Философские аспекты человеческой жизни, которые содержатся в рассуждениях мыслителя Кекилбаева, требуют индивидуальности и социального выбора.

B.Sh.Kozhekeeva¹, B.S.Begmanova²

The image of Makhambet in the works of A.Kekilbaev

In this article, the writer A. Kekilbayev gives a separate study on Makhambet. Inspirer "Makhambet" - one of the first works about Makhambet in the Kazakh literature. Although Makhambet is a famous poet in Kazakh literature, his life and work are still mysterious. "Shandoz" by A. Kekilbayeva is not only a great contribution to Makhambetov studies, but also the direction of studying literature, personality, personality, attitude, method. The philosophical aspects of human life, which are contained in the reasoning of the thinker Kekilbaev, require individuality and social choice.

УДК 801.732

Ә.С. Муктарова

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қайнар университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан, Nurdidar2010@mail.ru

АБАЙ «ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ» АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Мақалада Абай "Қара сөздеріндегі" адами құндылықтар туралы сөз қозғалады. Ойшыл ақынның қара сөздеріне талдау жасау арқылы ондағы адамгершілік құндылықтар тұрғысындағы тұжырымдарға пікір беріледі: Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, агартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Абай шығармаларының халық пен мәдениетті жақындастыратын қуаты ашылып, рухани жағынан жетілген кемел адамға жетудің жолы көрсетіледі. Абайдың қара сөздерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін.

Кілттік сөздер: адами құндылықтар, қарасөз, сыншыл ақын, кемел адам, қайрат, ақыл, жүрек бірлігі, есті адам.

КІРІСПЕ

Жастар тәрбиесін дұрыс жолға қойған қоғам дамуға бейім болса, олардың тәрбиесіне мән бермеген ұлттың құлдырауы заңдылық болып табылады. Қандай да бір ұлттың өркендеуі мен құлдырауы жас ұрпақтың рухы мен санасына, алған тәлім-тәрбиесіне байланысты екені баршаға мәлім. Жас буынға мейірімділік таныту - ұлтымыз бен отанымызға қызмет ету жолында жасалатын маңызды қадам. Ел көсемі Н.Ә. Назарбаевтың «2019-жастар жылы» деп осы жылды ерекшелеп белгілеуі де жас ұрпақтың елжанды, бәсекеге қабілетті, іскер болып өсуіне бағытталған алғышарттар болып саналады. Шынымен де кез келген халықтың болашағы, оның өміршеңдігі ұлттық болмыс пен ұлттық рухы кемелденген, жақсы тәрбиеленген ұрпақтың қолында болатыны даусыз.

Осы ретте түрік халқының ойшылы, ақыны Фетхуллах Гуленнің: «Жастар - күш-қуат және парасаттың бүршігі. Жақсы тәрбиеленіп, бағыты дұрыс көрсетілгеннің арқасында қиындықтарды жеңген Геракл сияқты жүректерге жарық беріп, әлемде тәртіп орнататын күшке айналады,» - деген сөзі жас өркеннің бойында болуы тиіс адами құндылықтар тұрғысында айтылған пікір.[1,154]

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық тәрбиенің негізін ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моральдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ал ұлы Абай «Қара сөздеріндегі» адами құндылықтар мен толық адам болу тұрғысында айтылған ғажайып даналық әлемі жастар білуге, ұғынып сезінуге тиіс құнды дүние деп білеміз.

Абай «Қара сөздері» - оқырманға адами құндылықтың мәнін ұғындыратын, жеке адамның даму көрсеткішінен сол ұлттың дамып-өркендеу деңгейін тануға болатынын анық байқататын құнды дүние. Абайша ойлана алсақ - ұлттың әрбір өкілі өзіне сын көзбен қарап, ішкі жан дүниесі нұрланып, «адамзатты сүюі» керек. «Қара сөздер» оқырманын тұңғыық ойға батырып, ішкі әлемінде рух байлығын, терең парасаттылық пен өзгелерді сыйлау қажеттігінің құндылығын танытуға бағытталған Абай әлемінің бір бәйтерегі іспетті кемел қазына. Ойшыл Абай даналық ойларымен жаңа бір дүниенің есігін ашады, оқушы ақын ойларына ілесіп, сол бір асыл дүниені танығанша «Қара сөздерді» парактайды, Абай танымының биіктігіне тағы да куә болады.

Адам баласының ойлау көкжиегі сан түрлі. Кей сәтте ол үшін бұрынғы таныс зат жұмбаққа айналса, ал білмейтін беймәлім нәрсе тіпті жанына жақын көрініп, «осыны қалай білмедім?» деп, таңғалатын сәттер де кездеседі.

Адамның бүгінгі күні ертеңі үшін жұмбақ болып, беймәлім зат белгілі нәрсеге айналып, өзіне мәлім нәрсе құпия ретінде қабылданатын сәттерде Абайтану әлемі терең мұхитқа айналып, оны түсініп тану тіпті қиынның қиынына айналады. Ал әңгіме Абайдың қарасөздері тұрғысында болса, оны ұғыну, талдау биік шыңға өрмелеп шығудан кем емес.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлемдегі кез-келген халықты алып қарасақ та ең алдымен тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген аталы сөзі бар. Осыдан-ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қарасөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай

біртіндеп жетектейді. Мұның барлығы адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында еді. Енді ақынның бірнеше қара сөздеріне көңіл аударып көрелік.

Қазақ поэзиясының шыңы – Абайдың қарасөздерін қайталап оқығанда бұрын байқамаған көп мағлұматқа кенеліп, таңғалатын сәттерді бастан кешіресің. Қарасөздерді жазып отырғанда Абайдың өзі де жалған өмірдің көп сыры мен қырын көз алдына елестетіп, өз басындағы жағдайды осы дүниелікке арқау еткен болар деп ойға қаласың. Әрине, Абай әлемі, ақынтану көптеген сыншы ғалымдардың тақырыптарына айналып, үлкен қазынаға айналды. Сол зерттеу, ізденістерді оқи отырып, Абай туралы біраз нәрсені білетіндей болып көрінесің. Ал шын мәнісінде Абайдың алтын қазынасына тағы бір көз жіберіп қарасаң, сен еш нәрсені де білмейтіндей болып шығасың. Абай әлемі туралы зерттеу сан түрлі мақалалар, монографиялар, сыни еңбектер жариялаған авторлардың үлесінде қалып, талантты ақын, философтың мол дүниесі саған жұмбақ көмбедей өзіне қызықтырып, кең дарияның үстіндегі қалтылдап, жағаға асыққан жалғыз қайықтыалыстан шақырғандай, өзіне ынтызар қылады екен. Біз бүгін осыны байқадық.

Данышпан ақынның өзі де «Бірінші сөзінде»: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, тартыстық...» дей келіп, қалған өмірді қалай өткізу туралы өзіндік ойын ортаға салады. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, сопылық құрып дін бағу не балаларды бағу тәрізді міндеттердің бәрін сараптай келе, «ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, оқысын» деген тәлімгерлік қызметін танытты [2]. Ал Абайдың «ермегі» көпке азық, жастарға тәлім-тәрбие насихатына айналды, «ақ қағаз» жастарға адами құндылықтарды көрсетіп-танытатын данышпандық кілт ретінде ғасырдан астам уақыт адал қызмет жасап келеді.

Қара сөздің шебері ақын Абай ақылын біреуге міндеттемей, жай әңгіме айтқан адамша мысал келтіре отырып, ненің жақсы, ненің нашар екенін елеусіздеу түрде сыпайы жеткізе білген. Данышпан ақын «Екінші сөзінде» қазақ халқының өзінде жоқ жаңа нәрселерге мысқылдай қарап, сол халықтан үйренудің орнына «үй төбесіне қамыс салған сарт, отырықшы ноғайды «бакалшік»,» орыс ойына келгенін істейді» деген мінеп, шенеп айтқан сөздерін мысалға келтіре отырып, сарттың, ноғай және орыс халқының қол жеткізген жетістіктерін: шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, өздерін танытқан істерін мақтан тұтып, қазаққа өзгеге күлгенше солардай болуға ұмтылу керек деген ұлағатты сөзін ұсынады [2].

Абайдың «Қара сөздерін» оқып отырғанда, елін шын сүйген кемеңгер жанның келбеті анық аңғарылады. Баласына жаны ашыған ата-ана жақсы болсын деп, оған қаттырақ сөйлейді. Сондағы ниеті-балам дұрыс болсын деген ой. Сол тәрізді Абай өз халқының адал перзенті ретінде «Қазақ бір-біріне қаскүнем, бірінің тілеуін бірі тілеспейді, рас сөзі аз, қызметке таласқыш, жалқау» деп, қазақтың нашар қасиеттерін көрсете келіп, олардың осындай болуының сырын «Үшінші сөзінде» дәлелдеп береді [2]. Бұдан құтылудың жолы ретінде жастарға білім алуды, ұлықтарға халыққа адал қызмет етуді ұсынады. Болыс болып сайланған адамдарға Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысын» білмек керек деген парасатты ойын танытады. Бұл арада Абайдың қазақы заңдық, құқықтық қағидаларды жетік білгенін аңғарамыз.

Абайдың қарасөздерінде өмірлік қағидалар өзіндік тәжірибе арқылы танылады. Ақынның «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі» деген сөзі дүниенің рақатын сезінбеген, бос нәрсеге мақтанып, есіл өмірді қор қылған жандарға білдірген жан ашуы сипатты. Ондай пенделерге автор «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ-өнерсіз иттің ісі» деп, «...өз қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» деген қамқорлық ақылын айтады.

Абай - сыншыл ақын. Ол «Қара сөздерінде» қазақтың кейбір мақал-мәтелдерін сынай отырып, сол қанатты сөздердің мән-мағынасын талдап береді. Кейбір қазақтың бірлікті ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақпен байланыстырып, бірлікті тек осы дүниелерден іздейтініне сын көзбен қарап, «бірлік-ақылға бірлік» деген тұжырым жасайды. Ал «Ырыс алды-тірлік»

мақалын талдай отырып, «тірліктің болуы кеудеден жанның шықпағандығында ма, жоқ, бұл нағыз тірлік емес», көкірегі, көңілі ояу жан ғана ырыс әкеле алады деген данышпандық ой айтады [2].

«Күлтеген» жырында сипатталған мәңгілік ел болу көрінісі - бүгінгі күннің де басты идеясы. Ел бірлігін аңсап, Қазақстанды мәңгілік елге айналдыру-қазақ халқының басты мұраттарының бірі. Ал осы ұлы идея Абай қарасөздерінде де кездеседі. Халқымыз үшін бірлік пен татулықтың орны қандай екенін ұлы Абай жан-жақты көрсетіп берді. Абай қазақтың нашар мінездерін көрсетіп, одан қалай ажырау жолдарын да көрсетіп береді. «Осы мен өзім қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді» деп, өзіне сауал қоя отырып, «Тоғызыншы» қарасөзінде «бойларынан адам жақсы көрерлік я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді»дей келіп, ащы ызасын ақ қағазға төгеді. Жан ашуы шырқау шегіне дейін жетіп, «Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін... Осылардың ызасынан ба... білмеймін, сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты»деуі ақынның өз халқын шын сүйгенін, сүйе тұрып келеңсіз мінездеріне шын күйгендігін аңғартады [2]. «Сын түзелмесе, мін түзелмейді» деген халқымыздың ғибратты сөзі Абай ойымен өз үндестігін тапқандай. Философ ақынның әр қарасөзінде қазаққа аса қажет мағыналы ой-тұжырымдар жиі кездеседі.

«Оныншы» қарасөзін оқып отырғанда, көркем сөз иесінің қазақ үшін баланың орны қандай екенін айта келіп, перзент сүюдің, оны қалай асырай білудің мәнін көпшілікке ұғындыруға тырысқанын аңғарамыз. Ақын балаға артық уәде беріп, алдап, күнәға батқаннан гөрі сол баланың болмағанының өзі дұрыс емес пе дегендей пікір танытады. Бұл арада да ойшыл ақынның бала тәрбиесіне ерекше назар аудару қажеттілігін, бала өмірге келмей тұрып оны қалай тәрбиелеп асырауды алдын-ала ойлау керектігін әр қазақтың санасына құюдың амалын іздестіргені аңғарылады.

Осы сауалдың жауабын «Он бесінші» қарасөзден табуға болады. Абай ақылды кісі мен ақылсыз кісінің мінез құлқына жан-жақты талдау жасай отырып, есті адамның келбетін былай танытады: «Есті адам орынды іске қызығып құмарланып іздейді, айтса құлақ, ойласа көңіл сүйсінгендей болады», «есті әр нәрсеге қызықпайды, көңіл қалағанымен іс жасайды», «есті ақылды қолдан жібермей ізденеді екен». Ал бұдан әрі есті кісі болудың талабы ретінде «күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айына бір өзіңнен өзің есеп алуды» ұсынады [2]. Бұл - ақынның данышпандық тұжырымы. Өзіне-өзі сыни көзқараспен талап қоя білген адамның өз мұратына қол жеткізері анықекенін ойшыл ақын осылай ұғындырады.

Ал ақынның «Он жетінші» қарасөзінен алар ұлағатымыз - қандай сәтте де адам баласы қайрат, ақыл, жүрек бірлігіне сүйену керектігі. Абайдың қарасөздерінің тәлім-тәрбиенің қайнар көзі ретінде адам баласына берер ғибраты, жақсылығы мол. Аталмыш қарасөздерді мұқият, көңілге түйіп оқып шықсаңыз, талай ғажайыпты сезініп, небір асыл дүниеге қол жеткізгендей болғаныңызды аңғарасыз. Ақынның өзі айтқандай, «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады». Қазақ үшін Абай қарасөздерінің құдіреті мен қасиеті ерекше. Әр адамға есте ұстау қабілетін дамыту туралы Абай жазып қалдырған «Отыз бірінші» сөздің орны аса маңызды деп білемін. Аталмыш сөзді білімгерлердің оқу мен тәрбие үдерісінде, өмірлік тәжірибеде қолданулары да қажет деп ойлаймын. Сонымен ақынша айтсақ, «Естіген нәрсені ұмытпауға төрт түрлі себеп бар: - «көкіректің байлаулы, берік болуы; - сол нәрсені естігенде... көңілденіп, тұщынып, ынтамен ұғу; - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту; - ой, кеселді нәрселерден қашық болу» [2].

Абай «Қара сөздерінің» тәрбиелілік, рухани, философиялық, адамгершілік маңызы жыл өткен сайын арта түсіп, қазақ халқының ескермейтін құнды қазынасына айналды. Ұлы ақынның дана ойларынан жинақталған аталмыш туындыны қазақтың ақсақалдары мен жас жеткіншектеріне дейін бір мезгіл қолға алып сырына кенелсе, қазақтай кемел халықтың көп жетістікке қолы жетер еді. Бұл рухани қазына түнгі жолаушыға дұрыс жол сілтеген Темірқазық жұлдызы іспеттіжас қазаққа берері мол құнды дүние болып қала бермек. Тағы да Фетхуллах Гуленнің «Егер ақын естігендерін елестетіп,, ойының дұрыстығын ақыл елегінен

өткізе алса, содан соң шабыттан туған сырлы ойлар сөйлем болып өрілгенге дейін ой бастапқы күйінде сақталса, бұл шығарма ұзақ уақыт оқылатын болады» деген сөзінің шындығына сөз жеткіздік [1, 55].

Талантты абайтану ғалым Қ.Өмірәлиев: «Абай қарасөздерінде адамгершілік тақырыбы жан-жақты, шынайы ашылады» деп бағаласа [3, 51], әдебиет сыншысы М. Мырзахметов: «Ойшыл ақын Абай «Қарасөздерінде» нағыз кемел адам болудың жолдарын көрсетіп, оған қол жеткізудің жолдарын танытады. Кемел адам шам сияқты, өзі жанып түгесілсе де, басқаларға жарық шашып кетеді. Абайдың өзі-кемел адамның нақ үлгісі» деген пікірін білдіреді [4, 65]

Біз әдетте таныс сияқты болып көрінген бұл еңбектен өзімізге беймәлім болған талай сауалдың жауабын таптық. Өмір осылай, құпия зат таныс болып, өзіңе мәлім нәрсе жұмбақ болып қала бермек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Табысты кәсіпкер, он тоғыз жасында алғашқы миллионын тапқан ресторатор Қ.Шонбайдың «Екінші болма» атты кітабында өмірде бар қиындықты жеңіп, өз ісінің шебері болудың сыры мен қырын баяндай келіп, тоқырап жүрген сәтінде «Бір күні қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың «Мықты болсаң, өзіңді жең» деген сөздері есіме түсті. Расында да, солай екен. Кітабымызды мінсіз нұсқа түрінде жазуға талпынуымыз керек, екінші болмауымыз керек екен» деп, дереу қолға алдым» - деп жазады [5, 9] Сонымен бірге Қуаныш кәсіпкерлік бизнесінде Абайдың «Ұқсап бақ!» деген сөзін пайдаланып, аталмыш сөздің мағыналық сипаттамасын «Ұқсап бақ дегеніміз - сол образға жанасатындай сәйкес жүріс-тұрыс, әдет қалыптастыру» деп, осы сөздің бизнесте жеңіске қол жеткізуде көмектескенін баяндайды [5, 27].

Ұлы ақынның қарасөздерінде ізгі ниеті - қазақ баласының кәсіпкер болып, өзге елге танылуын армандаған тілегі - ойшыл ақын сөздерін өз іс-әрекетінде пайдаланған бүгінгі егеменді Қазақстанның іскер, сөзі мен ісі үйлескен жас ұрпағының бір өкілі - Қ.Шонбай кітабында сабақтасқандығына біз де қуандық.

Абайдың қара сөздерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндірірі аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Гулен Ф. Ғұмырлық өлшемдер. - Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2018. -240 б.
2. Абай. Қара сөздері. - Алматы: Өнер,2006.-124бет.
3. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздері. - Алматы, 1958. – 151 б.
4. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. - Алматы, Рауан, 1993. - 139 б.
5. Шонбай Қ. Екінші болма! Жеңіске жетудің қазақша жолы. – Алматы, 2018.

А.С. Муктарова

О проблеме человеческих ценностей в «Словах назидания» Абая

Университет Кайнар, Алматы, Казахстан

В статье рассматриваются человеческие ценности в «Словах назидания» Абая. Анализ Слов поэта дает представление о моральных ценностях. гуманистические, образовательные, социальные идеи Абая, соединяясь с постулатами религии, образуют целостную философскую концепцию казахского народа.

Работы Абая раскрывают силу сближения людей и культур и показывают, как зрелый человек может достичь духовного возрождения. Слова Абая содержат огромный воспитательный потенциал. Особую ценность они представляют для молодого поколения, в руках которого ключ к образованию, науке и искусству

A.S. Muktarova

About the problem of human values in the «Book of words» Abay

Kainar University, Almaty, Kazakhstan

The article deals with human values in the «Book of Words» by Abai. Analysis of the words of the poet gives an idea of moral values, humanistic, educational, social ideas of Abai, connecting with the tenets of religion, form a holistic philosophical concept of the Kazakh people.

Abay's works reveal the power of bringing people and cultures closer together and show how a mature person can achieve spiritual rebirth. Abai's words contain tremendous educational potential. They are of particular value for the younger generation, in whose hands the key to education, science and art

УДК 17.71.07

А.Ж. Мұхан

К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің докторанты, Ақтөбе қаласы, Қазақстан, aktoty051182@mail.ru

ҮЙЛЕНУ ҒҰРПЫ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Мақалада қазақтың үйлену ғұрпының тіліндегі поэтикалық айшықтар айқындалды. Отбасылық ғұрып фольклорындағы ырым мен салттың аясында айтылатын өлеңдердің семантикалық сипаты күрделі. Сондықтан мақалада беташар салтындағы теңеулер мен метафора, қайталау т.б. көркемдік тәсілдердің мәні нақтылы мәтіндер мысалында талданды. Келін түсіру мен қыз ұзату салт өлеңдерінің тілінің айшықтары халықтың күн көріс кәсібі мен тұрмыс-тіршілігімен, көнеден келе жатқан түсініктерімен тығыз байланысты екендігі тұжырымдалды. Үйлену ғұрпының поэтикасында бала өсіру ғұрпы мен азалау ғұрпының кейбір тұстарымен параллель тұстары да бар. Бұл салттардың көне бастауларындағы ұқсастық ретінде дәлелденді.

Түйін сөздер: ғұрып, поэтика, метафора, теңеу, рәсім, қайталау, ритуал.

КІРІСПЕ

Қазақ фольклоры поэтикасын өзіне тән заңдылықтар кеңістігінде кеңінен тереңдей зерттеу мәселесі әлі күнге дейін бүгінгі қазақ фольклортану ғылымының алдында тұрған аса өзекті мәселенің бірі деуге болады. Арғы тегі гректің «poietike» – поэтикалық өнер, сөзінен бастау алған бұл ұғым «кең мағынасында алғанда ол – сөз өнерінің тегі мен түрін, оның шындықты бейнелеудегі барша ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін тұтас қамтитын шалқары өте кең ұғым, екінші, ықшам мағынасында, сөз өнерінің көркемдік ерекшеліктерінің (композиция, сюжет, мотив, стиль, ұйқас, ырғақ, құбылту (троптар) мен айшықтаулар т.б.) жиынтық жүйесі ретінде қолданылады» [1, 225]. Қазақ ертегілеріне қатысты поэтика мәселесін С.Қасқабасов, [2, 225] эпосқа қатысты Ш.Ибраев [3,225] сынды ғалымдар қарастырса, ғалым К.І. Матыжанов отбасылық ғұрып фольклорына қатысты бұл мәселенің ғылыми негізін салып, теориялық тұрғыдан тереңдетті. Жалпы фольклордың көркемдік әлемін тарихи поэтика тұрғысынан қарастырған орыс фольклортану ғылымының тәжірибесін ескергенде фольклордық сана мен оған қатысты пайда болған тұтас құрылымдар жүйесін тану үшін сан түрлі ғылым саласының аясында қарастыру қажет болады. Себебі, фольклор поэтикасының өзіндік ерекшелігі: «шығарманың эстетикалық құрылымына ене бермейтін, әдетте мәтін мазмұнынан тыс болатын, жанрдың атқаратын қызметіне (функция) енетін байланыстар жүйесі болатындығы» [1,226].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық жүйесі де мифтік санадан бастау алып, ерте замандардан бері күні бүгінге дейін қалыптасқан құрылымдық-мазмұндық, жанрлық, поэтикалық табиғатында ежелгі ғұрыптық дүниетанымның сілемдерін сақтап, әрі әр кезеңдерге сай әрқилы функция иеленіп отырған.

Бұл жайында К.І.Матыжанов: «Фольклордың, соның ішінде, әсіресе, ғұрыптық фольклор эстетикасының (поэтикасының) ішкі өзегін рәсімдік дүниетаным (ритуальное мироощущение) құрайды немесе оны «ғұрыптық ойлау» (обрядовое мышление) деп атауға да болады. Оның арғы түбінде жалпы халықтың тұтас дәстүрлі дүниетанымы жатыр. Айналып келгенде халық шығармашылығының бүкіл поэтикалық әлемі осы дәстүрлі дүние танымнан нәр алады» [1,151],– дей отырып, «Фольклорлық сана» («Фольклорное сознание») деген ұғымдарының мәнін нақтылы мысалдар негізінде теориялық тұрғыдан тереңдеткен.

Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасындағы көркемдік құралдар мен әдіс-тәсілдердің генетикалық тегі мен этнографиялық бастауларын аңдататын фольклор поэтикасының арнасында қарастыру тәжірибесіне сүйене отырып, үйлену ғұрпының өзіне тән ойлау поэтикалық болмысын айқындауға болады.

Ең алдымен бізге дейінгі ғалымдар анықтағандай, мифтік сананың да, метафораның да – негізгі тұғыры ретінде – теңдестіру, баламалаудың мәні ежелгі адамдардың, ең алдымен, айнала дүниені өзімен салыстыра қарағандығы мен оның көркемдік бейнелілікке ұласу жолындағы теңдестіруді айрықша атауға болады. Сондықтан миф пен ғұрып метафораның (поэтикалық теңдестірудің) поэтикалық категория ретінде даму жолының түп-тиянағы болып есептеледі.

Отбасылық ғұрыптың қыз ұзату салтындағы сыңсу мәтініндегі кейбір бүгінгі заман үшін тосындау ұғымдардың түпкі мәнінде ежелгі көне дүниетаным мен әдет-ғұрып, салт-сананың ізі жатқандығы байқалады.

Сыңсулардағы осындай жолдардың біразын этнографиялық материалдармен салыстырып, олардың астарлы мағынасын тереңдей зерттей отырып, ғалым сыңсулардағы «... буынғаным беліме кісе ме еді?», «Неге өсті екен қыз сорлы сылауменен, тал шыбықтай аш белін қынауменен» деген жолдар жай ғана ұйқас үшін алынған тіркестер емес, олар келесі жолдармен іштей ұштаса келіп, нәзік емеуірін, астарлы ойға жетелейді» [1,151-б.], – деп тұжырымдайды. Бұл тұжырымды дәйектей түсетін бірқатар сыңсу мәтіндерін түркі тектес халықтар салтының материалынан көптеп табуға болады. Мәселен:

Буынғаным беліме,
Кісен бе еді жар-жар-ау,
Бекем бусам белімнен
Түсерме еді жар-жар-ау! [4, 24-б.]

Башқұрттарда да сол ұғымда қолданылады. [5, 69-б.].Негізінде бұл жолдардағы белбеудің ғұрыптық мәні тым тереңде. Оны анықтау үшін біраз этнографиялық деректерге сүйеніп көрейік.

Көптеген түркі тектес халықтардың қыз ұзату тойларында қыздың беліне белбеу тағып ұзататын дәстүр бар.

Қыздың беліне белбеу тағу рәсімі азербайжан, тәжікте де арнайы орындалатындығын азербайжан фольклорын зерттеуші Абдулла Бахул айтады [6, 144-б.].

Дьяконованың мәліметіне сүйенсек, тувада әкесі өлген күні оның белбеуі ұлына мұраға қалған [7, Б.88, 106].Сондай-ақ, тува халқы ер бала үш жасқа толған кезде беліне арнайы белбеу тағу рәсімін өткізген. Келтірілген деректерді салыстырып қарасақ, белбеу адамның әлеуметтік деңгейін көрсететін ғұрыптық киімдердің бірі екендігін түсінеміз.

Демек, ұзатылған қыздың беліне белбеу тағу мен оның сыңсуында белбеудің көрініс табуының мәні тектес халықтардың танымының бастауларында жатыр. Дәстүрлі дүниетанымда жер бетіндегі адамдар беліне белбеу тағып жүреді деген түсінік болған.

Ол жайында Ш.Уәлиханов: «Аспанда да адамдар тұрады, олар белбеуді тамағының

астынан буынады, біз әлемнің ортасында тұрамыз, сондықтан да белбеуді белімізден буынамыз, ал жер астында тұратындар (олардың да өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар) белбеуді белінен буынады» [8, 181-б.]– дейді.

Ұзатылған қыз да туған жерінен жат жерге аттанушы бейнесінде ұғынылған. Ұзатылған қыздан бөлек дүниеден өткен адамды үйден шығарарда да үш жерінен түйіп аттандырады. Оны жер астына салар сәтте беліндегі белбеуін шешіп, аяқ жағына қояды. Жоқтауларда «Үш жерінен түйіп-түйіп, Жаға жеңсіз көйлек киіп», «Үшкүлсіз көйлек кидіріп, Үш жерінен түйдіріп»; «Келмеске белін байлаған, кең сарайын сайлаған» деген жолдар осы дүниетанымды аңғартады. Бұл дегеніміз оны ортаңғы әлемнен шығару рәсімі болса керек.

Демек өлген адамның беліне белбеу орап аттандыру мен жат жерге ұзатылған қыздың беліне оралған белбеудің түп төркіні бір. Жат әлемге аттануды білдіреді. Мысалы баланың тұсау кесу рәсімі де осы мазмұндас.

Отбасылық ғұрып фольклорында молынан қолданылатын бейнелеу құралдарының енді бірі – теңеу. Үйлену ғұрпындағы теңеулердің ішіндегі ай, күн, жұлдыз сияқты табиғат құбылыстарына теңеу; арыстан, жолбарыс, бөрі, аққу, сұңқар, қыран сияқты аң-құстарға және төрт түлікке, гауһар, маржан сияқты асыл тастарға теңеудің небір асыл үлгілерін кездестіруге болады.

Теңеулердің енді бір парасы белгілі бір құбылыстың қимылдарымен салыстырылады. Мәселен, адамның ішкі қайғысы гүлдің солуы, ағаштың қурауы арқылы бейнеленеді. Ұзатылған қыздың сыңсуында «Аспандағы айдай»; жанаған гүлдей»; т.б.теңдестірулер жалпы түркі халықтарына ортақ сипат.

Отбасылық ғұрып фольклорындағы, ең алдымен, көзге түсетін эпитеттердің мол тобы – түр-түске байланысты эпитеттер. Бір ғана Ақ түс – белгілі дәрежеде тазалықтың, пәктіктің, жақсылықтың белгісі ретінде жалпы қазақ фольклорындағы символ-формулаға айналған, эпитет. Олардың біразы отбасылық ғұрып фольклорында ғана орнығып, тұрақты формулаға айналған. «...той жырларындағы қыздардың барлығының жүзі – ақ, ақша бет, отауы да – ақ, босағасы да – ақ– деген сияқты. Бұлар дәстүрлі дүниетаныммен іштей байланыса келіп, өлең мәтіндеріне кірігіп бейнелі мағынаға ие болған эпитеттер [1,272]. Ғұрып поэтикасындағы поэтикалық эпитеттің арғы тегі мифологиялық теңдестірумен сабақтасып, бүгінгі көркемдік ойда мүлде жаңа сипат танытады. Ал А.Н.Веселовский теңеудің түп тегінің психологиялық параллелизмде жатқанын айтса, [9,132] В.И. Еремина теңеудің шығу тегін басқа сипатта яғни, фольклордағы көркемдік жүйе тегінің мифологиялық теңдестіруде жатқандығына көңіл аудартады. [10, 83]. Отбасылық ғұрып фольклорында теңеулер көп жағдайда, той жырларында (әсіресе той бастар мен беташарда) қыздың бейнесін сомдауда ақындар аузына ілінеді. Ал ғұрыптық қимылдар мен бидегі ырғақ -әуенге -әуеннен өлеңге көшкен үйлесімді қайталаулардың көне үлгілері отбасылық ғұрыптық фольклорда біршама сақталған. Оның айқын үлгісі: «жар-жар-ау», «ай-ау», «үкі-ау», «сылқым-ау», «бикем-ау» деген сияқты сөздер. «Мәселе, бұл сөздердің мағынасында емес, олардың ырғақтан туып өлең мәнеріне екпін түсіріп әуендік қайталану арқылы синтаксистік қайталаудың ең қарапайым жүйесін қалыптастыруында»[1,322].

Негізгі бастауын ежелгі синкретизмнен алған бұл қайталаулардың жар-жар мен қайым айтыста сақталып қалуының басты себебі де, сол синкретті жағдаят қалпының көп бұзылмауына байланысты.

Отбасылық ғұрып фольклорының тұрақты метафоралар арнасы өз алдына бөлек арна болса, ғұрыптық жырлардың көркем фольклорға айнала бастаған соңғы үлгілеріндегі сипаты тіпті қызғылықты. Себебі, бұл кезеңде фольклордың көркейе дамуына ақын-жыраулар ықпалы ерекше сезіліп, бесік жырының, той бастардың, жар-жардың, бет ашардың, жоқтаудың жаңаша жырланған үлгілерінде фольклор мен жазба әдебиет поэтикасының ұштасуын молынан ұшыратамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы, жалпы фольклор поэтикасының аса күрделі бір саласы. Оның өзіне ғана тән ерекшелігі алдымен, халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста туып, халықтың өмір-салтын танытатын ғұрыптық сипатымен айқындалады. Қазақ халқы да жалпыадамзаттық ақыл-ой зердесінің бір бөлшегі ретінде көнеден бүгінге дейінгі көркемдік ойдың түрлі даму жолдарынан өтіп, әу баста танымдық-практикалық қызмет атқарған әдет-салттардың келе-келе көркем лирикаға айнала бастаған отбасылық ғұрып фольклорының табиғатын танытатын тағлымдық-тәрбиелік функцияға ауысқандығы зерделенді. Әрине, үйлену ғұрпын жеке-дара сөз еткенде оның өзегіндегі «өтпелі ғұрыптарға» қатысты этнографиялық заңдылықтарды да есте ұстадық. Қыз ұзату салты мен үйлену салтының мәтіндерімен этнографиялық ортақ тұстарды салыстыра отырып, бірқатар мотивтер мен формулалардың, құбылтулар мен айшықтаулардың, қайталаулардың, көркемдік тәсілдердің бастау алар арнасыежелгі таным-түсініктермен тамырласып жататындығын танытуға тырыстық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Матыжанов К.И. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332б.
2. Қасқабасов С. Нарық және мәдениет // Ой-сана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. –185 б
3. Ибраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1991. –385 б.
4. Саттаров Қ. Рухани мұра: Сыңсу мен қыз мұңы. – Шымкент, 2006. – 76 б
5. Султангареева Р.С. Об особенностях жанра сенляу // Башкирский фольклор: Исследования последних лет / Под редакцией Барага Л.Г. и Зарипова Н.Т. – Уфа, 1986. –241съ Бахул Абулла. Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. Баку: Элим, 1990. – 216 с.
6. Дьяконова В.П. Погребальный обряд тувинцев как историко-этнографический источник. – Ленинград: Наука, 1975. – 162 с.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 557 б.
8. Веселовский, А.Н. Историческая поэтика / А.Н. Веселовский ; ред., вступ. ст. и примеч. В.М. Жирмунского. - Л. : Художеств. лит., 1940. – 64 с.
9. Еремина В.И. Поэтический строй русской народной лирики. – Л.: Наука, Ленинградское отделение. 1978. –184 с.

Мұхан А.

Поэтика свадебного- обрядового фольклора

Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,
г. Актобе, Казахстан

В статье представлены особенности поэтического языка казахских свадебных обычаев. В семейном национальном фольклоре семантический характер песен, исполняемых во время ритуалов и обрядов, многообразен. Поэтому в статье на примере конкретных текстов анализируется значение сравнений, метафор, повторов и других изобразительных приемов во время проведения церемонии беташар(снятия покрывала с лица невесты). Отмечено, что особенности языка обрядовых песен, исполняемых во время проводов невесты и приема невесты в ауле жениха, тесно связаны с образом жизни и хозяйственной деятельностью народа, а также с древними воззрениями. В поэтике свадебной традиции наблюдаются параллели с некоторыми аспектами деторождения и траурными ритуалами. Доказано сходство этих свадебных обычаев с самыми древними традициями.

A.G.Muhan

The poetic subjekt of the wedding ritual folkloresAktobe regional state University named after Zhubanova K.,
Aktobe, Kazakhstan

The article considers a poetic structure in Kazakh wedding traditions. Semantic characters are common in the family traditions of folk songs and poetry. Therefore, the article discusses comparisons and metaphors in the Betashar tradition, repetition, etc. The essence of artistic approaches was analyzed on the basis of specific texts. The concept of the long-standing traditions of the bride and the girl is closely connected with the old traditions and way of life of people, as well as with ancient concepts. The poetry of the wedding tradition has parallels with some aspects of the ritual of parenting and mourning. This has been proven by the similarity of ancient traditions.

ӘОЖ 82-312.7

Ж. Өтеш

докторант, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhibek.otesh@gmail.com.

**Ә. НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАН-ДИАЛОГЫНЫҢ
КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы қарастырылған. Автор бұл шығармасын қазақтың ұлы перзенті, батыр, әрі майдангер-жазушы Б.Момышұлы туралы, оның образын, батырлық тұлғасын ғана емес, сондай-ақ қайраткерлік, адамгершілік әлемін ашуға арналған сәтті шығармалардың бірі болды. Ә.Нұршайықов бұл шығармасын жазудың мақсатын да шығу тарихын да атап өтеді. Жазушы қазақ әдебиетінде документалды прозаның негізін қалап, романның сұхбат ретінде жазып шығуы да қазақ прозасына әкелген жаңалығы болды.

Тірек сөздер: автор, кейіпкер, роман, қазақ әдебиеті, әскери проза, стиль, диалог, сұхбат, батыр Бауыржан, соғыс.

КІРІСПЕ

Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогын жазу арқылы қазақ әдебиетінде деректі прозаның жанрын ілгері дамытты. Кейіпкер образын суреттеп сипаттауда әдеби тәсілдерді тарихи фактілермен сабақтастыра отырып, адам жанының күрделі табиғаты мен болмысын жасап шықты. Аңызға айналған Б.Момышұлының образын ашып, ол туралы шығарма жазу оңайға соқпағаны белгілі. Алайда батыр бейнесін шынайы әрі тарихи айғақтардан ауытқып кетпеу үшін романның сұхбат түрінде шығуы оқушы қауымның да тарапынан жылы қабылданды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдебиет әр заманда адам тағдырының, белгілі бір тарихи дәуірдің жаршысы екені мәлім. Әр жазушының шығармашылық зертханасы тарихи оқиғадан сыр шертері анық. Тек оны жеткізу тәсілі әр қалай. Ал, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы оның жазушылық еңбегінің жаңаша шығармашылық тәсілі болып келді. Қазақ әдебиетінде жаңа жанр қалыптасты десек қателеспейміз. Он бір диалогтан құрылған бұл шығарма, әрине, басты кейіпкердің образын жан-жақты ашуға бағытталған, әрі өте сәтті шыққан еңбек деп бағалаймыз. Себебі бұл шығарманың құндылығы – оның деректілігінде. Бұл қатардағы соғыс ардагерінің жай ғана естелік әңгімелері ғана емес, бұл 207 рет ұрысқа қатысып, жау

қоршауын 5 рет бұзып, атакты «Момышұлы спиралі» тактикасын қалыптастырған, соғыс психологиясын жетік меңгерген батыр Бауыржан Момышұлының отты жылдары өз көзімен көріп-білгені, санасына түйіп, ой елегінен өткізген өмір тәжірибесі. Автор батырдан жазушылыққа қалай бет бұрғандығы жөнінде сұрағанда берген жауабында: «Елге келгеннен кейін екі қолым алдыма сыймады. Аз болсын, көп болсын біраз өмір сүріппін. Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі етіп қалдыруды адамгершілік парызым деп білдім» деп нақтылайды [1,68].

Ә.Нұршайықов бұл шығармасымен қазақ әдебиетінде көркем шығарманың жаңа үлгісін қалыптастырғанын жұртшылық біледі. Өзінің жазушылық әрі журналистік қабілетімен қатар романның шырайын ашып, екеуара сұхбат жүргізу арқылы шығарманың өн бойында диалогтармен басты кейіпкердің тұлғасын сомдап шықты.

Диалог компонент ретінде ауызекі сөйлеу қызметінің типтік саласы болып танылып қана қоймай, тіл дамуының негізгі формасы ретінде қызығушылық танытып келе жатқан категория. Адам мен адамның коммуникативті байланыс орнату құралы және сөйлеудің өзара қарым-қатынасын жасаудың ерекше конфигурациясы. Ол тіл білімі ғылымындағы диалог және оның құрылымы, ерекшеліктері, айтушы мен тыңдаушы, екі арадағы қарым-қатынас жағдайы, мақсаты, коммуникацияның лингвистикалық аспектілері, тілдесудің тәсілі мен орны, лингвистикалық зерттеулердегі көркем мәтіннің ажырамас компоненті ретінде қарастырылып келеді. Ал әдебиеттану ғылымындағы диалогтың коммуникативті жағдайы өзгерірек болып келеді, мұндағы үлес салмағы автордың өзіне тиесілі. Яғни автордың баяндауы, кейіпкерлердің вербалды, бейвербалды сипаттамалары (олардың ойлары, ішкі сезімдері, мимика мен қимыл-қозғалыс, сырт келбеті және т.б.).

Диалог құру тәсілі кейіпкер характерін, оның болмысын ашатын ұтымды тәсіл екені белгілі. Кейіпкер өз ойын білдіру арқылы не болмаса белгілі бір жағдайға байланысты айтылған пікірі кейіпкер образын, оның ішкі әлемін тануға көмектеседі. Автор өз кейіпкерімен сұхбаттасу барысында тек бір тақырыпта ғана әңгіме қозғаған жоқ, бұл шығарма батырдың көзі тірісінде жазылғандықтан, өмірдің барлық саласын қозғағанын көреміз. Яғни Б.Момышұлының бар болмысын, образын шынайы түрде ашу үшін оның мінез-құлқын дәл өмірдегідей етіп беру мақсаты тұрды. Көркем мәтінде автор әдеби кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу акті мен сол кездегі характерлерін көрсетіп сипаттама бере алады.

Бір кейіпкердің бар ғұмырын суреттеп жазуға бағытталған бұл шығармада диалогтың осы қызметі шығарманың өн бойында кездесіп тұруы да заңдылық. Б.Момышұлының шығармашылық, батырлық, қайраткерлік тұлғасының жан-жақты ашылуында өзара әңгімелесудің маңызы артып отыр. Мәселен, өз сала маманы бола тұра, алайда тиісті жөн-жосығымен дұрыс сұрақ қоя алмай, қояр сұрағының өзінен ауытқып, өз кәсіби құзыретін таныта алмаған тілшіні «тіленші» деп сипаттап, «құйрығы шошаңдап бұтақтан бұтаққа секірген сауысқан сияқты», яғни сұхбаттасар адаммен дұрыс сөйлей алмаған тілшіні ащы сынға алады [1,90]. Немесе автордың қарапайым сұрақтарының біріне жауап берген батыр: ... (Ыңылдап отырып, өлеңмен жауап берді). Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен. (Сәл ойланып алды.) Менде де ой бар, сезім бар жан тербеткен. Жүрегім менің қиыршық тас емес қой. Қайғыларым бар, қуаныштарым бар мені де еңіреткен [1,92]. Бұл мысалдардан байқайтынымыз, диалогтың компонент ретінде арқалаған жүгі мол. Кейіпкердің шынайы ойы, оның ішкі әлеміндегі болып жатқан сан алуан құбылыстар, сезім иірімдері кейіпкер характерін ашуға мүмкіндік береді. Мұндай мысалдардан түйетініміз, көркем шығармада осындай детальдардың айтары мол, өмір шындығын танытуда қызметі ұшан-теңіз. Дәл осы роман-диалогта қолданылған диалог тәсілі кәдімгі екеуара қысқа формада құрылған әңгімелесудің қысқаша түрі емес. Мұндағы диалог шығармадағы күрделі әрі маңызды қызмет атқарып тұрған тәсіл болумен қатар, жазушының да авторлық қолтаңбасын танытып тұрған айқындаушы компонент.

Демек, диалог компонент ретінде романның стилдік ерекшелігін анықтап қана қоймай, жазушының да көркемдік-стильдік ізденістерін танытып отыр. Жазушы қаламынан туындаған бұл шығарма оның ерекше суреткерлік сипатын, стильдік дара өрнектерін айғақтайды.

Кез келген көркем шығарма стилі ондағы көркемдеуші құралдардың қолданылу ерекшеліктерімен айқындалады. Бұл тақырып төңірегінде әр қилы теориялар, тұжырымдар бар екендігі де белгілі.

Профессор Қ.Жұмалиев: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығарманың композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттері кіреді. Ең ортақ мәселе – идея» [2,307].

Профессор Т.Есембеков: «Жазушының немесе бір шығарманың жеке стилін қарастыру оның лексикасын (теңеу, эпитет, айшықтау т.б.) синтаксистік құрамын ғана емес, сонымен қатар көркем мәтіннің ырғағын, композициялық ерекшеліктерін, образдар әлемінің қырсырын, психологиялық табиғатын талдау деген сөз. Түйіндеп айтқанда, стиль – сөз өнерінің туындысын біріктіріп, тұтастырып тұратын элементтердің жүйесі. Бірақ стильге тек «көркемдік әдіс-амалдардың жиынтығы» немесе шығарманың «сыртқы формасы» деп қарау аздық [3, 147].

Аталған екі пікірде де стильдің компоненттері де, элементтері де қарастырылған. Қалай болғанда да шығарманың жазылу стиліне талдау жасау үшін осы пікірлерге сүйене отырып жұмыс жасау тиімдірек болар.

Ә.Нұршайықов елге қайтқан майдан ардагерлері секілді естелік жазуды қолға алып, қалың жұртқа тек журналист қана емес, жазушы-журналист болып танылып үлгерді. Осы тұрғыдан алғанда, оның «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін ашу мақсаты тұр.

Роман-диалогтың негізгі көріністері кейіпкердің жұмыс кабинетінде өрбиді. Бірқалыпты ортада өткендіктен, автор мен кейіпкер арасындағы мұндай бейресми сипаттағы шығармашылық байланыс шығармаға қосымша көркем мән үстегендей. Айтарлықтай елеулі оқиғалар болмағанымен, сюжеті диалогтар арқылы өрбиді және деректі, бейресми сипатта өтеді. Автордың өзі де «Ақиқат пен аңызды ұштастырған бұл адам жайында не жазамын, қалай жазамын деп толғандым. Ақыры Бауыржан туралы мақала да, очерк те жазудың қажеті жоқ, одан оқушы қауымға қызықты бірнеше сұраққа жауап алып, әңгіме-интервью тәрізді нәрсе жазамын деген тоқтамға келгемін» деп өзінің жазу стилін айқындап, екіншіден шығарманың жазылу тарихынан мағлұмат береді [1, 27].

Әрине, бұл бір кейіпкердің төңірегінде сөз болған шығарма болғандықтан, кітаптың алғашқы беттерінен-ақ жанама сипаттаулар көріне бастады. «Бауыржан отставкаға шығыпты», «Бауыржан пәленшеге былай депті», «Бауыржан өйтіп қойыпты, бүйтіп қойыпты», «Көңілі түспесе ұрсып тастайды, сөйлеспей қояды», «Мені Бауыржанға жұмсағанша, тордағы арыстанның жалынан бір сипап қайт деп бұйырыңыз» деген сипаттаулар жазушының мұратынан туындаған, яғни ел аузындағы аңыздар мотивін қолдану арқылы көркемдік мән үстеудің ұтымды амалы болып табылады. Немесе «Фамилиясы жоқ адам», «...Оның ерлігіне, батылдығына, тапқырлығына, сонымен бірге адамгершілік асыл қасиеттеріне сүйсіндік», «...Қылышын жарқ еткізіп қынабынан суырып салып, жазушыға серт қойған сәті әрқашанда жадымызда жүрді», «Командирлеріміз Бауыржандай қатаң, қаһарман болуға тырысты», «Біз, солдаттар, Бауыржандай батыр, батыл болуға ұмтылдык», «Бәріміз де Момышұлын бір көрсек, тілдесек-ау деп арман еттік» деген сапалық белгілер одан әрі кейіпкер образын ашуға талпыныс беретін бірден-бір портреттік детальдар болып табылады.

Шығарманың алғашқы беттерінен-ақ батыр образын суреттей келе, сырт келбетіне де тоқталып, «кісіге тайсалмай тіке қарайтын, қарағанда жанарынан ұсақ-ұсақ ине шашырап жатқандай боп көрінетін сәл қысықтау көзін, қара жартастай қасқиып тік жатқан маңдайды шималаған жол-жол әжімдерін әлде бір шебер қол гранитке айқындай қашап, айнытпай түсірген аса бір сұсты, сол сұстылығымен тартымды көрінетін тас мүсінге ұқсап кетті» деп

батырды көргендегі алғашқы әсерімен бөліседі. Жазушының шығарма бастаудағы қолға алған тәсілдерінің бірі осы суреттеу тәсілдері болды.

«Адам ажарының жеке белгілеріне ғана тоқталу – әңгіменің, суреттің ағысын бұзбайтын, баяндау табиғатына жарасымды амал» [4,86], – дейді Р. Бердібаев. Осылайша баяндау арқылы портреттік сипаттамалар әдеби бейнені нақтылай түседі. «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында кездесетін ондай сипаттаулардың кейбіреуі тек сыртқы келбетті толықтырып келеді, ал кейбіреуі кейіпкердің ішкі жан дүниесін, психологиялық жай-күйінен хабар береді. Ал кейбіреуі автордың түпкі идеясымен үндесіп, мақсатын айқындайтын маңызды компонент болып табылады.

Жазушы стилінің танытушы бірде-бір амалы осылар болды десек қателеспейміз. Себебі «Стиль – шын талант, ұлы ақын-жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез келген ақын-жазушылардан стиль іздеу – бекершілік. Өйткені, барлық өлең қиыстырушыларды ақын, сөз жасай білушілерді жазушы десек, қателескен болар едік. Дарын жоқ та – стиль жоқ. Бұл екеуі – сабақтас. Оқырмандарының ойына азық, жанына сусын бермейтін шығармалар жазып та жазушы атану мүмкін. Бірақ ондайлардың өзіне тән стилі болады деу – қате. Олардың бірінің шығармалары егіз қозыдай екіншілеріне ұқсас келеді. Жаман шығарманы жағымпаз сыншы жандайшап әдебиетшілер қанша мақтаса да жандандыра алмайды. Барлық сыншылардың ішінде ең ұлы да данышпан, ең қателеспейтін сыншы – мезгіл» - деп, белгілі ғалым Қ.Жұмалиев тұжырым жасайды [5, 23-24].

«Ақиқат пен аңыздағы» портреттік суреттемелерді талдау барысында Ә.Нұршайықов аты әлемге әйгілі Б.Момышұлына тән портреттік мінездемелерді суреттей отырып және оларды дамыту арқылы өз кейіпкерінің толық образын, қаһармандық бейненің үлгісін жасап шықты. Қалың оқырман қауымға батырдың белгісіз қырлары, өмір жолы «Ұшқан ұя» мен «Москва үшін шайқас» шығармаларымен ғана шектеліп, ендігі кезекте Б.Момышұлы кім, оның соғыстан кейінгі өмірі қалай жалғасты деген сауалдар төңірегінде болғандықтан, жазушы тақырып таңдаудан жаңылмады. Әрі жазу стилін ерекше таңдап, қазақ әдебиетінде документалды проза жанрын дамытты десек асыра айтқандық болмас. Автордың өзі де: «...Сіз маған шәкірт шағыңыздан комбат болғанға дейінгі өміріңізді, Бекке айтқандай етіп, баяндап берсеңіз. Мен содан очерк жазсам» дегеніне қарағанда, автор өз мақсатына жетті. Жазушы өз шығармасында батыр Бауыржан, жазушы-мемуарист Бауыржан, феномен Бауыржан образдарын хронологиялық ретімен жасап шыққандай. Кейіпкер өмірінің алуан асулары мен белестері арқылы көрініс тапқан образды ашатын портреттік сипаттамалар баяндау барысында біртіндеп тұтасады. Автор жасаған бейне динамикасы шарықтай бастайды.

Шығармада автор мен кейіпкердің тілдесу барысындағы диалогтардың құрылу ерекшеліктері де көзге түспей қоймайды. Дәлірек айтқанда, шығармада мақал-мәтелдердің орны бөлек. Ауыз әдебиетінің ең көп тараған әрі өміршең жанрының бірі осы – мақал-мәтел. Ұмыт қалған салт-дәстүрлер, көнерген наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар, үлкенді-кішілі оқиғалар, бір ауыл-аймақ немесе бір отбасы айналасындағы ұмытылмас жағдай, бүкіл психология мен әлеуметтік өмір, әр түрлі ұлт пен ұлыстар ғұмырындағы сақталған тарихы – осының бәрі мақал-мәтелдерден көрініс тапқан.

«Жақсы командир жауынгерін зор етеді, жаман командир офицерін қор етеді», «Жас адамға жүрек – би», «Жақсы бастық – жарты бақыт», «Ойлы бастық ұқыпты қызметкерді адам етеді, ойсыз бастық оқып келген маманды надан етеді», «Ұлыны ұлы ұғады, дананы данышпан ғана түсінеді», «Арыстан боп қимылсыз жатқаннан, тышқан боп жорғалап жүрген артық». Терең мағыналы, ұғынықты, әрі белгілі бір оқиғаға байланысты туған мұндай мақал-мәтелдер кез келген шығарманың көркемдік деңгейін де жоғары етеді. Ауыспалы мағынасында да тура мағынасында қолданыс тапқан мұндай ықшамды ойдың келтірілуі өзінің тәрбиелік мәнімен де ерекше. Батырдың өзі де мақал-мәтелдің өмір тәжірибесінен туындаған, қиналған, қысылған сәттерде, әсіресе қол астында мыңдаған жауынгердің тағдыры өз қолында тұрғанда осындай тұжырымды, қысқа бейнелі нақылдар қажеттілігін

атап өтеді [1,68]. Шығармада автордың сұрауы бойынша Б.Момышұлы «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» атты мақалдың шығу тарихына да тоқталып кетіп, генерал Панфиловтың қайтыс болғанынан кейін дивизияға тағайындалған жаңа командирдің зардабынан бүкіл әскери құрамның берекесі қашқанын осы бір нақыл сөзімен ой тұжырымдағаны бар. Батырдың аз сөзбен көп мағына сыйғызу да өмір тәжірибесінен туындаса керек. Және бұл жалғыз мысал ғана емес. Роман-диалогтың өн бойынан осындай мысалдар көптеп кездеседі. Ендеше жазушы тарапынан өз шығармасында кейіпкердің атынан айтылған мақал-мәтелдер қолданысы да көркем шығармаға қосымша шырай беріп, романның көркемдік-стильдік ерекшелігін арттырып тұр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Майдангер-жазушы Ә.Нұршайықов – күрделі тақырыпты игерген, адамгершілік мұраттарын жырлаған, Ұлы Отан соғысының батырларын, олардың ерліктерін қалың көпшілікке үлгі ете білді. Қазақ халқының перзенті Б.Момышұлының белгісіз қырларын танытуға, оның образын ашу үшін журналистік ізденіс танытып, тарихи құжаттардағы деректерді қолдана отырып, жан-жақты суреттеп шықты. «Ақиқат пен аңыз» өзінің шыншылдығымен, деректілігімен құнды. Бұл роман-диалог қазақ әскери прозасының ілгерілеп дамуына өз үлесін қосқан тың туынды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. – Алматы: Жазушы, 1976. – 384 б.
- 2 Ақшолоақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. Алматы: Ғылым, 2001. – 338 б.
- 3 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
- 4 Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: 1979. – 240 б.
- 5 Жұмалиев К. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 229 б.

Ж. Отеш

Художественно-стилистические особенности роман-диалога «Истина и легенда»

А. Нуршаихова

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауезова,
г.Алматы, Республика Казахстан

В данной статье рассматривается роман-диалог «Истина и легенда» А.Нуршаихова. Автор посвятил это произведение одному из великих сыновей казахского народа, герою и фронтовику-писателю Б.Момышұлы. Это одно из удачных произведений, где раскрывается героический и нравственный мир героя. А.Нуршаихов описал также цель и историю создания данного произведения. Писатель, сам того не подозревая создал жанр документальной прозы и нововведением было то, что написанный им роман в виде интервью вынес казахскую прозу на новый уровень повествования.

Zh. Otesh

Artistic and stylistic features of the novel-dialogue «Truth and legend» by

A. Nurshaikhov

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov,
Almaty c., Republic of Kazakhstan

This article discusses the novel-dialogue «Truth and legend» by A.Nurshaikhov. The author dedicated this work to one of the great sons of the Kazakh people, the hero and front-line writer B.Momyshuly. This is one of the successful works, which reveals the heroic and moral world of the hero. A.Nurshaikhov also described the purpose and history of the creation of this work. The writer, without suspecting it, created the genre of documentary prose, and the innovation was that the novel he wrote in the form of an interview brought Kazakh prose to a new level of narration.

FTAMP 17.82.30

А. Сәркенқызы¹, Ж. Т. Қадыров², С.И. Егорова³

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, капитан. Қазақстан, Петропавл қ.

²ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Қазақстан, Петропавл қ., e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

³ф.ғ.к., доцент, М.К.Аммосов атындағы Солтүстік-Шығыс федералды университеті, Ресей, Якутск қ. sargi@mail.ru

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОККАЗИОНАЛИЗМДЕР

Мақалада С.Мұқановтың авторлық қолданыстары, яғни окказионализмдер зерттелген. Бұл тіркестер контекст қалауына қарай стилистикалық нормаға сай келетіндігі сараланған. Сонымен қатар, әдеби тіл нормалары сақталғаны зерделенген.

Кілтті сөздер: көркем әдебиет, фразеологизмдер, авторлық фразеологизмдер, контекст, стиль, окказионализмдер, эмоционалдық әсер, қаламгер, авторлық қолданыс.

КІРІСПЕ

Тілдің өмір сүру, даму тарихында сөздік құрамда бар кей сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, не мағыналарының көбеюі мен тарылуы, бірқатарының қолданыстан шығып қалуы немесе жақын мағыналарының бір-бірінен алшақтауы, біралуан сөздің жаңа мағынаға ие болуы, жасалуы, өзге тілдерден енуі сияқты сан алуан өзгерістердің болып отыратыны – ақиқат шындық.

Көркем әдебиетте сөздер нақтылы тура мағынада емес, ауыс мағынада, астарлы түрде қолданылады. Сондықтан көркем әдебиет тілі – бейнелі, мәнерлі болып келеді. Ақын-жазушылардың шығармаларындағы сөз қолдану шеберлігін сараптау – қазіргі тіл білімінің басты мәселелерінің бірі. «Көркем әдебиет стилистикасы – негізінен сөз қолданыс шеберлігін, сөз эстетикасын, сөздердің контекстегі «қылығын» зерттейтін ғылым саласы. Сондықтан функционалдык стильдер мәселелерін сөз ететін ғылым саласы – стилистика ұлттық тіл мәдениеті негізін қалайды» - деген тұжырым негізінде тіл білімінің маңызды саласын сөз еткен Р.Сыздық зерттеулеріне зер салсақ, тіл мен мәдениет ұғымдарының бірлігі арқылы сұрыпталатын тілдік проблема көлемінде тілшінің «адамдардың тілді дұрыс қолдануын» қадағалайтын нормалар мен қағидаларға тоқталуы заңды деп есептейміз [1, 175]. Ойын нақтылау мақсатында тілші «...бұған білдірмек ойға сөздерді сай етіп дұрыс, дәл тандай білу, ой мен сөздің құр дәлдігін табу емес, сонымен қатар сөздердің тыңдаушыға әсер ететіндей орынды, көркем варианттарын тауып қолдану жатады» деген пікір айтады. Кейінірек ғалым тіл мәдениетінің жаңа белесін өзектейді, ол «...тіл құралдарын эстетикалық қызметте жұмсау принциптерін айқындау» қажеттілігіне саяды. Сөйтіп, көркем шығармалар тілін зерттеудің тың принциптерін ұсына келе, Р.Сыздыкова стилистика мен сөз мәдениетін әр кезде байланыстырып отыру қажеттігін ескертеді. «...өйткені тіл элементтерінің көркем сөзде дұрыс не бұрыс қолдануын анықтау үшін, әуелі сол элементтің қай орында, қандай мақсатта жұмсалып тұрғанын, яғни стильдік жүгінің бар-жоғын білу керек. Сөйтіп, стилистиканың мақсаты тіл мәдениеті міндеттерімен ұштасады» – деп қорытындылайды ойын зерттеуші [2, 178]. Осыған сәйкес тілші жазушы қауымның ұлттық әдеби тілдің қалыптасуына тигізер әсерін нақтылай отырып, олардың “сөз мәдениетінің” дамуына қосар өзіндік үлесін талдап көрсетеді. Сөздің қолданылу аясын, атқарар қызметін, барша мүмкіндігін дәйектеу мақсатында ғалым перифраз, поэтизм, окказионализм, символ, парцелляция сынды ұғымдардың ерекшеліктеріне зер салады.

Шығарма авторы белгілі бір ұлт өкілі ретінде халықтың ғасырлар бойы ұлттың санасына жинақталған, сақталған тұрақты тіркестерді еркін игереді. Сол еркін игерілген дүниеден жазушының жеке тұлғасының дүниетанымына, психологиялық санасына сай, тілдегі сөздерді ойната отыру мәнеріне сай, өзіндік қалыптастырған стиліне сай авторлық фразеологизмдер туады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Стилистикалық тұрғыдан қарағанда авторлық фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі, тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады. Сол себепті де Р.Сыздықова: «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) түгендеу емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды тану керек», - дейді [3, 5].

Тіл білімінде жеке авторлық қолданыстағы сөздерді *окказионализмдер* деп атайды. Осы жайында Х.Нұрмұханов былай дейді: «Окказионалды сөздер деп не жасалу жолдары дағдылы көрінбей (жылмық – жылмая, өрлеу - өргү), не мағыналары айқын болмай (тәуелеу, жеңкею, жұбап), не тіл практикасына келісімді келмей (шаруакеш), қысқасы аса табиғилық таныта қоймай тұратын авторлық қолданымдарды айту және бұларды потенциалды сөздермен шатастырмау дұрыс сияқты.

Ал стильдік жағынан алғанда, әрине, окказионалды сөздердің де, потенциалды сияқты, өзіндік жаңалығы, тұрған контекстіне жарасымы арқылы экспрессивті қызмет атқаратын қолданымдар екені сөзсіз. Алайда сөзді түрлендіріп қолдануда оның табиғи тұлғасына кейде азды-көпті қиянат та жасайтын сияқты» [4, 71]. Ал окказионализм сөздерге Л. Еспекова мынадай сипаттама береді: «Окказионализмдер дегеніміз – белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер», – дейді [5, 10]. Окказионализмдер – әдеби тілде өзіндік мәні бар, нормаланбаған сөздер. Бірақ стилистикалық бояуы бар болғандықтан, стилистикалық нормаға сай қолданылатындығы зерттеулерден айқын көрінеді [6, 9].

Зерттеуші Г.Мұратова окказионал сөз статусы төмендегідей мәселелерді анықтағанда толыққанды, өз мән-мазмұнында ашылады деген пікірде:

- окказионал сөз табиғатын қалыптағы (узуаль) сөздермен салыстыра отырып, анықтау барысында;

- окказионал сөз категориясына тән өзіндік айрым-белгілерді ажыратуда;

- жеке авторлық стильдегі жаңа қолданым ретінде пайда болу себебін көрсетуде;

- окказионал сөздің әдеби тіл нормасына қатысын анықтауда;

- окказионал сөз жасалуының қазақ тіліндегі мағыналық-құрылымдық сипатын айқындауда [7, 12].

Сонымен қатар, зерттеуші окказионал сөздердің ерекшелігін атап көрсетеді:

1. Бұл категорияның басты белгісі бірқолданымдығы мен біртуымдылығы. Бірқолданар сөздер сөйлеу үстінде пайда болып, бір мезеттік ғұмыр кешеді, қайта жаңғыртыла қолданылмайды;

2. Ерекше бір белгісі контекспен тығыз бірлікте болуы;

3. Окказионал сөздің негізгі қызмет орны әдеби нормаланбаған тіл емес, жеке авторлық қолданыс;

4. Окказионал сөздер әдеби тіл шеңберінен тыс жатса да, әдеби тіл жүйесінің сөзжасам процесін басшылыққа алады, узуаль сөздер үлгісімен жасалады;

5. Шартты түрде олар сөйлем құрамын толықтыруға септігін тигізеді [7, 99].

С. Мұқанов шығармаларында тек қаламгерге тән, фразеологиялық сөздікке енбеген, автордың жеке тұрақты тіркестері, окказионал сөздер кездеседі. Бұл тіркестер контекст қалауына қарай қызмет атқарып, стилистикалық нормаға сай келеді. Сонымен қатар, әдеби тіл нормалары сақталған.

1. Автор жалпыхалықтық формадағы тұрақты тіркестерді өңдеп, өзгертіп қолданады, қосымша мағына үстейді. Мысалы, Егер ол жалғыз көлігін арықтатып, жүргізбей тастаса, оның арты күн көріске кеп соқпақ, *күрмеуге келмейтін қысқа жібін артық қысқартпақ* [8, 12].

Әкесі мен шешесі Нұрмағанбеттің бұл тілін алды да, *қолдарынан келген қайраттарын* үй тұрмысын түзеуге жұмсады; сырттан табыс кіру, үй ішінен бүтінші табылу, Баймырзаның бұрынғы іші де, сырты да сиықсыз үйіне ажар беріп, жыл өткен сайын жақсы үйлердің қатарына жақындай түсті [9, 106]. Мұнымыз той тарқардағы аударыспақ сияқты ойынымыз емес пе? – деді Шолақ, – айтыңдаршы, қайсыңның *тұщы етіне ащы таяқ тигіздім?* [9, 146]. «Бұл бір жұтпас – деп қорқады Біржан Балуаннан, – егер жұтса, түйені түгімен, биені жүгімен дегендей мол қылғыр!... Бұның *аузына ілеккенді суырып алу да қиын болар!*» [9, 171].

Не ғажабы барын білмейді, қанша сұқтанғанмен, батып сөз айта алмады, бойынан сығымдап, әкелген *намыс пен ашу не тіліне не білегіне орала алмады* [9, 180].

Бұл қаланың ұлықтарының *беті* оған *жаман* [9, 228].

Ойы құрғыр: Сұлуға, Ермекке де, *Жүрекке кеп қадалған қара сүлік* [9, 61].

2. Авторлық, өзіндік тіркестер жасайды: Бұрын өлім көрмегенмен Ботагөзге Айбала күн сайын *көр аузына бір адым жақындаған сияқтанады*. Күн сайын еті қашып, күн сайын жөтелі күшейіп барады. Қазір міндеті кісінде [8, 232].

Жүйрік көңілді – жаман ат тұсады! Атсыз кісі – қанатсыз құс екен. Реніші бүгін түнде Балуанның құшағында өткізбек еді, күйеуі ол үмітін кесті; қуанышы бүгінгі күнге дейін *адал келген неке суына бүгін арам тамшы қосу*, су орнына у ішердей жүрегін лоблыта бастаған ол қиналудан күйеуі құтқарғандай болды [8, 170].

Адал некемізге арам жұқтырмауға мен уәде берейін [8, 170].

«Ақша аласыз ба?» деген сөзді айта алмай, Асқар киініп есікке бара берді де, *ұятын қайратына жеңдіріп алса*, алмаса да бетін ашып кетейін деп ойлап, солғын қоштасып отырып қалған Құзғынбаевқа тағы келді [8, 172].

Қылғынып өкпесі аузына тығылған Қожантайдың көзінен жас ыршып кетті; жалбарынайын деп еді, *арам сөзге адал уыс* жол берген жоқ [8, 320].

Бұл арада бала мені аяудың орнына, *ұзыннан өші, қысқадан кегі* бардай: «оқасы жоқ, тірі болсаң, етік табылмас деймісін», - деп мазақтап, қарқылдайды да күледі [10, 183].

Ағайынды Кургановтар да сөйтті: Антон әкесі ауруға шалдығып, табыстан қалған соң-ақ, өз селосының байларына *жалшылыққа тұрды*, Андрей ол *қамытты әкесі өлгеннен кейін киді* [9, 109].

Солардың ішінен Кузнецов Асқармен тез танысады. Бірақ Путилов заводында да: «оқушымыз қаражат жоқ болған соң жұмысқа түстік» дейтіндердің арасынан провокатор шығып, одан Кузнецовтың аузы күйгендіктен, ол Асқарға тым құшақ ашпады, оны алыстан торлап, *сырын шыжымдап тартты* [8, 25].

«Жұрт қан жылағанда біз қуанғанмен не болады?» деп ренжіген бір-саран ел қамын қайғыратындар болмаса, *көпшіліктің ширатылған жібi босады, шiдер үзгендей асаусыған мiнезiн баяулатты* [8, 263].

Елге істеген қиянаттарын айтып талай арыздар жауғанмен, іс зорайып басталғанмен, губернаторға барғансын *аяғы жіңішкеріп, сұйылып кете береді* [8, 39].

Өмірінде көрмеген *босағасына биыл торсық кірді*, қалай ішсе де жетіп жатыр [10, 84].

Өзің не айтқалы отырсың?-деді Қалампыр кейіп,- соныңды айтсайшы, былай да асқынған *кедейліктің жарасына шыбынды үймелете түспей* [9, 100].

Авторлық тұрақты тіркестер ішінде бір-біріне қатысы жоқ сөздерді автор қиюластырып, өзіндік қолтаңбасын ұсынады. Деректі ұғыммен дерексіз ұғымды қатар қолданып, өзіндік тіркес жасайды.

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалған окказионалдар: Балуанға скрипка мен сырнайдың емес, жүрегiнiң қылы күйге толғандай боп, тұла бойы шымыр-шымыр етті [9, 243].

Осы өсектің қайсысына нанарын білмеген Ғалия не істеудің қыбын таба алмай, қайғының қара теңізіне бата берді [9, 222].

Бүркітбайдың жүрегін басқан өтіріктің шаңы, Асқардың бетіне қонғандай, ол оны аяп, шынын айтуға бір ойлап тұрды да, артын ойлап Итбайдан бата алмады [8, 224].

Ботагөз түрегелгенде, Көпен оның қабағын көтертпейтін қайғының зілді қара тасы домалап жерге түскендей, қалпына келгендей болды [8, 348].

Туралған етті кеңеспен жеп отырған Амантайдың көзінің құйрығы Ботагөзге түсіп еді [8, 128].

Жарылғалы тұрған жарадай жұрттың қайғысының аузын Нұрмағамбеттің жылауы тырнап ашқандай болды [9, 86].

Бұл ойдан кейін оның басындағы өрті лаулап, есінен тіпті тандырып жіберді [9, 100].

Өзің не айтқалы отырсың? Деді Қалампыр кейіп, соныңды айтсайшы, былай да асқынған кедейліктің жарасына шыбынды үймелете түспей [9, 100].

Осы ойдың тұғырына талтынған көңілдің құсын байлай қондырып, іштен сабырсызданған Ғалия «келе жатыр ма» деп, үйінен әлсін-әлсін шығып қарай беретін болды [9, 165].

Ішкі ойы алыс жатқанмен, Ғалия Қордабайдың жігітшілік әзіл-оспағына қызығып, қалжыңның ұзын арқан, кең тұсауынан босатпайтын [9, 179].

Қызды шекпеніне бөлей құшағына ап, төсекке өзі киімшең қисайған Балуанның жан-жағынан нәпсінің аңдары арсылдай ұмтылғанмен, берік және батыр жүрек сертінен жаңылмады [9, 214].

Тағдырдың ноқтасына басын ұсынған Балуан Шолақ аз жасында көрген өзге зорлық-зомбылығын ұмытуға тырысты және ұмытты да, бірақ өзгені ұмытқанмен, оның жүрегiнен жабысып айрылмайтын бір гана дерт бар. Балуанның бұл шарттарға көнбей, бұлтақтағысы келмегенмен, Ғалияның жан сырынан көзіне көрсете тоқыған дәлел торы бүлк еткізбеді, Балуан жүрегi сыздай отыра көнді [9, 277].

Уголовная розыскадан жоғалған заттар туралы хабар келген соң, Итбайға «барайын ба, бармайын ба?» деген оймен Асқар аз отырды да, табылған затқа қуана қоймағанмен, Итбаймен араздық тоңын жұқартпақ боп, дыбыссыз Итбайға барды [8, 194].

Біраздан кейін Итбайдың ашу бұлты тарап, ақылы сабасына құйыла бастады [8, 120].

Оның үнемі түюлі жүретін қалын қабағы зілдің бұлтындай бір ашылмайды [10, 45].

Бір тілегімді бер, осыдан кейін дүниенің бар азабы үстіме құлап, көтеру тетігі сенде болса да, «апалап» аузымды ашпауға ант берейін [10, 237].

Ақан өлендерімен қазақ әдебиетіне ауа райын жасаған кісі емес, ал ән жағын алғанда, ол – революциядан бұрынғы қазақ музыкасының ірі классиктерінің бірі [10, 205].

Жоғарыдағы мысалдарда контекстер окказионал үшін мынадай қызмет атқарып тұр:

1. Мағынаны нақтылап тұр;
2. Ең негізгі басты ойды бөліп көрсетіп тұр;
3. Эмоционалды әсері танылып тұр;
4. Контекстік жаңа мағынаны жарыққа шығарып тұр.

Семантикалық тәсілмен жасалған окказионализмдердегі жаңалық – сөздің сыртқы формасында емес, ішкі мазмұнында. Семантикалық окказионализм – байырғы сөздердің өзінің нақты сыртқы формасын сақтай отырып, ішкі мазмұнын өзгертеді немесе семантикалық реңк беру қызметін атқаратыны белгілі.

С. Мұқанов тілдік-стильдік құралдарды тандап, екшеп, түрлендіріп қолдануда шеберлік танытады. Бұл тіркестердің мағынасы фразеологиялық сөздікте көрсетілмеген. Яғни, байқайтынымыз – автордың өзіндік ерекшелігі – бұл авторлық қолданыстағы фразеологизм. Авторлық фразеологизмдердің тууын және уақыт өте келе афоризмдерге айналуын проза тілінен айқын байқаймыз. Стилистикалық тұрғыдан қарағанда авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі: тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады.

Сонымен, шығармаларда окказионализмдер ойды жан-жақты мәнерлі, көркем түрде жеткізу үшін қолданылады. Олар автордың жеке дара стилін, ерекшелігін танытуда маңызды рөл атқарады. Қаламгер халық тіліндегі тұрақты тіркес қорынан ең қажеттісін таңдай отырып, оларды түрлендіреді, оларға қосымша мағына үстейді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты тұрақты тіркестердің ой арнасына сай болуын ажарлайды да, атқаратын қызметін түрлендіре түседі, бірақ тіл заңдылықтарын бұзбайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 2 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001. – 178 б.
- 3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: 1997. – 241 б.
- 4 Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 288 б.
- 5 Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Филол. ғыл. канд.....авторефераты. – Алматы: 1998. – 25 б.
- 6 Бейсенбай А.Б. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар. Филол. ғыл. канд..... авторефераты. – Астана: 2008. – 28 б.
- 7 Мұратова Г. Көркем әдебиет тіліндегі кездейсоқтық пен қажеттілік. – Алматы, 2002. – 138 б.
- 8 Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: 1967. – 516 б.
- 9 Мұқанов С. Сұлушаш. – Алматы: 2002. – 288 б.
- 10 Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы: 2002. – 464 б.

Саркенқызы А¹., Кадыров Ж.Т², Егорова С.И.³

Окказионализмы в произведениях С. Муканова

¹Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан,
г. Петропавловск, Казахстан

²Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск, Казахстан,

³Северо-Восточный федеральный университет им.М.К. Аммосова, г. Якутск, Россия

В данной статье исследованы авторские применения, т.е. окказионализмы. Изучено соответствие этих выражений стилистическим нормам, в зависимости от контекста. Также показано соблюдение норм литературного языка.

A. Sarkenkyzy¹, Z.T. Kadyrov², S.I. Egorova³

Occasionalisms in the works of S. Mukanov

¹National Guard of the Republic of Kazakhstan,
Petropavlovsk, Kazakhstan

²North-Kazakhstan State University named after M. Kozybayev,
Petropavlovsk, Kazakhstan

³Northeast Federal University named after M.K. Ammosova,
Yakutsk, Russia

This article explores the author's applications, i.e. occasionalisms. The conformity of these expressions with the stylistic norms depending on the context has been studied. Compliance with the standards of the literary language is also shown.

GTAMP 17.82.30

А. Сәркенқызы¹, Ж. Т. Қадыров²

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, капитан, Петропавл қ., Қазақстан

²ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ. Қазақстан, e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада ақын М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасының психологиялық ерекшелігі сараланады. Жазушының адамның нәзік иірімдерін терең психологиялық тұрғыдан суреттеуі зерделенеді. Қазақ әдебиеті психологизміне тың бағыт әкелген туындының көркемдігі сараланады. Әйелдің жан әлемінде болып жатқан қарама-қайшылықты көрсетуге кең өріс ашқаны қарастырылады. Ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып жазылған мақалада М. Жұмабаевтың өзіндік стилі тайға таңба басқандай танылады.

Кілтті сөздер: психологиялық ерекшелік, өзіндік стиль, әйел теңсіздігі, сөз өнері, жаңашылдық, ішкі монолог, кейіпкер, психологизм.

КІРІСПЕ

Көркем әдебиеттің тілі – тіл мәдениетінің, тілдік талғамның ғана тарихы емес, қоғамдық өзгерістердің, әлеуметтік психологияның да тарихы. Өйткені жалпы ұлттық тіл мәдениеті аясында жасалған әр кезең әдебиетінде сол әдебиетті тудырған уақыт ерекшеліктері өзіне тән сөз саптау стилі арқылы таңбаланады. Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы; көркем шығарма өзегі. Жазушы өмірдегі сан-салалы шындықтан ұлттың суреткерлік мақсатына керегін ғана таңдап, шығармасына арқау етеді. Ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды. Демек, әдебиет ұлт мүддесі мен дүниетанымдық кеңістігін танытуда басты қуатты құрал. Рухани даму мен жаңғыру белесінде ұлттың классикалық сөз өнерін насихаттай отырып, жаңа туындылардың болмысын дәстүр мен жаңашылдық негізінде дамытуымыз қажет. Бүгінгі жаһандану кеңістігіндегі өмір талабы осыны қажет етеді.

Кез келген заманда адам бостандығы, азаматтардың құқықтары басты мәселе болып келді. Әсіресе, әйел бостандығы тақырыбы қаламгерлердің басты нысанына айналды. Көркем әдебиетте осы тақырыпқа кең қалам тербелді. Әйел тағдыры, арман-мұраты, мұң мен зары, әйел теңсіздігі мәселесін ақын-жазушылар шығармашылықпен аша білді. Бұл шығармалар қоғамдағы әділетсіздік пен әйел теңсіздігін шынайы бейнелеп, жаңа сипаттағы бейнелер туып қалыптасуына әсер етті.

Қазақ қоғамындағы әйелдер жайлы әлеуметтік мәселесіне арналған шығармаларды сөз еткенде міндетті түрде Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі ойға оралады. Бұл шығарманың жазылу кезеңін, яғни 20-жылдардың күрделілігі т.б. жақтарын ескерсек, бәрінен бұрын, дәуір келбетін, сол тұстағы замана шындығын шыншылдықпен бейнелеген туынды екенін зерттеушілер тілге тиек еткен.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдеби шығармашылығын әр түрлі қоғамдық, педагогикалық қызметпен байланыстыра білген М. Жұмабаев әдебиеттің әр жанрында қалам тартумен бірге, ғылым саласында да зерделі зерттеулер жасаған қаламы қарымды, ойы ұшқыр жазушы болып танылады. Оның қарапайым өмірдің суреті болып қағазға түскен «Шолпанның күнәсі» әңгімесі – ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасына жаңа леп әкелген өміршең дүние екені ақиқат.

М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі идеялық-көркемдік тұрғыдан жан-жақты талданды. Жазушы идеясы сан алуан жолмен көркем образ арқылы іске асады деген белгілі қағида бар. Ең алдымен, кейіпкердің сыртқы пішін-келбетінен бастап, оның көңіл-күйі, жан дүниесі-психологиясын айқын таныту суреткердің шеберлігіне байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі көркемдігі жағынан биік талаптарға жауап бере алатындығы анық.

М. Жұмабаев шығармашылығының зерделі зерттеушісі Ш. Елеуқенов былай деп жазады: «Шолпанның күнәсі» атты әңгіме, сөз жоқ, қазақ прозасының көркем дамуындағы ірі қадам, «Батыр Баян» поэмасын қосқанда, қазақ әдебиеті психологизміне соны дем бітірген шығармалар» [1, 282].

Автор «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде шығармашылық еркіндікке жекелеген әйел образы, оның мінез-құлқын, табиғатын зерттеу, танып-білу арқылы әйелдің адами-пенделік сезім арпалыстарын кеңінен қамти жазу арқылы барды. Әңгімеде бір Шолпанның болмыс-бітімін ашу арқылы жалпы әйел затының жан сезіміне терең шолу бар, сонымен бірге адамның тіршілік иесі ретіндегі жан сырын аршып, сол арқылы барша әйелдің басында кездесетін мінезді, табиғатты зерттеуге ұмтылу бар.

М. Жұмабаев шағын туындыларға көбірек ден қойды. Осы орайда қазақ прозасына тән жанрлық ерекшелік туралы Ахмет Байтұрыновтың айтқан тұжырымы тура келгендей: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәр-бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзін алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды; ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды; ұсақ әңгіме мүше болып оралып келе қоятын аттарша бастайды» [2, 450]. Демек, мәселе мазмұнда. Көлемді шығарманың көтеретін жүгін шағын әңгімеге де артуға болады екен. Осы ойды «Шолпанның күнәсі» әңгімесімен байланыстыра қарағанда, шағын болғанымен, мән-мағынасы, салмақтылығы, айтылар ойдың тереңдігі қысқа әңгіменің өзінде-ақ көрініс таба алатындығын дәлелдей түседі.

Мағжан Жұмабаевтың көркем мінез жасау жүйесінде күрделі психологизм алдыңғы сапқа шығып, көркем зерттеу нысанасына айналған.

М. Жұмабаевтың қандай да шығармасынан болсын жаңашылдық пен өзгешелік көрініп тұрады. Шолпанның өзгеден оқшаулығы – өзінің сүйгеніне, жүрегі қалаған адамға тұрмысқа шыққандығында. Ол кезеңде сүйгеніне тұрмысқа шығу – қазақ қыздарының арасында сирек кездесетін жайт.

Жазушы тіршілік үшін, бала үшін ешбір жолдан тайынбайтын әйел бейнесін сомдаған. Әңгіме соңында автор кейіпкерін азапқа салып өлтіреді. Бірақ өлімнің, трагедияның себебі бар. Профессор Т. Есембеков бұл әңгіме туралы былайша ой толғайды: «Әдеби шығармадағы бас кейіпкердің трагедиялық өлімі – өмірдің баянсыздығының көрсеткіші болса, ал оқиғаның екіұдай ыңғайда аяқталуы – өмірдің, жалпы алғанда, тұрақты дамуына деген имплициттік көзқарастың белгісіндей. Осындай ой түюге негіз бар [3, 185]. Әңгімедегі азапты өлім М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Б. Майлиннің «Ұлтуған» тәрізді классикалық әңгімелерін еске түсіреді.

М. Жұмабаев драматизм элементтерін, трагедияның қалың бояуларын әңгіме соңында қоюландыра түседі. Өмірін өз қажетіне, өз қалауына сай өзгертуге талпынған қазақ әйелі. Ойлағаны, қалағаны болғанымен, бәрібір алдынан қарғыс атқыр «өлім» шығады.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесінің ерекшелігі жөнінде Б. Мамраев былай деп жазады: «... М. Жұмабаев өзіне дейін қазақ прозасында әлі жасалмаған жаңа қадамға – адам

психикасының құпияларына бойлауға батыл көше білді. Мағжан кейіпкерлері өздерінің қымбат та құпия ішкі сезімдерін жария етуден, өздерін сол ешкім түсінбеуі мүмкін-ау деген ойдан еш қорықпайды» [4, 223].

Діни мазмұнды әдеби әңгімелерді типологиялық-эстетикалық тұрғыда зерттеген А. Жақсылықов М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің көптеген прозалық шығармалардан өзгешелігін айта келе, былай дейді: «Шолпанның күнәға бату тарихы – парадигматиканың бір нұсқасы, қылмыс жасау және сол үшін өзін-өзі азаптап, құрбандық ету арқылы мистериалдық іс-әрекет жолымен ақиқатқа бет бұру болып табылады» [5, 310]. Автор әңгіме соңында діни сауатсыз дүмше молданың теріс әрекеттерін сынға алады. Іс-әрекеттің терістігінің нәтижесінде, жүкті әйел тепкіден, суық өтіп үлкен азаппен өледі. Сөйтіп М. Жұмабаев шығармасында соқыр сенім мен шаманизмнің теріс үлгілерін де бір түйреп өткен. Алайда, ол кейіпкерінің маңдайына жазғанды «Тәңірінің» ісі деп қабылдайды. Бастапқыда жаратқан иенің бұйрығына көніп, «пірәдарлық» жолға түскен Шолпан кейін өзгеріп сала берді.

Әдебиеттанушы – ғалым А. Исмақова: «Жазушы өз кейіпкерін ақтап отырған жоқ, бірақ оның білетіні біреу: ешкім адам өмірін қиюға құқылы емес, себебі, өмірді адамдар бермейді, ол жоғарыдан беріледі» деп, Шолпан өлімінің себебіне үңіледі [6, 181]. Әңгіме оқырманға әсер етуі үшін автор дін мен көне наным-сенімді, адам мен «жаратқанды» байланыстырады. Шығарманың мәнін оқырманға нанымды жеткізуде бұл аталған элементтер айрықша композициялық рөл атқарған.

Әдебиеттанушылар еңбектерінде әр қаламгердің өзіндік стилі, стильдің мән-мағынасы туралы түрлі пікірлер айтылған. Түйіндей айтқанда, жазушының шығармашылығында көрінетін негізгі көркемдік ерекшеліктердің сипаты – әр жазушының туындысында байқалады. Стиль туралы белгілі бір өзгермейтін қағида да жоқ. Себебі жазушының өмір тәжірибесі, білімі мен шеберлігі әрқашан да дамып отырады.

М. Жұмабаевтың жазушылық шеберлігі, стилі – әңгімедегі оқиғалардың үйлесімді қиыстырылуынан, бір ғана отбасының құпия тірлігі туралы сыр шертуінен, әйелдің жандүниесіне үңіле білуінен, терең философиялық ой қорытуынан, тілінің шұрайлы да қарапайымдылығынан аңғарылады. Адамның ішкі сезімі оның өлеңдеріндей, әңгімелерінде де негізгі нысан және жер бетіндегі тірліктің басы – адамды түсінуге деген ұмтылыс пен адамтану мәселесі шағын шығармада кең ауқымдағы проблема болып көрінеді.

«Шолпанның күнәсі» сияқты әңгіме жазып, тіл көркемдігімен оқырманын таңғалдырған М. Жұмабаевтың өзіндік стилі тайға таңба басқандай танылады.

Психологиялық талдаудың күшті компоненті – ішкі монолог. Бұл орайда орыс ғалымы Т. Мотылева: «Адам өз сөздерінен гөрі, ойларында әлдеқайда ашық болады. Ішкі монолог он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында ұлы реалистердің адам ойының мәнін ашудағы басты тәсілі болды. Онда сырт көзден бүркемеленіп, ашық айтылмайтын мән-мағына бар» - деген пікірді айтады [7, 179].

М. Жұмабаев та осы ішкі монологты әңгіменің өн бойында ұдайы пайдаланып отырады. Автор Шолпанды көбіне іштей сөйлетеді, ойлантады, күйдіреді, қуантады. Бала болуын алғашында тілемеген Шолпан кейін өзгереді. Өзінің қателескенін сезіп аһ ұрады.

Автор Шолпан бойындағы болашақ өзгерістерді осындай ойлармен байланыстырып алады да, Шолпанның күйеуіне деген сенімсіздігін әңгіме арасында айтып өтеді. Ақыры сол сенімсіздік Шолпан санасына әбден сіңеді. Ол – Сәрсенбайдың бедеулігі. Шолпанды осы күмән сенімге апарады да, ол басқаша әрекет жолын іздейді.

Мағжан Жұмабаев кейіпкері де ешкіммен ақылдаспайды, ешкім оны күнәға батуға итермелемейді. Оның ішкі ойын айналадағы адамдар да сезбейді. Шолпан өзі жоспар құрып, болашақтағы жақсылыққа өзі іштей сүйініп, тезірек Әзімбаймен кездесуді ойлап, түпкі түйінге саналы түрде өзі жүрек қалауымен барады.

Жазушы Шолпанның ішкі толғанысы жөнінде өз көзқарасын былай білдіріп кетеді: «Қара көк барқыт кең көкте ойменен, мұңменен, салмақпен алтын ай жүзіп барады. Не іздейді екен ол? Жарынан айрылған әйел ме екен? Баласынан айрылған ана ма екен? ...

Қыстаудың сыртындағы сулы шіліктегі көлбақалар шулап жатыр. Бақ-бақ-бақ... Не дейді екен олар? Жан керек, жар керек, бала керек дей ме екен?» [8, 103]. Автор табиғаттағы тіршілік атаулыны әйелдің ішкі жан дүниесімен үндестіре суреттеп, психологиялық егіздеу тәсілін сәтті қолданған.

Жазушы адамның ішкі дүниесін табиғат арқылы астарлы сырмен бейнелеуге шебер. Әңгімедегі ай да, көлбақа да, құс та адам секілді толғаныс құшағына енген. Сол табиғаттың әр бөлшегі жазушының бейнені ашу үшін қолданған негізгі құралы болып тұр.

Автор кейіпкер өмірінің бір ғана бөлігін алады да, сол ситуация арқылы бүкіл болмыс-бітімін, жан-дүниесін ашып береді. Оқиға бас аяғы аз ғана уақыт ішінде өрбиді. Ары қарай оқиғаның шешімі ширыға түседі. Шолпанның күнәсі жұртшылыққа біліне бастайды. Сәрсенбай әйелінің бойындағы баланы өзінің баласы еместігін біледі. Яки, Сәрсенбай өзінің бедеулігін бұрыннан-ақ сезген. Мұны Мағжан түсіндіріп жатпайды. Оқырманға бұл астарлы ой түсінікті. Өйткені, Сәрсенбайдың кемшілігі жайындағы ой – Шолпанның ішкі толғанысынан көрінеді.

Профессор Т. Есембеков әңгіме туралы былай деп жазады: «М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі – қазақ прозасындағы көпті көрген ой-сананың өз заманындағы импрессионистік еркін мәнер рәмізі бар дүние екендігінің тағы бір айқын айғағы. Бұл – пендешілік ғұмырдың қос қасиеті, қос сипаты. Бірақ оның ішкі қалтарысында жан-дүниелік, яғни, рухани драма, кек, ажал, күнәһарлық сияқты бүкіл дәстүрлі құбылыстар мен қайшылықтар бар» [9, 270].

Иә, өмірде болатын әр түрлі қарама-қайшы тағдырлар бір ғана әңгімеде көрініс тапқан.

Ғасырға жетер-жетпес тарихы бар қазақ прозасына келсек, сол ғасыр басында-ақ М.Жұмабаев шығармасына өз көркемдік әлемін, өз ой тұғырын, өз келбетін әкелді. Әңгіме адам тағдырының небір сілкіністеріне бағыттайды. Адам ойы, адам сезімі екі жарылып, екіұдай күй кешеді. Бұл көріністер – сол ғасыр басында дүниеге келген М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М. Әуезов шығармаларына тән қасиеттер. «Шолпанның күнәсі», «Күнікейдің жазығы», «Қорғансыздың күні», «Кім кінәлі», «Қаралы сұлу», «Қасеннің құбылыстары» сияқты әңгімелерінде «күнә», «кінә», «жазық», «қаралы болу» концептілері өткен ғасырда ұлттық прозада жиі қолданылғандығы танылады.

М. Жұмабаевтың мәдениеттану ғибраты туралы зерттеу жазған авторлық ремарка түрінде берілген мына сөзде тұр: «... Теңіз терең емес, әйелдің жаны терең. Жеті қабат жер астындағы нәрсені білуге мүмкін, бірақ әйел жанының мінезін білуге мүмкін емес» - деп жазды [7, 40]. Әрине, бұған дау жоқ.

Әңгімедегі Шолпан басындағы жағдайда оның ой-пікірі, сезімі, ішкі құпия қалтарыстары, яки, Шолпанның қандай адам екендігін осы авторлық ремарка түрінде берілген жазушы түйіндемелері үлкен рөл атқарып тұр. Әңгімедегі сөйлемнен көріп отырғанымыздай, авторлық ремарканың рөлі алдыңғы қатарға шығып, моральдық-психологиялық, адам жанының ішкі жай-күйіне айтарлықтай түсінік береді.

Жоқтан бардың пайда болмайтыны сияқты, көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы өзінен-өзі келе қалмасы анық. Бұл бір кезде жазушыны толғантып-толқытқан әлеуметтік, не болмаса өмірден көрген оқиғаның арада біраз уақыт өткенде, жаңа мазмұнмен, мол тәжірибелермен толығып барып суреткердің санасында қайта жаңғырады. Яғни, жазушыға қоғамдық өмір, сол қоғамдық өмірдің ыстық-суығын көрген өз тәжірибесі көркем шығарма тудыруы мүмкін. Бұл жөнінде танымал ғалым Р. Нұрғалиев: «Жазушының объектіге келуі оның өмірлік жолымен, өз пешенесіне жазылған тағдырымен сабақтас» - дейді [10, 144]. Мәселен, «Шолпанның күнәсі» әңгімесін жазарда автордың өзінің басынан өткен кейбір жағдайлар әсер етуі мүмкін. Себебі, оның өзінің де перзенті болмауы, әйелінің бала туу үстінде қайтыс болуы, кейін ұлы Гражданның да дүние салуы сияқты оқиғалардың сезімтал ақынға үлкен әсер етуі мүмкін деген ой. Автор өзінің шығармасын ішкі жан-дүниесінен өткізіп, яғни өзі біліп-түсініп барып жазғандығы шындыққа жақын секілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» ХХ ғасыр басында қазақ прозасын жаңа көркемдік, идеялық деңгейге көтерді. М. Жұмабаев ұлттық ақындық прозаның негізін қалады, өрнекті прозаны орнықтыруға ден қойды. Психоанализ үлгілерін көрсетті» - дегенді тілге тиек етеді ғалым Т.Есембеков. Сонымен қатар, есаландық, ессіздік, бейсаналылық, мифологема, архаикалық модельдер сияқты сол кезең үшін жаңа ұғымдар арқылы мифопоэтикалық күрделі мазмұн мен терең мағыналар тудырудың жолдарын көрсетіп бергендігін баса айтқан болатын [3, 185].

М. Жұмабаев бір ғана шығармада ұтымды психологиялық детальдар пайдаланып, шеберлігін биік белестен танытқан. Аз ғана шығармаға дүниенің мағынасын сыйғыза білген. Шолпан қасіретін нәзік бейнелейді. Оның жан тебіренісінің нәзік иірімдерін дөп басып көркемдікпен жеткізген. Бұл шығарма – қазақ әдебиеті психологизміне соны дем бітірген туынды. Адамның қымбат қазынасын суреттеуде шеберлік танытқан жазушының мұрасы көркем әдебиетке қосылған зор үлес деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Елеукенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 3 Есембеков Т. Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Мағжан Жұмабаев мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Петропавл: 2018. – 198 б.
- 4 Мамраев Б. Основы тенденции развития казахской литературы первой четверти ХХ века. – Алматы: 1998. – С. 271.
- 5 Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы: 1999. – С. 348.
- 6 Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 394.
- 7 Мотылева Т. Внутренний монолог и «поток сознания» // Вопросы литературы. – Алматы: 1986. №1. – С. 47.
- 8 Жұмабаев М. Шығармалары. Үш томдық. 2-3 т. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
- 9 Есембеков Т. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе. – Алматы: 1998 – 305 б.
- 10 Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1 т. – Алматы: Жазушы, 1991. – 572 б.

А. Саркенқызы¹, Ж.Т. Кадыров²

Психологические особенности произведения М. Жумабаева «Грех Шолпан»

¹Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан,
г. Петропавловск, Казахстан

²Северо-Казахстанский государственный университет
им.М.Козыбаева, г. Петропавловск, Казахстан

В статье анализируются психологические особенности произведения М. Жумабаева "Грех Шолпан". Изучается изображение писателем хрупкой душевной организации человека через глубокий психологический подход. Анализируется художественность, вносящая в психологизм казахской литературы истоки нового направления. Рассматриваются раскрытие широкого поля изображений противоречий, происходящих в душевном мире женщины. Опираясь на мнения ученых, в настоящей статье признается четкий собственный стиль М. Жумабаева.

¹A. Sarkenkyzy, Z.T. Kadyrov²

Psychological peculiarities of M. Zhumabayev's work "The sin of Sholpan"

¹Institute of the National Guard of the Republic of Kazakhstan,
Petrovavlovsk, Kazakhstan

²North-Kazakhstan State University named after M. Kozybayev,
Petrovavlovsk, Kazakhstan

The article examines the psychological peculiarities of M. Zhumabayev's work "The sin of Sholpan". The author studies the image of the fragile mental organization of a person through a deep psychological approach. The article analyzes the artistry that introduced the origins of a new direction into the psychology of Kazakh literature. The article deals with the disclosure of a wide field of images of contradictions occurring in the spiritual world of a woman. Based on the opinions of scientists, this article recognizes the clear own style of M. Zhumabayev.

УДК 82.08.081

А.К. Шапауов¹, Е.И. Туровская², А.И. Маликова³

¹к.ф.н., профессор, Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан, e-mail: shapau@mail.ru

²магистр филологии, старший преподаватель, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан, e-mail: turovskaya.kgu@mail.ru

³магистр педагогических наук, старший преподаватель, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан, e-mail: anna_kostik@mail.ru

**ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЖАНРА ДРАМАТУРГИИ ТЮРКСКИХ
НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И СИБИРСКОГО РЕГИОНА РОССИИ ВО
ВЗАИМОСВЯЗИ С ЕВРОПЕЙСКОЙ ДРАМАТУРГИЕЙ
(ОТ ФОЛЬКЛОРА ДО ДРАМЫ)**

Статья посвящена анализу малоисследованного в мировом культурном наследии и литературоведении материала о жанре драматургии тюркских народов Центральной Азии и Сибирского региона России. На основе конкретных литературных фактов рассматриваются проблемы национального самосознания и манкуртизма, фундаментально исследуются жанровые и стилевые разновидности драматургических произведений тюркских народов от фольклора до драмы во взаимосвязи и сопоставлений с западноевропейскими аналогами (легенды, сказки, пьесы и т.д.).

На основе анализа драматургических произведений впервые целенаправленно и комплексно подвергаются критическому осмыслению негативные стороны в реальной жизни родственных тюркских народов Центральной Азии и Сибирского региона России в эпоху правления Коммунистической Партии Советского Союза.

Ключевые слова: драматургия тюркских народов, театральное искусство тюркских народов, казахское культурное наследие, манкуртизм в обществе.

ВВЕДЕНИЕ

Тема драматургии была объектом изучения таких известных зарубежных исследователей, как G.Wellwarth – специалиста по проблемам современной английской драматургии [1]; A.Kesteren – историка и теоретика драмы в европейской литературе [2]; H.Block, описавшего проявление символизма в драме [3]; M.de Ghelderode, проследившего взаимосвязи французской и польской драматургии [4]. История теории театра и драматургии в Арабских эмиратах исследована в работах S.Gadomski [5]. Генезис и развитие восточно-

европейской драматургии нашли фундаментальное отражение в монографии J.Poriel [6] в которой данная тема анализируется с учетом достижений современной мировой литературоведческой науки.

Если мировая драматургия (греческая, римская, английская, французская и т.д.) прошла многовековой путь развития [7], то возникновение и становление тюркоязычной драматургии исчисляется всего одним столетием [8]. В начале XX века, усвоив основательные уроки западно-европейской литературной школы, тюркские писатели-драматурги по-новому развили ее богатые традиции на национальной почве.

Для казахского народа начало XX века был периодом поворота к образованию и науке. В мусульманских школах и медресе, наряду с религиозными предметами, преподавались такие дисциплины, как математика, география, история, родной язык, а также иностранные языки. В типографиях городов Казань, Уфа, Ташкент, Санкт-Петербург, Троицк, Оренбург, Омск, Кызылорда, Семипалатинск вышло немало книг на казахском языке.

Первые рукописные пьесы ставились среди народа на тоях, крупных собраниях и торговых ярмарках. На примере других народов видно, что семена театрального искусства содержались уже в традициях и обычаях, играх и развлечениях, песнях и музыке, поэтических произведениях. Плодородная почва, благоприятные условия для рождения театрального искусства имелись в самой природе народа. Основу искусства закладывает сам народ. А создают крепкое здание, его прекрасный купол, опираясь на народ, деятели искусства.

И на самом деле создавали в свое время многие акыны своеобразный театр, когда, приехав по своей воле на той или поминки, устраивали песенные состязания, айтысы. Песенный жанр жар-жар, исполняемый на свадьбе мужской и женской группами по отдельности, жанры жар-жар и беташар* ни в каком дополнении не нуждаются, чтобы перенести их на современную сцену. Точно так же любой из многочисленных айтысов у казахов, а у хакасов хайджи (сказители), а у каракалпаков тахпахчи – импровизаторы можно превратить в сценическую постановку. Еще одно достоинство этих древних жанров заключается в том, что все они имели специальные мелодии. Поэтому они годятся не только для драматического театра, но и для оперных произведений”. К.Бижанов, который в последние годы активно занимается исследованием тюркского драматического фольклора, отмечает ряд своеобразных признаков, приближающих небольшие айтысы к драматическому жанру.

“Оживление духа“ – одна из художественных условностей, издавна используемая не только в мировой классической драматургии и в казахской драматургии. Как известно, в мировой драматургии она встречается в трагедиях Шекспира, пьесах Г.Ибсена, Б.Шоу и др. Особенностью хакасской и казахской национальной драматургии является то, что духи говорят на человеческом языке. Эта особенность имеет место в таких творениях, как, “Красный шаман“ П.Ойунского, “Каракоз“ М.Ауезова, “Золотой перстень“ К.Кеменгерова, “Аркалык батыр“ Ж.Шанина, “Старшая сестра“ Д.Исабекова, “Кос анар“ С.Жунусова и других драматических произведениях.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Первыми и известными драматургами тюркских народов в начале XX века это были И.Мендиханов, Б.Серкебаев, К.Тогусов, М.Ауезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин (казахи), Бердах (каракалпак), Х.Ниязи (узбек), Г.Исхаки, Г.Камал (татары) М.Карим, И.Юмагулов, М.Садыкова (башкортты), В.Никифорова, А.Софронов, П.Ойунский (якуты), А.Топанов, М.Коков (хакасы) [9] и другие, чьи произведения получили свое заслуженное место в театральных сценах.

Комедия развивается несколькими путями. Обязательным условием существования комедийного произведения является то, что каждый его элемент (одежда персонажей, их движения, слова, ответные реплики и т.д.) должен порождать смех. В эпоху СССР в

литературе развитие комедии было ограничено. Репресированный казахский ученый Ахмет Байтурсынов в первые научно-теоретическом плане дает описание в казахской драматургии. Татарский профессор М.Гайнуллин, узбекский профессор А-С.Имамов, якутский профессор А.Билюкина, башкирский профессор Р.Ахмадиев, хакасский ученый Н.Майнагашева и профессор Б.Зингерман [10] в своих монографических исследованиях специально останавливаются на жанре тюркских драматических произведений, учитывая национальные особенности, проблемы национального самосознания.

Известные казахские комедиографы, произведения которых отвечают всем условиям жанра комедии, это – Б.Майлин, Ш.Кусаинов, М.Ауезов, Ж.Шанин. В основе их комедий лежат рассказы, превратившиеся в народные шутки, прибаутки и хитрости. Они преобразили эти произведения, в результате чего из-под их пера вышли прекрасные сценические произведения. Находясь в среде народа, находя и героев из народа, инсценируя свои произведения, они готовили представления, знакомили со сценическим искусством жителей казахских аулов*. И мы имеем полное право сказать, что любители искусства в ту эпоху создали профессиональный театр.

В начале XX века драматург Беймбет Майлин в своих комедиях «Мулла Шаншар» и «Сельская школа» сумел создать сценические произведения из смешных эпизодов и действий в жизни ревнивых, глупых сельских мужчин с сильным национальным менталитетом, которые во время «ликвидации безграмотности» в начале XX века не хотели отдавать своих жен в школы, где преподавали учителя-мужчины, а также отношения юноши и девушек. Следует отметить, что, несмотря на то что до Б.Майлина в истории казахской драматургии отсутствовало профессиональное сценическое искусство, которое могло бы быть образцом, автор оставил богатое драматургическое наследство.

Видные ученые, исследователи генезиса драмы и театра (Аристотель, А.Шопенгауэр, О.Фрейденберг, Ф.Шеллинг, Ф.Ницше, А.Аникст и исследователи по проблеме тюркской драматургии А.Тажибаева, Р.Рустембековой, Н.Габдулина, Р.Нургали, Т.Есембекова, Ж.Абилова, С.Даутовой, А.Шапауова /Казахстан/, Б.Имамов, С.Камалидденов /Узбекистан/, М.Сеидов, /Азербайджан/, В.Терзибян /Армения/, А.Г.Ахмадулин /Татарстан/, Р.Ахмадиев /Башкортостан/, А.Билюкиной, /Якутия/, В. Найдаков /Бурятия/, П.Метина /Чувашия/, Н.Ханзафарова /Татарстан/, А.Калзан /Тува/, Н.Майнагашевой /Хакасия/) связывали драматургию с обрядовой и мифопоэтической традицией народа [11].

История и литература народов мира не развивались отдельно. Доказательством тому служат духовно-культурные связи, которые мы можем также проследить в произведениях литературы европейских и тюркских народов. Например, такие известные представители тюркской поэзии X-XIII веков, как Аль-Фараби, Ахмет Яссауи, Юсуф Баласагуни, Ахмет Игунеки, Фирдауси, Хафиз и Сагди [12], достигли высокого уровня на мировой сцене, познакомили другие народы со своей богатой традицией, одновременно создавая и формируя ее.

А в X-XIII веках в Европе развивались конкретные жанры литературы. Главным достижением западной литературы является именно формирование отдельных жанров. На особенно высоком уровне были такие жанры, как рыцарская поэзия, роман и драма, религиозно-клерическая литература, фэблио, шванк. Во Франции, Германии, Польше и др. странах сформировалась средневековая городская литература, которая развивалась по ее артистичности и эстетическим требованиям в другом направлении, нежели рыцарская литература.

Например, мы замечаем сходство и связь между средневековым германским героическим эпосом «Нибелунги» и общим и для тюркских народов средневековыми дастанами «Кобыланды батыр», «Алпамыс», «Алтын арыг», «Ай Хуучын» [13]. Во-первых, во многом сходны характеры персонажей, сила героев; во-вторых, главные герои описаны как непобедимые, а также проходят через испытания любовью. Конечно же, в условиях, в

которых они живут и действуют, есть характерные национальные ценности, менталитет, присущий тому или иному народу.

Средневековые рыцарские традиции, нашли отражение в комедиях казахских /тюркских/ драматургов 60-90 годов XX века Калтая Мухамеджанова «Волчонок под шапкой» и Сакена Жунусова "Доченька, тебе говорю...". Перечисленные пьесы были поставлены в Казахстане, России, Кыргызстане, Татарстане, Литве, Китае, их постановка прошла во многих театрах мира. В комедии «Волчонок под шапкой» описывается жизнь молодых студентов, выдавших себя за женатых мужчин. В комедии "Доченька, тебе говорю..." показан менталитет сельчан и городских жителей, безграничное использование власти в своих личных целях главными специалистами коммунистической партии, измена супругов, а в конце горькая печаль "рыцарей", любящих беспечную жизнь.

Все перечисленные здесь ситуации независимо от того, в какой эпохе, в какое время происходили, являются типичными, встречающимися в каждодневной жизни. В конце произведения они испытывают страдания «рыцарства» XX века. Если в средневековье натура рыцарства соответствовала традициям тех времен, то страдания и проблемы рыцарства XX века авторы комедии мастерски описали в соответствии со временем, глубоко и философски раскрывая облик лишенных своих национальных ценностей манкуртов. Если в средневековой европейской литературе наиболее популярным жанром городской литературы было фавлю, в котором разоблачается хитрость городских богачей, двуличность набожных, невежество рыцарства.

Рассказы типа фавлю встречаются также в литературе тюркских народов. Сказки, которые являются основным жанром казахского народного творчества, отличаются своим правдивым, реалистическим содержанием. В них описывается тирания королей, необразованность мулл*, несправедливость богачей, честность, трудолюбие и щедрость простых людей. Тему фавлю мы наблюдаем, например, в комедиях фарса Мольера. В немецкой литературе под влиянием фавлю появился шванк. Например, в серии смешных рассказов «Поп Амис» известного мастера слова Штрикера, показаны различные события из жизни хитрого и находчивого попа.

Широко распространенный среди европейских народов «Роман о лисе» – сказка о проделках лисы – один из жанров городской литературы XII-XIII веков. Известно, что в написании этого произведения, охватывающего почти столетие, приняли участие многие авторы. Основная идея создателей данного романа – раскрыть истинное лицо правителей-хозяев. Ими являются следующие персонажи: король – лев Нобль, придворный советник – осел Бодуэн, глашатай короля – петух Шантектлар, крупный богач – медведь Брэн, рыцарь среднего ранга – волк Изенгрим. Все они как бы представляют характеры правящих кругов. Также созданы образы простых людей в виде курицы, зайца, куропатки и т.д. Самый сложный, центральный образ – образ Ренора. По-своему мастерской сценой являются споры зверей между собой. Персонажи при встрече друг с другом проявляются в одном качестве, оставшись сами собой – в другом, и это точно передает человеческий характер во все времена.

Нетрудно заметить, что в драматическом жанре тюркских народов это очень похоже на сатирическую комедию в 1980 годов XX веке Сакена Жунусова «Кроссворд, или новогодний маскарад». Новое решение драматурга С.Жунусова заключается в том, что он на каждого «клиента» вырезителя надевает соответствующую его натуре маску: руководитель учреждения, секретарь коммунистической партии Орынбасар Амирович – «лев», многодетный безработный отец Бакай – «заяц», главный врач курорта Симулянский – «лиса», шашлычник Ашот – «барсук», Бурибай – «волк», Фарид – «осел», студент Олег Николаевич – «кот», учитель-музыкант Мурат – «обезьяна». В казахской пьесе суть основного конфликта – показ нелегкого жизненного пути, раскрытие таких пороков, как хищение народного добра, желания жить припеваючи, не затрачивая для этого особых усилий, ложь, провокация, пренебрежение и т.д. в эпоху КПСС. Цель драматурга и главная суть жизненности пьесы – заключается именно в этом.

Продолжение рыцарства, литературных традиций в Европе, их конкретные картины проявились и у тюркских народов в 1960-90 годы, например, в казахской драматургии – в комедиях Калтая Мухамеджанова «Волчонок под шапкой» и Сакена Жунусова «Доченька, тебе говорю...». Эти пьесы были неоднократно поставлены на сценах отечественных и зарубежных театров. В комедии «Волчонок под шапкой» изображена временная разгульная жизнь женатого студента-джигита, выдававшего себя за холостяка.

Главная тема, поднятая в пьесе «Доченька, тебе говорю...», – проблема человечности. Построение драмы особенное: события преподносятся с отступлениями – то как «Из зала суда», то как «Сценическая картина», что постоянно притягивает читателя и зрителя.

ВЫВОДЫ

Актуальность исследования обусловлена тем, что литературно-культурные интеграционные взаимоотношения казахского и европейских народов представляет собой универсальное категориальное явление, выполняющее первостепенную роль в эстетико-познавательной, аналитико-синтетической деятельности человека. Проблемы, поднятые в пьесах, касаются не только жизни одного народа. Они общие для всех народов бывшего коммунистического режима. Человек в любой ситуации прежде всего должен остаться человеком.

Most medical students understand the importance of English for various professional communications. Unfortunately, modern educational programs of training doctors in the foreign language do not solve the problem of full development of doctors' foreign language business communication competence, and need to be reconsidered and updated. The problem can be solved by introducing special disciplines, cycles or elective courses in the doctors training course organized on an interdisciplinary basis and taught from the point of view of the axiological approach. As part of this approach, it is possible to develop content blocks that are recommended for inclusion in the doctors English training program at medical schools. The module system allows to vary the size and structure of the course flexibly, and, accordingly, it is easy to integrate it into the traditional training program at medical schools. The purpose of the developed program is the formation of foreign language business communication competence among medical faculty students.

The implementation of these blocks involves the use of modern informative technologies such as Internet resources, distance learning and consulting systems on a free open platform (Linux), etc. Foreign language training with the proposed content blocks ensures the active development of communicative skills in real foreign language communication. [5].

CONCLUSION

According to the program requirements, one of the foreign language learning full course purposes in medical institutions is a future doctor's personal development, capable and interested to participate in cross-cultural communication and able to grow independently in professional activity. For this purpose, as shows the research analysis on this subject, it is necessary that throughout all course of foreign-language studying activity in medical school was performed the familiarization through the learned language with history and modern life of this country, its traditions and culture. Knowledge and understanding of the cultural, historical, social processes which are happening, for example, in Great Britain is extremely important for determination of the emotional attitude range towards people who speak this language; for intellectual penetration into foreign culture because each national language has cultural specifics of the world image consisting of elements and the phenomena which are essential and necessary for these people. Therefore, it is effectively organized educational process which can prepare the identity of the student for tolerant perception of foreign culture, for empathy and "erosion" of inappropriate stereotypes, forming positive and respect for the foreign people, to the system of its cultural wealth, traditions and beliefs [3]. Thus, training English promotes effective forming of medical specialists communicative competence in the general educational process system.

The experience of teaching in the higher professional education system shows that one of the main reasons preventing communication in a foreign language (FL) in the field of medicine is the insufficient value and insufficient use of professional vocabulary, including phraseological units of different orientation in their context-situational relations. As a rule, mistakes connected with the use of medical vocabulary are expressed in the fact that in the statements construction, students incorrectly choose phraseological units necessary to achieve communicative goals, replacing them with inappropriate synonymic meanings, or compensate for ignorance of vocabulary using lexical and grammatical means and structures that do not allow to solve the problem. Mastering a foreign language of a medical specialty involves the formation of at least a basic foreign professional vocabulary of a specialist, which will ensure the further development of his secondary linguistic personality. In this regard, great importance is attached to the selection and organization of lexical material, which has a significant role in the methodology of teaching a foreign language. The process of professional communicative foreign language competence formation, as well as the process of medical students' professional foreign language vocabulary formation at the highest level is reduced to the problem of correlation and interpenetration of language teaching specialty and

General foreign language teaching. This means that through the content plan, the specificity of the medical professional vocabulary is reflected in terms of expression and in the choice of language means from all existing in the language.

Thus, a foreign language knowledge as a means of business and everyday communication is recognized as one of the modern doctor's important cultural competencies. As already noted, the formation of business communication competence, which refers to the individual's integrative property, providing the opportunity for effective communication in the business sphere, very little attention is given in the medical students preparation. To an even lesser extent in the process of future doctors training are solved issues of formation and development of foreign language business communication competence. Currently, due to the emergence of new media of international information and its processing methods, specialists in various fields have to optimize the relationship of native and foreign information with economic and energy indicators. Tasks of this type are the basis for the foreign language speech activity development of graduates of any non-linguistic University, including the Shokan State Medical University. To sum up, the priority direction of improving the education system is currently associated with the development of theoretical and methodological foundations for the learning technologies design that ensure the diversified development of foreign language communication skills, as well as the ability to process foreign language information quickly and in effective ways. All this leads to the formation of new personal qualities, active life positions, rational attitude to the world, the development of communicative competence and students' professional thinking and world-view.

REFERENCES

1 Коммуникативная компетенция как одна из составляющих профессиональной культуры врача С.В. Чусовлянова

2 Золина Н.А. Формирование профессиональной иноязычной коммуникативной компетенции студентов медицинских колледжей на основе продуктивного подхода (на материале английского языка)

3 Трофимова Г. С. Современные подходы к гуманитарной подготовке студентов вузов / / Вестник Удмуртского университета. - 2012. - № 3-2. - р. 25-29.

4 Степанова М. М., Хайкин В. Д. Разработка содержания обучения деловому иностранному языку на основе аксиологического подхода // Вестник Костромского государственного университета им. Н. А. Некрасова. Серия: Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика. — 2013. — Т. 19. — № 1. — С. 16–19.

5 Хайкин В. Д. О необходимости развития компетенции иноязычного делового общения как неотъемлемой части подготовки врача // Молодой ученый. — 2015. — №7. — С. 320-323. — URL <https://moluch.ru/archive/87/16988/> (дата обращения: 03.06.2019).

6 Степанова М. М. целевая составляющая управления бизнес-образованием в магистратуре многопрофильного университета / / молодой ученый. - 2013. - № 11. - р. 658-660.

7 Степанова М. М., Хайкин В. Д. аксиологический подход к формированию компетенции иноязычного делового общения в неязыковом университете / / молодой ученый. - 2018. - № 12. - р. 512-514.

А.Т.Дуйсенбина¹, У.У.Сенгирбаева²

Медицина факультеті студенттерінің іскери қарым-қатынас құзыреттілігінің маңыздылығы

^{1,2}Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан

Осы мақалада медициналық факультеттің студенттерінің шет тілді іскерлік қарым-қатынасын қалыптастырудың өзектілігі, маңыздылығы қарастырылады, іскерлік қарым-қатынасты коммуникативтік қызмет түрі ретінде қалыптастыру принциптері оқытылады, сондай-ақ коммуникативтік қызмет процесінде іскерлік қарым-қатынастың құрылымы мен функциялары қарастырылады. Медицина факультеті студенттерінің

құзыреттілік негіздерін қалыптастыру мәселесіне көзқарастар анықталды, осы мәселені қарастырудың әр түрлі аспектілеріне талдау жүргізіледі. Медицина факультетінің студенттерінде шет тілді іскерлік қарым-қатынас құзыреттілігі, оқу үрдісінде кездесетін мәселелер және оларды шешу.

А.Т. Дуйсенбина¹, У.У.Сенгирбаева²

Важность компетенции иноязычного делового общения у студентов медицинского факультета

Кокшетауский государственный университет имени Шокана Уалиханова,
Кокшетау, Казахстан

В настоящей статье рассматривается актуальность, важность формирования иноязычного делового общения у студентов медицинского факультета, изучаются принципы формирования делового общения как коммуникативного вида деятельности, а также рассматривается структура и функции делового общения в процессе коммуникативной деятельности. Были определены подходы к проблеме формирования основ компетенции студентов медицинского факультета, проводится анализ различных аспектов рассматриваемой проблемы. Представлены компетенции иноязычного делового общения у студентов медицинского факультета, проблемы, которые встречаются в процессе обучения и их решения.

ӘӨЖ 37.03

Б.Б. Жахина

п.ғ.д., профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ., Қазақстан, e-mail: bzhaxina@mail.ru

ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚАБЛЕТ ПЕН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Мақалада тұлғаның табиғи бейімділігін дамытып, оны шығармашылық қабілетке айналдыруда нақты бір пән бойынша білім негізін қалыптастыра отырып, өз бетінше ізденуін, өзіндік ойлауын, шешім қабылдай алуын, ой еркіндігін қалыптастырудың мәні жөнінде баяндалады. Шығармашыл адам ұғымына түсінік беріледі. Ғалымдардың шығармашыл тұлға жайындағы пікірлері топтастырылады. Тұлғаның шығармашылық қабілетін жүзеге асыру арқылы қоршаған ортамен байланысы зерделенеді. Сонымен бірге шығармашылық бағыттың дамуы адамның физиологиялық және психикалық дамуымен байланысты анықталады.

Кілт сөздер: шығармашылық, шығармашылық тұлға, шығармашылық қабілет, шығармашылық әрекет, мақсат рефлексі

Зерттеушілердің басым көпшілігінің пікірінше, тұлғаның барлық психикалық қасиеттері өзінің даму барысында адамның нейроэндокриндік жүйесінің морфологиялық және функционалдық ерекшеліктеріне сай қалыптасады, сондықтан да адамның дене құрылысының саулығы мен еңбексүйгіштігі – тұлғаның ең мәнді белгілері. Олар тұлғаның сезіміне, психикалық дамуына жанамалай әсер етеді [1, 101].

Біз тұлғаны толыққанды жүйе деп есептесек, оның психикалық қасиеттері негізгі орынды алады. Бұл жүйе өзінің табиғи қасиеттері мен қоғамдық тәжірибені меңгеру барысында дамиды. Тұлғаның тұтастығы мен бірлігі әр алуан және қарама-қайшылықтардың жиынтығы болып табылады. Тұлға жеке оқиғалар ғана емес, қоғамдық өмірдегі маңызды

оқиғаларға да байланысты әсерленіп ашылады. Соған сәйкес туындайтын көзқарас пен іс-әрекет те әр алуан болады. Тұлға іс-әрекеті, өзіне және айналасына қарым-қатынасы арқылы, шығармашылық қабілетін жүзеге асыру арқылы қалыптасады. Сондықтан баланың табиғи бейімділігін дамытып, тұрақты, әлеуметтік тұрғыдан құнды шығармашылық қабілетке айналдырудың, осы әрекетке педагогикалық басшылық етудің маңызы зор.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жеке қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұштау, тұлғалыққа бағыттау.

Шығармашылық бағыттың дамуы адамның өзін тұлға сезінуі мен айналасына өзіндік көзқарасы болуына байланысты. Шығармашылық бағыттың дамуына денсаулығы, психикалық қызметінің дамуы, негізгі шарты – әлеуметтік даму жағдайы негіз болады.

Баланың шығармашылық қасиеті кішкентайынан көріне бастайды. Себебі шығармашылық – бала дамуының қалыпты жағдайы. Алайда шығармашылыққа бейімділік бірте-бірте жоғала бастайды, ол балаға да, қоғамға да кері әсер етеді. Шығармашылықпен тұрақты және саналы айналысатын және өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын адам өмір талабына, өзгермелі еңбек шартына, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге бейімделеді.

Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, өмірі қызық, мақсаттарын жүзеге асыру барысында өз жолын өзі ашып, кедергілерді жеңе алады, үздіксіз алға жылжып отырады.

И. Павлов мақсатқа ұмтылған, бір мақсаттан соң екінші мақсат қойып отырған адамның өмірі қызық әрі мәнді де мазмұнды болады. Өзінің өмірдегі мақсатына ұмтылудың арқасында өмірі жаңарып, мақсат рефлексі қалыптасады. Бұл рефлексінің мәні мақсаттың мағынасы мен құндылығында ғана емес, сол мақсатқа ұмтылуында дегенді айтады.

Психологтар адам бойындағы биологиялық және әлеуметтік бастауды төртке бөледі:

✓ Адамның темпераменті, жас және жыныстық ерекшеліктері;

✓ Адамның психологиялық әрекеттері мен жағдайын қамтитын қалыптасқан қасиеттері;

✓ Әлеуметтік деңгейі, тұлғаның тәжірибесі. Бұл жерде биологиялық жағынан әлеуметтік жағының рөлі басым;

✓ Тұлғаның іс-әрекетінің, мақсатының бағыты. Ол тікелей әлеуметтік жағдайға байланысты. Әрбір бөлік бірін-бірі дамытып отырады.

Шығармашылық бағыт төртінші бөлікке кіреді. Тұлғаның қалыптасуы алдыңғы үш бөлікті дамытады, жан-жақты дамыған әлеуметтік тұлғаны қалыптастырады. Ал шығармашылық бағыттағы адамның қажеттілігі, қызығуы, идеалары өмірлік мақсаттарын жүйелейді, айқындайды. Шығармашыл тұлға шығармашылық іс-әрекетте болады, іс-әрекеттің барлық түрінде шығармашылықпен дамиды.

Балалық кезеңде шығармашылық бағыт оқу-тәрбие үрдісінде тиімді дамиды. Нәтижесінде баланың білімі, белгілі қабілеттері артады. Ол әр алуан жолмен, әсіресе, эстетикалық тәрбие құралдары арқылы жүзеге асады.

Эстетикалық тәрбие педагогикалық үрдіс ретінде оқушының болмысқа және өнерге көзқарасын қалыптастырады. Болмыс пен өнер адам өмірінде үлкен рөл атқарады.

Сонымен, шығармашыл тұлға болу дегеніміз – дүниені тану және жаңарту арқылы тұлғаның болмысқа көзқарасын айқындауы.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенге саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте шығармашылық – қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.Выготский «шығармашылық» деп жаңадан ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені, әрбір жаңалық, әсіресе, интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі білім беру жүйесінің, педагогиканың жаңа талаптарына сәйкес келетіндіктен көңілге қонымды.

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық үрдіс. Әрі ол адамға ғана тән.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері бойынша белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда.

Шығармашылыққа деген қажеттілік – күрделі рухани қажеттілік. Әзірге ол барлық адамдарға бірдей деуге болмайды. Ал қоғамдағы жаңару үрдістері әр адамнан күнделікті шығармашылық қайтарымды талап етіп отыр [2,10].

Шығармашылық – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда, тіршіліктің көзі. Қоғам құбылыстарында, жеке адамның, ақыл-санасында, іс-әрекетінде ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи үрдістері үздіксіз жүріп, белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық үрдістерін табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторларды басқару, реттеу жеке адамның өзінің ой-санасына, айналысатын ісіне байланысты.

Адамның шығармашылыққа деген құлшынысы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруына жол ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып оның «әрекет» ұғымымен тығыз байланысты екенін анықтауға болады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Әрекет шығармашылықты тудырып, оны нақты болмысқа айналдырса, ал шығармашылық әрекетті реттейді, оның амалдарын, әрі сол амал-әрекеттің тиімділігін анықтайды. Шығармашылық әрекет арқылы шығармашылық қабілеттер қалыптасады әрі дамиды.

Зерттеушілер шығармашылық әрекетке әр түрлі анықтама береді. Мысалы, ғалым И.Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, нысанның жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді.

Ал А.Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегенділікке балайды, идеяларды іске асыру (генерация жасай білу), болжай білу қабілеттерін атайды.

Шығармашылық қабілеттер шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлауға ойдың жылдамдығы, ұшқырлығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі жатқызылады.

Шығармашылық қабілеттің дамуы, оны дамыту жолдары ойшылдарды ертеден толғандырды. Мәселен, Жүсіп Баласағұн, әл-Фараби, Абай өз еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытудың жолдарын іздестірді. Оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген – М.Жұмабаев.

Оқыта отырып, баланың қабілеттерін дамыту мәселесі көрнекті педагогтер Ш.Амонашвили, И.Волков, О.Газман еңбектерінде қарастырылды.

Қабілет жайында жазылған ойларды, тұжырымдамаларды, еңбектерді талдай келе, адам бойында табиғи мүмкіндіктер болады, олар тек белгілі бір әлеуметтік жағдайларда байқалып, әрі қарай дамиды, әр адам басқа адамнан табиғи психологиялық жағынан ерекшеленеді деген қорытындыға келуге болады.

Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын атайды. Әрі қабілет ұғымына адамның білім алуға қажетті психологиялық ерекшеліктері деген анықтама беріледі. Қабілеттер – іс-әрекеттің белгілі бір түрін нәтижелі орындаудан көрінетін адамның жеке қасиеттерінің жиынтығы. Бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті зерттеген Н.Лейтес қабілетке: «Іс-әрекеттің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізетін психологиялық қасиет», – деген анықтама берді [3].

Қабілеттер жайындағы ой-пікірді түйіндей келе, төмендегідей тұжырым жасауға болады.

Қабілеттер мәселесі – оқушылардың жеке қасиеттерінің мәселесі. Қабілеттердің туа бітетін нышандары болады, олар өмір сүру барысында дамып отырады. Қабілет дәрежесі әр адамда әр түрлі болады, ол әрекеттен байқалып, сол әрекет арқылы дамып отырады.

«Тұлға» – қоғамдағы адамның даму дәрежесіне байланысты оның психикасында болатын жаңа сапа», – деп жазды А.Н.Леонтьев. Ал Э.Ильенковтың айтуынша, тұлғалар – қоршаған ортаға да, өздеріне де өзгеріс енгізе алатын адамдар.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу, дамыту үшін:

- баланың қабілет деңгейі, құрылымы әр алуан болатыны ескерілуі керек. Оны анықтауға психологиялық тестілер, зерттеу, бақылау, дамыту жұмыстары көмектеседі;
- әр адамда қабілеттің бірнеше түрі болатынын ескере отырып, баланың жетекші қабілетін анықтап, арнаулы жұмыс түрлерін жүргізе білген жөн.

Психологтер қабілеттің екі түрлі деңгейін анықтайды:

- а) репродуктивті – іс-әрекетті, білімді берілген үлгіде қабылдауы;
- ә) шығармашылық – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

В.Андреев оқыту үдерісі арқылы шығармашыл тұлға тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің диалектикасын дәлелдейді. Өзін-өзі шығармашылықпен тәрбиелеу педагогикасының инновациялық курсы жасайды [3,144].

Адамтану ғылымында педагогикалық акмеологияға ерекше мән беріледі. Акмеология адамның шығармашылық іс-әрекеттің даму заңдылықтарын, шығармашылық қуатының жүзеге асуын, кәсіптік шеберліктің шыңына жету үрдістерін зерттейді.

Ғалымдардың айтуынша, әрбір адамның шығармашылық іскерлігінің шыңы әр алуан. Адам, ең алдымен, мамандық таңдайды, кәсіби іс-әрекетке көшеді, кәсіби шеберлікті меңгереді. Сонымен әр адам жеке мүмкіндігіне қарай кәсіби шеберлігінің шыңына жетеді.

Әрбір әдіскер мұғалім оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға тырысады. Шығармашылық қабілет әркімнің өзіне деген сенімділігін арттырады [4,15].

Біз, көбінесе, оқушылардың өз қабілетін толық көрсетпейтінін білеміз. Әр адам өзін жетілдіру үшін өзіне-өзі қанағаттанбай, жоғары талап қойып отыруының үлкен мәні бар. Шығармашылық қасиет уақытты бағалауға ұмтылдырады. Уақыт – халық байлығы.

Озық оқыту үдерісінің нәтижесінде педагогикада: әрбір бала өзінше талантты әрі әрқайсысы шығармашыл бола алады. Шығармашыл бала өзінің қабілетін, күш-қуатын, бейімділігін сезіне алатынын дәлелдей де алады.

В.Сухомлинскийдің ойынша, шығармашылық арқылы тұлғаның рухани байлығы қалыптасады, шығармашылық адамды тартатын магнитпен тең. Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, тәрбиешілердің негізгі мақсаты – баланы өмірге, еңбекке шығармашылықпен қарауға үйрету болып табылады.

Баланың шығармашылық дайындылығының сипаттамалары ретінде мыналарды атауға болады:

- ✓ білімге ерекше құштарлық танытатын жоғарғы қажеттіліктің болуы;
- ✓ ақыл-ойдың жоғары қажеттілігінің болуы;
- ✓ тек кешегі мен бүгінгі ғана емес, болашақ абстрактылы идеялар мен теорияларға қызығушылығының болуы;
- ✓ өз бетімен белгілі бір мақсатқа жетуге табандылық көрсете білуі;
- ✓ абстрактылы-логикалық ойлаудың жоғары деңгейін танытуы;
- ✓ стандартты емес идеялар мен мәселені шешудің жаңа тәсілдерін таба білу қабілетінің болуы;
- ✓ тапсырмаларды өз бетімен ойлай және шеше білуге ұмтылуы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – Санкт-Петербург, 2000. – 101 с.
2. Хусаинова Н. Ю. Культура общения руководителя. –Казань, 1996. – 155 с.
3. Лейтес Н. С. Умственные способности и возраст. – Москва: Просвещение, 1971. –144 с.
4. Андреев В. И. Педагогика. – Казань, 1999. –202 с.
5. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание личности. – Москва: Мысль, 1975. – 291 с.

В статье рассматривается сущность самооценки, принятие решений, свободы мысли путем развития естественной адаптации личности и превращения ее в творческие способности путем формирования базы знаний по конкретному предмету. Автор дает понятие о концепции творческого человека. В работе обобщаются мнения ученых о творческой личности, изучается связь с окружающей средой посредством осуществления творческих способностей личности. Вместе с тем, развитие творческого направления определяется в связи с физиологическим и психическим развитием человека.

The article discusses the essence of self-esteem, decision-making, freedom of thought by developing the natural adaptation of a person and turning it into creative abilities by forming a knowledge base on a specific subject. Gives a concept about the concept of a creative person. The opinions of scientists about the creative personality are generalized. The connection with the environment through the exercise of creative abilities of the individual is studied. At the same time, development of the creative direction is defined in connection with physiological and mental development of the person.

ӘӘЖ 378.1.147

Б.Б. Жахина

п.ғ.д., профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., Қазақстан, e-mail: bzhaxina@mail.ru

ТАНЫМ – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Мақалада функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда танымның рөлінің мәніне тоқталынады. Әрі танымның қабылдау, ес, есте сақтау сияқты адам қабілеттерімен байланысы сөз болады. Гносеология ғылымының білім алу мен дамыту үдерісінің әрекеттесу мәселелері зерттеледі. Оқушылардың танымдық әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің және өнімді жұмысының көрсеткіші екені айтылады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, педагогикалық үдеріс, таным, қабылдау, қиял, ес, нақты пайымдау

Педагогикалық үдеріс үздіксіз білім алу жүйесінде диалектикалық түрде дамиды. Оның барлық сатысы бөлікті түрде өзара бір-біріне тәуелді және бір-бірімен сабақтастықта байланысқан. Педагогикалық үдеріске тән қасиет – үзіліссіздік пен дискреттіктің бірлігі: біріншіден, оқушы дамуында сандық өзгерістер ұлғаяды, ал екіншіден, ол бірте-бірте тұлғаның сапалық дамуына алмасады.

Оқу үдерісі үздіксіз білім жүйесінің әр сатысында өзіне тән ерекшеліктерге және лайықты сабақтастықтарға ие болады. Егер сабақтастық оқудың әр сатысында бір ерекшелігімен көрінсе, онда бір сатыдан екіншісіне көшу оқушының дамуындағы, оқудың әдістері мен формаларындағы сапалы өзгерістерге байланысты болатын құбылмалы және секірмелі сипат алады.

Сабақтастық үздіксіз білім беру жүйесінің көп деңгейлі ең негізгі қасиеті бола алады. Алғашқы, ең жоғарғы деңгей – ол сабақтастықтың үздіксіз білім жүйесінде адамның даму заңдылықтары ретінде жұмыс істейді. Екінші – сабақтастықтың жалпы педагогикалық ұстанымының болуы. Осының нәтижесінде педагогикалық үдеріс үздіксіз білім жүйесінде өз

қызметін жасайды. Үшінші деңгей – сабақтастық дидактикалық ұстаным бола тұра, оқушылар үшін орта мектептің оқу пәндерін жинақы әрі жан-жақты түрде түсінуге мүмкіндік тудырады. Ол функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Ең соңғы, төртінші деңгей – сабақтастықтың жеке, әр пәннің онда жүйеленген тақырыптардың ғылыми ерекшеліктеріне сай әдістемелік ұстанымының болуы.

Оқушылардың танымдық әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктері бар.

✓ Таным үдерісінің ғылымдағы объектісі белгісіз құбылыстар. Оқушылар ғалымдар зерттеген жүйені өздігінен оқу арқылы танып біледі. Оқушылар оқытуда адамзаттың танымындағы өткен жолды өтпейді.

✓ Оқушылардың таным үдерісі үнемдірек. Олар ғалымдардың, әдіскерлердің, ұстаздардың көмегімен әрбір мектеп пәні бойынша тиісті білімдер негізін іріктей алады.

✓ Оқыту үдерісінің ерекшелігі оқушылардың оқуды әрі қарай жалғастыруға және өз бетінше еңбек әрекетіне дайындалуына қажетті іскерлік пен дағдыларды игеру мен оның байланысы болып табылады.

✓ Мектептегі таным үдерісі тек білім берушілік емес, сонымен бірге дамытушылық, тәрбиелеушілік сипатта да болады.

✓ Оқушылардың таным үдерістері олардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылады.

✓ Таным үдерісі пән мұғалімінің бағыттаушылық рөлімен, оқушылармен өзара тығыз байланыста іске асырылады. Мәселен, «нақты пайымдау» алғашқы сатыда кең мағынаға ие болады. Ол – сезім пайымдауы. Оған қабылдау, іс-әрекет пайымдауы жатады. Дәлірек айтқанда, алғашқы «нақты пайымдау» – бұл адамның айналасындағы құбылыстарды, зерттейтін заттар мен материалдарды өзінің барлық сезім мүшелері арқылы қабылдау немесе оған жақындау деген сөз. Бұл үдерісте есту, көру, иіс мүшелері түгел қатысуы қажет. Педагогтар мен психологтардың зерттеулері көрсеткеніндей, өтетін материалды ең жақсы қабылдау үшін, сол заттың немесе құбылыстың сыртқы көрінісін сөйлеу – хабар («сөз көрнекілігі») құралымен ұштастыра, байланыстыра білу өз нәтижесін береді.

Себебі зерттеушілердің анықтауы бойынша, адамдар қоршаған орта туралы алатын мәліметтерінің 90 пайызға жуығын көру арқылы, 9 пайызын есту арқылы, тек 1 пайызын ғана басқа сезімдер арқылы алады.

Әр түрлі сезім органдары арқылы қабылданған кейбір жеке түйсіктер мидың үлкен жарты шарында талданып, бұрынғы мәліметтерімен жалғастырылып, жаңа қабылдаудың негізін құрайды. Қабылдау заттың бүтіндей бейнесін беретіні белгілі. Әрі қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі.

Заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі – тану. Нәрсені танымайынша, оны аңғарып, қабылдау қиын. Тану жалпылай және даралап тану болып екіге бөлінеді. Жалпылай тану дегеніміз – талғаусыз қалай болса, солай тану. Негізінен, жалпылай тануда оқушы тілдік тақырыптардың өзіндік ерекше қасиеттерін біле бермейді. Ал объектілерді даралап тану арқылы ғана оларды анық, толық қабылдауға мүмкіндік алады. Мәселен, сөзжасамдық мәселелер бойынша негізгі сөзді түбірден, тіркесті сөзді еркін сөз тіркесінен айыра алады.

Ал толып жатқан объектілердің ішінен біреуін іріктеп алу, яғни, оның қасиетіне, сапасына, белгісіне қарай іріктеп алу – қабылдаудың таңдамалылығы деп аталады.

Қабылдаудың таңдамалылығы әр түрлі объективтік және субъективтік (оқушының түсіндірілетін тілдік тақырыпты қажетсінуі, қызығуы, психикалық көңіл-күйі, т.т.) себептерге де байланысты болады. Балада қабылдаудың дамуы түйсік, ойлау үдерістерінің дамуымен бірге жүріп отырады.

Ал қабылдаудың дамуында тілдің мәні зор. Өйткені қабылдаған нәрсенің аты-жөнін атап отыру – оның мағынасын ұғынуға жәрдемдеседі. Аты-жөнін атау сөз арқылы аталады, сөз арқылы беріледі. Сонда сөз мағынасын ұғыну, оның қандай ұғымның аты екенін ұғыну болып табылады. Сөздің өзі жасалуына қарай алуан түрлі болады.

Негізінен қабылдауда анализ бен синтездің бірлікте жүргені абзал. Оқушы әр заттың өзіндік белгісін ұққысы келеді, оның мәні мен мазмұнына, ішкі, сыртқы құрылысына, жасалу

принципіне зер сала бастайды. Заттарды дұрыс қабылдау, мәніне түсіну барлық пәндер бойынша бірдей болмайды. Дегенмен тілдік тақырыптарды түсінуде бала қабылдауының даму дәрежесі жоғары болады.

Негізінен, тілдік тақырыптарды түсіндіруде оқушы қабылдауын дамытудың ерекше екенін ескере отырып, пән мұғалімдері сабақ барысында төмендегідей талаптарды басшылыққа алғаны жөн.

- ✓ Көрнекі құралдарды қолдануда балалардың жас ерекшелігін мұқият ескеру;
- ✓ Түсіндірілетін тілдік тақырыптардың өзіндік ерекшелігін түсінуде, оқушы үшін байқау мен қабылдаудың мақсатын айқын ұғыну керектігін білу;
- ✓ Түсіндірілетін тілдік тақырыптарды бір-бірімен салыстыруға, жеке тілдік материалды оқушылардың қалыптасқан білімдік дағдыларымен үнемі байланыстырып отыруға әр түрлі тілдік тақырыптардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратуға көзделген басты мақсаттар мен жеке мәселелерді түсініп айыра алуына бағыт беру;
- ✓ Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыруда тілдік материалдардың түрі, көлемі, ауыр-қиындығы есепке алынып, бұларды қабылдауының сапалы болуына дұрыс нұсқау беру;
- ✓ Оқушылардың ауызекі сөйлеу тіліндегі немесе жазбаша жұмыстарындағы жіберген қателерін өздеріне түзеттіру әрі оны қайтадан дұрыс қабылдап үйренуге әдеттендіру үшін қабылдау мен бақылаудың дәлдігіне тәрбиелеу;

Қабылдау еспен де байланысты. Ес дегеніміз – әр түрлі заттар мен құбылыстардың адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін үдеріс.

Ес – күрделі психикалық үрдістердің бірі. Ол есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту деген үрдістерден тұрады.

Ғалым Қ.Жарықбаев: «Ес адамның басқа жан құбылыстарымен де, яғни қабылдау, ойлау, қиялмен тығыз байланысып жатады. Ол – әсіресе ойлау үшін аса қажет. Нәрсе есте дұрыс сақталмаса, бұл жәйт ойлауға қиындық келтіреді», – дейді [1,221-224].

Ал «Еске түсіру өнері дегеніміз – ойлау өнері ... Байланыстардың мәнісі – ойлау деген сөз», – дегенді айтады Ж.Аймауытов[2,51-54].

Есте қалдырудың сапасы дұрыс қайталау алуға байланысты. Ал мұның тілдік қағида, ережелерді, яғни қазақ әдеби тілінің, оның ішінде сөзжасамның нормаларын өмірге қажетіне жаратуда мәні зор. Бірақ оқығанын ұмытып кеткен соң қайталау пайдасыз, ұмытпай тұрып қайталау керек. К.Д.Ушинскийдің пікірінше, қайталауды ескіріп, құлап бара жатқан үйді жөндеу үшін емес, үйді берік нығайта отырып, үстіне екінші қабатын салу үшін жасайды. Әрбір ілгерілеп басқан адым бұрынғы өткендерді қайталап отыруға негізделу керек. Сонымен қатар, ғалым қайталауды түрлендіріп отырудың мәні жөнінде бұдан бұрын жаттап алғандарды сол күйінде айнытпай айтып берудің ешбір қажеттігі жоқ екендігін, ал кездейсоқ жаттап алғанды жаңа түрмен айту, яғни жаттап алғанды басқа сөздермен қайталап айтып беру әлдеқайда пайдалы екендігін айтады [2,15].

Бұдан шығатын қорытынды, сөзжасамдық заңдылықтар тек жаттап алатын догмаға айналдырылмай, тілдік тақырыптардың ішкі мазмұны лингвистикалық негізгі ерекшелігі танытыла түсіндірілуі тиіс. Сонда ғана оқушы «Сөзжасам» тарауы мен «Морфология» тарауының зерттеу объектісін, тілдік тараулардың алдында тұрған мақсат-міндетін терең ұғынады. Әр тарауға жүйеленген тілдік тақырыптардың өзіндік айырым, белгілерін салыстыра зерттей алады.

Жалпы бала есінің дамуы – мұғалімнің іскерлігіне, әсіресе, психологиялық дайындығына байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, пән мұғалімі есте қалдыру мен оны қайта жаңғыртудың заңдылықтарын жақсы білуі тиіс. Есте сақтау қабілетінің барлық түрін белсенді жұмыс істеткізу – түсіндірілген тақырыпты толық қабылдаудың негізгі шарты. Есту қабілеті арқылы балалар ақпараттың 20 пайызын, ал көру қабілеті арқылы 20-60 пайызға дейін қабылдай алады. Сондықтан да оқыту үдерісінде ауызша, көрнекілік, практикалық әдістерге де сүйенген жөн. Оқушыларға жаңа тақырыптарды түсіндіру

үстінде әрі көркем, әрі айшықты есте жақсы сақталатын мысал тақырыптарды қысқа да қызықты етіп қайталау кезінде, сөздік жұмыстарын жүргізуде көрнекілік әдісі негізге алынғаны абзал. Бірақ бұлар тек жалаң көрнекілік, жалаң схемалық қызмет қана атқарып қоймайды, тірек, сүйеніш белгілері (сигналдары) ретінде оқушы үшін ойлану мен дәлелдеудің алгоритмі болғаны абзал. Ал оқушының барлық ықыласы айтқанды есте сақтап, қайталап беруге емес, сабақтың ішкі мәнін ұғып, ойлануға, өзара байланыстардың себебі мен салдарын түсінуге бағытталады.

Сонда схема-көрнекілік әрі оқушылардың таным белсенділігінің даму деңгейіне негіз болады. Аталған оқыту әдістері оқушылардың белсенділігін көтеріп, сабақты түсіндіруде жай тыңдаудан бастап, зерттеу әдісі негізіндегі жеке ізденіске әкеледі. Әрі бұл әдіс жеке оқушының бейнесін, оның белсенділігін, өзіндік талпынысын, ойын, ой қорытуын, сол ойын дұрыс әрі шебер жеткізе алуын көрсетеді.

Осыған орай, сөзжасамдық тақырыптарды лингвистикалық негізін аша тереңдете, дамыта оқытумен байланысты оқушы тілін дамыту жұмыстарын жүргізуде творчестволық зерттеу, проблемалық әдістерді ұтымды қолдана алудың нәтижесінде оқушылар шағын әңгіме жазуға, өлең жолдарының ұйқасын таба білуге, әр түрлі амал-тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздің мағынасын түсініп, орынды қолдана білуге дағдыланады.

Әрі қазақ тілі сабақтарында оқылатын тілдік тұлғалар оқушылардың сөйлеу тәжірибесінде, шығармашылығы мен сөйлеу әрекетінде қолданылуға тиіс, сонда ғана тіл интеллект дамытудың қайнар көзіне айналады.

Осы ретте жеке пәндер әдістемесімен, жеке тілдік тақырыптарды оқыту әдістемесін нақтылап, ретке келтіруде психологияның алатын орны да ерекше. Ол мынадан көрінеді: әріде білім берудің мемлекеттік стандартын, типтік оқу жоспарын жасауда, қазақ тілін оқыту бағдарламасы мен қазақ тілі оқулықтарында оқу материалдарын іріктеуде сөзжасамдық тақырыптарды жүйелеп, соған сай күнтізбелік жоспар жасауда, тілдік тақырыптардың тілдік ерекшелігін ашатындай кешенді жаттығулар жүйесін жасауда да тақырыптардың, оны меңгеретін оқушылардың жас және психологиялық ерекшелігі ескеріледі. Әрі жекелеген сөзжасамдық тақырыптардың лингвистикалық негізін аша түсіндіруде оқушының қабылдай алу қабілеті, зейіні ескеріледі. Ал бұл мәселе Ү,ҮІ сыныптарда қазақ тілінің «Сөзжасам» тарауынан алған білімді оқушы күнделікті өмірде сауатты қолдана алуын, сөздің жасалуына қарай түрлерін бір-бірінен әрі морфологиялық тақырыптардан айыра зерттеуге ықпал жасайды. Сөзжасамдық тақырыптарды лингвистикалық негізін аша меңгертуде әрбір сабақтың мазмұн-мақсатына сәйкес оқыту әдістерін қолдануда да оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне ерекше мән берілді. Мысалы, Ү сынып оқушысының психологиялық ерекшелігіне сай әңгімелесу, проблемалық, ойын әдістерін қолдану, оқушылардың жалықпауын қадағалап, түрлендіріп отыру, т.б.

Ойын әдісі жөнінде М. Жұмабаев: «Баланың қиялы ойында жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойлағанда бала жанындағы әсерлермен пайдаланады», - дейді [3,94].

Профессор Р.Г.Лемберг оқыту әдістерінің танымға барар жолдағы бір-бірімен сабақтастығын айта келіп, олардың ішкі дидактикалық бірлігімен жеке ерекшеліктерінің байланысын көрсетеді. Әр әдістің психологиялық құрылымына да ерекше көңіл бөледі. Ол: «Әр таным құрамының, әр таным әдісінің өзіндік психологиялық құрылысы болады. Қайталап айтып беру әдісі, дұрысын айтсақ, тыңдау процесі адамда ойлау мен елестетудің белсенділігін көтереді, бірақ түйсіну мен сезінуге сүйене алмайды. Сонымен қатар сөйлеу қызметінің төмендеуіне әкеледі. Көрсету, байқау әдісі, керісінше, қабылдау мен түйсінудің жанды қызметіне негізделеді және нақты ойлауға сүйенеді. Бұл абстрактілі ойлаудың алғашқы баспалдағы ғана», - дейді [4, 98].

Оқушылардың сөздің жасалуына қарай түрлерін, қандай жаңа ұғым атауы пайда болғанын түсіну, қабылдау қабілеті бірдей емес, сондықтан оқытуда ең тиімді әдіс-тәсіл түрлерін қарастыра білу керек.

Ж. Аймауытов – тәлім-тәрбие оқу-ағарту мәселелері саласында көп еңбек еткен адам. Мәселен, ғалымның «Тәрбие жетекшісі» деген еңбегінде дидактика мен педагогикалық психология мәселелері, яғни, «Сабақты баланың ынтасына сүйеніп беру», «Белсенді сабақ жүзеге қалай шығады?» деген мәселелер сөз болады [5,9].

Ал психологияның кейбір жекелеген мәселелерін «Комплексті оқыту жолдары» атты еңбегінде сөз етеді. Онда оқудың түп қазығы – еңбек екендігін айта келіп, мұны шәкірт психологиясына орайластыра жеткізудің қажеттігіне баса назар аударады. Әрі ғалым өмірдегі сан алуан құбылыстарды, нәрселерді бір тақырып пен пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқыту комплексті оқыту деп аталатындығын айтады [6,52].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы, 2005. – 159 б.
- 2 Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. – Алматы: Білім, 2000.
- 3 Ушинский К.Д. Тандамалы педагогикалық шығармалары. – Москва, О.К.Б. 1945. – С.342–345. Избранное произведение. –Выпуск 2, М–Л, 2006. – 15 с.
- 4 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.– 160 б.
- 5 Лемберг Р.Г. Оқыту әдістері. – Алматы, 1958. – 205 с.
- 6 Аймауытов Ж. Тәрбие жетекшісі. – Орынбор: ГОСИЗДАТ, 1926. –186 б.
- 7 Аймауытов Ж. Комплексті оқыту жолдары. – Қызылорда: КАЗГОСИЗДАТ, 1929. – 29 б.

Данная статья посвящена вопросам значимости познания в формировании функциональной грамотности. Также рассматриваются связь познания с человеческими способностями как память, восприятие, запоминание. Изучаются вопросы взаимодействия науки гносеологии в процессе получения и развития образования. Определяются специфические особенности познавательной деятельности учащихся. Также отмечается, что функциональная грамотность является показателем познавательных способностей и продуктивной работы учащихся.

This article is devoted to the issues of learning importance in the formation of functional literacy. Knowledge contact with human abilities as memory, perception, memorization is also considered. The issues of interaction of the science of epistemology in the process of obtaining and developing education are studied. Specific features of cognitive activity of pupils are defined. It is also noted that functional literacy is an indicator of cognitive abilities and productive work of students.

УДК 381.43

Н.С. Жумагулова¹, А.А. Братаева², А.А. Володина³, Д.К.Кабжанова⁴

¹к.п.н, доцент, заведующий кафедрой иностранных языков и переводческого дела, Кокшетауский университета им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау, Республика Казахстан, e-mail: n_schum@inbox.ru

²аспирант ОМГА, старший преподаватель, Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау, Республика Казахстан

³магистрант Кокшетауского университета им. А.Мырзахметова, г. Кокшетау, Республика Казахстан, e-mail:anya.volodina.95@mail.ru

⁴магистрант Кокшетауского университета им. А.Мырзахметова, г. Кокшетау, Республика Казахстан, e-mail: danusya_k@list.ru

О РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ ОБРАЗОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье анализируются результаты Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, которая вступила сегодня в фазу завершения. В качестве источника информации используются отчеты, опубликованные на сайтах акиматов городов и районных центров. Достижение поставленных целей сопровождается решением ряда задач в языковом поле Казахстана, прежде всего сохранением русского языка как языка межнационального общения, изучением английского языка и других иностранных языков как языков международного общения, а также сохранением языкового многообразия.

Ключевые слова: государственная программа, развитие и функционирование языков, Казахстан, обучение языкам, государственный язык, языковое образование, акимат.

ВВЕДЕНИЕ

В современной системе образования Казахстана завершается становление новой парадигмы, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство. Обеспечение интеграции Казахстана в европейскую зону высшего образования идет через реформирование системы образования в школе и вузе, в том числе и иноязычного образования. В 2011 году в Казахстане были приняты две значимые государственные программы, которые были направлены на повышение качества образования на всех ступенях, а также особое внимание уделялось качественным изменениям в сфере языкового образования, а именно, изучения казахского языка как государственного, русского языка как языка межнационального общения и английского как языка международного общения. Это Государственная программа развития и функционирования языков и Государственная программа развития образования в Казахстане. В 2020 году завершается реализация комплекса мероприятий, которые были предусмотрены этими программами в плане обучения языкам и которые должны вывести казахстанское образование на новые позиции в мире.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Цель данной статьи состоит в анализе результатов реализации разработанной и принятой в 2011 году Государственной программы развития образования на 2011-2020 годы и Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, которые вступили в настоящее время в фазу завершения. Объектом нашего исследования является процесс обучения трем языкам: казахскому, русскому и английскому. Материалом для исследования является информация с сайтов акиматов некоторых областей Казахстана: Карагандинской, Мангистауской и Костанайской.

Как известно, реализация Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы проходит в три этапа: первый этап: 2011-2013 гг., второй этап - 2014-2016 гг., третий этап - 2017-2020 [1]. Цель Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы состоит, в первую очередь, в создании гармоничных условий для развития, укрепления позиций, расширения сфер использования государственного языка, увеличения количества граждан, владеющих государственным языком. В программе предполагается три направления, первое из которых - овладение государственным языком

гражданами Казахстана. Второе направление реализации программы состоит в популяризации и расширении сферы применения казахского языка, третье направление - это повышение уровня языковой культуры в обществе.

При этом предполагается и развитие языковых центров не только по обучению казахскому языку как государственному, но и русскому, английскому и языкам других этносов. Безусловно, главная задача была и остается - обучение как можно большего круга населения государственному языку, который является важным фактором укрепления национального единства при сохранении языков всех этносов Казахстана.

Особенность современного этапа в реализации языковой политики Казахстана состоит в том, что общество уже должно научиться общаться на трех языках - казахском, русском и английском языках. Согласно плану, к 2020 году предполагалось обучить казахскому языку 100% выпускников школ и 95% взрослого населения Казахстана благодаря совершенствованию и стандартизации методологии обучения иностранным языкам. Обучение казахскому языку осуществляется сегодня в аккредитованных центрах для взрослого населения и в школах республики, начиная с первого класса начальной школы. Результативность обучения казахскому языку постоянно повышается благодаря системе стимулирования и мониторингу процесса обучения

В Программе обозначено, что русским языком к 2020 году должны овладеть 90% взрослого населения республики, английским языком - 20% населения, уметь общаться на трех языках - до 15% населения республики. Итак, как видим, планы были поставлены грандиозные. Наша задача - выяснить, насколько полно и системно выполняются основные пункты программы.

Обратимся к информации, опубликованной на сайтах акиматов в различных областях Казахстана. Так, акимат города Шахтинска опубликовал «План мероприятий на 2017-2019 годы по реализации государственной программы развития и функционирования языков на 2011-2020 годы», утвержденный 6 марта 2017 года. В нем отмечается, что «одной из основных задач языковой политики является проведение работы по организации обучения государственному языку государственных служащих и граждан различных категорий». Отмечается, что в городе функционирует КГУ «Учебно-методический центр «Бастау», на базе которого «обучением государственному языку были охвачены в 2014 году -160 человек, в 2015 году - 140 человек, в 2016 году - 160 человек, в 2017 года обучились 160 человек.

В данном центре также созданы условия обучения и английскому языку. Так, английскому языку обучились в 2014 году - 72 слушателя, в 2015 году -72 человека, в 2016 году -79 человек, в 2017 году -79 человек. [3]

Таблица 1 - Реализация Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы в г. Шахтинске в период с 2014 по 2017 гг.

Название населенного пункта	Обучением каз. яз. охвачено	Обучением англ. языку охвачено
г. Шахтинск	2014 - 160 чел.	2014 - 72 чел.
	2015 - 140 чел.	2015 - 72 чел.
	2016 - 160 чел.	2016 - 79 чел.
	2017 - 160 чел.	2017 - 79 чел.

Акимат Мангистауской области сообщает, что «по результатам социального исследования НПО «Қолдау Қазақстан», проведенного в 2016 году по государственному - социальному заказу Управления, выявлено: доля населения, овладевшего государственным языком в области - 93,32%; доля населения, овладевшего русским языком - 47,38%; доля населения овладевшего английским языком - 7,7 %; доля взрослого населения овладевшего

тремя языками - 7 %. В 2015 году эти показатели составляли 93,02%; 45,67%; 5,69% соответственно.[4] Таким образом, очевидно, что работа в регионах проводится, есть определенные успехи.

Таблица 2 - Реализация Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы в Мангистауской области за 2016 год

Название населенного пункта/области	Овладели казахским языком	Овладели русским языком	Овладели английским языком	Доля взрослого населения, овладевшего тремя языками
Мангистауская область	93,32%	47,38%;	7,7 %;	7 %.

В Костанайской области функционировало 18 центров обучения казахскому и английскому языкам, действовали 17 этнокультурных центров. Казахоязычный контент на областном телеканале «Казахстан-Костанай» составил в 2014 году 72%.

Доля казахоязычного контента в государственных печатных средствах массовой информации (районные и городские) составила 50%. Все 18 центров обучения языкам являются государственными организациями. На их базе организованы бесплатные курсы по обучению казахскому языку. В 2014 году 1037 слушателей изучали английский язык.

Таблица 3 - Реализация Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы в Костанайской области за 2014 год

Название населенного пункта/области	Овладели казахским языком	Овладели русским языком	Овладели английским языком	Доля взрослого населения, овладевшего тремя языками
Костанайская область	60%	98%	12%.	11%.

Мониторинг был затруднен отсутствием информации за последние годы на многих сайтах акиматов. Вероятно, работа проводится в каждой области, исходя из имеющихся человеческих и материальных ресурсов, однако некоторые запланированные индикаторы не нашли отражения в отчетах вышеназванных акиматов. Кроме того, информация подается не систематично. По некоторым индикаторам мероприятия не планируются.

Итак, если сравнить полученные данные с планируемыми индикаторами, то мы видим, что только один индикатор выполнен - русским языком население республики владеет достаточно хорошо; индикаторы по казахскому и английскому языкам на данный момент не выполнены, однако следует отметить, что принятие Программы развития языков способствовало бурному росту интереса к изучению, прежде всего, английского языка. Создана сеть языковых центров по обучению английскому языку, растет количество студенческой молодежи, владеющей английским языком и участвующей в различных международных программах и проектах.

Большое значение для полномасштабной реализации Программы развития языков имеет, на наш взгляд, координация планов и действий преподавателей языков, создателей учебников и типовых программ по трем языкам, - казахскому, русскому и английскому. Так, например, в Германии был создан Объединенный Союз Современных Иностраных Языков на основе всех Союзов иностранных языков. Он объединяет Союз учителей испанского языка, Союз учителей английского языка, Союз учителей китайского языка,

Союз учителей немецкого языка, Союз учителей нидерландского языка, Союз учителей русского языка, Союз учителей французского языка, Союз учителей японского языка. В задачи Объединенного Союза входит сохранение данных языков в образовательном поле страны и Европы, взаимная координация учебных планов, обмен опытом, проведение конференций, стажировок преподавателей и т.д.

На наш взгляд, было бы своевременно и полезно создать аналогичный союз в Казахстане с тем, чтобы координировать содержание и методы обучения трем обязательным языкам, а также другим иностранным языкам, которым обучают в школе и вузе. У нас есть Союз учителей немецкого языка, Ассоциация учителей английского и русского языков. Преподавателями накоплен огромный опыт преподавания языков уже в условиях суверенного Казахстана. Следовало бы провести совместное обсуждение назревших проблем, обмен опытом на пользу общего дела - повышения качества преподавания иностранных и неродных языков в Казахстане.

Вторым важным документом является Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы, которая, как известно, реализуется в два этапа: первый этап: 2011 - 2015 годы, и он уже завершился. Второй, основной этап, также идет к завершению.

Эта программа направлена, в первую очередь, на создание условий для развития и обучения для молодежи всех социальных слоев и с различным интеллектуальным потенциалом. Предполагалось, что молодежь Казахстана сможет получить среднее и высшее образование, обеспечивающее успех в быстро меняющемся мире. В ходе реализации обеих Программы должны были создать для этого все условия и обеспечить их реализацию материальными и человеческими ресурсами. Так, например, в НИШ уже идет переход на 12-летнюю модель обучения, уже изменилось качество среднего образования, получаемого в этих школах, однако это лишь весьма незначительная часть школ от общего числа функционирующих в Казахстане. Все усилия сегодня должны быть направлены на преобразование всех школ в НИШ по уровню материальной обеспеченности и остальным показателям, только тогда мы сможем решить задачи индустриально-инновационного развития страны и личности и соответствовать лучшим мировым практикам в области образования. Опыт преподавания английского языка рекомендуется сегодня учителям всех школ Казахстана, однако в этой сфере есть масса нерешенных проблем: отсутствие Интернет-связи в сельской местности, отсутствие высококвалифицированных учителей, отсутствие специализированных, оснащенных современной техникой и программами классов для обучения казахскому, английскому, русскому и другим языкам и т.д.

Программа должна была способствовать повышению конкурентоспособности отечественного образования, развитию человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого экономического развития страны. Программа предусматривала обеспечение равного доступа молодежи к образовательным услугам; обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям и т.д. В ходе реализации Программы должны были быть созданы условия для развития и обучения молодежи всех социальных слоев и с различным интеллектуальным потенциалом. Предполагалось, что молодежь Казахстана сможет получить среднее и высшее образование, обеспечивающее успех в профессиональной сфере. Однако уже сегодня очевидно, что городская молодежь имеет больше шансов обучаться в гимназиях и лицеях, посещать дополнительно различные курсы у высококвалифицированных учителей-предметников и преподавателей вузов, чем сельская молодежь. Именно городская молодежь получает бюджетные места для обучения в университетах, поскольку гораздо лучше подготовлена к вступительным экзаменам, но следует отметить, что Программа способствовала тому, что казахстанские бизнесмены обратили внимание на эту проблему. Так, например, казахстанский бизнесмен Айдын Рахимбаев инициировал создание новой образовательной программы для сельской молодежи

и призвал других бизнесменов, выходцев из сел и регионов, присоединиться к проекту. Он предлагает проводить предметные олимпиады для учащихся 9 класса, выявлять лучших и готовить их для поступления в ведущие вузы страны и зарубежные вузы, поскольку «госгранты выделяются, но в целом по стране пропорция поступления сельских выпускников на грант в лучшие топ - вузы РК составляет около 1,5%, Назарбаев Университет - 0%, а по программе «Болашак» - 1-2.»[5]

ВЫВОДЫ

Итак, в результате нашего исследования мы пришли к выводу, что принятие долгосрочных государственных программ в области развития образования и языков в Республике Казахстан в целом способствовало привлечению внимания общества к назревшим проблемам в этих сферах, позволило обозначить эти проблемы и наметить пути их решения. В обществе значительно повысился интерес к изучению трех значимых для гражданина Казахстана языков, возросло количество граждан, владеющих тремя языками, значительно обновилась материально-техническая база школ: появились специализированные кабинеты, учебные пособия нового поколения и т.д. Однако стали очевидными на завершающем этапе и некоторые проблемы, требующие своего решения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы
3. Информация по реализации «Государственной программы функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы»// http://shahtinsk.gov.kz/ru/prog_5_realiz/
4. О ходе реализации Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы в Мангистауской области// <https://mangystau.gov.kz/ru/page/view/4457>

Мақалада бүгінгі таңда аяқталу кезеңіне енген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нәтижелері талданады. Ақпарат көзі ретінде қала және облыс орталықтары әкімдіктерінің сайттарында жарияланған есептер қолданылады. Қойылған мақсаттарға жету Қазақстанның тіл саласындағы бірқатар мәселелерді шешумен қатар, бірінші кезекте орыс тілін халықаралық қатынас тілі ретінде сақтау, ағылшын және басқа да шет тілдерін халықаралық қатынас тілі ретінде үйрену, сонымен қатар тілдік әртүрлілікті сақтау болып табылады.

The article analyzes the results of the State Program for the Development and Functioning of Languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, which has entered the completion phase today. As a source of information, reports published on the websites of akimats of cities and regional centers are used. The achievement of the goals is accompanied by the solution of a number of problems in the language field of Kazakhstan, primarily the preservation of the Russian language as the language of international communication, the study of English and other foreign languages as the languages of international communication, as well as the preservation of linguistic diversity.

УДК 37.06

N.S. Zhumagulova¹, Astafyeva A.A.²^{1,2} A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

TRILINGUAL PHENOMENON IN KAZAKHSTAN SOCIETY

This article is focused on the analysis of implementation of the “Trinity of languages” project. The goal of the project is a mass acquisition of three languages by young people: Kazakh, Russian and English. The idea of such trinity is dictated by vital necessity. Knowledge of English is a mandatory requirement for business and business communication anywhere in the world. It is a window into the global world with its flow of information and innovation. Proposed trinity of languages in the conditions of multinational Kazakhstan is a significant factor in strengthening social harmony. However, it should be emphasized that the priority development of three languages does not mean that other languages of peoples of Kazakhstan are overlooked. The European Commission as well as Kazakhstan conducts a very active language policy focusing on diversity. For successful career in business it’s necessary to know one of the international languages, particularly European ones: English, German or French.

Key words: trinity of languages, multinational Kazakhstan, knowledge of English, successful career, business communication, trilingual as a modern socio-cultural phenomenon, the educational system of school and university.

INTRODUCTION

In the modern world it isn’t enough to know only two languages due to the development of international relations, establishing international contacts between countries and peoples, and globalization of educational process.

Nowadays, for successful career it’s necessary to know at least one of the international languages, particularly European ones: English, German or French.

The trilingual idea (i.e. learning three languages: Kazakh, Russian and English by citizens of Kazakhstan) was first mentioned by the President of the Republic of Kazakhstan at the XII Session of the Assembly of the People of Kazakhstan in October 2006. N.A. Nazarbaev suggested starting a staged implementation of the cultural project “Trinity of Languages” in his message “New Kazakhstan in the new world” in 2007: “Kazakhstan should be accepted in the whole world as a highly educated country, where people speak three languages. These languages are: Kazakh as an official language, Russian is a language of international communication, and English as a language of a successful integration into the global economy” [1].

The trilingual idea arose not only as a new format of language policy, but it was worked out due to a vital necessity. Kazakhstan, has been committing to three languages acquisition by citizens, proceeds from current realities - trinity of languages will be an evidence of competitiveness of the country. Today English language proficiency opens a door to the global world with its information flow and innovations. English language acquisition gives us an opportunity to study abroad at the world - best universities and to gain practical experience in advanced countries. English language proficiency is a mandatory requirement for business and business communication in any part of the world. Hence, citizens who are fluent in several languages will be competitive not only on the territory of our country but also abroad.

Mikhailchenko V.Y. defines trilingual as «a functioning of three languages within a territorial community (country, region, city, village), and also as a proficiency in three languages by the individual in its communicative needs» [2]. Accession to the Bologna process played a significant role in trilingual development in Kazakhstan. According to the principals of Bologna Declaration, multilingual education system should be implemented in Kazakhstan. It means that three languages (Kazakh, Russian and English) should be used equally. The aim of Bologna process is creation of strong, competitive education system in the world. Demand of acquisition of Kazakh, Russian and

English languages makes a basis for trilingual formation. However, in lingual planning, it is necessary to consider the fact, that bilingualism in the Republic of Kazakhstan is a natural process that takes place among the entire population of the republic, regardless of age and nationality. And trilingual is a regulated and formed “top-down” process.

M.S. Filimonova and D.A. Krylov notice that, generally, trilingual as a modern socio-cultural phenomenon develops under the influence of the following factors: strengthening the role of a socio-cultural component; creation of a common educational area; need for multilingual education; development of the global information space [3].

Thus, the essence of a transition from “bilingual” to “trilingual” is that every person should be inspired by the idea of three languages acquisition. And the educational system of school and university should create real conditions for that. The ultimate goal is to contribute to a jump of the economy of Kazakhstan, ensuring its competitiveness and successful entry into the global space.

There are different opinions on the issue in the country. Well-known political scientist, deputy of the Majilis of the Parliament, member of the Council of the Assembly of People of Kazakhstan V. Vishnichenko considers that Kazakh language development has «a paramount importance as an official language, since it is the guarantor of independence, the premise for the decent development of the nation. Russian language was and remains in perspective a language of international communication. Moreover, it is understandable to the overwhelming majority of the citizens and is widespread in all spheres. While English language acquisition will help us better integrate into the international economic and educational space. Development and functioning of three languages in the country opens up broad prospects for the development of our society» [1].

Great Abay encouraged Kazakh people to learn the Russian language, intuitively understanding that through the Russian language and the Russian culture, people could join the world culture. In the XXI century society faced new challenges: remaining true to one’s own origin, developing native language and culture, people of Kazakhstan should be integrated into the dynamic global processes of the technological and humanitarian plan.

MAIN PART

Proposed trinity of languages in the conditions of multinational Kazakhstan is a significant factor in strengthening social harmony. However, it should be emphasized that the priority development of three languages does not mean that other languages of peoples of Kazakhstan are overlooked. The Head of the State has repeatedly noted that the languages of other nations “have not become and will never be stepchildren in our country. We will continue to adopt a policy of preserving and reviving the national languages and cultures of our ethnic groups” [4].

Let’s look back at history of multilingual implementation in other countries. To begin with, the introduction of multilingual education in Southern Africa today is still critical where the language of instruction in educational institutions that discriminated against native language of students [5]. According to the author, this discrimination is still practiced in schools. One of the main arguments against multilingual education in Southern Africa is that bilingual and multilingual education, in her opinion, is too expensive, and there is only one way out: to use only one language - English. In the USA, for example, critics of bilingual and multilingual education are generally political conservatives [6]. In his opinion, there is a problem of various understandings of this phenomenon in different communities. Besides, as critics confirm, in this connection there is no common opinion concerning which multilingual/ polylingual education is the most successful [5].

On the contrary, other researchers (Cenoz and Jessner, 2000; De Bot, Lowie and Verspoor, 2007; Muller and Beardsmore, 2004; Vez, 2009; Ziegler, 2013) support the promotion of multilingual education. In their opinion, multilingual education for majority language students is effective in promoting functional proficiency in a second, and even third or fourth, language at no cost to the participating students’ native language development or academic achievement. There is often a positive correlation between the amount of exposure to the additional languages in multilingual programs and level of multilingual proficiency, but not always [7; 8].

For example, in Finland the education is provided in both the Finnish and Swedish languages at all levels, and Swedish and Finnish are required subjects at schools, thus almost all Swedish speakers are bilingual and many Finns have a good command of Swedish. Both languages, as well as a number of other smaller languages are all regulated by the Research Institute for the Languages of Finland. Moreover, despite the small number of speakers (approximately 5.5%), the Swedish language enjoys high status and governmental support. The development of the languages and their statuses were similar to those of Kazakh and Russian. Before Finland became independent, Swedish and Finnish were both official, after independence of Finnish came to dominate [9]. However, the Swedish speakers are a small community, and they are Swedish-speaking Finns, not Swedes. In this way, they do not have such a strong emotional attachment to the language as they would if they were Swedes. This was also a reason why the elite was willing to learn Finnish when the country became independent [9, p. 187-188] and thus the language policy had been successful.

It should be noted that the European Commission as well as Kazakhstan conducts a very active language policy focusing on diversity. Regarding their language education, every EU citizen should be able to use three community languages (after completion of secondary school); community language learning should be developed 'as early as possible'; a better quality of language and intercultural learning must be improved, and a more balanced language ecology should be promoted; increasing language competence increases mobility and also gives better possibilities for seeking jobs in different EU member states.

An investigation was conducted at Almaty universities, as the result of which was set that 55.5% students from KazATC and 60% from KazNU are fluent in Kazakh; 60% students from KazATC, 60% from KazNU and 77.7 % 11th grade pupils from the № 141 middle school in Almaty are fluent in Russian. The situation with foreign language is as follows: 20% students from KazATC and 25.5% students from KazNU, who graduated from the Russian school - think that they are able to communicate.

10% of interviewed graduates from Kazakh schools can speak foreign language. This number is higher by the pupils from the № 141 middle school in Almaty - 25% of pupils can communicate in foreign language (mostly - English; less often - Turkish); for 80% of interviewed students and 75% pupils it is complicated to communicate in foreign language. We introduce the results in Table 6:

Table 1. - Languages at the schools and universities in Almaty

The name of the university	Kazakh language proficiency	Russian language proficiency	Able to communicate on the foreign language
KazATC named after M. Tynyshpaev	55.5%	60 %	20%
KazNU named after Al- Farabi	60%	60 %	25.5 %
Pupils of 11 th grades Middle School № 141 in Almaty (Kazakhs).	-	77.7 %	25 %
Graduates with Kazakh language teaching	-	-	10%

Note: [developed by the author]

Below are the results of our study, conducted among the 1-3 year students from the non-language specialties at Kokshetau Abai Myrzakhmetov University, which allowed us finding out the level of knowing of the English language, also the level of knowing the Kazakh language among the students, where language of teaching is Russian. All the respondents know Russian. 403 students took part in the investigation, 257 students with Russian language of teaching and 146 students with State language of teaching.

Table 2. - Knowledge of languages (trilingual) at A. Myrzakhmetov Kokshetau University (non-language specialties), language of teaching is Russian

Year	The number of respondents	Knowledge of Kazakh	Knowledge of English	Knowledge of Russian
First year students	204 people	63 people -30.8%	44 people -21.5%	100%
Second year students	25 people	9 people-36%	5 people -20%	100%
Third year students	28 people	11 people -39%	8 people -28.5%	100%

Note: [developed by the author]

Table 3. - Knowledge of languages (trilingual) at Kokshetau Abai Myrzakhmetov University (non-language specialties), language of teaching is Kazakh

Year	The number of respondents	Knowledge of Kazakh	Knowledge of English	Knowledge of Russian
First year students	123 people	100%	29 people -23.5%	100%
Second year students	23 people	100%	7 people -30.46%	100%

Note: [developed by the author]

By knowing English, we mean a Pre-intermediate (A2) level of CEFR: *I understand single phrases and the most commonly used words in expressions, relating to the important subjects for me (for example, the main information about myself and my family, shopping, about the place, where I live, about my work). I understand what this is about in easy, clear and small messages and advertisements. I understand very small and easy texts. I can keep a very brief conversation about daily themes, but understand not enough to do the talking by myself.*

Result analysis allowed finding out the number of students, who know three languages at different levels: we consider the results of knowing the English language as the criterion of trilingual.

Table 4. - The number of students at Kokshetau Abai Myrzakhmetov University, knowing three languages (Kazakh, Russian, English), non-language specialties

Year	Kazakh language teaching	Russian language teaching	Result
First year students	29 people	44 people	73 people
Second year students	7 people	5 people	12 people
Third year students	Didn't participate	8 people	8 people

Note: [developed by the author]

These students present the linguistic identity of a new Kazakhstani space, where the linguistic identity, “is growing” in the updated academic discourse. They present Eurasian linguistic identity and Eurasian linguistic awareness, whose social and speech behavior is determined by cultures of language societies [10].

In order to clarify the attitude of the population of the Republic of Kazakhstan toward the trilingual program, we conducted an independent Internet voting. The results showed that, from 404 people who took part in the Internet survey, 36% considered trilingual program as one of the most absurd reforms.

A questionnaire was filled in anonymously, only age, nationality, occupation, native language and degree of its proficiency were indicated.

The questionnaire presented the following questions:

1. Is your school level of Kazakh language is sufficient for studying at a higher educational institution in a trilingual education program? (understanding of lectures in Kazakh language, answers during the seminars).

2. Is your school level of English language is sufficient for studying at a higher educational institution in a trilingual education program? (understanding of the lectures in English language, answers during the seminars).

3. Do you agree that knowledge of three languages (Kazakh, Russian and English) contributes to the personal and professional self-realization of a graduate of a Kazakhstan university?

4. Do you agree that your future professional success greatly depends on knowledge of three languages (Kazakh, Russian and English)?

5. Are you ready to study under the trilingual education program, where all the disciplines will be taught in three languages (Kazakh, Russian and English)?

6. What do you think about trilingual implementation in schools?

7. What do you think about trilingual implementation in universities for non-linguistic faculties?

8. Do you think that the expected results of the trilingual state program will be confirmed by 2019:

— Will the professional competence of Kazakh, Russian and English teachers increase?

— Will school graduates be able to communicate orally and in written form in English?

— Will schools switch to planned trilingual education in various school subjects such as: physics, chemistry, computer science, geography, biology, history, etc.)?

— Will secondary school graduates in 2019 be able to pass international English language exams to continue their studying at leading Kazakh and foreign universities (Kazakh-British University, Kazakh-German University, KIMEP, Nazarbayev University)?

9. How do you assess your own level of readiness for oral and written communication in Kazakh? (from 1 to 5)

10. How do you assess your own level of readiness for oral and written communication in English? (from 1 to 5)

11. What kind of tasks and activities would you recommend for English and Kazakh teachers to use in their lessons for you to be taught to communicate both in oral and written forms in these languages? (to write a letter, reply to a letter (personal and business), communicate on professional topics, listen to and understand lectures of foreign teachers, etc.)

The following answers were received from people of different age groups to the questions requiring a detailed answer:

— Children will be able to cope. Teachers are in question.

— In general, this is a good idea. Once, many Turkic scholars knew several languages. Arabic and Persian.

— Very negative. It's like biting three apples one at a time and throwing it away. We will get a generation of idiots who cannot express their thoughts and think clearly in any language.

— I think that there should be only one main language in Kazakhstan, it's Kazakh, and English we may learn for scientific purpose.

— I studied in Kazakh and English and speak Russian. I see only advantages.

— If there is a quality education, then trilingual is, of course, the right decision.

— There will definitely be no harm from this. This implementation will help open up new and effective opportunities in the future. But firstly, it should be introduced gradually, without forgetting about our native language. And remaining an independent country. Everyone chooses the language in which it is easier for him\her to express thoughts.

— I am for it. This program does not say that half the classes will be in one language and half will be in another. And then a couple of subjects in one language, a couple in another. It is good that our children from the first grade will be trained. Because if you study with a child from an early age, when he grows up, he will be competitive in everything (the author's style has been preserved).

— According to the study, the following conclusions can be drawn:

— 66% of respondents spoke positively about the implementation of trilingual in schools and universities.

— Students are more positive about trilingual implementation than working people and senior citizens.

— At present, the older generation do not use trilingual in their speech, since for them the English language does not represent any perspective in the near future.

— Middle-aged people (30–45 years old), whose professional activity is directly related to communication, due to the demand for knowledge of Kazakh, Russian and English languages, have a positive attitude to this phenomenon.

— In contrast, most of the representatives of the young generation, as practice shows, do not speak the official (Kazakh) language and at the same time speak, write and understand Russian and English, prefer to learn English, considering it more promising and most in demand.

Based on the survey results, it is possible to say that the transition from bilingual to multilingual has begun in the educational system (so far in the form of trilingual).

The Head of the State Nazarbayev N.A. in his message to people of Kazakhstan (of January 28, 2011) noted that according to the results of program implementation, proportion of adults who are proficient in official language should be 20% by 2014, 80% by 2017 and 95% by 2010. Proportion of people who are proficient in Russian language will be no less than 90% by 2020. Proportion of citizens of the Republic knowing English will be 10% in 2014, 15% in 2017 and 20% in 2020. Proportion of people proficient in three languages (Kazakh, Russian and English) will be 10% by 2014, 12% by 2017 and up to 15% by 2020 [1]. However, 34% of interviewed gave a negative answer on this question, therefore the hope for a quick resolution of the question is hardly justified. 80% of respondents are fluent in Russian and give it preference in all spheres of their life. The percentage of speaking the official language is 65%.

The proposed trinity of languages is a significant factor in strengthening social harmony in the conditions of multinational Kazakhstan.

Thus, in language planning, it is necessary to take into account the fact that bilingual in the Republic of Kazakhstan is a natural phenomenon for the entire population of different ages, representatives of different nationalities, and trilingual is accompanied by language changes imposed “from above”.

REFERENCES

1. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people “New Kazakhstan in the new world” (February 28, 2007) // Messages from the leader of the nation to the people / comp. G.T. Tanibergenova, K.T. Kallakhanov, R.Zh. Alimbekov. - Astana: Kultegin, 2008. - P.237 – 280.

2. Dictionary of sociolinguistic terms / V. A. Kozhemyakina, N. G. Kolesnik, T. B. Kryuchkova; rep. ed. V. Yu. Mikhalchenko. - M.: Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences, 2006. - 312 p.

1. Filimonova MS, Krylov D.A. Bilingualism as a trend of language development of modern society. - FGBOU VPO "Mari State University", rep. Mari-El, Yoshkar-Ola, 2012.

2. Nazarbayev N.A. Tolerance as a factor of peace // Kazakhstanskaya Pravda. - 2006. - June 13th. - No. 147. - C.I.Heugh K., Skutnabb-Kangas T. Multilingual education works: From the periphery to the centre. - Orient Blackswan, 2010.

3. Genesee F. Handbook of bilingualism and multiculturalism. - 2004. - p. 547 - 576.

4. Cenoz J., Jessner U. (ed.). English in Europe: The acquisition of a third language. - Multilingual Matters, 2000. - Vol. 19. Genesee F. What do we know about bilingual education for majority language students // Handbook of bilingualism and multiculturalism. - 2004. - С. 547 - 576.

5. Cenoz J., Jessner U. (ed.). English in Europe: The acquisition of a third language. - Multilingual Matters, 2000. - Т. 19.

6. Muller A., Beardsmore H. B. Multilingual interaction in plurilingual classes - European school practice // International Journal of Bilingual Education and Bilingualism. - 2004. - Т. 7. - №. 1. - С. 24-42.

7. Buchberger, Irina. *A Multilingual Ideology in a Monolingual Country: Language Education in Finland*. CAUCE, 25, 2002. - P. 185-202.

8. Zhumagulova N.S. Eurasian linguistic personality: monograph / Zhumagulova N.S. - Kokshetau: RIO KU Publishing House A. Myrzakhmetova, 2017. - 112 p.

Н.С. Жумагулова¹, А.А. Астафьева²

Қазақстанда үш тілдік құбылыс

^{1,2} А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті,
Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі әлемдегі үштілділік кез келген дамыған қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Ол халықаралық кеңістікке ықпалдасуға көмектеседі. Бұл бағытты таңдап, мемлекет азаматтарға кең мүмкіндіктер береді. Бүкіл әлемде бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие маман болу мүмкіндігі бар. Кез-келген жаңашылдық сияқты бұл бағдарламаның өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар, бірақ бұл феноменнің саналы көзқарасы мен түсінігі ғана іске қосылған бағдарламаға бірқалыпты ықпал етуге және алға қойылған мақсаттар мен жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Н.С. Жумагулова¹, А.А. Астафьева²

Феномен трехязычия в казахстанском обществе

^{1,2} Кокшетауский университета им. А. Мырзахметова,
г. Кокшетау, Республика Казахстан

Трехязычие в современном мире является неотъемлемой частью любого развитого общества. Оно помогает интегрировать в международное пространство. Выбрав это направление, государство дает гражданам широкие возможности. Возможность быть конкурентоспособным, востребованным специалистом во всем мире. Как и любое нововведение данная программа имеет свои плюсы и минусы, но только осознанный подход и понимание этого феномена поможет плавно влиться в уже запущенную программу и добиться поставленных целей и высоких результатов.

ӘОЖ 37.013

Г.Ж. Искакова¹, А.А.Букаева²

¹ Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, п.п.ф.м., аға оқытушы, e-mail: g.ristina@mail.ru

² Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, ф.ғ.м., аға оқытушы, e-mail: anar-bukaeva@mail.ru

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМ

Мақалада жеріміздің ұланғайыр кеңдігімен, мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен гасырлар бойы қалыптасқан дархан, жомарттық, адамға деген мейірімділік пен

өнерпаздық, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған асқан қонақжайлылық, жойқын соғыс пен қуғын-сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу болашақ ұстаздардың міндеті екендігі айтылады. Қазақ халқы ескі заманнан өзінің қадір-қасиеттерін қызғыштай қорғап, көздің қарашығындай сақтап, өз ұрпағын ауыздандырып келген ел. Сондықтан да қазіргі ұрпақ осынау ұлттық қасиеттерімізді ерекше қастерлеп, мақтан тұтып, жас ұрпақ осы рухта тәрбиеленулері керек. Жас ұрпақты тәрбиелеу барысында өз гасырынан озып туған зұлама, ұлы ұстаз, ақын, философ, әдебиетші, тарихшы Мағжан Жұмабаевтың еңбектерін басшылыққа алу керектігі туралы айтылады.

Тірек сөздер: ұлттық мәдениет, рухани дүние, әдістемелік бағыт, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтар.

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары қоғамымыздағы жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жаңғырулар нәтижесі тәуелсіз Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие саласының жұмыс мазмұнына жаңаша бағыт-бағдар беріп отыр. Жас ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздар қауымына жүктелетін міндеттерді ел Президенті өзінің Қазақстан халқына жолдауында, ҚР «Білім туралы» заңында, «Мәдени-этностық білім беру» тұжырымдамаларында айқындап берді.

Қазіргі жас ұрпаққа тәуелсіздікке дейінгі күрделі күрес жолының өткен тарихын таныту міндеті қойылып, этнопедагогика мен ұлттық психологияға қатысты халықтық ой-танымдарды ғылыми теориялық бағытта қайта жаңғыртуға жедел бетбұрыстар жасалынуы Қазақстандық психология ғылымының алдына жаңаша міндеттер қойып отыр. Халқымыздың рухани дүниесін, ұлттық мәдениеті мен психологиясының тарихын терең зерделеп, ғылыми сараптау кезек күттірмейтін келелі іс болып табылады.

Тұңғыш Елбасының қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасында да халық тарихын қалпына келтіру, өткен тарихымыздың тағылымдық тұжырымдарын қайта жаңғырту жас ұрпақтың бойына шынайы отаншылдық сезімді дамытудың жолы ретінде тұжырымдалады.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тағылымдық, өнегелік мұраларының күні бүгінге дейінгі мұраларын анықтап, ұрпақ тәрбиесінде пайдаға жарату міндеті тұр. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бергі - ұлттық жантану ғылымының саласында да жаңаша сараптауларды қажет етеді.

Қазақ психологиясының даму тарихы мен өзіндік сипатын зерделеген ғалым Қ.Б.Жарықбаев ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер төркінін ұлттық салт-дәстүрден Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді қарастыра отырып, этнопедагогика мен қазақ психологиясының ғылыми-теориялық дәрежеге көтерілмеу себептерін ашады. Ол себептер: біріншіден, Қазақстанда қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың сан-салалы тараулары бір-бірінен дараланып, бөлініп, олардың ғылыми атаулары қалыптаса қоймағандығын, екіншіден, әр ғылымның жекелеген ерекшеліктерін мұқият зерттейтін маман ғылымдардың тапшылығы, үшіншіден, ғылым салаларын өрістетерлік ғылыми-техникалық материалдық базасының жоқтығы себеп болғандығын атайды.

Егеменді еліміздің бүгінгі жаңаша сипаттағы даму үрдісіне сәйкес, тарих қойнауында қалып қойған тарихи тұлғалардың тәлім-тәрбие туралы ойларын тану мақсатында ХХ ғасыр басындағы қазақтың рухани ой-әлеміндегі, көрнекті тұлға М.Жұмабаевтың психологиялық және тәрбиелік мұраларын арнайы қарастыру осындай заман талабынан туындап отыр.

ХХ ғасыр басындағы саяси қысым қазақ ұлтының қалыпты дамуына кедергі жасап, сырттан танылған жат психология қыспағында ұстады. Ол кеңестік идеологиядағы аз ұлттың табиғи дамуын тежеу саясатымен ұласты. Осы саясаттың зардабын бір ғасыр бұрын М. Жұмабаев секілді дара тұлғалар алдын ала көре білді және халықты сақтап қалудың бірден-бір жолы заман талабына төтеп беретін жаңаша сипатты ұлт өкілдерін, жас ұрпақты тәрбиелеу жолдарын ұсынды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

М. Жұмабаевтың тұлғалық даралығы интеллектілік, эмоциялық, еріктік сфералардың тұтастай психологиялық ой-пікірлердің барлық саласында танылды. Ол басқалардың көрмейтінін көре, сезе білетін қабілетінен, жаңалықтарды қабылдау, өңдеу ерекшелігінен және оны шеше білудің даралығынан көрінеді.

Мағжан өзінің өткен өмір жолындағы қоғамдық жағдайлардың бәріне сын көзбен қарап, өзін өзі анықтауға, өзінің идеяларын жүзеге асырып қоғам үшін құнды тұлғаға айналады. А.Н.Леонтьев тұжырымдамасындағы «тұлғаның жүйелі қасиеттерге ие болуға, танымдық қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерінің дамып жетілуі, сыртқы ортамен әрекеттестігі жағдайында жүзеге асады» - деген тұжырымдарын Мағжан тұлғасын тану арқылы көз жеткізуге болады. Ғалым ұстанған тұжырымның мазмұны бойынша этномәдени сәйкестіліктің дұрыс қалыптасуы тұлғаның өзін-өзі тануына, жеке даралық қасиеттерінің ашылып, көрінуіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық механизм болып табылады.

М.Жұмабаев мұраларын педагогикалық, психологиялық деңгейде сараптау - этнопедагогика мен қазақ психологиясының тұтастығы мен сабақтастығын айқындап, тарихи даму жолын қалпына келтірудің негізгі көзі болып есептеледі. Сондықтан да М.Жұмабаев мұраларын бүгінгі тәлім-тәрбиелік мақсатта пайдалану қажеттілігі туындап отыр.

Ғалым О.Л. Рубинштейн адамның белсенділігін сыртқы орта әсерімен оның ішкі жан дүниесінің өзара әрекеттестігі нәтижесінде қарастырса, ал ғалым С.М.Жақыповтың «адамның өмірде сәтті әрекеттесуі қоғамда болып жатқан жаңалықтарға, өзгерістерге бейімделгіштік қасиетімен байланысты» - деп тұжырымдағанындай, Мағжан тұлғасының даралығы ұлттық төл тума даму жолын әлемдік дамудың ағымынан ажырата алды және дүниежүзілік өркениеттің оң ықпалын таңдап, талғап қабылдап, ұлт қажетіне жарата білді.

Саяси құрсаудың қамытын халқына кигізбеудің амал-әдісін қарастырып, ел болып халық сипатын сақтап қалудың жолы ретінде ұлтын сүйген білімді, парасатты тұлғалар тәрбиелеуді басты мақсат ретінде ұсынды. Тәрбиенің алғашқы бастаулары - отбасы, мектеп, оқулық деп танып, олардың ұлттық сипатының басымдығына назар аударды. Осы жолмен жалпы адамды сүйетін, заман өзгерістерінде жұтылып кетпейтін дара тұлғалар тәрбиелеп шығаруға болатындығын тұжырымдады.

Европа, орыс мәдениетімен жетік таныс болған Мағжан кез келген өзгенің әсерін (мейлі тәрбие де, әдебиет те болсын) қабылдамас бұрын қазақтың төлтума тарихы мен мәдениетін меңгеру керек деген тұғырнама ұсынды. Ғалымның осы ой-пікірлерінің ғылыми мәнін ашып, бүгінгі жаһандану кезеңіндегі ұлттық тәлім-тәрбие психологиясына енгізу өзекті мәселе болып табылады.

Мағжан - қазақтың ұлы педагогы дей отыра, оның еңбектері колледж, жоо-дағы педагогикалық мамандықтарда оқитын білім алушылардың педагогика, психология пәндерін оқыту бойынша типтік оқу бағдарламаларына енгізілмеуі, енгізілсе, аз сағат берілуі - ойлантарлық мәселе. Қазіргі жастар батыстың менталитетін қабылдап, қазақы мінезден ажырап бара жатыр. Сол себепті болашақ жастарды тәрбиелеуде ұлттық педагогиканың мәртебесін көтеру, жоо-ның білім беру стандарттары мен колледждердің типтік оқу бағдарламаларына М.Жұмабаевтың мұраларын енгізіп, оның "Педагогикасын" жан-жақты меңгеру қажеттілігі туып отыр деген ойдамыз.

М. Жұмабаев өз ғасырынан озып туған ғұлама адам. Ол ұлы ұстаз, ақын, философ, әдебиетші, тарихшы. Оны оқып, зерттеу бүгінгі ғалымдар мен ізденушілер үлесіне тиесілі болмақ. Мағжанның әділ бағасын беру, бүгінгі ұрпақ үлесіне тиісті. М.Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіншектерді тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне, Отанға, ел-жұртқа деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз. Тағдыры тәлкекке түсіп, қасірет пен қайғы шырмауынан шыға алмай, қатыгез заманның құрбаны болған осынау аяулы жан, әлі де болса, қоғамнан өз бағасын толық алған жоқ.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері М.Жұмабаевтың әдеби, педагогикалық мұралары біршама зерттелгенін айтқан жөн. Ал, біз оның тәлімгерлік ой-пікірлерінің педагогикалық негіздеріне назар аударуды жөн көрдік. Мағжан қазақ мектебіндегі бала тәрбиесі мен білім беру ісін ғылыми жолға қою үшін мұғалім даярлау ісіне белсене араласып, мұғалімдерге арналған "Педагогика" және басқа да оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарын жазды. М.Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбектерінің бірі "Сауатты бол" кітабы. Кітап, 1926 жылы, кейіннен 1929 жылы 50 мың дана болып, Мәскеуде басып шығарылды. Оқулық негізінен ересектерге арналып жазылған болса да, сол кездегі қазақ мектептері үшін таптырмайтын оқу құралы болды. Елдегі сауатсыздықты жою науқанына белсене араласқан М.Жұмабаев оқулықты қарапайым тілмен, суреттермен әр түрлі сызбаларды қолдана отырып жазған. Өзінің айтуы бойынша "оңайдан қиынға қарай үйрету" әдісін қолданған. Сонымен қатар оқулықтағы мақалалар мен өлеңдер оқушылар үшін жеңіл, жаттап айтуға оңай болуын естен шығармаған. Жалпы бұл кітап туралы сол кезде алғашқы сын айтушы молдағали Жолдыбаев: "Не дегенмен, кітаптың шығуы аса пайдалы. Ахметтің "Сауат ашқыш" , "Әліпбилеріне" қосымша саяси сауат ашатын орындардың бұл кітапты алдырулары керек-ақ"- дейді. Осыған орай айта кететін бір ой, қазіргі кезеңде мектептер үшін оқулықтар жазу ісімен көптеген адамдар айналысуда. Өкініштісі сол оқулықтардың біразы қойылатын талаптарға жауап бере бермейді. Оқушының қабылдау, ойлау қабілетімен психологиялық қасиеттері ескерілмейді. Кезінде осы мәселе туралы М.Жұмабаев өзінің "Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз" деген әдістемелік бағытта жазылған мақаласында: "Жазылашақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті" - деп болашақ оқулықтың өмір талабына сай болуын ескертеді. М.Жұмабаевтың бұл ескертпесі бүгінгі күн үшін де өзекті екендігі бәрімізге мәлім.

Шын мәнінде де, жақсы оқулық оқушының сабаққа деген қызығушылығын тудыра отырып, оны тәрбиелейді де. Тәрбие мәселесіне байланысты М.Жұмабаевтың жазған еңбектерінің бірі - "Бала тәрбиелеу жолдары". Бұл әдістемелік еңбектің құндылығы - жас өспірім сәбиден бастап, ер жеткен бала мен бой жеткен қызды ұлттық негізде тәрбиелей отырып, ұлы адами қасиеттерді бала бойына қалай қалыптастыру керек екендігін көрсетеді. Сонымен қатар бала тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасындағы тәрбиеге байланысты. Осы орайда Мағжан Жұмабаев баланың маңайындағы адамдар да тәртіпті, тәрбиелі болуы, баланың көзінше бөтен сөз айтпау, сұлу сезімдерді көрсете білуі керектігін ескертеді. Бала тәрбиелеудің жолы әр алуан екендігін көрсете отырып, М.Жұмабаев халық педагогикасының құнды жақтарын алуды меңзейді. Баланың ойыны, тілінің дамуы үшін пайдалы екендігіне назар аударады. Баланың түзу, сау, ойлау қабілетінің жақсы дамуы үшін де оның күн тәртібіне, тамақ ішуіне ерекше көңіл бөліп, назар аударып отыру қажет екендігін ескертеді. Еңбек, ақыл-ой, эстетикалық тағы басқа тәрбие түрлерін терең орынды қолдана білгенде ғана оқушыларды заманына сай тәрбиелеуге болатынын М.Жұмабаев сол кездің өзінде-ақ айтқанды. Мағжанның "баланы заманына сай тәрбиелеу керек" - деген ойы бүгінгі күні өзекті екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас деп ойлаймын. [1, 175]

М.Жұмабаевтың ұлттық мектепті құру, оны қалыптастыру туралы жазған еңбегінің бірі "Жазылашақ оқу құралы һәм мектебіміз". Ұлы ұстаздың ұлт тағдырына немқұрайлы қарай алмағандығын осы бір еңбектен көруге болады. Ол: "Бір елдің тағдыры мектебіміздің құрылысына байланысты. Қазақтың тағдыры келешекте ел болуына мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді қазақ жанына қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады" - дейді. М.Жұмабаев болашақ мектеп қандай болу керектігін сөз етіп, қазақ мектебі ең алдымен, таза қазақ тілінде жұмыс істей отырып, оқушыларға жан-жақты білім негіздерін бере алатындай болу керектігін меңзейді. Пәндерді оқытуда ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын пайдаланумен қатар тіл, әдебиет, мәдениет, ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін кейінге қалдырмау керектігін айтады. М.Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбегінің бірі- "Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы". Оның аталған мұрасы 1923 жылы Ташкентте жарық көрген. Мұнда ол сол

кездегі тарихи жағдайдан туатын міндеттерге: 1. Бастауыш мектептің міндеті. 2. Еңбек мектебінің міндеті. 3. Төрт жылдық бастауыш мектептегі ана тілі мен ана тілі сабағының сабақтан тыс түрлеріне тоқталады. Оқулықтың басты мақсаты - бастауыш мектепте ана тілін оқытудың әдіс-тәсілін мұғалімдерге ұсына отырып, ана тілін мектепте, қоғамда жоғары көтеру керек екендігін меңзейді. Оқулық "Мектебіміз" деген алғы сөзбен басталады. Мұнда Мағжан сол кездегі қазақ мектебінің тағдырын сөз етеді. Бір ғана ойдың төңірегінде сөз қозғамай, ол сол замандағы тарихи жағдайдан туатын міндеттерді анықтайды.

Нағыз ғалым белгілі бір жүйемен ойлайды. Мағжанның зерттеушілік өнеріне тән нәрсе - қолға алған тақырыбының тарихи һәм теориялық бүге-шігесін барынша терең білетіндігінде. Бұған оның құдай берген кемелгер алғыр ойын, ұшқыр қиялы мен сезімін қосыңыз. Осы бір еңбектің өзінен ғана Мағжанның қазақ тілінің жетік, үлкен әдіскері, лингвистика саласын терең білетіндігін байқауға болады. Мағжанның ана тілін бастауыш, яғни 1 сыныптан дұрыс оқыту керектігі туралы арнайы сөз қозғаған. Әр алуын қосымша әдіс-тәсілдерді төменгі сыныптарда кеңінен қолдану қажеттілігін көрсете отырып, сынып сайын қажетті материалдарды сұрыптау ұстанымдарына да мән берген. Ол төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілін оқытуды жүйелеп, қай сыныпта қалай, қай дәрежеде оқыту керектігін баяндаған. Бірінші жылы баланың тілін дұрыс сөйлеуге, өз ойын айтуға дағдыландыру, "қысылмай сөзбен жарыққа шығаруды" ұсынады. Сондай-ақ, жаттаған өлең, сөз, көрген дүниелерін сурет қылып салып, оны сипаттап жазуға үйрету, сахнада ертегі, әңгімелерді жатқа айтып беру керектігін жазады. Екінші жылы оқушы тілін "өркендете" отырып, оның сурет бойынша оқыған әңгімелерінен "даяр әңгіме" құрып, айтып беру қажеттілігін ұсынады. Үшінші, төртінші жылдары оқушы тілінің әсерлігіне, тазалығына назар аудара отырып, талаптарды күшейту, әдеби, мәдени тілді қалыптастыру үшін не істеп, не қою керектігін жазады. Сонымен қатар, балаларға ана тілін үйретуде оқулықтың бала психологиясы мен жас ерекшеліктеріне сай жазылуының зор маңызы бар. Өкінішке орай, біздің мектептерімізде сапасыз оқулықтар көбеюде. Мұны дұрыс жолға қоймаса, жалпы білім беруде көптеген олқылықтар болуы мүмкін. Бұл орайда оқыту үрдісінде оқулықтың алатын орны мен оның рөлін айтпаса да түсінікті. Оқушының педагогикалық-психологиялық, ас ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми тұрғыдан жпзылған оқулық, бала үшін үлкен жетекші құрал болумен қатар, баланың оқуға деген ынтасын арттыра түседі.

Тілдің ұлттық ерекшелігі, қолданыс мәнері ана тілі оқулықтары арқылы айқын көрініс берумен қатар, ол баланың тілін ұстартып, ойын ұштап, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен тәрбиелік қызмет атқарады деп қарайды. Сол кездегі мұғалімдер үшін бұл еңбек таптырмайтын әдістемелік құрал болды. Оқушыны қалай оқыту керек дей отырып, Мағжан: "Оқушы жүрегіне, ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек"- дейді. Мұндайда бала біреудің айтқанын сөзбе-сөз қаталап, күйіс қайырып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейді".

Тілді дамытуда оқушылар жиналысының да рөлі зор екендігін Мағжан дәлелдей келе, "Балалардың жиылысы олардың тілін өркендетуге әдемі құрал" - деп жиналыстың рөлін көрсетеді. Жалпы, балаға тіл үйретуді оның тілі енді шыға бастаған кезден бастап жүргізгенде, бала тілі бай болады. Ал, адамның тілі "қатайған" кезде психологиялық өзгерістер енгеннен кейін оған тіл үйрету қиын болатыны белгілі. Ана тіліне үйретуде болсын, жалпы оқытуда болсын М.Жұмабаевтың ұстаған идеясы - баланың өз бетінше білім алу дағдысын ұштау үшін қиялын өркендету. Ол үшін әдемі ертегі, әңгімелерді, қазақтың әсем әндері мен өлең жырларын пайдаланудың маңызы зор. Бала өзі көрген нәрседен қиялы арқылы сан алуан құбылыстар туғызады. Сонда ғана бала қиялы дамып, білімі сапалы болады. Бұл жөнінде Г.А.Цукерман: "Оқытудың бірінші қадамында мұғалім баланың алдына жаңа тапсырма қойып, мақсатын анықтап көрсетіп, олардың оқу-танымдық белсендігін арттыру барысы дұрыс ұйымдастырылса, оқушы еншісіне әрекеттену үрдісі ғана қалады" - дейді. Байқағанымыз, Мағжанның дамыта оқыту және тәрбиелеу туралы ойлары бүгінгі заманның озық идеяларымен қабысып жатыр. [2, 25-29]

Ұлағатты ұстаздық ісін қастерлей біліп, педагогика ғылымын терең зерттеген Мағжан қазақ халқының ұлттық педагогикасының ғылыми іргетасын қалап, 1923 жылы "Педагогика" оқулығын жарыққа шығарды. Педагогика ғылымын халық педагогикасымен ұштастыра отырып, Мағжан ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін жасады. Ол: "Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті" - дейді. Сөйтіп, педагогика ғылымының негіздерін халықтық педагогика мен халықтық психологиямен байланыстырып, баланы тәрбиелеудің, оған дүние танытудың жолдарын талдап, көрсетіп береді.

Педагогика ғылымының бөлімдері туралы (жалпы педагогика, дидактика, методика, мектепті басқару, педагогика тарихы) айта келіп, Мағжан соның ішінен "жалпы педагогиканы", яғни "адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын" жан-жақты талдап, елдің елдігін сақтап, көсегесін көгертетін ұлтжанды, жігерлі, білімді ұрпақты қалай тәрбиелеп, өсірудің жолдарын үйретеді. [3,12]

Педагог Мағжан тәрбиені дене тәрбиесі және жан тәрбиесі деп екі салаға бөледі. Ең әуелі дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оны физиология, математика, эстетика, бала психологиясымен ғылыми байланыстырып, дене тәрбиесін іске асырудың жолдарын көрсетіп береді.

Оқулықта жан тәрбиесіне (сезу, әсерлену, еске түсіру, салыстыру, елестету, ұғыну, қиялдау, ой қорыту, сөйлеу) жан-жақты терең талдау жасалынып, ғылыми тұжырымдар айтылған. "Жан тұрмысын жарыққа шығаратын, жан мен дене арасында тіл-хатшы болатын құрал, жан мен денені бір-біріне байлайтын байлам нируа системасы деп аталады" - дейді педагог ақын. [4, 29]

Жанды тәрбиелеу үшін Мағжан жан көріністерін үш талапқа бөледі: сезу, білу, қайрат. Ол "жан тұрмысында бұл үш таптың арасында берік байлам бар" деп көрсетеді. "Сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу - тәрбиешінің міндеті. Бір адамның осы үш тап көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып, билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес". Бұл пікірін ақын Абайдың жыр жолдарымен айқындайды:

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек,
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.*

Педагог ақын ақыл көріністері әсерленуден пайда болады, әсерленудің күшті болуы, жалғасып дамуы ұғымның дұрыс болуының кепілі деп көрсетеді. Әсердің нақтылай түрі (перцепция) және апперцепция (бұрынғы әсерді еске түсіру) иллюзия (елестік жаңылыс) сияқты түрлері болатынын тәрбиеші жақсы біліп, баланы оқыту, тәрбиелеу кезінде әсерленулердің дұрыс та тиімді болуына жағдай жасап отыру керек деп түйеді.

7. *When do people turn to the law?*
8. *Why do we need law?*

3. **Мозговой штурм**– оперативный метод решения проблемы на основе стимулирования творческой активности, при котором участникам обсуждения предлагают высказывать как можно большее количество вариантов решения, в том числе самых фантастичных. Затем из общего числа высказанных идей отбирают наиболее удачные, которые могут быть использованы на практике. При проведении «мозгового штурма» запрещается критика и поощряется любая идея, даже шуточная или явно нелепая. Все высказанные идеи записываются для последующего их рассмотрения группой экспертов. После утверждения решения «генераторы идей» распределяются на его противников и сторонников с целью выявления слабых мест и их исправления [21].

Мозговой штурм возможно проводить дистанционно предварительно создав групповую конференцию с участниками урока учитель говорит о проблеме и учащимся необходимо предлагать идеи.

Think- pair-share. Чтобы эффективнее использовать данный метод мозгового штурма необходимо дать учащимся время на самостоятельное размышление. Далее необходимо предложить обсудить идеи с другими участниками учебного процесса в парах, а затем выносить идеи на групповое обсуждение.

Пример: What qualities do we need to be a successful lawyer?

Учащимся необходимо выполнить следующие шаги:

- 1) Проанализировать пути решения проблемы самостоятельно (1-2 минуты).
- 2) Предложить и обсудить пути решения проблемы с собеседником (1-2 минуты).
- 3) Предложить и обсудить идеи в группе (2-4 минуты).

4) Выявить наиболее подходящие идеи.

4. **Социально-психологический тренинг** — один из методов активного обучения и психологического воздействия, осуществляемого в процессе интенсивного группового взаимодействия и направленного на повышение иноязычной компетентности в сфере общения, в котором общий принцип активности обучаемого дополняется принципом рефлексии над собственным поведением и поведением других участников групп [20].

Тренинг позволяет усвоить эффективные технологии (методы, приемы, техники) принятия управленческих решений и делового общения, раскрыть индивидуальные особенности учащихся, и скорректировать их поведение в ситуациях общения. Кроме того, в процессе тренинга у участников формируются индивидуально-специфические приемы и способы коммуникации и принятия решений, основные на их индивидуальных особенностях. Эмоциональная включенность участников в ситуации тренинга позволяет создать высокую мотивацию к обучению, усиливает закрепление знаний, формирование умений и навыков.

Hot Spot. После изучения главы или новой темы можно провести данное упражнение. Учитель предварительно выбирает учащихся, которые будут представлены другим как эксперты. Задачей экспертов является ответ на вопросы учащихся по пройденной теме. В ходе курса учитель меняет экспертов. Возможно, организовать обратную систему данного метода, то есть выбрать несколько учащихся, которые подготовят ряд вопросов для остальных учащихся. Отвечать на вопросы может каждый. Метод hot-spot не только эффективно развивает иноязычную коммуникативную компетенцию, но так же психологически готовит учащихся к социализации и деловому общению.

Пример: Unit 1 «Law and Legal professions»

Ask questions about law and legal professions.

-Which legal professions do you know?

-What is law?

-Why do we need law?

-What qualities do we need to be a successful lawyer? etc.

5. **Семинары – конференции.** Семинары – это такая форма организации обучения, при которой на этапе подготовки доминирует самостоятельная работа учащихся с учебной литературой и другими дидактическими средствами над серией вопросов, проблем и задач, а в процессе семинара идет активное обсуждение, дискуссии и выступления учащихся, где они под руководством педагога делают обобщение. *Ссылаясь на вышеперечисленные возможности, программа СКАЙП подходит для проведения онлайн семинаров и конференций.*

Пример: *Choose one of the topics for your report.*

The topic of the seminar: Labour law

1) Labour legislation.

2) The reform of control and supervision in the sphere of labor.

3) Algorithm for acceptance.

4) Discipline of work.

5) Payment system of labor. Stimulating (incentive) payments.

Участники семинара слушают друг друга, обсуждают и задают вопросы. Во время доклада учащиеся могут показать презентацию, отправив ее в групповой чат. Возможно, пригласить гостя на конференцию. Гостем может являться специалист в области юриспруденции.

Данный метод эффективно развивает иноязычную КК, так как учащиеся в процессе подготовки глубоко изучают не только тему, но и специальную лексику на иностранном языке. Учащиеся развивают навыки публичного выступления, предварительно подготовив речь.

6. **Игра** - как метод формирования иноязычной коммуникативной компетентности. Особенности игровой деятельности у студента ВУЗа является нацеленность на самоутверждение перед обществом, юмористическая окраска, ориентация на речевое взаимодействие.

Пример: The Game "Legal adviser"

Данную игру можно проводить с помощью программы СКАЙП. Учитель предварительно делит на группы и назначает время. Первая группа "граждан" придумывает проблему, с которой обращаются ко второй группе "адвокатов". Задача группы "адвокатов" дать совет как решить проблему. Проблемы могут быть разные: не законное увольнение, нарушение правил дорожного движения, ограбление и т.д. После того как группа "адвокатов" ответит на все вопросы, учащиеся меняются ролями. На подготовку каждой группе дается 5- 8 минут. За это время группе "граждан" нужно придумать и описать проблему, а группе "адвокатов" разъяснить пути решения проблемы.

Деловая игра используется для решения комплексных задач усвоения нового, закрепления материала, развития творческих способностей, формирования общеучебных умений, дает возможность учащимся понять и изучить учебный материал с различных позиций.

В учебном процессе применяются различные модификации деловых игр, которые эффективно формируют иноязычную коммуникативную компетенцию учащихся: имитационные, операционные, ролевые игры, деловой театр, психодрама и социодрама.

ВВЫВОДЫ

В ходе анализа теоретико-методической научной литературы и экспериментов проведенных со студентами юристами первого курса были выявлены, пять основных компонентов коммуникативной компетенции, а так же шесть основных методов дистанционного формирования иноязычной коммуникативной компетенции такие как: дискуссия, беседа, мозговой штурм, *социально-психологический тренинг*, игры, семинары и конференции. Были приведены примеры с использованием методов формирования ИКК. Результаты экспериментов показали, что для развития и формирования коммуникативной компетентности студентов ВУЗа наиболее рационально использовать интегрированный подход. Это комбинация методов обучения. Каждый метод имеет свои преимущества и ограничения. Если грамотно комбинировать и применять дистанционные методы формирования ИКК, то возможно более эффективно сформировать высокий уровень иноязычной коммуникативной компетенции, то есть, умение вести себя в различных ситуациях, навыки самопрезентации и публичного выступления, навыки активного слушания, умение аргументировать свою точку зрения и т.д.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Изаренков Д. И. Базисные составляющие коммуникативной компетенции и их формирование на продвинутом этапе обучения студентов-нефилологов //Русский язык за рубежом. – 1990. – Т. 4. – С. 54-60.

2 Лapidус Б. А. Обучение второму иностранному языку как специальности: учебное пособие. – Высшая школа, 1980.

3 Сафонова В. В. Коммуникативная компетенция: современные подходы к многоуровневому описанию в методических целях. – 2004.

4 Мельник Е. В. Содержание коммуникативной компетентности педагога //Психология и школа. – 2004. – №. 4. – С. 36-42.

5 Чанышева Г. О коммуникативной компетентности //Высшее образование в России. – 2005. – №2.

6 Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: пособие для учителей иностранных языков. – Просвещение, 1985.

7 Скалкин В. Л. Основы теории обучения устной речевой коммуникативной деятельности. - М., 1986.

8 Hymes D. On communicative competence //The communicative approach to language teaching. – 1979. – Т. 26.

9 Canale M., Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing //Applied linguistics. – 1980. – Т. 1. – С. 1

10 Brown G., Yule G. Teaching the spoken language. – Cambridge University Press, 1983. – Vol. 2.

11 Зимняя И. А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – 2004.

12 Татур Ю. Г. Компетентностный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – Т. 17. – С. 1.

13 Шаронова С. А. Компетентный подход и стандарты в образовании: учебное пособие; Социол. исслед //Социол. исслед.–Урал-Екатеринбург, 2013. – С. 44-12.

14 Давыдова О. И., Майер А. А. Компетентный подход в работе ДОУ с родителями.- Санкт–Петербург: Детство–Пресс, 2013.

15 Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология -Алматы: Білім, 2008.

16 Чакликова А. Компетентностный подход как целевая основа новой образовательной парадигмы //Рекомендовано к изданию решением Ученого совета КазУМОиМЯ им. Абылай хана (протокол № 3 от 27 октября 2015 г.). – 2015.

17 Кудрицкая М. И. социокультурные аспекты формирования полиязыковой личности в процессе иноязычного образования – С. 237.

18 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса / пер. с англ., под ред. и пре-дисл. В.А. Звягинцева. – М.: Изд-во Московского университета, 1972. – 256.

19 Bachman L.F. Fundamental Considerations in Language Testing. – Oxford: University Press, 1990.

20 Зимняя И.А. Компетентность человека – новое качество результата образования // Проблемы качества образования. Матер. XIII Всерос. совещания.– М.: Уфа, 2003. – Книга 2. – С. 4-15.

21 Компетентностный подход как фактор повышения качества современного образования: Сборник научных статей /Под ред. С.Л. Коротковой, С.В. Фроловой. – Саратов: ИЦ «Наука», 2008. – 220с.

Zh. U. Tasbolat¹, L. E. Dalbergenova²

Methods of the distance formation of foreign language communicative competence

^{1,2}Sh. Ualihanov Kokshetau State University,
Kokshetau, Republic of Kazakhstan,

The purpose of the article is the analysis of the methodological and theoretical scientific literature and identification of methods of the distance development of foreign language communicative competence (FLCC) in the modern methodology of teaching foreign languages. The paper attempts to highlight the relevance of the use of distance methods of the formation of FLCC using Skype. In this paper, distance methods of the development of FLCC and examples of their use are given. Considerable attention is paid to such methods as: discussion, conversation, brainstorming, socio-psychological training, games, seminars and conferences.

Ж. У. Тасболат¹, Л. Е. Дальбергенова²

Шеттілдік коммуникативтік құзырлылықты қашықтықтан қалыптастыру әдістері

^{1,2}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ. Қазақстан Республикасы

Аталмыш мақаланың мақсаты заманауи шет тілдерді оқыту әдістемесіндегі шеттілдік коммуникативтік құзырлылықтарды (ШКҚ) қашықтықтан дамыту бойынша әдістемелік-теориялық ғылыми әдебиетке талдау жасау және оның әдістерін анықтау болып табылады. Ізденуші шет тілін үйренушінің Skype бағдарламасын қолдана отыра, ШКҚ қашықтықтан қалыптастыру әдістерін қолдану өзектілігін көрсетуге тырысқан. Еңбекте ШКҚ қашықтықтан дамыту әдістері және оны қолдану мысалдары көрсетіледі. Пікірталас, сұхбат, «миға шабуыл», әлеуметтік-психологиялық тренинг, ойындар, семинарлар мен конференциялар түріндегі әдістерге маңызды көңіл бөлінген.

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ**ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ**

FTAMP 19.01.11

Ұ.М.Есенбекова

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: ultmudde@mail.ru

**ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ КӘСІБИЛЕНУІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ
ЖУРНАЛИСТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ**

Автор ғылыми журналистің ұстанымына айналған релеванттық ғылыми білімді қарапайым аудитория үшін таңдап, ыңғайлайтын қабілетін зерттеуді мақсат еткен. Ғылыми журналистің қызметінде арнайы академиялық білімдердің жиынтығын сараптап, күрделі ғылыми тұжырымдар мен заңдылықтарды қарапайым аудитория түсінетіндей формаға келтіру міндеті талданған. Мақалада қазіргі технологиялық үрдістердің ғылыми журналистиканың кәсібиленуінің болашақ перспективасы мен мүмкіндіктерін айтарлықтай қиындатуы болжанған.

Ғылыми журналистиканың теориясына іргетас болатын, барша ғылыми қауымдастық мойындаған дефинициялар мен тұжырымдарды дұрыс жіктеп, бірізділікке түсірудің маңызы көрсетілген. Ғылыми журналистика бүгінгі іргелі ғылымдағы жаңалықтардың, олардың қоғамның, адамның дамуына тигізетін пайдасын талдауға көмектеседі. Ғылым саласында болып жатқан процестерді талдап, түйінді мәселерді шешу жолдарын тұжырымдау үшін ғылыми журналистикада қабылданған анықтамалар мен жалпы түсініктердің жиынтығы қажет.

Мақалада ғылыми журналистің құзыреттерін анықтағанда олардың қоғамға тигізер пайдасын, тиімділігін бүгінгі бұқаралық медиалар мен ақпараттық нарықтағы сұраныстармен байланыстыра отырып қараудың маңызы айтылған.

Түйін сөздер: ғылыми журналистика, релеванттық, кәсібилену, ағартушылық функция, құзыреттілік, құзырет, фундаментализм, реализм, коммуникативтік әрекет.

КІРІСПЕ

Ғылыми журналист үшін мәртебесінің мойындалуы мен еңбегінің бағалануы оның алғашқы білімі мен қандай академиялық саланы таңдап алғанына байланысты болып тұрады. Бір жағынан, медиа құрылым өзінің ғылыми бөліміне жұмысқа математика, химия, физика, биология сияқты жаратылыстану ғылымдары бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдарды алуға ынталы. Екінші жағынан, ғалымдардың өздері алғашқы білімді әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы емес жаратылыстану ғылымдары бойынша алған журналистермен қарым-қатынас орнатуға жақсы ықылас білдіреді. Осындай қатынастардың жемісті болатынын батыстық үлгідегі медиалардың тәжірибесі де дәлелдеп келеді. Психологиялық жағынан алғанда ғылыми журналистің кәсіби рөлі оның символдық болса да тиісті білімі мен тәжірибесімен толыққан капиталымен байланыста болып қалмақшы.

Ғылыми журналистиканың басқа бағыттармен салыстырғандағы тағы бір айырмашылығы – оның Жапония мен Оңтүстік Кореяда, Америкада немесе ЕуроОдақ елдерінде болсын, Ресей мен Қазақстанда болсын маман тапшылығы моделімен айшықталуы. Ғылыми журналистикадағы осы тапшылық моделі ғалымдардың эпистемиологиялық гегемониясын қай кезде де сақтап қалуына көмектеседі [1].

Символикалық болса да ғылыми дәрежеге ие маманның дивиденттері басқалармен салыстырғанда жоғары болып келеді. Өйткені, дәрежесі бар адамның эксперттік мәртебесі оған жұмысқа орналасуға қатысты көптеген түйткілдерді еркін шешуіне жол ашады. Осы уақытқа дейін әлемдегі беделді ақпарат құралдарының ғылым мен технология бөлімдері рейтингтік университеттердің магистранттары мен докторларынан құралған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғылыми журналистикада тек кәсіби журналистикалық білімі бар адамды кездестіру мүмкін емес. Олардың орындарын жоғарыдағы ғылыми дәрежесі бар тұлғалар алып қойған. Бұл үрдіс дәуірдің талабына сай жаңа ғылыми-көпшілік медиалар құрыла бастағанда бәсеңдеді. Гуманитарлық сала ғалымдары мен кәсіби журналистер ғылыми журналистиканың жаңаша моделін жасай бастады.

Болашақта ғылыми журналистің ұстанымы – релеванттық ғылыми білімді қарапайым аудитория үшін таңдап, ыңғайлайтын қабілетін қажет етпекші. Ғылыми журналист арнайы академиялық білімдердің жиынтығын сараптап, күрделі ғылыми тұжырымдар мен заңдылықтарды бұқара халық түсінетіндей формаға келтіруі тиіс. Туындаған осындай үрдістер ғылыми журналистиканың кәсібиленуінің болашақ перспективасы мен мүмкіндіктерін айтарлықтай қиындатуы мүмкін.

Біріншіден, ғылыми журналистер ғылыми түсініктерді талдау мен сапасын бағалау сияқты бұрын тек сарапшылар мен ғалымдарға ғана берілген құзыреттерге ортақтасатын болады. Ғылыми журналистердің ғылымды тану деңгейін ғалымдармен салыстыруға келмейді. Олар ғылыми проблемаларды тұжырымдауға келгенде жиі қателеседі, тәжірибелі ғылыми журналистердің өздері мамандығының басты қырларын нақтылай алмай жатады. Қайсыбірі өзін академиялық ортаға жақын сезініп, алдымен өзін ғылыми қызметкермін, сосын ғана журналиспін деген басымдықтарда қателесіп жатады.

Екіншіден, ғылыми журналистер ғылымның қоғамдағы, көпшілік ортадағы бейнесін жасауда айтарлықтай ықпалға ие. Олар кейбір зерттеулерді бағалау, сараптау арқылы қоғамда түрлі пікірлер тудыра алады. Ғылыми білімді медиалау (көпшілікке тарату, насихаттау) ғылыми зерттеулерді жағымды жағынан көрсетіп қана қоймай, сол зерттеулерді қаржыландыруға да, оны тоқтату туралы шешімнің шығуына да қоғамдық пікір жасау арқылы әсер ете алады [2].

АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы қырғи-қабақ соғыс кезінде физик-ғалымдар атомдық зерттеу жұмыстарына қаржы бөліру үшін жеке, ұжымдық хаттар ұйымдастырып өз үкіметтеріне қысым көрсеткенін білеміз. Ғалымдар өз жұмыстарын жалғастыруға қаржы бөлудің қажеттігін ғылыми мұқтаждықтан емес, саяси аргументтерге сүйеніп дәлелдеуге тырысқан.

Жаңа тарихта да осындай мысалды нанотехнологияларды дамытуға арналған ғылыми зерттеулерден келтіруге болады. Бізбен салыстырғанда материал зерттеу физикасындағы жетістіктерге сүйенген ресейлік ғалымдар Үкіметтеріндегі ықпалды министрлер арқылы мемлекеттік корпорация құрғызып, оған бірнеше миллиард АҚШ долларын бөлгізеді. Оның арты үлкен қаржылық заңдардың бұзылуына ұласып, нанотехнологиялық зерттеулердің нәтижесі мардымсыз болған. Ресейдің үлгісімен біздің елімізде де нанотехнологиялық зерттеулерге бірнеше миллиард теңге бөлініп, қазір сол қаржының тиімді жұмсалуды, зерттеу нәтижелері туралы жауап беретін адам табылмай отыр. Осындай жұмбақ зерттеулерге қаржы бөлу кезеңінде ғалымдар ғылыми журналистердің көмегіне жүгінері шындық [3].

Үшіншіден, ғылыми журналистер ғылыми дискурстардың семантикасын өзгерте алады. Бұл жерде ғылыми журналистердің өздері ғылыми тұжырымдардың интерпретаторы рөлі олар үшін қиын екенін мойындайды. Бұның өзі олардың ғылыми процестерді халыққа қарапайым түсінікті тілмен жеткізуде жиі қателесетіндерін дәлелдейді. Сөйтіп, ғалымдардан алынған ақпарат бұрмаланып, ғылыми құндылығы жойылады, аудитория үшін сенімсіз, қызықты болмай жатады. Математика мен механика сипатындағы ғылымдарды көпшілікке жақындатуда тұтастай басылымдар алынбайтын қамалға кезіккендей болады.

Ғылыми журналистиканың танымалдығын, жалпыға бірдей түсінікті болуын қамтамасыз етуде ғылым мен технологияның жетістіктерін насихаттауды біліктілігі жоғары кәсіби мамандар мен журналистерге жүктеу өзін әркезде де ақтайтыны тарихтан белгілі. Ғылымның көпшілікке таралуын, қызығушылығын арттыруда негізгі салмақ ғалымдармен бірге ғылыми журналистерге де түседі, оларға артылатын жауапкершіліктің салмағы да ауыр. Соңғы 15 жылда әлемдік ғылыми журналистикада ғаламдағы ғылыми-технологиялық прогрестің үдемелі дамуындағы ғылыми журналистиканың рөлі туралы көптеген тұжырымдар түзген зерттеу еңбектері жарияланып келеді.

Аталған зерттеулердегі басты мәселенің бірі – фундаменталды ғылыми сала бойынша білімі жоқ журналист ғылымды насихаттап, оны көпшілікке тартымды формада таратуға деген қабілеттілігін талдау болды. Осылайша ғылыми журналистиканың бұл мәселе бойынша әлі де мойындалған тұжырымның жоқтығы байқалды. Ғылыми теорияларда «құзырет» (компетенция) пен «құзыреттілік» (компетентность) ұғымдары синоним түрінде қабылданып келді. Ғылыми айналымдағы глоссарийлерге сәйкес құзырет – қайсыбір саладағы жинақталған білім мен тәжірибе немесе адамның жақсы білетін мәселесі бойынша жинаған білімі мен тәжірибесі. Құзыреттілік – хабардар болу, хабардарлықты айтамыз. Мысалы, саясат не экономика мәселелерінен хабардар болу.

Қазіргі глоссарийлердегі осы екі ұғымның сипаттарын біріктіре келіп мынандай ортақ анықтама жасауға болады. Құзырет – адамның тұрмыстық, әлеуметтік және кәсіби қызметінде алған білімі мен жинаған тәжірибесін іс жүзінде қолдану қабілетін айтамыз. Құзыреттілік – адамның бойындағы интеллектуалдық әлеуеті мен құндылықтар жүйесі, бірнеше сала бойынша терең білімі мен ойлау сапасындағы ерекшеліктері [4].

XX ғасырдың ортасына қарай ғылымды көпшілікке таратудың ғаламдық тәжірибесінде бір-біріне ұқсамайтын 2 негізгі ұстаным қалыптасты. Оның біріншісі Францияда туындап, фундаментализм деп аталды. Бұны жақтаушылардың пікірінше, ғылыми ақпаратты барынша толық және ашық түрде жариялау қажет. Ғылымның көпшілікке таралуындағы басты түйткіл – жұртты таңғалдыруға тырысып сенсация іздеуден, аудиторияны арзан дүрлікпе оқиғалармен қызықтыру деп ойлайды. Осының салдарынан ақпараттың құны төмендейді, ғылымның беделі азайып, тұрпайылану процесі басталады деген көзқарасты фундаментализмді жақтаушы топ толық қолдайды. Фундаментализм идеясы бойынша ғылыми идеяны жан-жақты, тыңғылықты формада тарату керек. Аудиторияны қызықтыруды, салмақты ғылыми тақырыпты ойын-қалжыңға айналдыруға жол беруге болмайды.

Екінші ұстаным актуализм деп аталды, ол Америкада қалыптасты. Фундаментализмге қарама-қарсы қағида ұстанған актуализм ғылыми материалдың түсінікті, қарапайым болғанын жақтайды. Бұл ұстанымды америкалық физик Фрэнк Опенгейм қорытқан. Бұл парадигманы қолдаушылар ғылыми материалдарды бейнеклиптермен, суреттермен, инфографикамен толықтырып тұтынушыға ыңғайлы, жеңіл формада беруге ұмтылады. Оларда сенсациялық тақырыптар, қызықты мәтіндер жиі қолданылады. Осындай әдістер қазіргі коммуникациялық құралдардағы инфотейнмент құбылысын еске салады.

Инфотейнмент – жаңалықтар мен бейресми түрдегі, жеңіл формадағы жаңалықтарды эфирлік сеткаға қатар қою әдісі. Аудитория санын көбейту мақсатында, рейтингі жоғары хабарларды төмен рейтингті хабарлармен қатар қойып, көрерменді телеарнада ұстау әдістерінің бірі [5].

Ғылыми журналистің қандай парадигманы тандап жұмыс істейтініне байланысты оған компетенцияның (құзыреттің) да әртүрлі жиынтығы қажет болады. Журналистің бойындағы қасиеттер мен оның қызметіндегі ережелерді журналистика тарихында алғаш орыс ғылымының негізін қалаушылардың бірі М.В.Ломоносов 1755 жылы өзінің «Философияның еркіндігін қамтамасыз ететін шығармаларды жазу кезіндегі журналистің міндеті жайындағы пайымдаулар» еңбегінде жазған екен. Атақты ғалым журналист басшылыққа алуы тиіс 7 баптан тұратын ережені қорытады:

1. өзінің интеллектуалдық мүмкіндігін салмақтап алу;
2. қаншалықты қиын болса да объективті шындықты жазуы тиіс;
3. қателіктер жіберіп қоймау үшін журналист мәтінмен мұқият жұмыс істеуі шарт;
4. гипотезаларды сынауға асықпау;
5. басқа авторлардың ойлары мен пікірлерін өзіне меншіктемеу;
6. толық, жан-жақты зерттеуден кейін ғана басқалардың тұжырымдарын теріске шығару;
7. өзінің беделінің, білімінің артықшылығы туралы түсініктер қалыптастырмау.

М.В.Ломоносовтың ережелері нағыз ғылыми зерттеулер туралы жазатын журналистерге арналғаны оның құндылығын өсіреді. Мұқият талдай келе бұл ережелердің әлі күнге дейін өзекті, әмбебап екенін байқаймыз. Ережелер құзыреттілік (компетентность) емес құзыреттік (компетенция) қағидаларын негізге алып жасалған. М.В.Ломоносов тақырыпты білу, меңгеру парадигмасында емес әрекеттілік парадигмасында жазады [6].

Интернет пен бұқаралық коммуникацияның өміріміздің барлық саласына белсенді енуіне байланысты және ақпараттық массивтердің геометриялық прогрессиямен өсуіне орай ғылыми журналистердің кәсіби құзыреті қайта қарауды талап етуде. Көптеген сарапшылардың пікірінше, контентті тұтыну платформаларының санының өсуі, коммуникацияның көп түрлілігі авторлардан қосымша құзыретті қажет етеді. Ақпараттық қоғам идеясын дамыта келе мынаны айтуға болады. Мультимедиалық ортада қызмет ететін журналистің басты құзыреті әртүрлі платформаларда жариялауға жарамды, олардың ерекшеліктерін ескерген контент әзірлеу шеберлігі болуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы онжылдықтарда дәстүрлі мен жаңа медиалардың арасындағы, ақпарат пен ойын-сауық контентінің, журналистика мен қоғамның, журналистер мен меншік иесінің, дереккөздер мен аудиторияның арасындағы айырмашылықтар шайыла бастады. Бұдан өзге ақпараттандыру, дербестену, интенсификация мен интернационалдандыру жаңа ақпараттық және коммуникативтік құрылымды жасады, аудиторияның бөлшектенуіне әкелді, ғаламдық ақпараттық кеңістіктің ашықтығына алып келді.

Тележурналистиканы оқытушылардың еуропалық қауымдастығының базасында өткізілген сауалнама нәтижесі алдымыздағы 10-15 жылда қандай құзыреттер сұранысқа ие болатынын анықтаған. Басым дауысқа ие болған құзыреттер мыналар: басты ақпаратты анықтау қабілеті; журналистік қызметіндегі жауапкершілікті түйсіну; ұжымда жұмыс істей білу. Аз дауысқа ие болған 3 құзырет: журналистиканың әлеуметтік рөлін, онда болып жатқан өзгерістерді түсіну; ақпаратты тілді, стильді және тиімді формаларды қолданып баяндау; кәсіби медиа ұйымдарда жұмыс істеу [7].

Ғылымды көпшілікке таратудағы ғылыми журналистің құзыреттерін анықтағанда олардың қоғамға тигізер пайдасын, тиімділігін бүгінгі бұқаралық медиалар мен медиа нарықтағы сұраныстармен байланыстыра отырып қарау керектігі басты назарда болуы тиіс. Ғылыми журналистің кәсібилігі оның кейде аударуға келмейтін ғылымның қатал тілі мен көпшілік аудиторияның сұранысы арасында ғылыми зерттеудің құндылығы мен шындығын жоғалтып алмай семантикасына сай материал әзірлей білу өнеріне тәуелді болып тұрады. Әрбір ғылымның өзінің терминологиялық базасы бар, түсініктері мен дефинициясы күрделі болып келеді. Осының бәрін ғылыми журналист өзі түсініп, одан кейін аудитория жақсы қабылдайтындай формада дайындай білуі шарт. Ғылыми журналистің құзыреті, шеберлік деңгейі мен мәртебесі де осы талаптарға сай болуды көздейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тертычный А.А. Аналитическая журналистика: познавательный-психологический подход. – М.: «Гендальф», 1998. – 256 с.
- 2 Маркусова В.А. Информационные ресурсы для мониторинга российской науки // Вестник Российской академии наук. – 2005. – т. 75, № 7. – с. 607-612.

3 Огурцов А.П. Этнос науки и риторика (От нормативного разума к коммуникативной рациональности) // Личность. Культура. Общество. – 2005. – Т. 7, № 3. – С. 107-135.

4 Андрианова Т.В. Культура и технология. Доступно на: URL: http://istina.inion.ru/HTML/R_ANDR_SB.htm

5 Лапина И.Ю. Научно-популярное телевидение: Драматургия мысли. – М., 2007.

6 Вернадский В.И. Биосфера и ноосфера. – М.: Айрис-пресс, 2009. – 573 с.

7 Christensen Lars Lindberg, The Hands-On Guide for Science Communicators: A Step-by-Step Approach to Public Outreach, Springer Science+Business Media, 2007.

Ұ.М.Есенбекова

Профессионализация научной журналистики и компетенция научного журналиста

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

В оценке деятельности научного журналиста особое внимание уделяется его способности приводить сложные научные результаты и концепции в форму, понятной для массовой аудитории. Статья анализирует компетенцию научного журналиста выбирать и создавать релевантные научные знания для массовой аудитории. Автор предполагает, что современные технологические тенденции значительно осложняют перспективы и возможности профессионализации научной журналистики.

Научная журналистика пропагандирует достижения современной науки, их преимущества для общества и развития человека. Чтобы иметь возможность анализировать процессы в области науки и формулировать решения ключевых вопросов, необходима классификация определений и концепций, которая будет служить основой теории научной журналистики.

Отношения между научным сообществом и средствами массовой информации все еще находятся на стадии становления. В статье рассматривается полнота компетенции научного журналиста, которую важно формулировать во взаимосвязи с требованиями современного медиа рынка и интересами всего общества.

Yessenbekova Ulbossyn M.

Professionalization of scientific journalism and the competence of a scientific journalist

L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana

In assessing the activities of a scientific journalist, special attention is paid to his ability to bring complex scientific results and concepts into a form that is understandable to a mass audience. The article analyzes the competence of a scientific journalist to select and create relevant scientific knowledge for a mass audience. The author suggests that modern technological trends will significantly complicate the prospects and opportunities for the professionalization of scientific journalism.

Scientific journalism promotes the achievements of modern science, their benefits for society and human development. To be able to analyze the processes in the field of science and formulate solutions to key issues, a classification of definitions and concepts is needed, which will serve as the basis of the theory of scientific journalism.

The relationship between the scientific community and the media is still in its infancy. The article considers the full competence of a scientific journalist, which is important to be formulated in conjunction with the requirements of the modern media market and the interests of the whole society.

FTAMP 19.01.11

Ұ.М.Есенбекова

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: ultmudde@mail.ru

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ: ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ғылыми журналистика бүгінгі іргелі ғылымдағы жаңалықтардың, олардың қоғамның, адамның дамуына тигізетін пайдасын талдауға көмектеседі. Ғылым саласында болып жатқан процестерді талдап, түйінді мәселерді шешу жолдарын тұжырымдау үшін ғылыми журналистикада қабылданған анықтамалар мен жалпы түсініктерді білу керек.

Автор мақалада жалпы түсініктер мен анықтамаларды, ақпараттық технологиялардың ғылыми журналистиканың теориясы мен тәжірибелік негіздерінің дамуына әсер ету мүмкіндіктерін де зерттеген. Ғылыми журналистиканың теориясына іргетас болатын, барша ғылыми қауымдастық мойындаған дефинициялар мен тұжырымдарды дұрыс жіктеп, қабылдау болашақ ғалымдар үшін маңызды болып саналады.

Ғылыми орта мен бұқаралық коммуникацияның арасындағы байланыс әлі де қалыптасу үстінде. Коммуникативтік технологиялардың қарқынды дамуына байланысты ғылыми журналистиканы зерттеу тақырыптары да өзгеруде. Интернеттің таралуымен қатар ғылыми жаңалықтар агенттіктері, ғылыми ресурстар, онлайн басылымдар сияқты ғылыми журналистиканың жаңа формалары пайда болуда.

Мақалада ғылыми журналистиканың математика, механика, физика, химия, биология, тарих пен археология сияқты фундаменталды ғылымнан басқа экологиялық, медициналық, ғарыштық сияқты жаңа бағыттарының шығу себептері көрсетілген.

Түйін сөздер: ғылыми журналистика, ағартушылық функция, прагматикалық аспект, фрилансер, коммуникативтік әрекет, ғылымның насихаты, эмпирикалық бағалау, мәдени сұраныстар.

КІРІСПЕ

Жаңа дәуірдегі ғылым мен коммуникация жүйесінің бір-біріне ықпалын зерттеу, қоғам мен ғылымның арасындағы байланыс, мемлекеттің ғылым мен білім саясатымен, олардың табиғаты мен ерекшеліктерімен танысу ғылыми журналистиканың теориялық және практикалық негіздерін түсіну үшін қажет. Ғылыми журналистика – қазіргі заманда болып жатқан іргелі ғылымдағы айтулы процестердің себебі мен олардың қоғамның, адамның дамуына тигізетін пайдасын талдауға да көмектеседі. Ғылыми журналистика мен коммуникация мәселелерін дұрыс анықтап, болжау үшін, соның көмегімен түйінді мәселерді шешу жолдарын тұжырымдау үшін де ғылыми журналистикада қабылданған анықтамалар мен жалпы түсініктерді білу керек. Әлемдегі озық ақпараттық технологиялардың ғылыми журналистиканың теориясы мен тәжірибелік негіздеріне де әсері өсуде. Ғылыми журналистиканың теориясына іргетас болатын, барша ғылыми қауымдастық мойындаған дефинициялар мен тұжырымдарды дұрыс жіктеп, қабылдау да болашақ ғалымдар үшін маңызды болып саналады [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғылыми журналистика – ғылыми тақырыптағы ақпараттар жасайтын журналистиканың саласы, қазіргі заманғы ғылым мен білімнің маңызын насихаттауды мақсат еткен, ағартушылық функциясы айқын ғылыми бағыт. Ғылыми журналистика ғылыми зерттеулердің мағынасын өзгертпей аудиторияға түсінікті тілге аударатын коммуникатор.

Ғылыми журналистің басты міндеті – ғалымдардан алған толық, арнайы терминдермен жазылған күрделі ақпаратты бұқаралық коммуникация құралының орташа тұтынушысы түсінетіндей формада өңдеп, таратуға дайындау [2].

Ғылыми орта мен бұқаралық коммуникацияның арасындағы байланыс әлі де қалыптасу үстінде. Коммуникативтік технологиялар саласының сапалы дамуына байланысты ғылыми журналистиканың даму бағыттары да трансформациялануда. Интернеттің дамуымен қатар ғылыми жаңалықтар агенттіктері, ғылыми блогтар, онлайн ғылыми басылымдар сияқты ғылыми журналистиканың жаңа буыны пайда болуда. Ғылыми журналистиканың математика, механика, физика, химия, биология, тарих пен археология сияқты фундаменталды ғылымнан басқа экологиялық, медициналық, ғарыштық сияқты жаңа бағыттары да тіркелген.

Ақпараттық дәуірдің беделді бұқаралық коммуникация құралдарында арнайы ғылыми бөлімдер тіркелген. Бұл бөлімдегі журналистер кәсіби, интеллектуалдық, танымдық деңгейлеріне байланысты ғылыми-көпшілік материалдар дайындайды. Ақпарат құралдарындағы арнайы рубрикаларда ғылымдағы жаңалықтар мен жаңа зерттеулер туралы түсінікті, ғылыми-көпшілік сипаттағы өнімдер әзірлеп, таратады. Журналистикада ғылыми мазмұндағы басылымдар тарихы ежелден қалыптасып келеді. Ғылыми-көпшілік, ғылыми-ақпараттық ресурстарда орнықты дәстүрлері бар [3].

Әлемдегі үздік ғылыми журналдарының қатарында National Geographic, Popular Science, Popular Mechanics, Discover, Scientific American бар. Бұл журналдарды әлемдегі жүздеген миллион оқырмандар оқиды. Қазақстанда да шығатын ғылыми-көпшілік басылымның ең алғашқыларының бірі – ай сайын шығатын «Зерде» (бұрынғы «Білім және еңбек») журналы болды. Кейін республикада түрлі ғылым салалары бойынша жарық көретін салалық, ғылыми-көпшілік, ғылыми-танымдық, ғылыми-педагогикалық журналдар саны көбейді. Мысалы, «Ізденіс – Поиск», «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының хабаршысы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ақиқат», «Қазақстан мектебі» және басқалар. Қалың бұқара үшін ғылым әлемі, ғылыми зерттеулердің жаңаша ағымы – қызығы мен танымы мол ақпарат болып қала береді. Адамдардың дүниетанымы өскен сайын, білім деңгейі жоғарылаған сайын ғылыми жаңалықтарға деген сұраныстың артатынын көріп отырмыз.

Журналдар мен Интернет ресурстардан басқа ғылыми телеарналар әлемдегі аудитория ауқымы бойынша шорт-листің (*үздіктер тізімі*) басында тұрады. Олардың қатарында: Discovery каналы, америкалық National Geographic chanel, немістің Da Vinci Learning, Viasat Explorer, Animal Planet, ресейлік «Моя планета» мен «Наука 2.0» телеарналары бар. Аталған үздіктер қатарындағы телеарналардың басты мақсаты – әлемдік ғылымның қазіргі жағдайы, ғылым мен білімді көпшілікке жақындату, оларды насихатталуы мен медиалануы, жалған ғылымдарды әшкерелеу [4].

Еуропа мен Америкада ғылыми журналистика өте жоғары деңгейде дамыған. Бұның бір себебі – батыстық менталитет пен ғалым мен журналистің қарым-қатынасынан. Батыстық қоғамның ғылымға деген көзқарасы да ерекше. Оларда ғылыми журналистің мәртебесі жоғары, сыйлы. Ғылым туралы жазатын адам журналистиканың элиталық тобына енгізіледі, оның еңбегі жоғары бағаланады, барынша құрмет пен беделге ие болады. Посткеңестік елдердегі қоғамдармен салыстырғанда батыстағы ғылыми журналистер штаттан тыс жұмыс істейді, яғни, олардың қатарында «фрилансер» журналистер басым. Фрилансер ұғымын алғаш рет жазушы Вальтер Скот «Айвенго» романында орта ғасырлық жалдамалы жауынгерді суреттеу үшін қолданғаны белгілі. Ал, бүгінгі фрилансер – келісім бойынша жұмыс істейтін штаттан тыс қызметкер [5].

Жаңа заманда коммуникациялық технологиялармен жабдықталған редакциялар өз журналистерінің ғылым тақырыбында жазған еңбектері сол журналистің кәсіби деңгейіне тұтастай тәуелді екенін жақсы түсінеді. Ақпарат құралдары өздерінің ғылыми

журналистерінің жаңа білім алуларын қадағалап, қолдап, қаржы бөліп отырады. Ғылыми журналистерге арналған гранттар кәсіби біліктілікті өсіру үшін тағайындалады.

Барлық ғылыми журналистердің проблемасы – олардың жауапкершілігі мен кәсіби этикасы. Бұл мәселе жылдан-жылға өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі ғылым мен технологиядағы жаңалықтардың жақсы жақтары мен прогрессивті сипаттарымен бірге қауіптері де бар екені белгілі. Сондықтан да, ғылыми жетістіктерді қоғамның қабылдауы мен оны ғылыми-көпшілік журналистика қалай көрсететіні өз маңызын жоғалтпай келеді.

Егер ғылыми журналистиканың деңгейін салыстырар болсақ онда әлемде АҚШ бірінші орында, одан кейін Еуропа елдері екенін мойындауымыз қажет. Жалпы әлемдік бұқаралық коммуникациялар жүйесінде ғылыми журналистика абыройлы орында орналасқан. Өйткені, әлемдік ғылымда көшбасшы елдердегі саяси билік ғылыми бағыттағы зерттеулердің кең насихатталуын, оларға бөлінетін қаржының қайтарымын қалайды.

Қазақстан ғана емес дүниежүзінің көптеген елдерінде ғылымға қабілеті бар, ақылды, дарынды жастардың Америка мен Батыс Еуропа елдеріне барып ғылыммен айналысқысы келетіні көп айтылады. Басты себеп – оларда ғылым мен қоғам, билік арасындағы терең ықпалдасу мемлекеттік саясаттың ауқымды бөлігін құрайды. Қазақ еліндегі экономика мен қоғамның сан-салаларын цифрлық технологиялармен жабдықтау үрдісі, киберқауіпсіздік мәселесінің туындауы, жасанды интеллект, бұлтты технологиялар мен «Интернет заттары» платформасын жабдықтауға деген, криптовалютаның енгізілуіне деген мемлекет назарының өсуі – қазақ ғылымының, ғылыми журналистикасының да деңгейін өсуіне бастайтын фактор екенін түсіну қажет [6].

Журналистиканың теориясында ғылыми журналистика мен ғылыми-көпшілік журналистика түсініктері синонимді, бірін-бірі алмастыратын ұғымдар, ғылыми өмірдің көрінісінен хабардар ететін ақпараттық кеңістіктің сегменті түрінде қабылданып жатады. Бірақ бұлайша тұжырымдау ғылыми журналистика мен ғылыми-көпшілік журналистиканың ауқымын тарылтқан болар еді. Өйткені, олардың қоғамдағы атқаратын функциялары толық сәйкес емес, мақсаттары мен әдістері бойынша, ақпараттық материалдарының сипаты бойынша бір-біріне ұқсамайды. Олардың арасында жалпы тақырыптық байланыс пен тәуелділік бар болғанымен екі бағытты толық сәйкес деп айтуға болмайды. Ғылыми басылымдар мен ғылыми мерзімді басылымдар – әралуан ғылыми проблемаларды тереңінен жан-жақты зерттеуге арналған ғылыми жұмыстардың құралдары мен нәтижесін көрсететін орын. Ақпарат құралдарындағы немесе ғылыми журналдардағы жарияланымдар мен мақалалар бұқаралық оқырмандардың барлығына арналмаған. Бұның өзі ғылыми коммуникацияның «жабықтығын» да көрсетеді. Осындай жабықтықтың арқасында ғылыми жаңалықтар алдымен ғылыми қауымдастықтың ортасында талқыланып, апробациядан өткізіліп барып қана қалың аудиторияға жолдануын қамтамасыз етеді [7].

Ғылыми жарияланымдардың авторлары да, тұрақты оқырмандары да алдымен ғалымдар. Бұл фактор арнайы дайындығы бар аудиторияға қиын тұжырымдарға негізделген, формулалар мен схемалар, терминдер мен диаграммалары ғылыми тілмен жазылған контентті қабылдап бағалауына қиындық туғызбайды. Қазіргі замандағы ғылыми журналистер өздері таңдаған ғылым саласы бойынша арнайы білімін толықтырған кәсіби мамандар немесе фундаменталды ғылымнан журналистикаға келгендер. Жаңа заманда ғылыми жаңалықтардың көлемі де, ғылыми жаңалықтарға қызығатын аудитория ауқымы да жылдам өсуде. Бұл үрдіске сәйкес ақпарат құралдары мен ғылыми ортаның арасындағы байланыс та күшейіп келеді. Әрине, журналистика мен ғылымның арасындағы көптеген айырмашылықтар бұл байланысты орнатуда қиындықтар да туғызады. Жаңа заман журналистикасына сенсация қажет болса, ғылыми болжамдар фактілер мен эмпирикалық бағалауға құрылған [8].

ҚОРЫТЫНДЫ

Барлық әлемдегі қоғамдар сияқты Қазақ елі де ақпараттың ашықтық қағидасын ұстануда. Әлеуметтік өмірдің барлық салалары сияқты ғылымға деген көзқарас күшейіп

келеді. Білім мен ғылымға басымдық беру соңғы 10-15 жылда мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып бекітілді. Қазақстандық ақпарат құралдарындағы ғылым мен технологияларға арналған тақырыптардың, рубрикалардың көптеп ашылуы да сол өзгерістердің нәтижесі. Ғылым мен білімнің беделін көтеріп, насихатын халықаралық деңгейде жүргізу үшін әлі де көптеген жұмыстар атқаруға тура келеді. Шетелдік ғылыми журналистердің пікірінше, әлемде ғылыми мәдениеттің негіздері қалануда. Уақыт озған сайын қоғам мен адамдар қауіпсіз және сапасы жоғары өмірге деген сұранысын ұлғайта бермек. Бұл мақсатқа ғылымның дамуынсыз, ғылыми насихатсыз қол жеткізе алмайтынымыз анық. Халықтың арасындағы ағартушылық функцияны да ғылыми журналистиканың белсенді қызметімен ғана іске асыра аламыз.

Ақпараттық саясатқа жауап беретін мемлекеттік органдар қалың бұқара арасында ғылымның маңызын түсіндіріп, оның мемлекет, қоғам, ұлттың болашағына әсерін көрсетіп, насихаттауға басымдық беретін уақыт туындады. Қазақ елінде қоғамның, әрбір азаматтың ғылымға, білімге деген құштарлығы оянатын болса ертең Мәңгілік ел болашағы жарқын болып, ұлтымыз технологиялық додада жеңімпаз болатынын, сөйтіп елдің әрбір азаматының да байлығы мен әлеуеті өсетінін нақты дәлелдермен көрсете білу керек. Жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, оны ұсына да алатын елдің болашағы кемел болары анық. Ғылыми коммуникация саласының мамандарын осы бағытта, осындай идеологиямен дайындауды қолға алуды билікке де, қоғам мен ғылыми қауымдастыққа да дәлелдеп көрсету журналистерге жүктелетін үлкен жауапкершілік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Маркусова В.А. Информационные ресурсы для мониторинга российской науки // Вестник Российской академии наук. – 2005. – т. 75, № 7. – с. 607-612.
- 2 Christensen Lars Lindberg, The Hands-On Guide for Science Communicators: A Step-by-Step Approach to Public Outreach, Springer Science+Business Media, 2007.
- 3 Винер Н. Кибернетика и общество / Пер. с англ. Е.Г. Панфилова. – М.: Гайдекс ко, 2002. – 183 с.
- 4 [Dominick J. R. Social Effects of Mass Communication / Joseph R. Dominick // The dynamics of mass communication: Media in the digital age / Joseph R. Dominick – McGraw-Hill Higher Education, 2011. – p.466.](#)
- 5 Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура / перевод с английского под науч. ред. О.И. Шкаратана. – М.: ГУ ВШЭ, 2000. – 608 с.
- 6 Vinterhoff-Shpurk P. Mediapsihologiya. Osnovnyie printsipyi. [Media psychology. Basic principles]. (Moscow: Publishing of humanity University, 2009. – 249 p.).
- 7 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М.: АСТ, Астрель, 2005. – 496 с.
- 8 Уэбстер Ф. Теории информационного общества / перевод с английского М.В.Арапова и Н.В.Малыхиной / под ред. Е.Л. Вартановой. – М.: Аспект Пресс, 2012. – 400 с.

Ұ.М.Есенбекова

Основы научной журналистики: общие понятия и определения

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Научная журналистика анализирует преимущества современной науки, ее прогрессивный вклад в развитие общества и человека. Чтобы иметь возможность анализировать процессы в области науки и формулировать решения ключевых вопросов, необходимы познания основ научной журналистики, ее дефиниции и теоретические структуры. Автор объектом исследования выбирает понятия и определения, но и влияние информационных технологий на развитие теории и практики научной журналистики. Для изучения этих вопросов важна правильная классификация определений и концепций, признанных научным сообществом.

Отношения между научным сообществом и средствами массовой информации все еще находятся на стадии становления. В связи с быстрыми изменениями коммуникационных технологий, направления и темы научной журналистики также меняются. В дополнение к Интернету появляются новые формы научной журналистики, такие как специализированные информационные агентства, научные онлайн ресурсы.

В статье рассмотрены причины появления наряду с математикой, механикой, физикой, химией, биологией, историей и археологией таких новых направлений научной журналистики как экология, медицина и космос.

Yessenbekova Ulbossyn M.

Fundamentals of scientific journalism: general concepts and definitions

L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana

Scientific journalism analyzes the advantages of modern science, its progressive contribution to the development of society and man. To be able to analyze the processes in the field of science and formulate solutions to key issues, knowledge of the fundamentals of scientific journalism, its definitions and theoretical structures are necessary. The author of the study chooses concepts and definitions, but also the influence of information technology on the development of the theory and practice of scientific journalism. In order to study these questions, the correct classification of definitions and concepts recognized by the scientific community is important.

The relationship between the scientific community and the media is still in its infancy. Due to the rapid changes in communication technologies, the directions and topics of scientific journalism are also changing. In addition to the Internet, new forms of scientific journalism appear, such as specialized information agencies, online scientific resources.

The article discusses the reasons for the emergence, along with mathematics, mechanics, physics, chemistry, biology, history and archeology, of such new areas of scientific journalism as ecology, medicine and space.